Абай атындағы
Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

ХАБАРШЫ

«Педагогика ғылымдары» сериясы, №3(47), 2015 ж.

Шығару жиілігі – жылына 4 нөмір.
2001 ж. бастап шығады

Бас редактор:
п.ғ.д., проф. **Т.Баймолдаев**

Бас редактордың орынбасары:
п.ғ.к., проф. **С.Г. Тажбаева**

Редакция алқасы:
акад., п.ғ.д., психол.ғ.д., проф. **Г.П. Новикова** (Ресей),
акад., п.ғ.д., психол.ғ.д., проф. **Е.В. Андриенко** (Ресей),
п.ғ.д., проф. **Н.П. Шишляникова** (Хакасия),
филос. докторы, проф. **Ф.Валькенхерст** (Германия),
PhD **Ниномия Такаси** (Жапония),
п.ғ.к., доц. **О.П. Чигишева** (Ресей),
п.ғ.к., доц. **Р.Т. Сулайманова** (Қырғызстан),
п.ғ.д., проф. **С.М. Кенесбаев,**
ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, п.ғ.д., проф. **Б.У. Сманов,**
п.ғ.д., проф. **Г.Т. Хайруллин,**
п.ғ.д., проф., **В.В. Трифонов,**
психол.ғ.д., проф. **О.С. Сангилбаев,**
п.ғ.д., проф. **С.А. Узакбаева,**
п.ғ.д., проф. **С.Т. Иманбаева,**
п.ғ.д., доц. **Г.С. Саудабаева**

© Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, 2015

Қазақстан Республикасының мәдениет және ақпарат министрлігінде 2009 жылы мамырдың 8-де тіркелген №10104-Ж

Басуға 23.06.2015 қол қойылды.
Таралымы 300 дана.
Көлемі 35,5 е.б.т.
Пішімі 60x84 1/8. Тапсырыс 162

050010, Алматы қаласы,
Достық даңғылы, 13
Абай атындағы ҚазҰПУ

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті «Ұлағат» баспасының баспаханасында басылды

М а з м ұ н ы
С о д е р ж а н и е

ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУДІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ
ПРОБЛЕМЫ СОВРЕМЕННОГО ОБРАЗОВАНИЯ

Беркімбаев Қ.М., Құдабаева П.А. Болашақ мамандарды дайындау жүйесінде мәдениетаралық құзырлылықты қалыптастырудың кейбір мәселелері..... **4**
Масырова Р.Р., Абыканова С.Қ., Нұрғалиев Ә.Қ. Кәсіптік колледждерде оқу процесіндегі инновацияның дамуы..... **8**
Магауова А.С., Жангужинова М.Е., Наурызбаева А.С., Дизайнерлерді құзырлы бағытталған модульдік білім беру бағдарламасына дайындаудың технологиялық жобалау негіздері **13**
Таутенбаева А.А., Нұрсейт Б.П. Шетел тілі сабағында интернет жүйесін қолданудың маңызы..... **17**
Сулейменова О.Я., Садыкова А.А., Лозенко И.В. Обучение переводу медицинской литературы на занятиях по СРСП..... **20**
Сиргебаева С.Т., Білім беру саласында акпараттандыру технологиясын енгізу жолдары..... **23**
Жүндібаева Т.Н., Әмірова А.М. Интерактивті оқыту әдістері студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытудың құралы ретінде..... **25**
Гаглоева Т.Ю. Роль вокальных упражнений в работе с начинающими вокалистами..... **29**
Тлеугабылова З.А., Ештаева Н.А. Шет тілін оқытудағы бейнематериалдар..... **33**
Керимшеева И.К., Акбердиева Д.А. Оқыту процесінде инновациялық іс-әрекеттерді меңгерудің маңыздылығы..... **36**
Сайбекова Н.У. Студенттердің коммуникативті-когнитивті құзыреттілігін қалыптастыру (Кәсіби бағытталған шетел тілі негізінде)..... **39**
Иралиева А.Қ. Жоғары оқу орындарында студенттердің өзге тілдік әлеуметтік-мәдени құзыреттілігін қалыптастыру..... **42**
Әлжанова А.Т. Learning to teach with cases..... **45**
Мыңбаева А. Мәтін – мәдени-тілдік құзыреттілікті қалыптастырудың негізі..... **49**
Шеффинг Е.Н. Мотивация достижения как объект педагогической практики..... **52**
Нусипалиев Н.С. Жоғарғы оқу орындарындағы ағылшын тілін ақпараттық коммуникативтік технологиялар жүйесімен оқытудың ерекшелігі..... **56**
Orazova A.A. Role – playing as interactive method of foreign language teaching..... **60**
Байдильданова Ж., Аралбаева Р.К. Особенности интерактивной технологии обучения в процессе профессиональной подготовки педагогов..... **65**
Касымова Г.М. Новые технологии в сфере устного перевода..... **69**

ЖОҒАРЫ МЕКТЕП
ВЫСШАЯ ШКОЛА

Джексембекова М.И. Сохранение культурного наследия и традиции между вузами – определенный этап осознанного восприятия духовных сфер..... **73**
Абельтаева Ж.Е., Ермек Д. Концертное исполнительство в профессиональной подготовке вокалиста музыкальной эстрады... **76**
Сәндібаева Н.А., СпабекҰ.Т. Жоғары мектепте физиканы оқыту арқылы студенттердің кәсіби біліктілігін қалыптастыру..... **78**
Дарменова Р.А., Крыкбаева С.М. Болашақ мамандарды қолданбалы қолөнерге үйретудің әдістемелік жолдары..... **82**
Карыбаева Г.А. Методический аспект межкультурной коммуникативной компетенции студентов инженерного профиля **86**
Үсенова А.М. Интербелсенді оқытудың студенттердің табысты іс-әрекетіне ықпалы..... **91**

Казахский национальный педагогический университет имени Абая

ВЕСТНИК

Серия
«Педагогические науки», №3(47), 2015 г.

Периодичность – 4 номера в год.
Выходит с 2001 года.

Главный редактор:
д.п.н., проф. **Т.Баймолдаев**

Зам. главного редактора:
к.п.н., проф. **С.Г. Тажбаева**

Редакционная коллегия:
акад., д.п.н., д.психол.н., проф. **Г.П. Новикова** (Россия),
акад., д.п.н., д.психол.н., проф. **Е.В. Андриенко** (Россия),
д.п.н., проф. **Н.П. Шишляникова** (Хакасия),
доктор философии, проф. **Ф.Валькенхерст** (Германия),
PhD **Ниномия Такаси** (Япония),
к.п.н., доц. **О.П. Чигишева** (Россия),
к.п.н., доц. **Р.Т. Сулайманова** (Кыргызстан),
д.п.н., проф. **С.М. Кенесбаев,**
Чл. корр. НАН РК, д.п.н., проф. **Б.У. Сманов,**
д.п.н., проф. **Г.Т. Хайруллин,**
д.п.н., проф., **В.В. Трифонов,**
д.психол.н., проф. **О.С. Сангилбаев,**
д.п.н., проф. **С.А. Узакбаева,**
д.п.н., проф. **С.Т. Иманбаева,**
д.п.н., доц. **Г.С. Саудабаева**

© Казахский национальный педагогический университет имени Абая, 2015

Зарегистрировано в Министерстве культуры и информации Республики Казахстан 8 мая 2009 г. №10104-Ж

Подписано в печать 23.06.2015.
Формат 60x84 1/8.
Объем 35,5 уч.-изд.л.
Тираж 300 экз. Заказ 162

050010, г. Алматы,
пр. Достык, 13. КазНПУ им. Абая

Издательство «Ұлағат»
Казахского национального педагогического университета им. Абая

Гаглоева Т.Ю. Роль вокальных упражнений в работе с начинающими вокалистами. Выбор репертуара..... **95**
Tazhbayeva S.G. Scientific Basis of the Future Teachers Extracurricular Activities Organization (Educational Aspect)..... **98**
Масырова Р.Р., Молдажанова Н.С., Бектурганова А.З. Особенности духовно-нравственного воспитания учащихся профессиональных колледжей..... **111**
Чакликова А.Т., Лакова А.А. Формирование межкультурно-коммуникативной компетенции в процессе самостоятельной работы студентов..... **113**
Кульманова Ш.Б., Подготовка компитентных учителей музыки в рыночных условиях развития нашего общества..... **116**
Кенжегалиев К.К., Мухамеджанова Г.С. Формирование универсальных педагогических компитенции учителей как важная профессиональное качество..... **121**
Уразбаев А. Студенттердің іс-тәжірибе кезінде оқушылардың ата-анасымен жұмысы..... **127**
Сейдахметова У.А. Оқу іс әрекетінде кездесетін зейін түрлері.... **131**
Андрющишин И.Ф., Шепетюк М.Н., Житкеев А.Р., Насиев Е.К., Сайлаубаев Ж. Развитие скоростно-силовых качеств в смешанных группах дзюдо..... **134**
Елубаева М.С. Халықтық тәрбие жүйусіндегі асыл мұра..... **138**
Абсатова М., Ушатов М. Студенттердің лидерлігін дамытудың құрылымдық-мазмұндық үлгісі..... **141**
Кулжанова Ж.Ж. Образовательная самостоятельность студентов в учебном процессе инструментального класса..... **145**
Қамақ Ә., Этиева А. Халқымыздың еңбек дәстүрлері құндылықтарын Мектептік «Еңбекке баулу» және «Технология» пәндерін оқыту үрдісінде пайдаланудың тәрбиелік мәні..... **148**
Ващенко В.В. Информационная культура педагога-тьютора в условиях дистанционного обучения..... **151**

ПЕДАГОГИКА ТАРИХЫ
ИСТОРИЯ ПЕДАГОГИКИ

Хабибуллин М.З. Миссионерские отделения казанской духовной академии (вторая половина XIX-XX вв.)..... **155**
Момбек А.А. Музыкально-педагогические возрения ученых-энциклопедистов Аль-Фараби и Ибн Сины..... **158**
Колесникова Г.А. Исследовательские аспекты педагогики музыкального образования Казахстана (на примере деятельности научной школы Джердималиевой Р.Р.)..... **162**
Казиева А.Н., Нурмагамбетова Ж.С. Роль краеведения в школах Казахстана..... **167**
Сахитжанова С., Тасова Ә. Қазан төңкерісінен кейінгі жылдарда Қазақстанда жетім балаларды тәрбиелеу мәселелері..... **170**

ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕП
ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ ШКОЛА

Иманбаева С.Т., Джанзақова Ш.И. Бастауыш мектеп оқушыларының өзіндік танымы-құндылық тұрғысында..... **173**
Ргаева Ж.М., Аскарова С.А. Оқушылардың коммуникативтік танымдық құзыреттілігін тыңдалым және сөйлесім арқылы дамыту **176**
Қабылбекова З.Б., Жолдасбеков Ә.Ә., Рсмаханбетова Ш.Е., Накыпбек Г. Жеткіншек кезеңде өзін-өзі жетілдіру сатылары мен даму кезеңдері..... **180**
Капанова Б.К. XXI ғасырда мектептерде ұлттық экологиялық білім мен тәрбие беру моделі..... **183**
Қдыралиева Ж.Б. Сол қолмен жазатын балалардың психологиялық ерекшеліктері..... **186**
Мақсұтқызы А., Амирова А.С. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың психологиялық негіздері..... **188**
Қожагельдиева С., Қайбулдаева Г. Бастауыш мектепте оқушылардың шығармашылық қабылеттерін қалыптастыру жолдары..... **192**

Жубатырова Б.Т. Мектеп жасына дейінгі балалардың сөздік қорын дамыту жолдарының педагогикалық-психологиялық негіздері..... **194**
Паштанов С.У. Қосымша білім беру жүйесінде оқушыларды кәсіби бағдарлаудың формалары мен әдістері..... **198**
Кобегенова Г.К. Использование игровых технологий на уроках самопознания в начальной школе..... **202**
Токкулова Г.Т., Қабекенов Ғ.У. Оқушылардың азаматтығын қалыптастыру мәселелері..... **207**
Афонина Н.А. Музыкальное развитие и образование дошкольников в рамках гуманитарного подхода..... **210**
Дуйсенбаева Р. Мектепке дейінгі жастағы мүмкіндігі шектеулі балалардың байланыстырып сөйлеу тілін қалыптастыру мен дамытудың әдіс-тәсілдері..... **213**
Добровольская Л.В. К вопросу приобщения младших школьников к казахским народным музыкальным традициям на уроках музыки **218**
Бегалиева С.Б., Оралбекова А.К. Роль информационно-коммуникативных технологии в деятельности учителей начальных классов..... **222**
Әбілова Г.А., Жантаева К.Е. Мектепке дейінгі мекемелерде тәрбиешілердің біліктілігін арттырудың жағдайы..... **226**
Балабанова И.Е. Формирование основ музыкальной культуры в духовно-нравственном воспитании детей..... **229**
Книсарина М.М. Дидактические возможности педагогической командной работы в системе формирования управленческих умений у школьников..... **232**
Абдрахманова Р.Б., Назханова Г.А. К вопросу исследования ценностных ориентаций современных подростков и юношей..... **237**
Дягилева Т.Н. Использование мультимедиа технологий на музыкальных занятиях в дошкольных образовательных учреждений..... **240**
Мукатаева Ж.А., Жукова Т.В. Қосымша білім беру – балаларды әлеуметтендіру кеңістігі ретінде..... **243**
Абдрахманов А.Э. Духовно-нравственное развитие учащихся военных школ..... **246**
Жумадуллаева А.А., Мейірбекова Г.П., Сарсенбаева И.А. Мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеу мәдениетін қалыптастырудың психологиялық ерекшеліктері..... **249**
Шужебаева А.И., Таурбекова А.С. Сказкотерапия как метод коррекции агрессивного поведения детей подросткового возраста **252**
Тоқабаева Г. Кәсіби білім беруде мектеп оқушыларына қолөнер арқылы заманауи технология негізіңнде ұлттық тәрбие беру..... **258**
Тен А.В. Эффективность технико-тактических действий дзю-доисток высокой квалификации..... **262**
Қасымбеков Ж.А., Данияров Т.Ә. Мектеп оқушыларының бойында салауатты өмір сүру дағдысын қалыптастырудың педагогикалық мүмкіндіктері..... **264**
Жаздықбаева М.Б., Мейрбекова Г.П. Егіз балаларды үй жағдайында тәрбиелеу ерекшелігінің педагогикалық мәні..... **268**
Қасымбеков Ж.А., Жаздықбаева М.Б. Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілеттерін арттыру жолдары.. **271**
Рысбекова Л.Қ. Оқушылардың шығармашылық қабілетін арттыру жолдары..... **274**
Метербаева К.М. Бастапқы әскери дайындық сабағында ұлттық дәстүр негізінде оқушыларды отансүйгіштікке тәрбиелеу **276**
Куралбаева А.А. Оқушылардың білім сапасын арттыру мәселесінің зерттелу деңгейі жөнінде..... **281**

На основании решения Комитета по контролю в сфере образования и науки (приказ №433-3 ж от 26 июня 2003 г.) Вестник КазНПУ им. Абая, серия «Педагогические науки» внесен в перечень изданий для публикации основных научных результатов диссертаций по педагогическим наукам.

Білім және ғылым саласындағы бақылау Комитеті Алқасының (2003 жылғы 26 маусым №433-3ж бұйрығы) шешімі негізінде Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Хабаршы журналының «Педагогика ғылымдары» сериясын педагогика ғылымдары бойынша диссертациялардың негізгі ғылыми нәтижелерін жариялайтын басылымдар тізбесіне енгізілгені туралы хабарлайды.

КАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУДІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ
ПРОБЛЕМЫ СОВРЕМЕННОГО ОБРАЗОВАНИЯ

ӘОЖ378. 196
К 82

БОЛАШАҚ МАМАНДАРДЫ ДАЙЫНДАУ ЖҮЙЕСІНДЕ МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ ҚҰЗЫРЛЫЛЫҚТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қ.М. Беркімбаев – *п.ғ.д., профессор,*
П.А. Құдабаева – *PhD докторант*
Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан қ., Қазақстан

Аннотация

Бұл мақалада болашақ мамандарды дайындау жүйесінде мәдениетаралық құзырлылықты қалыптас-тырудың кейбір мәселелері қарастырылады. Мәдениетаралық қарым-қатынас үрдісінде жеке тұлғаларға қарым-қатынастық жағдайдың әсерін бағалауға, вербальді және вербальді емес құралдарды тиімді пайдалануға, коммуни-кативті ниеттерді іс жүзінде жүзеге асыруға және кері байланысарқылы байланыснәтижелерінтексеруге мүмкіндік беретін білім мен дағдылар жиынтығы. Сонымен қатар, мақалада болашақ мамандарды дайындауда мәдениетаралық құзыр-лылықты қалыптастырудың қажеттілігі қарастырылады, «мәдениет», «қарым-қатынас», «мәдениетаралық қарым-қатынас», «құзырлылық», «мәдениетаралық құзырлылық» ұғымдарына қысқаша түсініктеме беріледі.

Кілт сөздер: мәдениет, қарым-қатынас, мәдениетаралық қарым-қатынас, құзырлылық, мәдениетаралық құзыр-лылық, когнитивтік-коммуникативтік қызмет, лингводидактика, лингвомәдениеттану.

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасы бәсекеге қабілетті дамыған елу мемлекеттердің қатарына қосылудағы жастардың экономикалық, құқықтық, рухани, мәдени жағынан,оның ішінде құзырлы тұлға ретінде қалыптасуы маңызды мәселелердің бірі болып отыр.

Еліміздің егеменді ел болғалы ғылым, мәдениет салаларында жасалып жатқан шаралардың барлығы жастарға жалпыадамзаттық және жеке ұлттық игіліктер негізінде тәрбие мен білім беру ісін неғұрлым жоғары деңгейге көтеруге ықпал етуде. Сондықтан қоғамдық өмірді демократияландыру және ізгілендіру жағдайында ұлттық ерекшелігімізді айқындайтын рухани, бәсекеге қабілетті, кәсіби құзырлы мамандарды дайындау көкейкесті мәселеге айналып отыр.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты Жолдауында Қазақстанның білім беру сапасына ерекше назар аударғаны баршамызға мәлім. Болашақ ұрпақ үшін заманауи әдістер мен технологияларды енгізу, білімге қолжетімділікті кеңейту, білім сапасын арттырумен қатар ғылым саласын дамыту үшін кәсіби мамандарды даярлауды міндет етіп қойды [1]. Осы міндетті жүзеге асыру үшін бүгінгі білім беру жүйесіндегі өзгерістер болашақ мамандардың кәсіби, мәдениетаралық құзырлылықтарын дамыту қажеттілігін туғызды.

Президентіміз «Қазақстан–2050» стратегиясы–қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Біз ағылшын тілін игеруде серпіліс жасауымыз керек. Қазіргі әлемнің осы «лингвафранкасын» меңгеру біздің еліміздің әрбір азаматына өмірдегі шексіз жаңа мүмкіндіктерді ашады»,–деп атап көрсеткені белгілі. Демек, халықаралық тіл мәртебесіне ие ағылшын тілін білмей, заман талабына лайықты, бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастыруға толық қол жеткізе алмаймыз. Орыс тілі арқылы қосымша білім алып, дүниетанымын байытып, араласатын ортасын кеңейтіп, іргелес мемлекеттерден анағұрлым ілгері тұрған Қазақ елі бұл жетістіктерімен шектеліп қалмау үшін де көптілділікке ұмтылуда. Өйткені еліміздің біліктілігі мен сауаттылық деңгейін әлемге танытып, алпауыт мемлекеттермен тереземізді теңестіру мүмкіндігіне жетелейтін қадамдардың маңыздысы - көп тіл білу [2].

Е.Н. Нұрахметов “Тіл – мәдениеттің тарихын, салт-дәстүрін сақтап,ұрпақтан-ұрпаққа беру арқылы белгілі бірұлтты құрайтын ең негізгі және ең күшті қару” деген ойымен тілдің мәдениеттегі орнын анықтап берсе, ғалым Құнанбаева С.С. тілді жалпы адамзат мәдениетінің трансляторы ретінде қарастырады. Яғни тілді оқытуда тілдің мәденитанымдық және когнитивтік-коммуникативтік қызметтеріне баса назар аудару қажет [3]. Ғалымның пікірінше, “Қазіргі кезеңде көптеген ғылыми еңбектерде мәдениетаралық қарым-қатынастың аспектілері ретінде «тіл-сана-мәдениет» қарастырылуда.

Қазіргі қоғам өмірінде болып жатқан саяси-әлеуметтік және экономикалық өзгерістердің еліміздің білім беру жүйесіне де ықпалы үлкен. Мемлекетіміздің халықаралық байланыстары барған сайын күшейе түсіп, еліміздің қай саласында болмасын шет елдермен қарым-қатынас орнаған. Бұл қарым-қатынасты нығайтып, жандандыра түсу үшін шетел тілін жете меңгерудің маңызы зор.

Қазақ елінің тәуелсіздігін алып, басқа елдермен саяси, экономикалық және мәдени байланысқа түсуі ағылшын тілін оқытудың маңыздылығын көрсетіп, оның мақсатын анықтап берді. Басқа тілді қоғамда, мәдениетте өз орнын таба білу үшін сол елдің тілін ғана меңгеру аз, сол тілде сөйлейтін халықтың мәдениетін де меңгеру керек. Жаңа әлеуметтік мәдени кеңістіктің пайда болуы білім беру жүйесінің алдына халықаралық мәдени-кәсіптік қарым-қатынастарды жүзеге асыра алатын, яғни мәдениетаралық құзыретті мамандар даярлауды мақсат етіп қоюда.

Ағылшын тілі мұғалімі ағылшын тілін меңгерумен қатар, сол тілде сөйлейтін халықтардың мәдениетін білуі тиіс, сол халықтардың мәдениетін жетік біле тұра ағылшын тілі мұғалімі ағылшын тілін оқыта біледі, ағылшын тілінде сөйлете біледі және ағылшын тілінде сөйлейтін халықтардың сөйлеу мәдениетімен қатар салт-дәстүрлерін, әдет-ғұрыптарын оқыта біледі.

Қазіргі кезде коммуникативті тәсілмен тығыз өзара байланыста арнайы мақсаттар үшін шетел тілін оқытуға мәдениетаралық тәсіл дамуда, немесе солай аталатын лингвистика саласындағы білімнің мәдениетаралық парадигмасы жетілдірілуде. Оның компетенттік тәсілмен үйлесуі лингводидактикада оның басқа лингвомәдени қауымына тиістілігін саналық және есепке алу негізінде коммуникация бойынша басқа тілді серіктеспен сөйлеу қатысымын құру қабілеттілігі ретінде түсіндірілетін мәдениетаралық құзырлылық ұғымының пайда болуына алып келді.

Жоғары оқу орындарында болашақ мамандардың мәденитаралық құзырлылығын қалыптастыру мәселесінің теориялық негізі «мәдениет», «қарым-қатынас», «мәденитаралық қарым-қатынас» ұғымдарының мәні мен мазмұнын анықтауға байланысты. Сондықтан бұл ұғымдардың ғылыми-педагогикалық, әдістемелік әдебиеттердегі талқылануы маңызды. Сол себепті аталған ұғымдарға кішігірім түсінік беруді жөн санадық.

«Мәдениет» терминінің түп-төркіні латын тілінен шыққан және алғашқы кезде топырақты бөлу және өңдеуді білдірген. Кейіннен «мәдениет» термині барынша кең және жалпылаушы мәнге иеболды. Бүгінгі таңда мәдениет терминін неғұрлым жалпы түрінде адам мен қоғамның қайта жаңару барысындағы іс-әрекеттерінің барлық түрлері, сондай-ақ осы іс-әрекеттердің нәтижесі ретінде түсінуге болады. [4]

Мәдениет дегеніміз адамның қоғамдық тіршілік иесі ретінде дамуына тікелей қатысты адамдардың материалды және рухани өндіріс процестерінде жасаған құндылықтарының жүйесі. Адамның адамгершілік қасиетттері оның тілді меңгеруінің, қоғамдағы орын алатын құндылықтармен және салт-дәстүрлермен араласуының, сондай-ақ белгілі мәдениетке тән тәсілдерді, іс-әрекеттердегі дағдыларды меңгеруінің нәтижесі болып табылады.

Қарым-қатынас – адамдар арасында бірлескен іс-әрекет қажеттілігін туғызып, байланыс орнататын күрделіпроцесс; екі немесе одан да көп адамдардың арасындағы танымдық немесе эмоционалды ақпарат, тәжірибе, білімдер, біліктер, дағдылар алмасу. Қарым-қатынас тұлғалар мен топтар дамуының және қалыптасуының қажетті шарты болып табылады.

Қарым-қатынас барысында адамдардың танымдық хабарлармен, ақпаратпен, тәжірибемен, біліммен, дағдылармен алмасуы және өзара түсінісуі, бірін-бірі қабылдауы жүзеге асады. Адам және әртүрлі жоғары сатыдағы жануарлардың өмір сүру жағдайларын қарастырсақ, онда олардың екі жақты байланысты жүзеге асыратынан байқаймыз.

Біріншісі – табиғатпен байланысы, ал екіншісі байланыстың өзгешеліктері тіршілік иелерінің бір-бірімен өзара әрекеттеліп, ақпарат алмасуында және бұл байланыс түрі қарым-қатынас деп аталады.

Қарым-қатынас барлық тірі-тіршілік иелеріне тән қасиет, бірақ, адамдар арасында өте жоғары дәрежедегі мәнге ие. Жалпы қарым-қатынас 3 аспектіден тұрады: қарым-қатынас мазмұны, мақсаты және құрамы.

Қарым-қатынас дегеніміз – байланыс жасау барысында өзара алмасатын мәліметтердің сипаты. Қарым-қатынас қарым-қатынас психологиясының негізгі ұғымы. Қарым-қатынассыз жеке адамның тұлғалық қалыптасуы үрдісін, жалпы қоғам дамуын түсініп талдауға болмайды. Қарым-қатынас – адамдарды біріктіру және дамыту тәсілі.

Қарым-қатынас формалары:

Тікелей қарым-қатынас - табиғи бетпе-бет, сөздік және бейсөздік (ым, қимыл) құралдар көмегімен жасалынатын толық психологиялық контакт, кері байланыс бір мезгілде өтеді. Бұл - адамдардың бір-бірімен қатынас жасау тарихындағы бірінші формасы.

Жанама қарым-қатынас —қатысушылардың кері байланыс уақытын ұзартатын, не кешіктіретін жазу және техника құралдары арқылы жасалынатын толықсыз психологиялық контакт. Хат жазу, кітап шығару, радиодан сөйлеу тағы сол сияқты адами қарым-қатынастарды күрделеңдіріп жіберді.

Тұлғааралық қарым-қатынас – екі не құрамы өзгермейтін топ ішіндегі таныс адамдардың тікелей контактілері. Тұлғааралық қарым-қатынастың белгілері: қатысушылардың психологиялық жақындығы, бір-бірінің ерекшеліктерін білуі, бірігіп күйзелуі, өзара түсінушілігі, ортақ қызметтестігі.

Адамдар арасында қарым-қатынасқа түсу мақсатының сандық көрсеткіші күннен-күнге артуда. Атап айтқанда: объективті түрде жан-жақты білім алу немесе білім беру, оқу және тәрбие алу, жеке және іскерлік қатынас орнату т.б. Мақсатына қарай, олардың қажеттіліктеріне сәйкес биологиялық және әлеуметтік болып бөлінеді.

Қоғам өмірінің саяси-әлеуметтік және экономикалық аясындағы интеграциялық процестер мәдениетаралық қарым-қатынастың орнауына үлкен септігін тигізеді. Мәдениетаралық қарым-қатынас әр түрлі ұлт өкілдерінің тепе-тең немесе біріге отырып өзара әрекет жасауын талап етеді. Білім алушы мұндай қарым-қатынас жасай алу үшін тек шетел тілін жақсы меңгеріп қана қоймай, сонымен қатар сол тілде сөйлеушінің тілдік емес ерекшеліктерін түсініп, ұғынуы тиіс. Мәдениетаралық қарым-қатынас процесіне қатысушы көп тілді меңгерген сайын, сол елдің мәдениетін, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, ұлттық менталитетін жете түсінеді.

Көптеген шетел, орыс және өзіміздің отандық ғалымдарымыз «мәдениетаралық қарым-қатынас» ұғымын зерттеумен айналысып келеді және әр ғалым бұл ұғымға әр қырынан өзінің анықтамаларын беруде. Мәселен, Д.Б. Гудковтың айтуынша, «Мәдениетаралық қарым-қатынас ол түрлі ұлттық мәдениетке жататын қатысымдық актіге қатысушылардың бір-бірін дұрыс түсінуі» дейді [5, 39 б.]. Ғалым С.С.Құнанбаеваның пайымдауынша, «Мәдениетаралық қарым-қатынастың соңғы нәтижесі – мәдениетаралық қатысым субъектісін қалыптастыру» дейді [3, 86 б.].

Тәуелсіз мемлекетіміздің ертеңі ұрпақтың байлығы мен мәдениетіне саналы, ұлттық ойлау қабілеті мен біліміне, іскерлігі мен кәсіби шеберлігіне, кәсіби құзырлылығына да байланысты екенін естен шығармауымыз қажет.

«Құзырлылық» ұғымы бүгінгі күні оқыту үрдісінде білімді қолданудыңақырғы нәтижесі ретінде қарастырылуда. Оқыту үрдісінде «құзырлылық» ұғымы білім алушылардың білімі мен тәжірибесін, дағдылары мен біліктерін белгілі бір мәселені шешуде қолдануы. Оқыту үрдісіндегі құзырлылықтарға ғалымдар әртүрлі анықтамалар берген.

Ғалымдардың пікірлерін басшылыққа ала отырып, біз «құзырлылық» ұғымына – білім алушылардың жеке тұлғалық психологиялық ерекшеліктеріне байланысты меңгерген білімдерін, дағдылары мен біліктерін, танымдық және тәжірибелік іскерлігін өмірде дұрыс қолдануы деген анықтама бере аламыз.

«Мәдениетаралық құзырлылық» ұғымына келетін болсақ, ол – мәдениетаралық қарым-қатынас үрдісінде жеке тұлғаларға қарым-қатынастық жағдайдың әсерін бағалауға, вербальді және вербальді емес құралдарды тиімді пайдалануға, коммуникативті ниеттерді іс жүзінде жүзеге асыруға және кері байланысарқылы байланыснәтижелерінтексеруге мүмкіндік беретін білім мен дағдылар жиынтығын айтамыз.

Мәдениетаралық қарым-қатынас пен мәдениетаралық құзырлылық мәселелері көптеген шетел, орыс және отандық ғалымдардың зерттеу объектісіне айналған. Мәдениетаралық оқытудың ұйымдастыру мәселелері, мазмұны мен формалары, әдістері мен технологиялары М.Бирам, А.Томас, А.Шмидт, Д.Деардорф, Н.Дэвис, И.И. Халеева, С.Г. Тер-Минасова, Н.М. Громова, Н.Д. Гальскова, А.П. Садохин, Н.Ф. Коряковцева, Д.Б. Гудков, Ю.Рот және Г.Коптельцева, В.П. Фурманова, Р.Д. Льюис, А.А. Леонтьев, И.А. Зимняя, С.С. Құнанбаева, К.Құдайбергенованың зерттеулерінде қарастырылған.

«Мәдениет», «қарым-қатынас», «мәденитаралық қарым-қатынас», «құзырлылық» ұғымы жөнінде жоғарыда жалпы мағлұмат беруге тырыстық, біздің мақаламыздың тақырыбымыз болашақ мамандарды, оның ішінде ағылшын тілі мұғалімдерінің мәдениетаралық құзырлылығын қалыптастыру мәселесі төңірегінде болмақ.

Болашақ мамандарды дайындау жүйесінде мәдениетаралық құзырлылықты қалыптастыруды өзара сыйласу, мәдениеттегі айырмашылықтарға төзімділік таныту және мәдениет кедергілерін жеңу принциптері негізінде студенттердің мәдениет диалогына қатысу қабілетін дамытуға байланысты қарастыру қажет. Мәдениетаралық оқыту студенттерде мәдениетаралық қарым-қатынас жасауға қабілетті қалыптастыруға бағытталған және оларды белгілі бір этноса жататындығын сезіну мен басқа мәдениет өкілдерінің салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарымен танысуға жетелейді.

Шетел тілін меңгерген қазіргі заман тұлғасы басқа адамдармен қарым-қатынас үрдісіне еркін түседі. Осыған байланысты, шетел тілін үйренушілерден тек шетел тілінің лексикасын толық меңгеру мен сөздерді нақты түсінікті етіп айту және шетел тілінің грамматикасын толық меңгеру ғана емес, сонымен бірге өзінің мәдениетаралық құзырлылығын қалыптастыру да талап етіледі. Аталған құзырлылық тілді

меңгерудің төмендегі деңгейіне жетуді көздейді және бұл деңгей, біріншіден, шетел тілінде әңгімелесу барысында әр түрлі кездейсоқ жағдайларға лезде жауап таба білу, екіншіден, сөйлеу мінез-құлқының адекватты жолын айқындау, үшіншіден, аумақты арсеналдан нақты құралдарды ағатсыз таңдау, төртіншіден, осы құралдарды ұсынылып отырған жағдайға сәйкес тиімді қолдануға мүмкіндік береді.

Мәдениетаралық құзырлылықты қалыптастыру мақсатында шет елдің мәдениетін меңгеру де маңызды. Шет елдің мәдениетін оқып үйрену тілді оқып үйренуден басталады.Білім алушы жаңа тілдік форманы үйрене келе, оның артында тұрған мәдениеттің, әлеуметтік бірліктің сол бір бөлігін тани бастайды. Шетел тілі арқылы білім алушы сол тілде сөйлейтін халықтың мәдениетін елестетіп, түсіне бастайды. Шетел мәдениетін үйрену үрдісі жекеден – тілдік бірліктер - жалпыға – мәдениетті тану мен түсінуге қарай жүреді [6]. Бірақ, шетел мәдениеті тек ана тілінің мәдениетімен салыстырмалы түрде ғана және білім алушы сол уақытқа дейін меңгерген білімдер арқылы ғана түсінікті болады.

Сонымен, шетел тілінде қарым-қатынас жасауға оқыту әлеуметтік-мәдени білімдер мен іскерліктерді меңгеруді білдіреді. Мұнсыз тілді тәжірибе жүзінде меңгеру екіталай. Шетел тілін оқытудың мәдениеттанушылық бағыты тек жалпы білім беру мен тәрбиелік мақсаттарды ғана емес, сонымен қатар нақты тәжірибелік мақсаттарды жүзеге асыруды қамтамасыз етеді. Оқытушының ең негізгі мақсаттарының бірі – шетел тілін оқыту мазмұнындағы әлеуметтік-мәдени компонентін оқытудың технологияларын дайындау қажеттігі болып табылады. Бірақ, мұнда білім алушылардың өздерінің ана тілдерін, салыстыру үшін олардың мәдениетін, оның элементтерін ұмытпау қажет, себебі тек осы жағдайда ғана білім алушы басқа елдің мәдениеті мен сол тілдің ерекшеліктерін сезіне алады. Осыған байланысты, білім алушылар оқытылып жатқан елдің ұлттық мәдениетінің негізгі тақырыптары (тарих, география, саяси-қоғамдық қатынастар, білім беру жүйесі мен спорт) бойынша білім алуы тиіс және сонымен қатар, сол тілде сөйлейтін халықтардың әлеуметтік-мәдени ерекшеліктері жөнінде толыққанды мағлұмат пен білім алуы қажет.

Оқыту сапасы көбінесе елтану мен лингвоелтану пәндері бойынша іріктелген материалдарына байланысты болады. Оқытылып жатқан тілдің елдер өмірі мен тұрмыс-тіршілігіндегі ерекшеліктер туралы өзекті және қызықты мағлұматтар, суреттер, схемалар, статистика, ұсынылып отырған материалдар негізінде оқытушының егжей-тегжейлі дайындаған мәліметтері және коммуникативті жаттығулар шетел тілі бойынша дайындалған оқу-әдістемелік кешендерге біздің елімізде қазіргі заманауи білім беру парадигмасына толық сәйкес келуіне мүмкіндік береді.

Осы ретте айтатын болсақ, жаңа әлеуметтік мәдени кеңістіктің пайда болуы білім беру жүйесінің алдына халықаралық мәдени-кәсіптік қарым-қатынастарды жүзеге асыра алатын мамандарды даярлауда студенттердің мәдениетаралық құзырлылығын қалыптастыру үшін шетел тілінің лексикасын, фонетикасы мен тілдің грамматикасын оқытуды ғана емес, сол елдің мәдениетін, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, ұлттық менталитетін айқындауға бағыттайтын лингвоелтану, лингвомәдениеттану оқу пәндерін толық меңгерумен қатар, шетел тілінде әңгімелесу барысында әр түрлі кездейсоқ жағдайларда сұрақтарға сауатты жауап қайтара білу, сөйлеу мінез-құлқының адекватты жолын айқындау алу қабілеттерін дамыту жоғары оқу орындарында мәдениетаралық құзырлы мамандар даярлауда белгілі бір деңгейде өз ықпалын тигізері анық.

Жоғарыдағы айтылғандарды қорытындылай келе, отандық және шет елдік ғалымдардың еңбектеріне жасаған кішігірім талдауымыз бізге мәдениетаралық құзырлылықты мәдениетаралық қарым-қатынас саласындағы тұлғаның тәжірибесін себепші етіп отырған білім, іскерлік пен дағдылардың біріктірілген жиынтығы деп тануымызға мүмкіндік берді.

1. *Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» Жолдауы. Астана, 2014 ж.*
2. *Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан–2050» стратегиясы–қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы 14.12.2012 ж.*
3. *Құнанбаева С.С. Қазіргі шеттілдік білім берудің теориясы мен практикасы. – Алматы: 2010. – 324 б.*
4. *Библер В.С. От наукоучения к логике культуры. – М: Наука, 2003. – 237 б.*
5. *Гудков Д. Б. Теория и практика межкультурной коммуникации. М.: Гнозис, 2003. – 288 с.*
6. *Садохин А.П. Межкультурная коммуникация: Учебное пособие. М.: Альфа-М; ИНФРА-М, 2009. – 254 с.*

Резюме

Данная статья посвящена некоторым проблемам формирования межкультурной компетенции в системе подготовки будущих специалистов. Межкультурная компетенция – комплекс знаний и умений, позволяющих индивиду в процессе межкультурной коммуникации адекватно оценивать коммуникативную ситуацию, эффективно использовать вербальные и невербальные средства, воплощать в практику коммуникативные намерения и проверять

результаты коммуникации с помощью обратной связи. А также, в статье рассматривается необходимость формирования межкультурной компетенции в подготовке будущих специалистов, раскрываются значения понятий «культура», «коммуникация», «межкультурная коммуникация», «компетенция», «межкультурная компетенция».

Summary

This article deals withsome problemsof formation of interculturalcompetencein the trainingof future specialists. Intercultural competence- a setof knowledge and skillsthat allowsthe individualadequately assess thecommunicative situation in the process ofintercultural communication, effectively useverbal andnon-verbal means, put intopracticethe communicativeintention andcheck the resultsof communicationwith the help offeedback.Also, the article discusses the necessity ofthe formation ofintercultural competencein thetraining of futurespecialists, reveals the meaning of the following notions "culture", "communication", "intercultural communication", "competence", "intercultural competence".

УДК377.091

КӘСІПТІК КОЛЛЕДЖДЕРДЕ ОҚУ ПРОЦЕСІНДЕГІ ИННОВАЦИЯНЫҢ ДАМУЫ

Р.Р. Масырова – *п.ғ.д., профессор*, **С.Қ. Абыканова** – *2 курс магистранты*,
Ә.Қ. Нұрғалиев – *2 курс магистранты, Евразия технологиялық университеті*

Аннотация

Қазақстан Республикасында мемлекеттік «Білім» бағдарламасының негізгі ережелері мен кәсіптік білім жүйесін одан әрі нығайтуға бағытталған индустриальды-инновациялық технология қазіргі таңда білім беру саласы үшін ең басты қажеттілік болып отыр. Ел Президенті Н.Ә. Назарбаев айтты: «Кәсіптік колледждерде және жоғары білім ең бірінші кезекте ұлттық экономиканың мамандарға деген қазіргі және келешектегі сұранысын барынша өтеуге бағдар ұстауы керек. Көп жағынан бұл халықты еңбекпен қамту мәселесін шешіп береді», – деп атап көрсеткен болатын[1].

Осыған байланысты, кәсіптік-техникалық колледждер нарықтық экономикада бәсекеге қабілетті мамандар дайындау қажет.

Бүгін техникалық және кәсіптік білім беруді реформалау жүйесі назарға екі маңызды талаптарын ескере отырып, барлық оқыту стандарттарын жаңарту бастады:

- жаңа кәсіптік стандарттар негізінде инновациялық индустрияландыру даярлау;
- кәсіби және техникалық білім беру берушілермен әлеуметтік серіктестік принциптеріне негізделген болуы тиіс.

Тірек сөздер:*Кәсіптік білім, кәсіби тәлім-тәрбие, даму, жүйе, инновация.*

Қазіргі Қазақстан қоғамында инновациялық процестерді білім беру саласын дамытудың магистральды желісі деп айтуға болады. Білім іргетасы болып саналатын кәсіптік лицейлер өз түлектерін жаһандану дәуірінің талаптарына сай етіп және әлем нарығында бәсекеге қабілетті етіп даярлауды инновация көмегімен және инновациялық іс-әрекеттермен ғана жүзеге асыра алады. Біз осыған мысал ретінде оқу процесіндегі инновацияның бірнеше түрлерін сипаттайық.

1) Оқушыға сапалы білім беру мақсатында ақпарат арқылы түсіндірудің жаңа формасын қолдану.
2) Электронды кітапханалармен жұмыс жасау қабілеттіліктерін қалыптастыру.
3) Практикалық және семинар сабақтарының жаңа әдіс-тәсілдерін пайдалану.
4) Тақырыпқа сәйкес ғаламтор материалдарын талдауға бейімдеу.
5) Сабақтағы «кері байланысты» орталықтандырылған желі бойынша ұйымдастыру.

Енді осы инновациялық процестерді жеке-жеке талдайтын болсақ, колледж түлегі мамандығына сәйкес білімін жалғастырса да, өндірісте жұмысшы мамандығын игерсе де оқу процесінен алған ақпараттары арқылы зеректік пен біліктілік және кәсіби даярлықты қалыптастырады. Ал электрондық кітапхана білім алушыны интелектуальды ресурстармен байыта алады. Болашақ мамандарды кәсіби даярлаудың негізгі көзі практикалық, семинар және зертханалық сабақтарда болып табылады. Оқушы сабақ үстінде өзі жіберген әрбір қатесі үшін оқытушыдан қайта-қайта ескерту алмай, өз кемшілігін өзі анықтай алады. Сонымен қатар, техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде білім алушының өзіндік жұмысы мен оқытушыныңбасшылығымен орындайтын жұмыстарға арнайы сағат бөлінеді. Бұл – білім алушыны кәсіби даярлауды қамтамасыз ететін бірден-бір мүмкіндік болып есептеледі.

Кәсіптік колледждердің оқу процесіндегі инновацияның дамуы – сол оқу орнының сапалы даму қажеттілігі мен жүзеге асыратын мұғалімдердің инновацияны толық игере алмауы арасындағы қарама-қайшылыққа тікелей байланысты. Инновациялық процесс – бұл өте күрделі динамикалық жаңа білім процесі (латын тілінен processus – қозғалу, жылжу) – нақтыбір нәтиже беретін бір-біріне жалғасқан әсерлер жиынтығын сипаттайды[2]. Инноватикаға жататындар: білім беру инновациялық моделі ғылымға тұжырымдамалық жаңалық енгізе отырып, оның практикада іске асыру; оқу бағдарламаларының пәндік

мазмұндық вариативтік (баламалы) стандартымен жағдайға байланысты оларды таңдау мүмкіндігін жасау; оқытуда белгілі бір бағыттарды қайта жобалау және модификациялау, пайдаланылып жүрген дәстүрге жаңа элемент енгізу және т.б.

Мұғалімнің қазіргі кездегі қоғамдағы орны қандай? Беделі қаншалықты? Әрине, заман талабы деп осы мамандық иелеріне үлкен жүкті көтерткеніміз анық. Баланың адам болып қалыптасуына, ары қарай азамат болып ер жетіп бір маман иесі атануына тікелей мұрындық болатын ол – ұстаз. Мектеп, кәсіптік лицей, колледждер, академия, университет барлығы жарқын болашаққа бастайтын білім мекемелері. Тіректері – мұғалім.

Жалпы, жоғарыда көрсетілген іс-әрекеттер жиынтығы оқу процесіндегі инновацияның дамуын толық қамтамасыз ететін, мұғалімнің негізгі іс-әрекеттеріне жатады. Ал мұғалімнің инновациялық іс-әрекетін төмендегі 1-суреттен талдауға болады.

Мұнда оқу процесіндегі инновацияның дамуындағы мұғалімнің іс-әрекеті педагогикалық процесс пен оның компоненттерінің өзгерісінен басталып, оқыту мазмұнының жаңаруымен, соған байланысты өндірістік оқытуды қоса қам-титын оқыту әдістерімен, жаңа педагогикалық технологиялармен түсіндіріледі.

Оқытушы еңбегінің нәтижесін анықтау тек қана оқушының алған білім сапасымен бағаланады.



Сурет - 1. Мұғалімнің оқу процесіндегі инновациялық іс-әрекеті

Дәстүрлі жүйеде бағалау оқытушының құзыретіндегі жұмыс болып есептеледі. Берілген басты сұрақтар мен қосымша сұрақтардың жауабын қандай бағамен бағалауды оқытушының өзі біледі. Ал, қазіргі оқу процесіндегі инновацияның тағы бір мүмкіндігі «кері байланысты» немесе бағалауды орталықтандырылған желі бойынша ұйымдастыру білім алушының ынтасын, зейінін арттыруға және өз біліміне деген сенімділік қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Біздің зерттеу жұмысымыз бойынша кәсіптік колледждің оқу процесіндегі инновацияныңдамуы мұғалімнің өндірістік өндірістік оқыту мәселелерін қамтудағы іскерліктеріне де тоқталуды жөн санайды. Мұғалімінің мақсаты – оқушыны субъект ретінде оқу ісіне қызықтыратын қабілетін арттыратын жағдай жасау, болашақауыл шаруашылығы, өндіріс орны, жеңіл өнеркәсіп, азық-түлік саласы мамандарының

қабілеттеріне қарай шығармашылық жұмыспен шұғылдануына мамандықтар,әрбір оқушының бойындағы жеке-даралық қабілетіне адам әрі дамыту үшінсәйкесінше жеке тапсырамалар беру, болашақ маманның өзі атқарған жұмысына сын көзбен қарап, еңбегінен нәтиже шығару және т.б. қабілеттіліктерді дамыту болып табылады.

Ғылыми әдебиеттерде педагогикалық технология жайындағы түсінікXVIII ғасырдың басында пайда болды. Н.В. Маслованың ізденіс еңбектерінің арқасында бірнеше еңбектердің авторы, «Технология» кітабын жарыққа шығарған ғалым Федор Поликарпов 1920-жылдары «технология» ұғымын бірнеше рет пайдаланғаны анықталған. Әртүрлі мемелекеттерде оқу процесінің технологиясы әртүрлі қарқынмен және бірнеше әдістермен енгізілген. Мысалы 1940-1950 жылдары АҚШ пен Батыс Европа елдерінде оқу порцесіне техникалық құралдардың көптеп қолданылуына сәйкес «білім технологиясы» деген термин пайда болды, одан кейін бұл термин оқыту әдістерімен бірігіп, педагогикалық технологияға айналды[3]. Жалпы, оқыту технологиясы болсын, педагогикалық технология болсын, тәжірибе жүзінде жүргізілген іс-әрекеттер арқылы оның маңыздылығы айқындалады, сондықтан біз өзіміздің зерттеу жұмысымызда оқу процесіндегі инновацияның дамуын колледж мұғалімдері мен оқушыларына жүргізілген тәжірибелік-эксперимент жұмыстары арқылы талдау жасап, анықтауды жөн көрдік.

Сонда, қазіргі қоғам үшін жаңашылдықтың, заманауи ғылыми жаңалықтарын еркін игеріп, өндірісте еркін пайдалану қасиетінің негізгі механизмі – оқу орындарындағы білім қызметкерінің жан-жақтылық еңбегінде болып отыр. Білім беруге жаңалықты енгізу дегеніміз – еліміздің интеллектуалды, инновациялық жәнемәдени әлеуетін көтеру мен адамзаттың жеке тұлғалық шығармашылық қабілеттілігінің үйлесімді дамуы. Сонда біздің зерттеу жұмыстарымызда мұғалім кәсіптік лицей педагогикалық процесіндегі инновациялық түрленулерді жүзеге асыратын басты субьект болып табылады. Техникалық және кәсіптік білім беру мекемелеріндегі түбегейлі өзгерген жағдайлар мен қоғам талаптары мұғалімнен инновациялық іс-әрекеттерді гуманистік құндылықтар негізінде түсініп, нақты сипатын қабылдауға даяр болуларын бірінші кезектегі міндеттері деп белгілейді. Мұғалімнің инновациялық іс-әрекеттерді жүзеге асыруындағы мотивациялық компоненттердің Л.С. Подымованың көзқарасы бойынша белгіленген түрлерін тізбектеп көрейік [4]:

1. Мұғалім жұмысының кәсіби іс-әрекеттер нәтижесімен ешқандай байланысы болмайды. Бірақ мақсатқа әртүрлі құралдар көмегімен қол жеткізуге болады. Мұғалімнің сыртқы мотивациялық ерекшелігі ол жұмыс көлемін қажетті және жеткілікті түрде орындап шығады. Ол өз еңбегінің сыртқы көрсеткіштерін бағытқа алады және ол біліктілігін көтеруде жұмыстан кейін уақыт бөліп, ерекше дайындыққа ұмтылмайды, жұмысында маңызды бір жаңалық пен өзгерістің болмағанына да көңіл аудармайды. Бұл инновацияны ендірудегі сырттай ұмтылу түрі болып табылады.

2. Мұғалімнің сырттай өзін-өзі бекіту мотиві. Бұлжағдайдамұғалімөзеңбегіндегіқоғамдық резонанс үшін инновацияны енгізумен айналысады. Көбінесе бұл мотив «керемет» мотив деп аталады.

3. Балаларды оқыту мен тәрбиелеуге бар көңілін аударатын кәсіби мотив. Бұл мотивпедагогикалық іс-әрекеттерде оңтайлы нәтиже беретін креативтілік деңгейімен тікелей байланысты. Кәсіби мотивациямен жұмыс жасайтын мұғалімдер үнемі ізденісте жүреді.

4. Жеке даралыққасиеттеріндамытатын мотив. Мұнда мұғалім үшін еңбектің шығармашыл түрлері, өзін-өзі дамыту іс-әрекеттері маңызды нәрселер болып табылады.

Бөлініп тұрған төрт тізбек болғанмен айтары – заман талабына сай мінсіз мұғалім болуға ұмтылыс. Жаңа саланы меңгеру, техниканың тілін түсіну, инновацияны дамытушы, қолдаушы бола білу басты мақсат. Мұғалімнің инновациялық іс-әрекеттерді жүзеге асырудағымаңызды факторларының бірі – жаңа көзқарас, бағдарлама, оқулық, сондай-ақ осы жаңалықтарды енгізу үшін қажет – креативтілік қасиет.

Қазақстан Республикасындағы техникалық және кәсіптік білім беруді дамыту мәселелері білім берудің барлық сатыларына дерлік өз әсерін тигізді. Өйткені үздіксіз білім берудің ұлттық жүйесінде техникалық және кәсіптік білім беретін жоғары оқу орындарымен қатар, техникалық колледждермен кәсіптік лицейлердің де маңызды бір буын болып есептеледі. Біз жоғарыда айтып өйткеніміздей, білім негізгі бастауышта деген қағиданы ұстанатын болсақ, техникалық білімнің бастауы кәсіптік лицейлер екені даусыз. Ал бұл оқу орнының қазіргі таңдағы жай-күйі, жұмыс барысы, маман даярлау динамикасы, түлектердің еңбек нарығындағы рөлі, барлық мәселелері олардың тұтас педагогикалық процесіндегі инновациялық дамуымен түсіндіріледі. Техникалық және кәсіптік білім беруді дамыту мәселесі қоғам өмірі мен экономиканыреформалауың мақсат – міндеттерін де анықтап берді. Мысалы, үздіксіз білім берудің ұлттық жүйесін әлемдік білім беру кеңістігімен интеграциялау кәсіптік лицейлердегі орта буын маманы даярлау мәселесін күрделендірілген білім беру жүйесімен байланыстырды. Өйткені, қазір барлық мамандардың еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін, кәсіби құзіреттілігі, коммуникативтілігі, оның

оқу орнынан алған теориялық біліміне байланысты. Теориялық білім инновациялық жаңа педагогикалық технологияларымен байланысқанда ғана практика жүзінде нақты нәтижелігімен айқындалады. Қазіргі таңда білім беру жүйесі үнемі реформалау мен жаңарупроцестері арқылы өзгеріп отыр. Қоғамның даму кезеңдері сол уақыттың сұранысына жауап беретін нақты да, ұтымды жағдайларды қажет етеді. Қазақстандағы үздіксіз білім беру жүйесінің бір буыны болып есептелетін кәсіптік лицейлердің де, қазіргі таңда, тұтас педагогикалық процесінде мүлдем жаңа міндет қойылып отыр. Бұрынғы қалыптасқан оқу үрдісі жаңа заман талаптарына қанағаттандырған жағдайда ғана оның құрылымында өзгерістер болып, маман даярлау деңгейінде әлемдік білім кеңістігіне кіру мүмкіндігіжоғарылайтыны сөзсіз.



Сурет – 2. Колледж оқушыларын кәсіби даярлаудағы инновацияның ролі

Біз зерттеу барысында инновациялық педагогикалық технологиялар оқытушылар тәжірибесінде қандай орын алатынын және оқыту міндеттерін шешу барысында қалай іске асырылатынын осы эксперимент барысында анықтауда жөн көрдік. Инновациялар жөніндегі арнайы дәріс өткізілгеннен кейін

экспериментке қатысқан 25 оқытушыға сауалнама таратылды. Сауалнама жүргізу барысында лицей мұғалімдерінің сабақтың түсінікті өтуі үшін қолданылатын инновациялық оқыту технологияларына деген қызығушылықтары өте жоғары болды. Мұғалімдер инновациялық технологиялар жайлы берілген үш бағыттың мақсат-мазмұнымен танысып, әр мұғалім өзінің түсінік-пайымына, тәжірибесі мен педогогикалық шеберлігіне байланысты белгілі бір бағытты белгілеген. Аталмыш бағыттар мынадай мақсат-мазмұнды қамтамасыз етеді:

1-бағыт: Инновациялық оқыту технологиялары – мұғалімнің заманауи оқыту құралдарын қолдану арқылы жаңартылған оқыту мазмұнының, әдісінің және түрінің тиімді жүйесін қалыптастыруы және сол арқылы оқу процесінің инновациялық дамуын қамтамасыз етуі.

2-бағыт: Инновациялық оқу технологияларының дәстүрлі оқу технологияларынан ешқандай айырмашылығы жоқ, тек қалыптасқан оқыту әдістерінің жаңа атаумен алмастырылуы.

3-бағыт: Инновациялық оқыту техноллогиялары – мұғалім мен білім алушының бірлескен іс-әрекеті арқылы жүзеге асатын процесс.

Осының нәтижесінде Қазақстандағы кәсіптік колледждердің тұтас-педагогикалық процесі инновациялық тұрғыда дамып, оқу процесі жаңа педагогикалық технологиялармен қамтамасыз етілді, материалдық-техникалық база жаңартылды, өндірістікоқытуға көпкөңіл бөліне бастады. Пәндердің оқу бағдарламаларының мазмұны жаңартылды. Мұның бәрі оқу процесіндегі инновацияның дамуына зор септігін тигізді.

Сонымен қатар кәсіптік колледждерде білімалып жатқан оқушылардыңтәрбиесінеинновациялық іс-әрекеттерді байланыстыру да өз кезегінде оңтайлы нәтижелерді айқындап берді. Ал инновациялық дамуды қамтамасыз ететін ғылыми-әдістемелік жұмыстардың қазіргі жаһандану заманына сай жаңаша талаптармен жүргізілуі кәсіптік колледждегі деректордың инновациялар жөніндегі орынбасарының басты міндеттерін анықтауғажәне сол арқылы оқу орны инновациялық дамуын қамтамасыз етуге болатынын айқындап берді.

Оқу орындарында қойылатын талап пен мемлекеттен берілетін көмек бірдей. Ал, оқу орындарының бір-бірінен ерекшелігі мамандықтар бойынша қандай маман дайындайтынында емес, сол маманның өндірістегі біліктілігі, құзіреттілігі, бәсекеге қабілеттілігі сияқты кәсіби қасиеттеріменажыратады. Біз осы тұрғыда еңбекнарығындағы маманнның жұмыс берушініңталабын қамтамасыз етуіменқатар, оның білікті кадр болып қалыптасуынамұғалімнің рөлі маңызды екенін аңғара аламыз.

1. ҚазақстанРеспубликасындатехникалықжәнекәсіптікбілімберудідамытудың 2008-2012 жылдарғаарналғанМемлекеттікбағдарламасы. – Астана, 2012.

2. Масырова Р.Р. Инновации в среднем общем образовании Казахстана: анализ и тенденции развития: Монография. – Алматы: КазГосЖенПИ, 2008. – 320 с.

3. Беспалько В.П. Слагаемые педагогической технологии. – М.: Педагогика, – 1989.

4. Подымова Л.С., Сластенин В.А. Педагогика: инновационная деятельность. – Ярославль, 1996.

Аннотация

Государственная программа Республики Казахстан «Об образовании» направлена на дальнейшее укрепление системы профессионального образования для развития промышленных и инновационных технологий. Президент Казахстана Нурсултан Назарбаев сказал: «Профессиональные колледжи, в первую очередь, должны ориентироваться на потребностинациональной экономики, а также решается проблему занятости» [1].

В связи с этим профессионально-технические колледжидолжны готовить конкурентоспособных специалистов в условиях рыночной экономики.

Сегодня,система технического и профессионального образования в Казахстане модернизуется в соответствии с мировыми тенденциями:

- подготовка кадров для инновационной индустриализации осуществляетсяна базе новых профессиональных государственных стандартов образования;
- профтехобразованиевыстраивается на принципах социального партнерства с работодателями.

Ключевыеслова: профессиональноеобразование, профессиональноевоспитание, развитие, система, инновация.

Abstract

Republic of Kazakhstan's programof the "Education" is aimed at further strengthening the rules and vocational education system for industrial and innovative technologies in the field of education today is the most important need. The Kazakhstan President NursultanNazarbayev said: "Professional colleges and higher education in the first of the national economy should be focused on the needs of current and future. In many ways, this will solve the problem of unemployment"[1].

In this connection, vocational colleges must prepare competitive specialists in a market economy.

Today, the system of technical and vocational education in Kazakhstan modernization in line with global trends:

- Training for innovative industrialization carried out on the basis of the new state standards of professional education;
- Professional and technical education is built on the principles of social partnership with employers.

Keywords: *vocational education, vocational training, development, system,innovation.*

УДК

ДИЗАЙНЕРЛЕРДІ ҚҰЗЫРЛЫ БАҒЫТТАЛҒАН МОДУЛЬДІК БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНА ДАЙЫНДАУДЫҢ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ЖОБАЛАУ НЕГІЗДЕРІ

А.С. Магауова – *п.ғ.д.,профессор, Д.А. Қонаев атындағы көлік және құқық гуманитарлық университетінің профессоры*
М.Е. Жангужинова – *п.ғ.м. Еуразия технологиялықуниверситетінің аға оқытушысы*
А.С. Наурызбаева – *өнертану ғылымдарының магистрі, Т.Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық Өнер Академиясының аға оқытушысы*

Мазмұндама

Адами әлеуеттің сапасын көтеру және болашақ Қазақстанды жоғары білікті кадрлармен қамтамасыз ету – республикадағы жоғары білім беруді әлемдік білім беру кеңістігенде интеграциялау, модернизациялау арқылы жүзеге асады. Жаһандану шарттарында ұзақ мерзімді бәсекеге қабілетті болу үшін – елдің заманауи экономикалық дамуында, жоғары білім беру аясында бірінші кезектегі басымдық болып табылады.

Экономика мен бизнестің жаһандануы және интернациаландыру үдерісінің дамуында жоғары білім беруде жаңа мақсаттар пайда болды: әлемдік нарық шарттарында тиімді жұмыс жасауға қабілетті, кәсіби кадрларды даярлау.

Соңғы жылдардағы білім беру жүйесіндегі сараптамалар әлеуметтік-экономикалық шарттар, ресурстармен қамтамасыз ету және білім беру үдерісінде Қазақстанның маңызды көрсеткіштерге жеткендігін көрсетеді.

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесіндегі қазіргі талаптары шарттарындаЖОО алдына модернизациялау бойынша, оқытудың жаңа түрлерін енгізу міндеттері қойылуда. Дизайн білім беру саласының өзекті міндеті - Болон Декларациясының қағидаларына негізделген. Аталған мақала жоғарыбілікті, әлімдік еңбек нарығындағы бәсекеге қабілетті, сұранысқа ие мамандар даярлауда ҚР әлемдік кеңістіктегі бірдей білім беру интеграциясының дамуына өз үлесін қосады.

Мақала – ECTS жүйесі бойынша сынақтық бірліктерді үйлестіру, оқу жоспарын, жоспарларды интернациаландыру, аймақтық және халықаралық ЖОО желілері менбілім беру сапасы мәселесімен байланысты студенттердің икемділігі үшін білім берудің кредиттік жүйесінің талаптарын ашып көрсетеді.

Білім беру бағдарламаларындағы жобалау, негізгі кезеңдер құрылымы, әсер ету алгоритмі авторлармен дәлелденеді, мақалада барлық компоненттері Еуразия технологиялық университетінің оқу үдерісіне енгізілді.

Кілт сөздер: Модульдік білім беру бағдарламасы, Дизайн мамандығы, Жобалау технологиясы, ECTS, кредит, кәсіби құзырет, бакалавриат, оқу жоспары, Курстық жобалау, академиялық ұтқырлықты қамтамасы

Қазақстандағы білім беру саласының алдындағы негізгі талаптар – жоғары білім беруде ұлттық жүйені Болон декларациясы мәнмәтінінде жаңарту, қалыпқа келтіру және еңбек нарығындағы білім беру бағдарламаларының талаптарына сай болу, сапамен қамтамасыз ету жүйесін құру, білім берудегі кредиттік технологияны ендіру және еуропалық жүйедегі сынақтық бірлікке көшу [1].

Қазақстандық жоғары оқу орындарына Болон декларациясын енгізу мақсатында жоғары білім берудің барлық деңгейі бойынша Модульдік Білім Беру Бағдарламалары (МББББ) өңделуде. Білім алушылардың біліктілігін қалыптастыруда ҚР Мемлекеттік Жалпыға Міндетті Білім Беру Стандарты Бағдары (ҚР МЖМББСБ) ЖОО үрдісіндегі білім берудің құрылымы мен құрамын анықтайды және инновациялық оқу-әдістемемен қамтамасыз етуді талап етеді [2].

Осыдан келе, білім беру бағдарламаларындағы сызықтық емес, вариативті негіздер бойынша күтілетін біліктілікті дамыту барысында және Қазақстан Республикасындағы мамандықтар классификаторы шеңберінде жаңа бағыттарды жобалау қажеттілігі туындайды [3].

Алға қойған педагогикалық қызметті жобалау – негізгі пішінді әзірлеуге, бағыттауға мүмкіндік береді [4]. Жобалау технологиясы жобаны әзірлеу бойынша бірізді әрекеттерді суреттеуге болжам жасайды, біздің жағдайда – Модульдік білім беру бағдарламасы (МББББ).

5В042100 – Дизайн мамандығы бойынша модульдік білім беру бағдарламасын жобалауда алгоритм әрекетін келесі кезеңдермен суреттеуге тырысамыз:

1) Модульді білім беру бағдарламаларын белсенді қолданушылардың ортасын анықтау, жақын, туыс білім беру бағдарламаларын тағайындауда талдау жасау;
2) меңгеруде қажетті біліктілік тізімін анықтау;

3) модульдік білім беру үшін модульдер тізімін анықтау;
4) мазмұнында модуль бар пәндер тізімін жасау;
5) модуль форматындағы оқу жоспарын құру;
6) «Курстық жобалау» жоба қызметі шеңберінде пәнаралық байланыстың болуы.

Бірінші кезең барысында еңбек нарығындағы алдын-ала ақпараттар бойынша аймақтағы ЖОО түлектері, өндірістік тәжірибеден өткен мекемелердің және жұмыс берушілердің пікірімен дизайнерлердің қандай салада, мекемеде қызмет ететіні анықталады. Аймақтық еңбек нарығындағы сұраныстар көрсеткендей, Еуразия технологиялық университетінің 5В042100 – Дизайн мамандығында оқыған көптеген түлектер экспозиция, интерьер, визуалды коммуникация, жарнама, шығармашылық және көркем жұмыс салаларында, өндірістік және тұрмыстық заттарды жасауда, тігін мекемесінде,сән үйі, әртүрлі дизайнерлік ұйымдарда кіші ғылыми қызметкер, инженер-лаборант, ғылыми-зерттеу, конструкторлық және жобалау ұйымдарындаинженер қызметін атқара алатындығын көрсетті.

Ғылыми-педагогикалық қызметте өсуді мақсат еткен бірнеше түлектер магистратурада білімін жалғастыруда. Осылайша, түлектердің жұмысқа орналасуы еңбек нарығындағы сұранысқа ие екендігін куәландырады. Түлектер конструкторлы-жобалау, ұйымдастырушы-басқарушы, ғылыми-педагогикалық қызметте мамандықтары бойынша кәсіптеріне оңай бейімделеді.

Түлектердің жұмысқа орналастыру мәліметтер базасында 5В042100-Дизайн мамандарын дайындауда кейінгі ұрпақтың стандарт нәтижелері, еліміздің және шетелдің озық ЖОО-мен (Орал мемлекеттік көркемдік-архитектуралық Академиясы, Мәскеу мемлекеттік Дизайн және технология университеті, А.Н.Косыгин атындағы текстиль институты, Hollings Faculty of Manchester Metropolitan University, Korea National University of Arts) дизайнер қызметінің барлық талаптары анықталады [5,6,7,8,9]. Осы университеттермен бірлестікте тәжірибе, үйрену, кәсіби біліктілікті қалыптастыруға қажетті білім айқындалады. Алынған мәліметтер нәтижесінде Дизайн мамандарын даярлауда бакалавр біліктілігі, білім беру нәтижелеріне сәйкес кесте толтырылады.

Кестені толтыру барысында дизайнерлердің кәсіптік қызметінің 3 түрі айқындалады: конструктор-жобалаушы, ұйымдастыру-басқарушы, ғылыми-педагогикалық [10].

Еңбек нарығында олардың қажеттіліктері шектеулі болады. Мәселен, дизайнердің конструктор-жобалаушы қызметі өндірістік –техникалық, экономика-маркетингтік қызметті есептемегенде тек жобамен шектеледі. Жобалаушы –конструкторлық қызмет білім беру және мәдени мекемелерде, әлеуметтік-педагогикалық, гуманитарлық ұйымдастырушы, баспа, массмедиялық және тілдесім аймақтарында, сән көрсетуде, презентацияларда (тұсаукесер), көрмелерде, шоу-румаларда тек қана жобалаушы ретінде қатыса алады. Сәйкесінше өзгерістер басқарушы-ұйымдастырушы қызметке тиісті. 5В042100 – Дизайн мамандығы еңбек нарығындағы қажеттіліктерді есептей отырып, бакалаврды интегративті дайындауда зерттеулік, конструкторлық-технологиялық, (дизайн объектісін жобалау технологиясын меңгеру), сараптама-болжау, педагогикалық қызмет (дизайн негіздерін оқыту, декторативті қолданбалы өнер, технология, компьютерлік көзбен шолу негіздері), инженерлік-компьютерлік редакциялау жұмысына, визуалды іс-шараларға әзірлейді. Тапсырмаларды орындауды қалыптастыруда сондай-ақ, кәсібилендіруді айқындайды: Графикалық дизайн, Өнеркәсіптік дизайн, Костюм дизайны. Барлық құжаттар, оқу үдерісі мамандық бойынша қойылады.

Модульдік білім беру бағдарламасын жобалаудың ***екінші кезеңінде*** меңгеруге қажетті біліктілік тізімін анықтап алу керек. Оның негізі ретінде ҚР МЖМББСБ5В042100 – Дизайн мамандығы бойынша жалпыкәсіптік және кәсіби біліктілікті (КБ) (дайындау қызметі түрінесепке ала отырып) алу қажет[11].

Үшінші кезеңдегі модуль тізімін анықтауда, өзара байланыс біліктілігі негізінде, дизайнердің кәсіптік қызметі түрін айқындауда, талапқа сәйкестігі, білім нәтижесі, қызметтік қабілеті мен тәжірибесі, кәсіби біліктілікке керек әдістер арқылы іске асады.

Белгілі бір құзірет немесе туыстық құзіреттіліктің қалыптасуына жауап беретін модуль осылай жобаланады. Мысалы, кәсіби құзыреттің тізімі өнер бакалавры қызметінің ғылыми-зерттеу тапсырмаларын орындау барысында Оқу жұмыс жоспарының (ОЖЖ) құрылымымен тікелей байланыста қиындыққа тап болады.

Жалпы білім беретін пәндер кезеңі (ЖББП) әлеуметтік-гуманитарлық бағытқа құрылған. Негізгі пәндер (НП) кезеңінде міндетті компоненттер (МК) және таңдау пәндері жүйеленген. Кәсіби пәндер кезеңіне «мамандыққа кіріспе», «дизайн негіздері», «өнер бакалаврын дайындауда базалық негіздер» кіреді. Кәсіптік пәндердің (КП) үшінші кезеңі де Міндетті компонент және таңдау компоненттері модульдерінен тұрады, алайда, болашақ дизайнерлердің Кәсіптік компонентіне «Курстық жобалау» жатады.

Дизайн үшін Оқу жұмыс жоспарын құруда пәндерді кезең бойынша оқыту ерекше. Мысалы, «СуретI», «Сурет II», «Сурет III» модулі. Бұл – пәндік-тәжірибе, жобалау-бағытталған білім берумен, практикалық білім мен қабілет болуы шарт.Пән кезеңдерін оқытуда мақсат пен тапсырмаларды орындау барысында әртүрлі тақырыптық тапсырмаларға қарамастан, оңайдан қиынға қарай біржақты тәсілдер керек. Осыған орай, Жұмыс оқу бағдарламасының (БП және КП) екінші және үшінші кезеңі модульге құрылды, пән атаулары қайталанады, бірақ сандары ауысады.

Сондай-ақ, Қазақстанда «Дизайн» мамандығы бойынша бакалавриатта оқу мерзімі 5 жылды құрайтынын ескеру қажет. Барлық оқу кезеңінде меңгерілетін кредит саны Қазақстан Республикасының ҚР МЖМББСБ, 2012жылдың 23 тамыз №1080 сәйкес төмендегідей [11]:

1) *«Өнер» бойынша* – теориялық білім беру 160-180 кредит;

ЖББП кезеңі барлық типтік оқу жоспарының 25% немесе 33 кредитті құрайды. БП (базалық пәндер) көлемі типтік оқу жоспарының 50 % немесе 64 кредитті құрайды, оның ішінде 20 кредит міндетті компонеттерге және 44 кредит таңдау пәндеріне алынады. Кәсіптік пәндер (КП) көлемі жалпы типтік оқу жоспарының 25% немесе 32 кредитті құрайды, оның ішінде 5 кредит міндетті компонентке және 27 кредит таңдау пәніне беріледі. «Өнер» тобының жеке мамандықтарының ерекшелігін ескере отырып, білім беру үрдісінің Стандарттың 64 бөліміне сай теориялық білім беру студенттердің меңгеруімен 129 кредиттен көп болуы мүмкін.

Сонымен, студент біліктік алуы үшін 161 кредиттен кем емес теориялық білім алуы және 6 кредиттен кем есе кәсіби тәжірибеден (мамандықтың ТОБ –ды жоспарланған кредитке тәуелсіз) өтуі тиіс.

ECTS бойынша 264 және 10 кредит бойынша сәйкес болуы керек.

Осылайша, ұсынылып отырған оқу модульдерінің әдістемесі кәсіптік қызметтің нақты түрінің нәтижесі негізінде, бакалавриаттың магистрлік бағдарламасымен маманданған білім беру бағдарламасының негізгі модулімен байланысты ғылыми-зерттеу, педагогикалық қызметті қамтамасыз етеді. Дизайнер кәсіптік қызметінің вариативтілігі еңбек нарығындағы бәсекеге қабілетті, белсенді. Бұл жерде кәсіптік қызметтердің әртүрлі түрлерін және жалпыпәндер құзіретін әртүрлі қызметтерді әзірлеуде тапсырмаларды шешуде жүйелік байланысты ескеру қажет. Мысалы, «Графикалық дизайнның объектісін жобалау» модулі тек қана ғылыми-зерттеу жұмыстарына тәуелді болмауы тиіс, алынған нәтиже біріктірілген нәтиже болып есептеледі. Сонымен бірге, конструкторлы-жобалау, ұйымдастырушы-басқарушы және ғылыми-зерттеулік қызмет талаптарын шешуде қажет.

Біліктілік-бағдарлы модулдік білім беру бағдарламасы дизайнердің кейбір кәсіби қызметіне (конструкторлы-жобалау, ұйымдастырушы-басқарушы) өз әсерін тигізеді, қойылған талаптарға жауап беруде жеке модулді талап етпейді.

Модулдік білім беру бағдарламасының (МББ) ***төртінші кезеңінде*** (ТОБ бойынша) ЖББП, БП, КП сәйкестігіне талдау жасалады, өтініш берілген пәндердің толықтығы мен қажеттілігі үшін, сондай-ақ, жаңа пәндердің мақсаттылығын ендіру үшінматрица құрылады.[12].

Себебі, бір пән біліктілікке бағытталған білім беру бағдарламасын әзірлеуде қажетті құзіреттіліктерді қамтамасыз ете алмайды, оқу жоспарындағы пәнде *бірізділік принциптері және өзара толықтыру* жұмыстары күрделі. Әр модуль орта есеппен студенттің жетістікке жетуіндеталаптарды, нәтижелерді шешуде тиянақты жүктемені игеруі тиіс.

Талаптарды есепке алу үшін, модульдердің құрылымы мен мазмұнын жобалауға, әр модульге модуль атымен кешенді құжат, жасалады, оның мақсаты мен міндеті, білім алушылардың нәтижелері, сынақтық бірліктердің көлемі, модульді меңгерудегі нәтиже, жоспарланған нәтижелердегі жетістіктер (критериялар, бағалаудың түрлері мен әдістері) модульмен қамтамасыз ету ресурстары дайындалады.

Әзірленген модульдер негізінің ***бесінші кезеңінде*** оқу жоспары жобаланады.

Жобалау кезінде модульдердің байланысын, академиялық ұтқырлықты (ЖОО арасындағы, Қазақстан ішінде, халықаралық) қадағалап отыру керек. 5В042100 – Дизайн мамандығына арналғанмодульді оқу жоспары жобасында, «Графикалық дизайн», «Өндірістік дизайн», «Костюм дизайны» ҚР МЖМББСБ ұсыныстары сақталады. Пәннің еңбексыйымдылығы БП МП1-15 кредит, БП МП2-15 кредит БП ТК - 48 кредит және КП МП-8 кредит КП ТК-42 кредитті құрайды. Әр оқу жылында аралық бақылау үдерісінде емтихандар көлемі 13 тен аспайды. Бір академиялық кезеңде күндізгі бөлім студенті 18-22 кредитті меңгеруі тиіс.

МББ құрылымының ерекшелігі – әр модульдің барлық пәндері студенттердің бір курс кезеңінде, бірақ әртүрлі семестрде оқытылады. Модульдің ұзақтығы оның көлемі мен ерекшелігіне байланысты (негізгі, қолдаушы немесе мамандандырылған). «Графикалық дизайн объектісін жобалау Y» пәнін бір семестрге «тығыздауға» болмайды. Бұл пәндерді кәсіби бағытта меңгеру үшін оқу кезеңінде бірте-бірте

оқыту қажет. Сонымен бірге, академиялық ұтқырлықты қамтамасыз ету үшін «толассыз» модульдерді оқу курстарына бөлу керек: 1-курс – 1 модульдік бірлік. Модульдік оқу бағдарламасында автономды оқу материалдарының ұзақтығы бір семестрден аспауы тиіс екендігін түсінеміз.Ол оқытушының үйретуінде немесе өздігінен оқу кезінде қолданылады. Сонымен бірге, «портфолио» бөлімін қалыптастырумен аяқталады [13].

Осылайша, біздің практикалық тәжірибеміз болашақ мамандардыдаярлаудағы жобалау, білікті, модульді білім беру бағдарламасындағы технологиялық негіздерді суреттеуге арқау болды.

1. *Akmaral S. Magauova and Meruyert Y. Zhanguzhinova. Higher education system in the republic of Kazakhstan in the contex of the credit system of education. Life Science Journal. 11(7s). 2014. P. 226-228.*
2. *ҚР МЖББС, 23 тамыз 2012 ж.№ 1080,050421 Дизайн мамандығы бойынша(23.08.2013ж.).*
3. *Национальная рамка квалификаций РК (совместный приказ МТЗСН и МОН РК № 444 от 28.09.2012г.).*
4. *Лозинская, А.М. Фреймовый способ структурирования содержания модульной программы обучения физике / А. М. Лозинская // Известия Урал. гос. ун-та им. М.А. Горького. Сер. 1. Проблемы образования, науки и культуры. – 2009. – № 3 (67). – С. 176-184.*
5. *www.usaaa.ru*
6. *www.mgudt.ru*
7. *http://www.mgudt.ru/1level/index.aspx*
8. *https://www2.mmu.ac.uk/hollings*
9. *http://eng.karts.ac.kr:8090/*
10. *Быкова, Л.В. и др. Структурно-функциональная модель образовательной программы, созданной на основе модульно-компетентностного подхода / Л.В. Быкова, Е.Н. Кочнева // Педагогическое образование в России. – 2010. – №3. – С. 109–114.*
11. *«Дизайн» мамандығы бойынша 2014-15жж.арналған Жұмыс Оқу Жоспары.*
12. *ОӘМШ бойынша безендіру ережелері, ЕТУ 2014-15о.ж.*

Аннотация

Повышение качества человеческого потенциала и обеспечение будущего Казахстана высококвалифицированными кадрами возможно только при условии модернизации высшего образования республики, его интеграции в мировое образовательное пространство. Сфера высшего образования является первоочередным приоритетом современного экономического развития страны, поскольку именно качество высшего образования предопределяет долгосрочную конкурентоспособность страны в условиях глоба-лизации.

С развитием процессов глобализации и интернационализации экономики и бизнеса перед высшим образованием встали новые цели – подготовка профессиональных кадров, способных эффективно работать в изменившихся условиях глобального рынка.

Анализ состояния системы образования за последние годы показывает, что Казахстан по уровню созданныхгосударством социально-экономических условий для функционирования системы образования, ее ресурсного обеспечения, организации и осуществления образовательного процесса достиг значительных результатов.

В условиях современных требований системы образования Республики Казахстан перед Вузами выдвигаются новые задачи по модернизации учебного процесса, внедрению новых форм обучения. Актуальными задачами Дизайн образования становятся структурирование и соответствие передовым формам образования в условиях реализации принципов Болонской Декларации. Данная статья является вкладом в интеграцию РК в единое мировое образовательное пространство, поскольку ориентировано на подготовку высококвалифицированных, конкурентноспособных, востребованных на рынке труда специалистов.

В статье раскрываются условия согласно кредитной системе обучения для мобильности студентов, возможности для унификации зачетных единиц по системе ECTS, интернационализации учебных планов и программ, создание региональных и международных вузовских сетей и связанныхс этим проблемы качества образования.

Авторами обосновывается алгоритм действий и содержание основных этапов проектирования образовательных программ, разработаны, апробированы и внедрены в учебный процесс Евразийского Технологического Университета все компоненты статьи.

Abstract

Improving the quality of human capital and ensuring the future of Kazakhstan highly qualified personnel is only possible if the modernization of higher education of the republic, its integration into the world educational space. Higher education is the first priority of modern economic development of the country because it is the quality of higher education determines the country's long-term competitiveness in a globalizing world. With the development of globalization and internationalization of the economy and businesses facing higher education faced with new goals - training of professionals capable of working efficiently in a changing global market.

Analysis of the education system in recent years shows that the level of Kazakhstan established the state of socio-economic conditions for the functioning of the education system, its resource provision, organization and implementation of the educational process has achieved significant results.

In today's requirements of the education system of the Republic of Kazakhstan HEIs to put forward new challenges for the modernization of the educational process, introduction of new forms of learning. Education Design actual tasks are structuring and compliance with advanced forms of education in the implementation of the principles of the Bologna Declaration. This article is a contribution to the integration of Kazakhstan into a single global educational space, as focused on the training of highly qualified, competitive, demand on the labor market specialists.

The article describes the conditions under the credit system of education for the mobility of students, the possibility to unify the system of credits ECTS, internationalization of curricula and programs, the establishment of regional and international university networks and related problems of the quality of education.

The author justifies the sequence of actions and the content of the basic stages of designing educational programs, developed, tested and implemented in the educational process of the Eurasian University of Technology all the.

УДК: 378.016:811.111:004

ШЕТЕЛ ТІЛІ САБАҒЫНДА ИНТЕРНЕТ ЖҮЙЕСІН ҚОЛДАНУДЫҢ МАҢЫЗЫ

А.А. Таутенбаева – *п.ғ.к., Абай атындағы ҚазҰПУ*
Б.П Нұрсейт – *магистрант, Абай атындағы ҚазҰПУ*

Түйіндеме

Берілген мақалада қазіргі заман талабына сәйкес шетел тілін оқытуда Интернет желісін қолдану жайы, оның маңыздылығы, тиімділігі жөнінде сөз болады. Интернет шетел тілін үйренушілерге аутентті мәтінді қолдануға, тіл тасушыны тыңдауға, олармен қарым-қатынас жасауға және тілдік ортаны қалыптастыруға септігін тигізеді. Интернеттің көмегімен студент фонетикалық, грамматикалық, лексикалық жаттығулар, оқуға және грамматикаға арналған тесттермен жұмыс жасай алады. Ағылшын тілі сабағында материалды Интернеттен пайдалана отырып, көптеген дидактикалық мәселелерді шешуге болады. Студенттерге мультимедиялық технологияларды пайдалану, оқып жатқан құбылыстар мен обьект жайында толық және дәл ақпарат береді. Бұл білім сапасын арттырады, студенттердің танымдық қызығушылықтарын қанағаттандырады және жетілдіреді. Оқытудың көрнекіліктерін жетілдіреді, тіпті қол жеткізе алмайтын материалды пайдалануға мүмкіндік береді. Студенттердің жұмыс істеуі қарқынды болады, оқу материалын оқып-үйренуде жылдамдығын арттырады, студенттің сабақта және сабақтан тыс өз бетінше жұмыс істеуі үшін жұмыс көлемін ұлғайтады.

Кілт сөздер: Интернет технология, мультимедиялық бағдарламалар, компьютер технологиялары, ақпараттық технологиялар, шетел тілі.

Интернеттің пайда болуымен біздің өмірімізде қарым-қатынас жасаудың жаңа мүмкіндіктері уақыт пен кеңістікке қарамастан ашылды. Бұл күндері электрондық хат алмасулар, онлайн жүйесінде пікірталастар, мәтіндік чат және басқа да көп салалы ресурстар ашылды. Мысалыға Wikis, блогтар, бейне-конференциялар жүргізу үшін (Skype), суреттер мен бейнелік ұсыныстар (You Tube), виртуальды әлем, әлеуметтік желілер, Facebook және ұялы телефондарға ұсынастардың өсуі. Бұл желілерде отырып, қатынас жасауға болады.

Шет тілін оқытуда қазіргі заманғы технологиялар дәстүрлі сабақты өзгертуде оқытудың жаңа жолдарын әкелді. Компьютерді шет тілін үйренуде 1960 жылдардан бастап қолдана бастады. Оны пайдалану әдісі грамматикалық үлгілерді, сөздерді қабылдауда, есте сақтауда және қайталауда қолданды. Ақырында коммунативтік әдіс-тәсілдің пайда болуымен тілді қолдануға, студентті қызықтыруға және тілдік ортаны қалыптастыруға көңіл бөлінді. Тілді үйренуде көптеген бағдарламалар пайда болды. Олар жаттығу ретінде емес, әртүрлі тілдік ойындар, мәтіндік қалпына келтірілген, таңдау мен жауаптарын бақылауға арналған бағдарламалар және т.б.. Компьютер студентті тек оқу материалдарымен қамтамасыз етуші емес, сонымен қатар оқытудың тәсілі ретінде қолжетімділігі, материалдарды жинау мен өңдеуде, мәселелерді шешуде қолданыла бастады. Грамматикалық материалды тексеруде, мәтінді өңдеуде атақты бола бастады. Қазіргі таңда шет тілінде үйрету тек қана компьютерге және сан алуан оқу бағдарламаларына ғана емес, Интернет арқылы басқа да пайдаланушылардың қарым-қатынасында. Оған себеп технологиялық жетістіктер ғана емес, сонымен қатар педагогика мен методикадағы жаңа әдіс-тәсілдер.

Дидактикалық тұрғыдан Интернет екі негізгі компонентті енгізеді:

1. Телекоммуникациялық пішіндер (Интернет-технологияларға қатысты, электрондық хат алмасулар, чат, жиындар, ICQ, веб конференциялар);

2. Ақпараттық ресурстар;

Телекоммуникациялық ресурстардан оқуға арналған Интернет ресурстардың айырмашылығы тек қана оқыту мақсатына арналған. Олар әр-түрлі пәндерде құрастырылған, сонымен қатар шетел тілінде де.

Қазіргі кезде жаңа білім беру жүйесі интернеттің пайда болуы арқасында дамығанын барлығы да мойындайды. Көптеген әдіскерлер видеофильм, электрондық хат алмасулар (email), мультимедиалық презентация, анимациялық суреттер және т.б. көмегімен шетел тілінде монолог және диалог түрінде сөйлеу қабілетін қалыптастыратын жаттығуларды құрастырумен айналысып жатыр. Шетелде болмай, сол елдің тілінде сөйлей алу қабілетіне ие болу оңай емес. Сондықтан оқытушының маңызды тапсырмасының бірі шетел тілі сабағында жаңа технологиялардың түрлі амалдарын қолдана отырып, сөйлеудің шын ситуацияларын құру болып табылады. Шетел тіліне оқытуда Интернет беретін мүмкіндіктер мен қызметтердің түрлері төмендегідей: Студенттер үйреніп жүрген тілінде электронды пошта арқылы хат алысып, виртуалды қатынас клубтары – конференцияларға қатынаса алады, Интернет талаптарында берілетін құжаттардағы жаттығулар мен тапсырмаларды орындай алады, кез- келген ақпараттар туралы мәлімет ала алады, бейнероликтерді қалаған тілінде көру мүмкіндіктері бар, файлдар алмаса алады, керекті құжаттарын дискіге жазып, мәліметтерді сақтай алады. Интернеттің тағы да бір мүмкіншілігі ақпаратты қандай да бір арақашықтықта тез арада жеткізу, сонымен қатар алынған ақпаратты түрлі тіл тасушыларға ауыстырып салуға болады. Интернет шетел тілін үйренушілерге аутентті мәтінді қолдануға, тіл тасушыны тыңдауға, олармен қарым-қатынас жасауға және тілдік ортаны қалыптастыруға септігін тигізеді. Интернеттің көмегімен студент фонетикалық, грамматикалық, лексикалық жаттығулар, оқуға және грамматикаға арналған тесттермен жұмыс жасай алады. Ағылшын тілі сабағында материалды Интернеттен пайдалана отырып, көптеген дидактикалық мәселелерді шешуге болады. Студенттерге мультимедиялық технологияларды пайдалану, оқып жатқан құбылыстар мен обьект жайында толық және дәл ақпарат береді. Бұл білім сапасын арттырады, студенттердің танымдық қызығушылықтарын қанағаттандырады және жетілдіреді. Оқытудың көрнекіліктерін жетілдіреді, тіпті қол жеткізе алмайтын материалды пайдалануға мүмкіндік береді. Студенттердің жұмыс істеуі қарқынды болады, оқу материалын оқып- үйренуде жылдамдығын арттырады, студенттің сабақта және сабақтан тыс өз бетінше жұмыс істеуі үшін жұмыс көлемін ұлғайтады.

Шетел тілін қазіргі заманғы Интернет технологиялар арқылы оқытудың методикасы әлі қалыптасу кезеңінде. Ғылыми әдебиетте кең қолданылатын термин ол Интернет технология. Онымен шетел тілін оқыту методикасында ұқсас түрлерін, әдістерін, тәсілдерін Интернет желілерде ресурстарды пайдалануда түсінуге болады. Интернет желісіндегі ақпараттық ресурстар әр-түрлі тілдерде аудио-визуальды , мәтіндік материалдармен қамтамасыз етілген. Ақпараттандырудың қазіргі кезеңінде әрбір студент, оқытушы ақпараттық технологияларды тиімді қолдана білуі, интернет ғаламдық желісін пайдалана алуы тиіс. Бүкіләлемдік жүйенің кең мүмкіндіктерін қолдану арқылы студенттердің қарым-қатынас құзіреттілігі іс-әрекет барысында қалыптасады. Оқыту мазмұнының ғылыми негізін меңгеру іс-әрекет әдістерімен байланысты. Кез-келген іс-әрекет түрін меңгеруде оны психологиялық теориясымен орындау, әрекет ету кезінде байқалады. Мысалы сөйлеу әрекетін студент шынайы қарым-қатынаста меңгереді. Оны компьютерлік телекоммуникация құрайды.

Оқыту үдерісінде интернетті қолдану мынадай мақсаттарды шешеді:

- сабақтың мазмұнын жүйеге қосуға, оқыту бағдарламаларын кіріктіруге;
- жоба бойынша жұмыстарда өз бетінше мәліметтер іздеуге;
- өз бетінше шетел тілін үйренуге және терең меңгеруге;
- біліктілік емтихандарына өз бетінше дайындалып, тапсыруға;
- шетел тілінде қарым-қатынас жасаудың жаңа формасы ретінде;
- білім,білік, дағдының арақашықтығын анықтауда;
- оқытушының жетекшілігімен арнайы шетел тілінен қашықтықтан оқуға;

Шетел тілін оқытудың негізгі мақсаты-коммуникативтік құзіреттілікті қалыптастыру, басқа мақсаттары (білім беру, тәрбиелік, жетілдіруші) осы негізгі мақсатты жүзеге асыру кезінде іске асады. Коммуникативті тіл табу білім алуда қатынаста және мәдениаралық қарым-қатынасын қалыптастыру қабілеттіліктерін, яғни Интернеттің басты қызмет атқаратыны болып табылады. Қатынассыз Интернеттің мәні жоқ-бұл халықаралық кроссмәдени қоғам, онда миллиондаған адамдар бір уақытта бір-бірімен электронды түрде қатынас жасай алады. Шетел тілі сабағында оған қосыла отырып, біз шынайы қарым-қатынастың моделін құрастырамыз. Студенттер Интернетпен қатынас жасай отырып, тілдік ортада өмірлік жағдаяттарға тап болады. Алғашқысында олар түсінуге, мазмұнын және мағынасын айтуға көп көңіл бөледі. Интернетті білім алудың көмекші техникалық құралы екендігін және жетістіктерге жету үшін оны оқу үрдісінде сауатты қолдану керек екендігін ұмытпау керек. Шетел тілін үйренуде Интернет сөйлеу әрекетінде мүмкіншіліктері мен қабілеттерін қалыптастыруға көмектеседі. Сонымен қатар сөздер мен грамматиканы меңгеруде де тиімділігін көрсетеді. Интернет әлеуметтік және психологиялық

ахуалдарын жетілдіреді. Олардың өздеріне деген сенімділіктері артады, ұжымда жұмыс істеу қабілеттіліктері және де білім алуларына жағымды атмосфера құрады. Интернет қорларын қолдана отырып, оқу үрдісінде біраз дидактикалық тапсырмаларды ағылшын тілінде шешуге болады. Олар оқу қабілеттерін қалыптастырады, Интернет желісіндегі дыбыстық аутентті мәтіндерді тыңдап, түсінуге тырысады, монологты және диалогты сөйлеуде мәселелік талқылауды үйренеді, реферат және шығарма жазуға, жазбаша жауап қайтаруға үйренеді,сөздік қорын дамытады, мәдени білімдерін толықтырады, тілін оқып жатқан елдің мәдениетімен, саясатымен және салт-дәстүрлерімен танысады. Коммуникативті технологиямен жұмыс істеген кезде оқытушының ролі ауысады, оның басты міндеті – студенттің жетілуіне және творчестволық ізденістеріне бағыт-бағдар беріп отырады. Студенттер өз беттерімен көбірек ізденуге, білім алуға тырысады. Шетел тілін үйренуде интернет мүмкіндіктерін пайдалану студенттердің өз бетімен тіл меңгеріп, ізденуіне мол мүмкіндіктер береді. Интернетті тілдерді оқытуда қолданудың біраз себептері бар. Ең негізгісі интернетте қатынас жасаудың лингвистикалық табиғаты тілді үйренуде алға жылжу болып табылады. Келесі мүмкін болып табылатын себеп жазуға үйренуге жағдай жасайды. Үшінші мүмкін болатын себеп студенттердің қызығушылықтарын тудырады. Төртінші себеп студенттердің болашақтағы жетістіктеріне компьютерде жұмыс істеу қабілеттерін дамыту керек. Интернетті қолдану бізге мол мүмкіндіктер берсе де, студенттерге сабақ үстінде тапсырма бергенде көп бостандық берілмеуі керек және оқытушы жағынан бақылау болуы керек. Интернетті қолдануда қаржылық себеп, яғни шетел тілінде оқитын сыныптарда компьютердің және интернеттің жоқтығы, тағы бір себебі кейбір мұғалімдердің компьютерден үстірт білімдері бар. Оқытушының компьютерлік сауаттылығы болуы керек және компьютерде жұмыс істей алуы керек. Интернеттің ең басты ерекшелігі жаңа ақпараттар алуда және жаңа аутентті материалдардың көптігі, мысалыға, жаңа оқиғалар, атақты адамдардың өмірінен қызықты деректер, қазіргі заманғы өлеңдердің сөздері, жарнамалар, мәзірлер, транспорт қозғалысының күнтізбесі, оқу-бағдарламалық бейнероликтер. Көптеген студенттер тілді тасушылардың екі қабатты коттедж үйлерде тұрғанды қалайтындығын, сондықтан «downstairs, upstairs» – (бірінші қабатта, үстінде) оларға тән екендігін, үйлердің айналасында қоршалған шарбақ болмайтындығын “hedge“- “тірі шарбақ “-яғни талшыбық және бұталар мұқият кесілген пайдаланатындығын немесе олар үйлерінің алдында көкке шығатындығын, онда онша танымал емес адамдар жиналып, ашық отта (barbeque) ет қуырады, ал қонақтар өздерімен бірге түскі ас (pot luckdinner) әкелетіндігін біле бермейді. Ал, келесі күні олар үй иелеріне алғыс хаттарын (thankyouletters) жақсы уақыт өткізгендері үшін жібереді. How do you do біреумен бірінші рет амандасып отырса қолданылады. Hi, Hello-жақын туыстары мен достарына қолданылады. Интернет қорларын пайдалана отырып оқытуды жаңа педагогикалық технологияларға жатқызуға болады. Оны шетел тілін оқытуда қолдану студенттердің және оқушылардың танымдық белсенділіктерін жетілдіреді, оқу үрдісі қызықты, тиімді өтеді. Ақпараттың сексен пайызы интернетте ағылшын тілінде енгізіледі, сондықтан ағылшын тілі сабақтарында интернетті пайдалана отырып оқу өзекті тақырып болады.

1. Нұрлыбай А.М., Ниязбекова А.А. «Ағылшын тілі сабағында интернет ресурстарын қолдану тәсілдері »
2. Павлова Е.А. «Преимущества использование Интернет-ресурсов при обучении иностранному языку»
3. Карташова А. «Использование интернета в обучении иностранному языку»
4.Интернет желісі
5. Ұлтанбекова.Е. «Ағылшын тілі сабақтарында жаңа әдіс тәсілдер арқылы студенттердің таным қабілеттерін арттыру жолдары».

Аннотация

В данной статье рассматривается использование Интернет технологий в обучении иностранному языку в современном мире, его полезность и эффективность. Оно проявляет большой интерес учащихся к обучению языку. Интернет рассматривается как инструмент повышения мотивации, формирования прочных языковых навыков и совершенствования владения иностранным языком. Образование с привлечением Интернет технологий имеет множество точек соприкосновения с изучением английского языка, что становится особенно актуальным в современном мире. Грамотное применение новых видов самостоятельной работы студентов и Интернет коммуникации при обучении иностранному языку позволяет значительно оптимизировать образовательный процесс и создавать аутентичные ситуации общения, что способствует в значительной мере повышению уровня мотивации студентов при изучении иностранного языка.

Ключевые слова: Интернет технология, мультимедийные программы, компьютер технология, информационная технология, иностранный язык.

Abstract

This article is considered Internet system in teaching foreign language in modern world, its usefulness and effectiveness. It considers effective ways of teaching at the English lesson. It shows a great interest of pupils in learning the language. Information and communication technology has affected language instruction in higher education. The advent of the Internet and the wide spread of technology in our life create new opportunities for language learning. The Internet is considered as the instrument in increasing their motivation, formation of strong language skills and improvement of foreign language skills.

Key words: Internet system, multimate program, computer technology, information technology, foreign language.

УДК 378.147-322+61: 808.03

ОБУЧЕНИЕ ПЕРЕВОДУ МЕДИЦИНСКОЙ ЛИТЕРАТУРЫ НА ЗАНЯТИЯХ ПО СРСП

Сулейменова О.Я. – *доцент.*
Садыкова А.А. – *ст. преп.*
Лозенко И.В. – *ст. преп.КазНМУ им. С.Д. Асфендиярова*

Абстракт:

Одним из важных аспектов преподавания иностранного языка в медицинском ВУЗе является обучение студентов переводу специальной литературы с одного языка на другой.

Перевод – это полноценная передача средствами одного языка сообщения, сформулированного на другом языке.

«Учебный перевод» применяется как средство проверки понимания слов и форм иноязычного текста, как подготовительное упражнение к беспереводному пониманию иноязычного текста.

Обучение «профессиональному переводу» тесно связано с общими целями обучения иностранному языку в медицинском высшем учебном заведении. Задачи обучения переводу на занятиях по СРСП формулируются в виде нормативов для разных видов переводческих работ с тематическим ограничением, вытекающим из ограниченности языковых знаний студентов медицинского ВУЗа.

Ключевые слова: перевод, медицинская литература, учебный перевод, полноценный перевод, профессиональный перевод, чтение, аудирование, говорение, письмо, языковая деятельность, речевое поведение.

Одним из важных аспектов преподавания иностранного языка в медицинском ВУЗе является обучение студентов переводу специальной литературы с одного языка на другой.

Перевод представляет собой специфический вид языковой деятельности, не исчерпывающийся навыками одноязычного речевого поведения. Перевод, с одной стороны, предполагает овладение такими навыками, как чтение, аудирование, письмо и говорение, но, с другой, - требует, во-первых специфического их сочетания и совмещения во времени и, во-вторых, постоянной координации двух языковых систем и параллельных речевых действий на двух языках – иностранном и родном.

«Современная теория перевода не выработала еще единого определения перевода как языковой деятельности. В качестве же рабочего определения можно принять следующуюформулировку:

Перевод – это полноценная передача средствами одного языка сообщения, сформулированного на другом языке» [1].

Теоретические работы по переводу по-разному подходят к толкованию «полноценности» передачи информации. Действительно, полноценный (по заключению экспертов) перевод медицинского текста обладает совершенно иными признаками, чем полноценный перевод публицистического текста.

«Полноценность» является не столько лингвистическим, сколько экстралингвистическим, прагматическим свойством перевода, т.к. она обеспечивается лишь при учете таких факторов, как реальная ситуация общения, степень социально-культурной общности адресатов оригинала и адресатов перевода, коммуникативная установка автора оригинала и ее релевантность для перевода.

Полноценный перевод предполагает способность переводчика к глубокому проникновению в содержание подлежащего переводу сообщения,что невозможно без наличия у переводчика четких знаний существа сообщаемой информации и без достаточно ясного представления о возможном ответном поведении адресатов при восприятии ими перевода.В состав этих предпосылок входят лингвистические компоненты: глубокое проникновение в текст требует от переводчика всестороннего владения как

формальной, так и содержательной стороной языка оригинала; для «выдачи» перевода, в свою очередь, от переводчика требуется столь же точное и, главное, активное владение всеми средствами языка перевода. Поскольку иностранный язык может выступать и как язык оригинала, и как язык перевода, в обучении переводу необходимо одинаковое внимание уделять и рецептивному и репродуктивному усвоению иностранного языка. Перевод, обладающий наивысшей полноценностью, называется обычно

адекватным переводом. Адекватному переводу по разным признакам противопоставляют вольный перевод, буквальный перевод, подстрочный перевод, сокращенный перевод, описательный перевод, объяснительный перевод, формальный перевод, рабочий перевод, черновой перевод и т.д. В методической литературе часто употребляется термин «учебный перевод», противопоставляемый «профессиональному переводу».

«Учебный перевод» - это перевод, осуществляемый с учебной целью, однако, по устаревшей традиции, под «учебным переводом» понимают в основном перевод как средство обучения языку (или беспереводному владению языком), тогда как учебные упражнения переводного характера, направленные на выработку специфических переводческих умений и навыков, под это понятие не подводятся.

«Учебный перевод» применяется, начиная с первых уроков иностранного языка, как средство проверки понимания слов и форм иноязычного текста, как подготовительное упражнение к беспереводному пониманию иноязычного текста, как прием для проверки правильности употребления усвоенных элементов иностранного языка (перевод с родного языка) и т.д.«Учебный перевод» всегда характеризуется четко ограниченной постановкой задачи, достаточно узко очерченным выбором средств перевода, сознательным исключением воздействия экстралингвистических факторов.Обучение «профессиональному переводу» тесно связано с общими целями обучения иностранному языку в медицинском высшем учебном заведении.Задачи обучения переводу на занятиях по СРСП формулируются в виде нормативов для разных видов переводческих работ с тематическим ограничением, вытекающим из ограниченности языковых знаний студентов медицинского ВУЗа.

Программные требования, отвечающие нуждам практической работы, имеют примерно следующий вид:

1) Переводить письменно с иностранногоязыка на русский современные публицистические и медицинские научно-популярные тексты со скоростью 1500-2500 печатных знаков за 1,5 часа.

2) Переводить письменно с русского языка на иностранный тексты такого же типа, но не содержащие особых лексико-стилистических сложностей, со скоростью 1200-1500 печатных знаков за 1,5 часа.

3) Вести двусторонний перевод беседы в нормальном речевом темпе (около 250-300 слогов в минуту) при длительности отдельных отрезков речи в 1-1,5 минуты.

4) Выполнять последовательный перевод на слух монологической речи иностранного языка на русский и с русского языка на иностранный при длительности отдельных отрезков речи порядка 5 минут.

5) Переводить устно с листа информационные и общественно-политические тексты с иностранного языка на русский со скоростью 1500 печатных знаков за 5-6 минут.

Для того, чтобы добиться выполнения этих задач, необходима длительная и систематическая работа над данным аспектом языковой деятельности.

В отличие от обучения другим практическим аспектам языка, обучение переводу целесообразно начать на более поздней стадии (примерно на 3, 4 семестрах обучения), когда студенты овладели значительным объемом знаний лексики, фразеологии, грамматики и стилистики, достаточным для беглого чтения и аудирования естественной речи на иностранном языке, и в достаточной мере знакомы с общими закономерностями языковой системы (т.е. усвоили материал систематического курса грамматики и лексикологии). В полном виде курс перевода можно вести на занятиях СРСП, организуемых по изучаемому иностранному языку. Студенты медицинского ВУЗа, посещающие дополнительные занятия по СРСП, как правило, владеют изучаемым иностранным языком на достаточно хорошем уровне и интересуются основами профессионального перевода научно-популярной литературы, необходимой им в будущей медицинской деятельности. Многие студенты выполняют задания по переводу самостоятельно, в свободное от основных занятий время, а на аудиторных занятиях по СРСП обсуждают с преподавателем качество переведенного материала и основные ошибки, допущенные при переводе специальной медицинской литературы. С заинтересованными студентами целесообразно проводить занятия по профессиональному переводу в виде отдельного специализированного курса.В состав курса перевода входят следующие аспекты:

а) введение в теорию перевода;

в) перевод с иностранного языка на русский (письменный);

с) перевод с русского на иностранный (письменный).

Различные рекомендации по организации специализированного курса перевода в медицинском вузе и необходимые тренировочные упражнения рассматриваются в учебных пособиях: [2;3;4;5].

Рассмотрим кратко, в чем заключается специфика каждого из аспектов курса перевода. А.Курс «Введение в теорию перевода» включает в себя общий раздел, предполагающий понятие перевода в

современном языкознании, предмет, цели и задачи теории перевода; раздел лексических основ перевода; и, наконец, раздел научных основ переводческой деятельности.

В. Аспект «перевод с иностранного языка на русский», является как бы стержнем всего практического цикла перевода, поскольку только при переводе на родной язык к обучающимся могут быть предъявлены с самого начала в полной мере профессиональные требования (если ограничить трудность соответствующим подбором текстов и предоставлять студентам достаточно времени на выполнение перевода).

Обучение целесообразно начинать с беседы об особенностях перевода как вида языковой деятельности, причем особое внимание следует обратить на главную трудность – преодоление.

Конкретность и доходчивость объяснения обеспечивается использованием иллюстративного материала в виде небольших (до 500-600 печатных знаков) аутентичных текстов медицинской тематики, взятых из зарубежных научно-популярных журналов, из материалов сети интернет.

Имеет смысл предложить студентам попытаться самостоятельно выполнить перевод текста – неудачи в переводе оказываются подтверждением тех трудностей, на которые было указано в начале занятия, а удачи – демонстрирует способы их преодоления. В ходе разбора «демонстрационных переводов» конкретизируется понятие «буквализма», т.е. чрезмерного формального уподобления перевода оригиналу, как наиболее распространенной причины неполноценности перевода. Здесь же можно наглядно разъяснить, что такое «вольный» перевод, возникающий как вследствие недостаточного понимания переводимого текста, так и вследствие неумения передать содержание и стилистическое своеобразие текста средствами родного языка.

С. Перевод с русского языка на иностранный язык, в принципе подчинен тем же закономерностям, однако в практике преподавания выявляются существенные различия, вызванные качественными и количественными расхождениями в степени владения двумя языками – родным и иностранным. Безоговорочно полноценный, т.е. полностью адекватный перевод на иностранный язык, строго говоря, возможен лишь при условии преодоления этих расхождений, что практически неосуществимо в условиях неязыкового ВУЗа. Поэтому в преподавании этого аспекта сознательно учитываются объективно неизбежные ограничения – по тематике и жанровым характеристикам текстов, по степени их (стилистической и суммарной) сложности, по уровню приближения к адекватности (допускаемые упрощения, описательные переводы), по степени самостоятельностии скорости выполнения перевода и т.д. Непреложным требованием, однако, остается обязательное соответствие перевода лексико-грамматической норме иностранного языка и недопущение искажений в передаче прагматически релевантного содержания оригинала. Поскольку перевод на иностранный язык практически неосуществим без обращения к словарю, на занятиях специально ведется работа над выработкой соответствующего умения. Преподаватель предлагает студентам в ходе подготовки перевода найти сравнение альтернативных эквивалентов с точки зрения их пригодности в данном контексте, используя для этого помимо русско-иностранных словарей, также иностранно-русские словари и одноязычные словари иностранного языка различных типов.

1. Бородулина М.К., Карлин А.Л. Обучение иностранному языку как специальности. – М.: Высшая школа, 1975. – с. 237-256 / 260 с.

2. Афанасова В.В., Долтмурзиев Д.О., Черезова Т.Л. Английский язык для медицинских специальностей. – М.: Academia, 2005 – с. 3 – 5 / 217 с.

3. Маслова А.М., Вайнштейн З.И., Плебейская Л.С. Учебник английского языка для медицинских ВУЗов. – М.: Лист Нью, 2005. – с. 3-5 / 336 с.

4. Марковина И.Ю., Максимова З.К., Вайнштейн М.Б. Учебник английского языка для медицинских вузов – Москва: ГЭОТАР – медиа, 2013. – 3-7/362с.

5. Сулейменова О.Я., Еленова А.К. Немецкий язык. – Алматы: Deluxeprintery, 2005. – с. 3-10 / 160

Абстракт:Медициналық жоғары оқу орындарында шет тілінде оқытудың басты аспектісі студенттерге арнайы әдебиеттерді бір тілден екінші тілге аударуды үйрету болып табылады.

Аударма бұл бір тілдің толық нұсқаудағы хабарламасын басқа тілде тұжырымдау.

«Оқу аудармасы» шеттіліндегі мәтін үлгілері және сөздердің түсінігінтексеру құралы ретінде, шеттілді мәтінді аудармасыз түсінуге дайындық жаттығулары ретінде қолданылады.

«Кәсіптік аударуға» оқыту медициналық жоғарғы оқу орындарында шет тілінде оқытудың мақсаттарымен тығыз байланысты. Аудармаоқытудың мақсаты ОСӨЖ сабағында медициналықжоғарғы оқу орындарының студенттерінің білім шектеулері туындайтын тақырыптық шектеулер мен әр түрлі типтегі аударма жұмысы үшін нормативтер ретінде тұжырымдалады.

Тірек сөздер: аудару, медициналық әдебиет, оқу аудармасы, толық аудуру, кәсіптік аудару, оқу, тыңдап-түсіну, сөйлеу, жазу, тілдік қызмет, тілдік тәртіп.

Abstract: One of the important aspects of foreign language teaching in high medical school is to teach students literature translation from one language to another. Translation is a complete transference of one language message by means of another language.

"Academictranslation" is used as a means of controlling the understanding of words and forms of foreign text as a preparatory exercise for understanding foreign language text without translation.

Teaching"professional translation" is closely connected with the overall goals of foreign language teaching in high medical schools. Teaching objectives for translating at office hours are formulated as standards for different types of translation work with the thematic limitations.

Keywords: translation, medical books, academic translation, complete translation, professional translation, reading, listening, speaking, writing, language activities, verbal behavior.

УДК 004:378

БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНА АҚПАРАТТАНДЫРУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ЕНГІЗУ ЖОЛДАРЫ

С.Т.Сиргебаева – *п.ғ.к., Қазақ ұлттық аграрлық университеті, Алматы, Қазақстан*

Қазіргі таңда білім беру саласына ақпараттандыру технологиясын енгізу жоғары оқу орындарының оқу-тәрбие үдерісіне де елеулі өзгерістер енгізіп отыр. Оқытудың жаңа ақпараттықтехнологиясы мәліметтерді компьютер арқылы дайындап, өңдеп, студенттерге жеткізу үдерісі. Компьютерлік технология үш нұсқада жүзеге асады:1) компьютерді жекелеген тақырып, тақырыпшаларға қолдану; 2) берілген технологиялардың ең маңызды негізгі функциясынанықтайтын бөлігі; 3) монотехнология, яғни барлық оқыту, басқару, бақылау тек қана компьютердің көмегімен іске асады.

Ағылшын тілін оқытуды ақпараттандыру-білім беру жүйесін ақпараттандырудың құрамдас бөлігі болып табылады.Осы сәтте мына тұжырымдарды атап өткеніміз жөн.

Компьютердің көмегімен жеке жұмыс істеуге, даралап оқытудың озық нұсқаларына, ақпараттық орта компоненттерін дайындауға, пәндердің өзара байланысын орнатуға қол жеткізуге болады. Компьютерді қолдану арқылыондағы ақпаратты зейін қойып тыңдауға, түсінбей қалған сәттерін қайталап көруге не тыңдауға, алған мәліметті нақтылауға мүмкіндік береді.

Тіл меңгеруде ақпараттық бағыт, ақпараттық тұрғыда білім беруді мақсат етеді, оның негізгі мақсаттары: лингвистикалық (тілдік және сөйлеу), тақырыптық әлеуметтік мәдениет, оқу дағдыларын қалыптастыру. Ағылшын тілін оқытуда ақпараттық технологияны қолдану тілді үйренудегі белсенділікті қамтамасыз етеді.

Осы орайда оқу үрдісінде ағылшын тілі сабағы бойынша студенттердің өзіндік жұмыстарын орындауда, СӨЖ тақырыбына байланысты мәліметтерді интернет жүйесі арқылы іздестіріп, керек мәліметтерді тауып, оны өңдеп өз қажеттігіне қолдана алатыны.

Адамның барлық әрекеті ақпарат алуға және осы ақпаратты тиімді қолдана білуге тәуелді. Жаңа заманның маманы кез-келген мамандық бойынша компьютер, телекоммуникация және басқа да ақпараттық технология құралдарының көмегі арқылы ақпараттар тасқынын алып, оны өз қажетіне орай өңдеп, өз қажеттігіне қолдануға мүмкіндігі бар. Осыған байланысты жаңа ақпараттық технологиялар жоғары оқу үдерісіне енгізіліп, оның ажырамас бөлігіне айналуда. Әсіресе, мультимедиалық компьютерлік бағдарламалар, интернет ресурстарындағы электронды оқулықтар т.б.

Білім беру саясатының өзгеруі елдегі біртұтас білім беру негізінде ағылшын тілін оқытудың вариативті болуына ұмтылыстың өсуіне, арта түсуіне бағытталған жаңа бағдарламалық құжаттарды жасаудың өзектілігін дәлелдеп отыр. Алыс және жақын шетелдердегі қоғам дамуының жаңа тенденциясы түрлі дәрежеде, түрлі салаларда ағылшын тілін меңгеру, білу, қарым-қатынас жасауда ғана емес, мәдениеті мен тілі басқа халықтармен түрлі салада қоян-қолтық араласу үшін де қажет екендігіне куә болып отырмыз**.** Жастарды басқа ел халықтарымен, олардың лингвомәдениетімен өзара қарым-қатынас жасауға үйрету қазіргі таңдағы өмір шындығынан келіп туындады. Бүгінгі күн талабына сай ағылшын тілін үйренудің маңызы зор екендігіне көзіміз жетті.Осы орайда білім беруде негізгі мақсат - тек білімді, студент дайындау емес, рухани дүниесі бай және әлеуметтік адамгершілігі зор, қоғамдық өмірдің барлық аясында ұлттық құндылықтарды түсінуге және дамытуға қабілетті тұлғаны қалыптастыру. Тұлға - адамның келешек өмірінің қалыптасуы жобасының келбеті деп түсінуге болады.Оқу үдерісіне ақпараттық технологияларды ендіру студенттердің танымдық іс-әрекетін белсенді етіп, оқуға деген ізденістеріне мүмкіндіктер береді. Әсіресе, компьютердің кез-келген әрекетті ұсынып, оныңорындалу жағдайын реттеп, бақылып, берілген тапсырманың дұрыс орындалуын қадағалап отыруы аса маңызды. Оқу іс-

әрекетінің тиімділігі көп жағдайда компьютерден қажетті ақпаратты алу ебдейлігі мен меңгеру икем-,ділігіне тікелей байланысты.

Зерттеу барысында біз анықтаған әмбебап педагогикалық құзіреттіліктердің мазмұны мен құрылымын ғылыми қоғамға талдау мен ұсыныс жасауға жарияладық. Әмбебап педагогикалық құзыреттіліктердің құрылымына жалпы педагогикалық, жалпы дидактикалық әмбебап құзыреттіліктер жатады. Жалпы педагогикалық әмбебап құзыреттіліктер мұғалімнің кәсіби мәдениетін сипаттайды. Бұл құзыреттіліктерге мұғалімнің тұлғалық сапалары, педагогикалық қарым-қатынас, педагогикалық қабілеттер жатады.

Жалпы педагогикалық әмбебап құзыреттіліктердің логикалық іс-әрекеттік жалғасы, шынайы кәсіби көрінісі болып жалпы дидактикалық әмбебап құзыреттіліктер танылады. Аталған құзыреттіліктерге әмбебап әдістемелік ебдейліктер мен дағдылар жатады.

Жалпы педагогикалық, жалпы дидактикалық әмбебап құзыреттіліктердің әр компоненті қарапайым амалдар жүйесі көмегімен беріледі. Бұл амалдар және операциялар деңгейінде болашақ мұғалімдердің әмбебап педагогикалық құзыреттіліктері психологиялық негізде қалыптастырылуы жүзеге асады.

Кілтті сөздер: әмбебап педагогикалық құзыреттілік, Розенбаумның параметрлік емес критерийі, корреляция, кісіби маңызды сапа, констататциялық эксперимент, статистикалық болжам, нөлдік болжам, алтернативті болжам.

ӘӨЖ 378.196

СТУДЕНТТІҢ ІС-ТӘЖІРИБЕ КЕЗІНДЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢАТА-АНАСЫМЕН ЖҰМЫСЫ

А.Уразбаев – *Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің аға оқытушысы*

Аңдатпа

Отбасы баланың мінез-құлқының, дүниеге көзқарасының басты негізін қалайды. Ата-бабаларымыздың тілімен айтқанда, ұлттық құндылық, қадір-қасиет ата құлқымен, ана сүтімен ұрпақ қанына сіңген. Қазақтың отбасындағы тәрбиелік ықпалы бірімен-бірі ұштасып жатқан үш сатыдан тұрады деуге болады. Ол - ата-әже, әке-шеше, ұл мен қыз. Бұлардың әр бірінің өз құқықтық міндеттері мен өздеріне тиеселі талап тілектері бар. Бұл міндеттердің салмағы өте ауыр, қасиеті мол.

Әр ата-ана баласының жеке ерекшелігін, қабілетін, мүмкіндігін ескеріп, кандай іске, өнерге бейімділігін ерте аңғарып, шамасы келгенше баласының бойындағы табиғи қасиеттерді дамытып отырған. Сондықтан да іс-тәжірибе кезіндегі әр сыныптың жетекшісі баланың дұрыс тәрбие алуы үшін оның ата-анасымен тығыз байланыста болуы тиіс. Ата-аналармен жүргізілетін жұмыстардың жоспарын алдын-ала жасап алып, оның толыққанды ұйымдастырылуын басты назарда ұстағаны абзал.

Мақаладаіс-тәжірибе кезінде студенттердің оқушылардың ата-аналарымен тығыз байланысты орнату жұмыстарының кейбірмәселелерінің өзектілігі қарастырылған.

Тірек сөздері: студент, іс-тәжірибе, инновациялық үрдістер, сынып жетекшісі, отбасы, ата-ана, тәрбие, біліктілік, мектеп, жеке тұлға, мінез-құлық, қарым-қатынас, дәстүр, әдептілік, байланыс.

«Қазақтың тағдыры, келешегі мол ел болуы да мектептің қандай негізге құрылуына тіреледі. Мектебімізді сау, берік hәм өз жанымызға қабысатын, үйлесетін негізге құра білсек, келешегімізбен тайынбай серттесуге болады. Ал сондай негізді құра алмасақ, келешегіміз күңгірт» деп ұлы педагог М.Жұмабаев айтқандай, біздің болашағымызды мектеп айқындайды [1].

Мектеп – мемлекеттің, қоғамның және жеке адамның білім беру саласына сұраныстарын қанағаттандыратын қоғамдық-мемлекеттік жүйе. Өсіп келе жатқан ұрпақтың тәрбиесінің, дене және жан саулығының, интеллектуалды әлеуетінің қамын ойлау – тәуелсіз Қазақстанның алдында тұрған ең маңызды мәселенің бірі.

Қазіргі кезеңде мектептердің алдында төмендегідей міндеттер тұр:

- халқымыздың ақыл-ой әлеуетін қалыптастыруға белсене қатысу, жеке адамның рухани жаңаруына жағдай жасау;
- жеке тұлғаны саралап оқыту негізінде және факультативтер мен арнайы курстардағы пәндерден білім беру барысында ақыл-ойы мен ұлттық сана-сезімі жоғары жеке тұлғаны тәрбиелеу;
- дарынды балалардың қабілеттерін дамытуға қолайлы жағдайлар туғызу;
- оқушыларды шығармашылық жұмысқа бағыттау;
- жеке адамның өзіне-өзі сенімділік, өзін еркін ұстай білу, т.б. қасиеттерін дамыту;
- болашақ мұғалімнің шығармашылығын дамытуға, зерттеу жұмысымен айналысуына қабілеттілігі мен қызығушылығын тудыруға, жеке тұлға туралы теориялық білімдерін тереңдетуге және оқу-тәрбие үрдісінде оны дамытуға қолайлы жағдай жасау;
- жалпы практикалық, философиялық, психологиялық және эстетикалық дайындықты күшейту.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында: «Қазіргі мектептердің,біріншіден, іс-тәжірибе қызметінде жинақталған барлық игіліктердің сақталуы, екіншіден, қоғамның интеллектуалдық қуатын жетілдіру, еліміздің материалдық-қаржылық ресурстарын әрі қарай дамытатын адам тәрбиелеу, орта білім жүйесін одан әрі дамытып жұмылдыру міндеттерін көздейді. Бұл міндеттерді шешу үшін мектеп ұжымдары, іс-тәжірибе кезінде әр практиканттыңкүнделікті ізденіс арқылы барлық жаңалықтар мен қайта құру, өзгерістерге батыл жол ашарлық жаңа іс-тәжірибенің, жаңа қарым-қатынастың жасаулары қажет», - деп атап көрсетілуі практиканттың іс-әрекетіне жаңа бағыт сілтейді. Бұл заңда қазіргі кезеңде болашақ мұғалімдердің біліктілігін жетілдірумен қатар, кәсіби қызметтің ғылыми негіздерін іс жүзінде қолдануға, практикалық іскерлік пен дағдыны қалыптастыруға ерекше көңіл бөлінген[2].

Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білімді сіңіру болашақ мұғалімдердің инновациялық іс-әрекетінің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі арқылы іске асатыны белгілі. Инновациялық үрдістерді зерттеу барысында жүйенің бір жағдайдан екінші жаңа жағдайға көшуі және жаңалыққа енгізу процесіне басшылық жасау мәселелерін зерттеу маңыздылығын М.В.Кларин, М.М.Поташник, В.И.Загвязинский, А.Я.Найн, О.Г.Хомерики, Н.Р.Юсуфбекова және т.б. зерттеулерінде қарастырған.

Білім берудегі инновациялық үрдістердің мәнін педагогиканың маңызды екі проблемасы құрайды. Олар — озық педагогикалық тәжірбиені зерттеу, жинақтау және тарату проблемасы және педагогикалық-психологиялық ғылымдардың жетістігін іс-жүзінде практикаға енгізу проблемасы. Соған сәйкес инноватика пәні, инновациялық үрдістердің мазмұны мен механизмі осы кезге дейін бір-бірінен оқшау қарастырылып келген өзара тығыз байланысты екі үрдістің тұтастығы тұрғысынан қарастырылуы тиіс, яғни инновациялық үрдістердің мазмұны мен механизмі осы кезге дейін бір-бірінен оқшау қарастырылып келген өзара тығыз байланысты екі үрдістің тұтастығы тұрғысынан қарастырылуы тиіс, яғни инновациялық үрдістің нәтижесі теория мен іс-тәжірибенің тоғысуында пайда болған әдістерді, іс-тәжірибе кезінде туындалған жаңалықтарды іс-жүзінде қолдануға тиіс. Бұның барлығы педагогикалық жаңалықты жасау, игеру және пайдалануда басқару қызметінің маңыздылығына көз жеткізе түседі. Өйткені, іс-тәжірибе жүргізуші практикант мұғалім көмегімен жаңа педагогикалық технологияның, теориясының және концепцияның авторы ретінде талдап жасаушысы, зерттеушісі, тұтынушысы және насихатшысы қызметін атқарады. Осы үрдісті басқару мұғалімнің өз қызметінде әріптестерінің іс-тәжірибесіндегі немесе ғылымдағы жаңа идеялар мен әдістемелерді дұрыс таңдап, бағалап, өзінің педагогикалық шеберлігімен практиканттарға іс-тәжірибе кезінде оларды еркін қолдануын қамтамасыз етеді. Ал педагогикалық қызметте инновациялық бағыттылықты казіргі заманғы білім беру, қоғамдық және мәдени даму жағдайында педагогикалық қызметтің инновациялық бағыттылығының қажеттілігі бірқатар жағдайлармен айқындалады.

Біріншіден, қоғамда жүріп жатқан әлеуметтік-экономикалық қайта құрулар білім беру жүйесін, әдістемесі мен түрлі типтегі оқу орындарының оқу тәрбие үрдістерін ұйымдастырудың технологиясын түбірінен жаңартуды талап етуде. Педагогикалық жаңалықты жасау, игеру және пайдалануға негізделген болашақ мұғалім мен тәрбиеші қызметінің инновациялық бағыттылығы білім беру саясатын жаңартудың құралына айналуда.

Екіншіден, білім беру мазмұнын ізгілендірудің күшеюі, пәндерінің көлемі мен құрамының үнемі өзгеріске ұшырауы, жаңа оқу пәндерінің енгізудің кейбір өзекті мәселелері жаңа ұжымдық формалар мен оқыту технологиясын үздіксіз іздестіруді талап етуде. Осы жағдайда мұғалімдер арасында педагогикалық білімнің рөлі мен беделі арта түсіп отыр.

Үшіншіден, мұғалімнің педагогикалық жаңалықты игеруге және қолдануға деген көзқарас сипатының өзгеруі. Оқу-тәрбие үрдісінің мазмұнын қатаң тәртіпке бағындырып қойған жағдайда мұғалімнің өз бетінше бағдарлама, оқулық таңдаудан бұрын педагогикалық қызметтің жаңа әдіс-тәсілдерін пайдалануға мүмкіншілігі болмады. Егер бұрынғы уақытта инновациялық қызмет, негізінен, жоғарыда ұсынылған жаңалықтарды іс-тәжірибеде қолданумен шектелсе, қазіргі уақытта ол барынша баламалы, зерттеушілік өзіндік сипатын ала бастады. Сондықтан да мектеп, білім беру ұйымы басшыларының қызметіндегі маңызды бағыттардың бірі - мұғалімдердің енгізген инновациясына талдау жасап, баға беру, оны іске асыруға, қолдануға қолайлы жағдайдың болуы.

Төртіншіден, жалпы білім беретін оқу орындарының нарықтық қатынастарға енуі, жаңа типті сынып ішінде мемелекеттік емес оқу орындарының құрылуы нақты бәсекелестік ахуал туғызуда.

Жаһандану құбылысы біртұтас азаматтық қоғам, экономикалық және мәдени ғаламдық кеңістіктің қалыптасуына ұласып, елдер арасындағы ғылыми, мәдени, экономикалық және ақпараттық қарым-қатынастар мен өзара педагогикалық шеберліктерін пайдалы түрде алмасуларының өрісін кеңейтеді.

Сондықтан білім жүйесін сыртқы ортамен қарым-қатынаста өздігінше жетілуге қабілетті күрделі ашық жүйе деп қарастыра отырып, синергетикалық көзқарасқа негізделген диалогтік-демократиялық басқаруға көшіру, оқушы тұлғасын толыққанды және басты субъекті, басты құндылық есебінде қабылдап, оның ерекшеліктерін ескеріп, ынта-ықыласының сапалы түрде өрістеуіне, еркіндікпен шығармашылық ортада қалыптастырып, дарыны мен тұлғалық табиғи қабілеттерінің, ішкі мүмкіндіктерінің ашылуына педагогикалық-психологиялық қолайлы жағдай жасап, өзіндік жан-жақты дамуына, өзін-өзі жүзеге асыруына бағытталған жаңа тұрпаттағы өзекті мәселелер мен басқару жүйесін енгізу қажет.

Қазақстан Республикасының Конституциясында (27-бап) «Неке мен отбасы, ана мен әке және бала мемлекеттің қорғауында болады. Балаларына камқорлық жасау және оларды тәрбиелеу - ата-ананың етене құқығы әрі міндеті»,-делінген [3, 18]. Бұл жолдар әр баланың білім алуына мемлекеттің басты назар аударатынын және ол отбасының парызы екенін айғақтай түседі. Сондай-ақ Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 49-бабында ата-аналар мен өзге де заңды өкілдер «баланың тілегін, жеке бейімділігі мен ерекшеліктерін ескере отырып, білім беру ұйымын таңдауға, ата-аналар комитеттері арқылы білім беру ұйымдарын басқару органдарының жұмысына қатысуға, білім беру ұйымдарынан өз балаларының үлгеріміне, мінез-құлкына және оқу жағдайларына қатысты ақпарат алуға, өз балаларын

оқыту мен тәрбиелеу проблемалары жөнінде психологиялық-педагогикалықконсультациялық көмек алуға құқығы бар» және олар «балаларға өмірі мен оқуы үшін салауатты және қауіпсіз жағдайлар жасауға, олардың ой-өрісі мен дене күшін дамытуды, имандылық тұрғысынан қалыптасуын қамтамасыз етуге, балаларды окыту мен тәрбиелеуде білім беру үйымдарына жәрдем көрсетуге, балалардың оку орнындағы сабаққа баруын қамтамасыз етуге міндетті», - деп [4] жазылып, жас ұрпаққа білім беру үрдісіне қатысушы субъекті ретінде ата-аналарға үлкен жауапкершілік жүктеген. Бұл нұсқау оқушылардың білім сапасын арттырудағы отбасы мен мектептің бірлігі бүгінгі қоғам талабынан туындап отырғандығын ашып керсетеді.

Орыс ғалымы Ю.К. Бабанский «Ежелгі замандағы және орта ғасырдағы Ресейдің отбасы - мектеп тәрбиесі» деген еңбегіндегі отбасындағы білім берудің негізіне оралу үшін ежелгі заманнан бастап зерттеу - бүгінгі адам өмірінің мәселесін тереңнен түсіну деген пікірі оқушылардың білім сапасын арттыру мәселесін ашу үшін оның тарихи-педагогикалық аспектілерін анықтаудың өзекті екеніне ой салады [5].

Тарих тәжірибесі - ұрпақтың кешегісі мен бүгінгісінің ең асыл, ең сүбелі, нағыз прогресшіл қасиеттерін бір-біріне жалғастырып отыратын өмір эстафетасы. Тарихқа, тарихи бастауларға, өміріміздегі кездескен әр қилы іс-тәжірибеге біз қаншама терең үңілсек, қоғамдағы қазіргі жағдайды соғұрлым жақсы түсінетін, білетін боламыз.

Тарихи деректерге сүйенсек, оқытудың алғашқы ошағы - б.з.д. III ғасырдағы Шумер мектебінің іс-тәжірибесінен бастау алады. Ол деректерден отбасы мен мектептің арасында сыйластықтық қарым-катынас қалыптасқанын, мектептің түп-төркінінің қалыптасуы отбасында жатқанын, отбасында берілген халықтық білімнің негізі мектепте жалғасқанына көз жеткіземіз.

Мектепте отбасының бір үйдің балалары арасындағы әдептілік, татулық, қамқорлық, оларды өмірге үйрету, т.б. туыстық ізгі дәстүрлері сақталған. Оқу-тәрбие әдістері әкесінің баласына ақылын айтып үйретіп жатқанын аңғарамыз. Шумер мектебі туралы еңбектер отбасы мен мектептің бірлесе атқарған оқу және тәрбие жұмысы әдістемесінің тууына негіз болғанын айқын аңғартады.

Балаға білім беру жүйесінің мақсаты мен міндеті, қалыптасуы адамдардың өмір сүруіне деген кажеттіліктен туды. Ол адамзат қоғамының дамуымен және этностардың жер бетінде пайда болып ұрпақ өсіруімен тығыз байланысты және алғашқы қауымдық дәуірден бері қарай түрлі қоғамдық езгерістермен бірге өсіп, езгеріп, жаңарып отырды.

Балалардың күнделікті еңбек үрдісінде ересектермен қарым-қатынас жасауы өмірге қажетті еңбек әрекеті мен дағдыларын, сол кездегі салт-сананы меңгеруіне ықпал етті. Алғашқы қауымдық құрылыс тапсыз болғандықтан тәрбие-барлық адамдарға ортақ, бірдей еді. Меншіктің, құндылықтың және отбасының шығуына байланысты қауымдық қоғам біртіндеп ыдырай бастады. Осы ыдыраудың салдарынан рулық ұйымнан өзінің даму ерекшелігіне сай отбасы бөлініп, езіндік ұрпақ тәрбиесіндегі тәжірибесі туындады.

Қазақ халқының отбасында білім және тәрбиеберудіңөзіне тән ерекшелігі, өзіндік белгісі бар. Бала тәрбиесінде ұлттық тәлім-тәрбиенің дәстүрлі дүние танымын жүзеге асыра отырып, халыктың мұраттары мен арман-тілектеріне сүйеніп отырған.

«Барлық қоғам біткеннің ең арғысы және бірден-бір табиғиы - отбасы», - деп П.И.Третьяков анықтағандай, қоғам да, мемлекет те отбасынан, әулеттен басталады. Қазақ оны «Отан - отбасынан», - дейді, ол біздің халқымыз үшін отбасы тәрбиесінің маңыздылығын айқындайды [6].

Отбасы тәрбиесіндегі ата-ананың орны туралы Абай Құнанбаев «Адамның адамдық қасиеттерге ие болмағы, әуелі, ақыл, ғылыммен болса, ол қызығу, денсаулыққа байланысты, қалғаны - «жақсы ата-ана» үлгі өнегесі»,-деген. Яғни баланың бойында адами жақсы қасиеттердің калыптасуы ата-ананың ықпалына тікелей тәуелділігін аңғартқан.

Отбасында баланың алған білімінің сапалы болуы әке мен шешенің бірлікте берген тәлім-тәрбиесіне қатысты. Сондықтан іс-тәжірибе өткізуге келген студент сынып оқушысының ата-анасымен тығыз байланыс жасағаны абзал.

Отбасындағы үлкен мәселелерден бастап, ағайын-туыстың, ел-жұрттың атқарар істерінің бәрін еркектердің ақылымен жөнге түсіріп отырған қазақ. Бұданотбасындағы ер азамат пен ананың риясыз берік одағын көреміз. Аналарымыз алдымен күйеулерінің тілеуін тілеген. Күйеуі жолға шықса, тоқымын қағып, бала-шағасына жол қаратып өсірген [7].

Ата-аналардың балаларға ықпал ету керектігін И.С.Кон төмендегідейүш түрлі сипатта бейнелейді:

1. Балаға ата-ананың ықпалын нығайту. Баланың жақсы жақтарын қолдап, жағымды кылықтары мен істерін қуаттау, оң мінез-құлық үшін көтермелеу, теріс әрекеттерін ескерту, жаман мінез-құлыктары мен іс-әрекеттері үшін орынды әрі әділ сөгіс бере отырып, оны санасына біртіндеп, белгілі бір мінез-құлық

нормалардың жүйесін сіңіру. Сөйтіп олар баланың ой елегінен өтіп, іс-әрекет, жүріс-тұрыс ережесіне айналады. Күнделікті өмірде көп рет қайталану барысында ол әдетке, ішкі жан-дүниесінің қажетті құрамдас бөлігі ретінде калыптасады.

2. Баланың ата-анаға ұқсауға ұмтылуы, оны өздеріне ұқсастыру. Бұл баланың ата-анасына деген сүйіспеншілігі мен беделіне, құрметке негізделеді. Бала әкесі не шешесіне ұқсауды армандайды. Егер ата-ананың баласы сыйлайтын қылығы болмаса, ата-ана беделін таяқтан қорқып қана таныса, оңда ұқсау міндеті орындалмайды, не болмаса әлгі жалған беделінің әсері ойға келмеген нашар салдарымен қорқынышты.

3. Ата-ана мен бала арасындағы өзара түсіністік. Өз баласының ішкі жан дүниесін, мінез-құлық ерекшеліктерін білу, оларға елгезекгікпен жауап беріп отыру, баланың алдыңдағы қиыншылықтарға, онымен қоса төтеп беру арқылы ғана оны толыққанды тұлға етіп тәрбиелеуге болады.

Бала үшін отбасы бір жағынан-тіршіліктегі қорғаны болса, екінші тараптан-тәрбиелік орта. Баланың алғашкы өмірі жағдайындағы отбасы ықпалы басқа жағдайлар мен кейінгі жас кезеңдерінде болатын ықпалдардан басымдаукеледі. Зерттеу деректеріне сүйенсек, отбасы - бұл мектеп те, ақпарат көзі де, - қоғамдық ұйымдар да, еңбек ұжымы да, дос-жарандары да және әдеп пен өнер кілті де.

Қорыта келгенде, тәрбие отбасынан басталады деген қазақтың нақыл сөзін есте сақтап баланы мектеп қабырғасында тәрбиелеудегі іс-тәжірибе кезінде ата-анамен тығыз байланыс орната отырып жоғарыда аталғанүш түрлі сипатта бейнеленген мысалды есте сақтай отырып, отбасында балағаберген тәлімдерді атап өткеніміз жөн:

Біріншіден, алдымен әдептілікке үйретуді кездеген, әке-шеше баласына «әдепті бол» дегенді басты міндет етіп қойған.

Екіншіден, олар баланы қайырымды, иманды, мейірімді болуға тәрбиелеген.

Үшіншіден, тіл алғыш, елгезек болуға баулыған.

Төртіншіден, адал, шыншыл, парасатты болуға үйреткен.

Бесіншіден, өнегелі ұстаз бен көпті көрген қарияның сөзін тыңдап, ақыл-ой тоқу туралы «Ақпа құлақ болмай, құйма құлақ бол», «Халықты дұрыс басқару үшін, басқару ғылымын меңгермей болмайды», «Ел билеушіге жетпіс өнер де аз», «Ақылдыға қосылсаң бақытты боп өтесің, төрт құбылаң түгел боп, арманыңа жетесің», - дегенді бойларына біртіндеп сіңіре берген.

Алтыншыдан, «Ата-ананың қабылдап қасиетін, ардақтай біл атқарып өсиетін» деу арқылы үлкенді, ата-ананы сыйлап құрметтеуге үйретуді ең басты міндет етіп қойған.

Жетіншіден, «Кісілік пен кішілік - ұлылықтың белгісі» деп кісі айыбын бетіне баспай, біреуге орынсыз тіл тигізбейтін әдепті азамат бол, әсіресе қаріп-қасерлердің табиғи кемдігін бетіне баспа деп үйреткен.

Сегізіншіден, ел қорғаған батыр бол, халық алдында қызмет ет, бар өнеріңді соған жұмса дегенді өсиет етіп, жеке өнегелері арқылы көрсетіп отырған. Ендеше бұл айтылғандардан оқушылардың білім сапасын арттырудағы отбасы мен мектеп бірлігінің мүмкіндіктерін тиімді қолдана білу шарты шығады. Осы шарттарды практиканттар іс-тәжірибе кезінде тәрбие жұмыстарын жүргізу барысында сынып жетекші-сінің көмегімен пайдаланғаны жөн.

1. Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 156 б.

2. Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңы. - Алматы: Литера, 2000.- 96 б.

3. Қазақстан Республикасының Конституциясы. –Алматы: Жеті жарғы. - 1995.

4. Бабанский Ю.К.Проблемы и повышения эффективности педагогических исследований. — М.:Знание.- 1982.- 80 с.

5. Третьяков П.И. «Тұрақты даму тұрғысынан білім сапасын басқару» 6-шы «Тұрақты даму мүддесіне сай білім сапасын басқару» Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. –Минск, 2002. 26-36 б.

6. Мұхамбетова С.Қ. Педагогика. -Ақтөбе, 2000. - 10 бет.

7. Шишов С.Е., Кальней В.А. Мониторинг качества образования в школе. – М.: Педагогическое общество России, 1999. –320 с.

Резюме

В статье рассматриваются некоторые актуальные вопросы установления тесных взаимоотношений с родителями учащихся во время прохожденияпрактики.

Воспитательную работу с родителями надо предварительно планировать и тщательнорасматривать. Поэтому вовремя практики каждый классный руководитель должен быть в тесном связи с родителями. Каждый родитель помере возможности развивает у своего ребенка личные особенности. В семье у казахов воспитательноевоздействие состоит между собой из трех стадий. Это-дед и бабушка, мать и отец, сын и дочь. Каждый из этих личностей имеет свои права и требования. Эти требования имеют свои особенности и важности. Семейный очаг формирует у ребенка основной характер и его мировозрение.

На языке своих предков, национальное достояние, достоинство дедов и их характеры передаются от матери покрови в поколения.

Ключевые слова: студент, практика, классный руководитель, семья, родитель, воспитание, квалификация, школа, личность, учитель, традиция, взаимоотношения, характер, инновационный процесс, учтимость, связь.

Summary

Educational work with parent is necessary to be planed and carefully discussed beforehand. So, each class tutor must be in close relations with parents during the practice. Each parent develops personal particularities in their child as far as possible. Upbringing a child in the Kazakh family contains from three stages.They are a grandfather and a grandmother, a mother and a father, a son and a daughter. Each of them has personal rights and requirements. These requirements have their own particularities and importance. The family forms child's character and his world view.

In the language of their ansestors, national heritage, grandfather's dignity and their characters passes from Mother's blood to generations

The Keywords: student, practice, class leader, family, parent, education, qualification, school, personality, teacher, tradition, between relations, nature, novelty process, know, relationship.

УДК 373.1

ОҚУ ІС-ӘРЕКЕТІНДЕ КЕЗДЕСЕТІН ЗЕЙІН ТҮРЛЕРІ

У.А. Сейдахметова – *Абай атындағы ҚазҰПУ- Жалпы педагогика және психология кафедрасының оқытушысы, магистр*

Аннотация

Адам өмірінде зейіннің алатын орны зор. Әсіресе, білім алу ісінде маңызы ерекше. Шәкірттің сабақты түсіне қоймауы, есінде дұрыс сақтай алмауы, тапсырманы орындауда қате жіберуі оған дұрыстап зейін қоймаудан болады. Оқушылардың зейінін дұрыс қалыптастыруға мұғалімнің жеке басының үлгі-өнегесінің де маңызы зор.

Тірек сөздер: зейін, іс-әрекет, психикалық процесс, тахистаскоп

Оқу іс-әрекетін ұйымдастыруда зейін түрлерінің өзіндік орны, мәні, мағынасы бар. Орыс педагогикасының атасы К.Д.Ушинский зейіннің маңызын былайша көрсеткен еді: «Зейін адам санасынан қорытылып өтетін барлық ойды аңғартатын, адам жанының жалғыз ғана есігі болып табылады, демек, бұл есікке ілімнің бірде-бір сөзі соқпай өте алмайды, егер де ол соқпай өтсе, онда баланың санасында ештеңе де қалмайды». Сол себепті де мен мақаламның өзегі ретінде оқу іс-әрекетінде кездесетін зейін түрлеріне тоқталып, оны қалыптастыруда педагогтердің жұмыстарын атап көрсетуді жөн көрдім [1].

Жалпы, педагогикалық іс-әрекет дегеніміз – мұғалімнің оқу-тәрбие істерін нәтижеге жеткізетін әрекеттер құрылымы. Педагогикалық іс-әрекеттер мынандай құрылымдардан тұрады: іс-әрекет мақсаты, іс-әрекет объектісі, іс-әрекет субъектісі, іс-әрекет құралы. Аталған іс-әрекет құрылымдары бір-бірімен байланысты комплексті жүзеге асырылып, іс-әрекеттің компоненттері де болады. Осы аталған іс-әрекеттер компоненттері де болып табылатын іс-әрекеттер мақсаты, объектісі, субъектісі және іс-әрекет құралдарын жеке-жеке алып қарайтын болсақ: іс-әрекет мақсаты – жас ұрпақты жан-жақты тәрбиелеуді көздейді. Жан-жақты тәрбиелеу тәрбие жұмысын кешенді жүзеге асыруы қажет етеді. Комплесті жүргізу адамгершілік, еңбек, эстетикалық, дене, экономикалық, экология, ақыл-ой тәрбиелерін тұтас бір-бірімен ұштастыра жүргізу болып табылады. Тәрбие жұмысын комплексті жүргізу тәрбиеленушінің санасына да, мінез-құлқына да, олардың тіршілік қызметіне де бір мерзімде ықпал жасауға мүмкіндік береді. Жеке адамды жан-жақты дамыту жас ұрпақтың тіршілік қызметінің алуан түрлі: өндірістік, қоғамдық саяси, рухани адамгершілік салаларында барлық қабілет дарындарын дамытуды қарастырады. Сонымен қатар педагог оқушының зейінін дамытуда да орасан зор рөл атқарады.

Зейін өздігіненжеке-дара психикалық процесс те, жеке адамның қасиеті де болып саналмайды. Сөйтсе де ол әрқашан адамның өмір тәжірибесіндегі іс-әрекетіне, таным процестеріне тікелей қатысты болып, оның қызығуын, бағытын көрсетеді.

Педагогикалықіс-әрекеттебаланың белсенділігіне қарай зейін - ырықты, ырықсыз, үйреншікті деп аталатын үш түрге бөлінеді. Оқу іс-әрекетін ұйымдастыруда бұлардың әрқайсысының өзіндік орны, мәні, мағынасы бар. Сабақ үрдісінде оқушыныққызықтыратын бейнелі, жинақы, көрнекі заттар мәліметтерді пайдаланып, оның ырықсыз зейініне сүйене отырып, сол зейінді тұрақтандыруға, біртіндеп ырықты зейіннің қалыптасуына көңіл бөледі. Бұл үшін оқу материалының нақтылығы, мазмұндылығы, тартымдылығы, эмоциялық сезімге қанықтылығы болуы қажет. педагогикалық іс-әрекет кезінде мәнерсіз жөнді

назар аудара алмайды. Ал мәнерлі, әсерлі сөздер адамның зейінін өзіне еріксіз тартып алады. Кез-келген тітіркендіргіштердің адам зейінін өзіне аударуы оның әсерлілігіне байланысты. Сондай-ақ, тітіркендіргіштердің жаңалығы да ырықсыз зейін тудырады. Зейіннің осындай қасиеттерін ескеріп, сабақта түрлі көрнекі құралдарды пайдалану жемісті нәтижелер бермек, әсер етіп тұрған тітіркендіргіштің басталуы мен аяқталуы – ырықсыз зейінді тудырудың қайнар көзі. Дегенмен, мектепте оқу-іс әрекеті әрдайым қызықты бола бермейді. Бала үшін қызық емес, тіпті оларды жалықтыратын, бірақ білуге тиіс қажет материалдар да болады. Сондықтан да, оқу іс-әрекеті барысында оқушының ырықты зейінін де қалыптастырып, дамыту қажет. Бұл үшін сыныпта оқушының даму аясына сай мақсатты, тартымды оқу іс-әрекеті ұйымдастырылуы керек. Оқу іс-әрекеті түрлендіріліп, бір түрден екінші түрге ауысып отырады. Іс-әрекеттің жаңа түрі оқушының ырықты зейінін оятып, тұрақтандырады. Мектептегі оқу-тәрбие істерінің бәрі де балалардың ырықты зейін қалыптастырып, дамытып отыруды қажет етеді. Бұл үшін бастауыш сыныптарда оқу әрекеті балалардың шама-шарқына қарай қызықты етіп ұйымдастыруға тиісті. Талпынысының нәтижелі болуы баланың өзіне деген сезімін арттырады. Сабақта оқушылырдың жас ерекшеліктеріне қарай түрлендіре жүргізіп, әр түрлі әрекет жасатып,ырықсыз зейінін ырықты зейінге аударып отыру керек. Жұмыс орнында кісінің көңілін бөгде тітіркендіргіштер алаңдатпауы керек. Мысалы,сабақ үстінде айтылған артық сөз баланың белсенді жұмыс істеп отырған көңілін бөледі. Ырықты зейінді дұрыс ұйымдастырудың маңызды шарты – адамның психикалық күйі. Ырықты зейінді күшейту үшін сөз арқылы қайталап айтып, алға қойған мақсатты тұрақтандыруға болады. Әрқилы жағдайларда жұмыс істей білу мен адамның әдеттері де ырықты зейіннің тұрақты болуын ықпал етеді.Адамның күрделі мәселелерді шешуші, орфографиялық ережелерді қолданып жазба жұмыстарын дұрыс орындауы, жаңа терминдер мен шетел тілін меңгеруі – мұның бәрі де ырықты зейін арқылы іске асады [2].

Педагогикалықпроцесс кезінде зейіннің үйреншікті түрінің маңызы зор. Ол құбылыстар мен заттардың, мазмұндық материалдардың санада тез бейнеленуін, сөйтіп, қабылдау үрдісінің тез, оңай болуын қамтамасыз етеді. Үйреншікті зейін көпшілік жағдайда оқушының өз зейінін өзі басқаруынан көрінеді. Бұл көбінесе жоғарғы сынып оқушыларына және ересек адамдарға тән. Көптеген жағдайларда, мектепте оқу іс-әрекеті барысында мұғалім оқушы зейінін ұйымдастырып отыруға тиіс. Сонымен бірге оқушының өз зейінін басқара аларлық дағдысын мектеп психологымен біріге тәрбиелеп отырған жөн.Оқу материалын меңгеру тиісті объектіге зейін аудару, түйсіну, қабылдау және ол қабылдағандарды еске сақтау үрдістері арқылы жүзеге асырылады. [3]

Зейіннің көлемі деп бір уақыттың ішінде оның қамтитын, объектілерінің санын айтады. Зейін көлемін анықтауға байланысты жасалған тәжірибелер тахистаскоп деген аспаппен тексеріледі. Адам бір мезгілде (секундтың 1/10 бөлігінде) орта есеппен әр түрлі 5-9 әріпті қамти алатынын, 12-14 әріптен тұратын мағынасы бар сөзді де осы мерзімде қамтитынын көрсетіп отыр. Мектеп оқушыларының, әсіресе, бастауыш сынып оқушыларының зейін көлемі ересек адамдардың зейін көлемдеріне қарағанда шағын болатындығы сабақ үстінде мұғалімнің есінде болуға тиіс, сондықтан да оқушыларға бір мезгілде сан жөнінде де, сапа жөнінде де белгілі зейін көлемінен артық мөлшерде материал беруге болмайды. Оқушылардың зейін көлемі бір-бірімен байланыспаған элементтерді қабылдаса, нашар өсетіндігін, ал логикалық байланысы бар элементтерді қабылдаса, олардың зейін көлемін өсіретіндігін мұғалім еске алуы қажет.

Зейін көлемін арттыру үшін мұғалім балаларды комплекс заттарды байқай алуға, оларды бір объект ретінде қабылдауға машықтандырғаны дұрыс. Көрнекі құралдардағы сөздер тым ұзақ болмай, ондағы сөздердің ең бастыларын бірден оқып түсіну үшін әріптерді түрлі бояумен безендіру қажет. Соңғы айтылған тәсіл де бала зейінінің көлемін өсіруге жағдай жасайды. Физиологиялық тұрғыдан зейін көлемін өсіріп, ұлғайту мидағы оптималдық қозуы бар алапты кеңейте түседі. Бұл бірнеше қозулардың бір қозу жүйесіне бірігуі болып табылады. Бірден біраз нәрсені қамти алатын зейінді көлемі *кең зейін*дейді де, объектілерді жөндеп қамти алмайтын зейінді көлемі тар зейін дейді. Зейіннің тар, көлемдісі де жарамсыз қасиет емес. Әңгіме істен дұрыс нәтиже шығара алуында. Адамның мамандығы, айналысқан ісі оның зейініне әсер етпей қоймайды. Мәселен, өне бойы сағат механизмімен шұқшия жұмыс істеп отыратын мастердің зейін көлемі айтарлықтай болмайды. Микроскоппен жұмыс істейтін ғалымның зейіні де осы іспеттес келеді.

Мектеп жасына дейінгі балалардың зейінінің қалыптасуында ойын әрекеті деерекше орын алады. Ойын арқылы бала түрлі объектілерді көреді, естиді, байқай алады, фактілер мен құбылыстарды бір-бірінен ажыратып, оларға назар аудара бастайды. Балаларда зейіннің түрлі қасиеттері (көлемі, бөлінуі, тұрақтылығы т.б.) жақсы байқалады. Бұлардың бәрі үлкендердің басшылығымен жетіледі.

Мектеп – оқушылардың зейінін оқу-тәрбие процесінің талаптарына байланысты жүйелі түрде қалыптастырып дамытатын негізгі орын болса, ал мұғалім – балалардың зейінін тәрбиелейтін негізгі тұлға. Бұрын ойыннан басқаға көңіл бөлмей келген бала оқуға бірден беріліп кетпейді, сабақтың басынан аяғына дейін отыруға оның шыдамы жетпейді. Олардың алғашқы кезде сабақтың аяқталуын асыға күтіп отыратындары да осыдан. Балада ырықсыз зейіннің басымырақ болуы ой-өрісінің көрнекілігіне де байланысты. Мәселен, бірінші сынып оқушылары түрлі нәрселерді санағанда, көбінесе олардың сыртқы формасына, бояуына көңіл аударады да, ең негізгі міндеті - есеп шығаруды ұмытып кетеді. Бұл жастағы балалардың зейініндегі екінші бір ерекшелік зейін көлемінің өте тар келетіндігі. Мұғалім осы жағдайды есінде қатты ұстағаны дұрыс. Ол сабақты бала ұғымына түсінікті, тіл жағынан жеңіл етіп берсе, көрнекі құралдарды тиісінше пайдаланса, бала зейіні бір объектіге тұрақтала түседі де, зейіннің бөлінуі кемитін болады. Оқушы зейіні негізінен сабақ үстінде тәрбиеленеді. Сабақтың әрбір минуты бала зейінін билеп алмайынша, мұғалімнің сөзі оның көкейіне қонбайды, қиялын толғандырмайды. Бір сөзбен айтқанда, зейінсіз өткен сабақ өзінің мақсатына жете де алмайды. Зейін тәрбиесінде әрбір мұғалімнің еске алатын кейбір шаралары мына төмендегілер:

1. Бірінші сыныптан бастап оқушыларды зейінділікке әдеттендіру, оларда зейіннің жоғары түрлерін дамыту естен шықпайтын болсын. Бұл жөнінде К.Д. Ушинский былай деген: «Балаға оқуды қызықты ете білу керек және сонымен қатар, оларды қызықтыра қоймайтын тапсырмаларды да бұлжытпай орындауды талап ету керек, бұл жұмысты орындағанда бір жағын басым етіп жібермей, екі жағын теңестіру арқылы еріксіз зейінді тудырып отырумен қатар, балада белсенді зейін шамалы болғанына қарамастан оны жаттықтырып отыру керек».

2. Бүкіл сыныпқа не жеке оқушыларға берілетін тапсырмалар дәл, анық, қысқа болып келсін.

3. Бала қайда жүрсе де (мектепте, үйде, далада) байқағыштыққа тәрбиеленуі тиіс.

4. Зейінді күшті және тұрақты ететін құбылыстың бірі - ерік. Сондықтан зейін тәрбиесін ерік тәрбиесімен ұштастырып отыру қажет.

5. Төменгі сынып оқушыларының жүйке жүйесінің әлде де болса, «қатая» қоймағандығы еске алынсын. Олардың шаршап кетпеуін қадағалау, орынсыз жалықтырмау, ауыр, жеңілдігі әр түрлі пәндерді күнделікті сабақ кестесіне талапқа сай орналастыру секілді мәселелер де зейін тәрбиесіне қатысы бар шаралар.

Оқушылардың зейінін дұрыс қалыптастыруға мұғалімнің жеке басының үлгі-өнегесінің де маңызы зор. Егер мұғалімнің өз зейіні дұрыс ұйымдаспаған болса, яғни, ол біресе оқытып тұрған сабағына, біресе сыныптағы оқушыларға алаңдап, нені бастап, нені қойғанын есінен шығарса, ондай мұғалім оқушылардың зейінін дұрыс тәрбиелей алмайды. Мұғалім балаларға сабақ үстінде зейінін дұрыстап аудара алмаса, іске ынтасыз, ұқыпсыз кіріссе, берген сабағынан да жөнді нәтиже шығара алмайтын болады. Мұғалім: «Кейбір оқушылар сабаққа зейін қоймағандықтан үлгермейді» дейтін болса, бұл алдымен оның сабақты дұрыс ұйымдастыра алмауының нәтижесі, өз жұмысындағы кемшілігі болып табылады. Ы. Алтынсарин: «Егер балалар бірдемені түсінбейтін болса, онда оқытушы оларды кінәлауға тиіс емес, оларға түсіндіре алмай отырған өзін кінәлауға тиіс», - деп өте дұрыс айтқан. Оқу іс-әрекетін дұрыс ұйымдастыру – оқушы зейінінің дұрыс қалыптасуының негізі.

1. Болдырев Н.И. Мектептегі тәрбие жұмысының методикасы. Алматы, 1987.

2. Әбенбаев С. «Тәрбие теориясы мен әдістемесі», Алматы – Дарын, 2004.

3. Кукушин В.С. Теория и методика воспитательной работы: Учебн. пособие. – Ростов н\Д: Издательский центр «Март», 2002.

Резюме

Роль внимания имеет большое значение в человеческой жизни.Особенно, важнароль вниманияв образовательном процессе. Непонимание обучающегося, неправильное запоминание темы, допущение ошибок при выполнении домашних заданий зависит от неумения сконцентрировать внимание.Значение личного примера преподавателя очень велико при правильном формировании внимания обучающихся.

Ключевые слова: внимание,деятельность, психический процесс

Summary

Attentionhasaprofoundimpact in human life.Especially, it isimportant in the educational process. Students' misunderstandings, their problems in memorization and assumption errors in doing hometasks depend on theinabilityto concentrate. The value of personal teachers'example is very essential in developingstudents' attention.

Keywords: attention, activity, mentalprocess

УДК 796.853.23.012.114.012.116.093.112-055.2(574)

РАЗВИТИЕ СКОРОСТНО-СИЛОВЫХ КАЧЕСТВ В СМЕШАННЫХ ГРУППАХ ДЗЮДО

Андрющишин И.Ф., Шепетюк М.Н., Житкеев А.Р.,
Насиев Е.К.,Сайлаубаев Ж. –
Казахская академия спорта и туризма

Аннотация: в статье авторы анализируют результаты педагогического эксперимента, направленного на развитие физических качеств дзюдоистов в период подготовительного этапа годичного трениро-вочного-соревновательного макроцикла, обосновывают применение экспериментального комплекса упражнений для повышения эффективного воздействия на различные группы мышц.

Ключевые слова:физическая подготовка, комплекс упражнений, смешанная группа, экспериментальная и контрольная группы, тестирование.

Актуальность. Регулярные изменения, вносимые международной федерацией дзюдо в правила соревнований и внесение ограничений по применению технических действий в условиях соревновательной борьбы, приводит к тому, что разделу технической подготовки в тренировочном процессе уделяется меньше времени, в связи со снижением его влияния на конечный результатсоревновательной борьбы. Важное значение приобретает физическая подготовка, особенно скоростно-силовая, так как интенсивность соревновательной борьбы увеличилась, возрос темп ведения встречи.

Проводя анализ соревновательных встреч,мы пришли к выводу, что вфизической подготовке дзюдоистки и дзюдоисты Республики Казахстан на данный период времени уступают лидерам мирового дзюдо. Возникла необходимость поиска новых средств и методов ликвидации отставания в физической подготовке.

Результаты педагогического эксперимента.

Нами был разработан комплекс упражнений для развития физических качеств, определена последовательность выполнения упражнений, количество повторений, интервалы отдыха между подходами и сериями упражнений. Эффективность предложенной методики мы определяли в педагогическом эксперименте [1,2,3].

В педагогическом эксперименте приняли участие 22 человека: 12 девушек и 10 мужчин, возраст которых от 18 до 23 лет, по спортивной квалификации мс - 16, кмс - 6.

Предварительное тестирование было проведено 3 декабря 2014 года, а контрольное тестирование 25 декабря 2014 года. При подборе тестов мы старались определить возможности основных групп мышц [4,5].

Тестирование было проведено по следующим упражнениям: лазанье по канату на скорость; прыжок в длину с места с двух ног; динамометрия левой и правой кисти; подтягивание на перекладине на количество раз; становая сила; челночный бег 3х10м.; сгибание и разгибание рук в упоре на скорость (10 раз); подъем туловища из положения лежа на спине на скорость (10 раз).

Все участники педагогического эксперимента были разделены на две равноценные группы контрольную и экспериментальную, в которые вошли по шесть мужчин и по пять девушек.

Участники экспериментальной группы в течение трех недельных микроциклов тренировались по разработанной нами программе, а участники, контрольной группы по общепринятой, применявшейся раннее методике подготовки.

В разработанный нами комплекс были включены, в основном, упражнения выполняемые со своим весом: сгибание и разгибание рук в упоре; подъем туловища из положения на спине и на животе; подтягивание на перекладине на скорость; лазанье по канату на скорость; ускорение 3х8 м.; прыжки с двух ног; работа с блином от штанги (10-20 кг); приседание с партнером; уходы с борцовского моста. Количество серий и повторенийупражнений комплекса расписывалось на каждое тренировочное занятие. Занятия по физической подготовке проводились 6 раз в неделю с 17 до 19.15, три раза в неделю проводились тренировки на татами (11^{00} - 13^{00}).

Для обработки результатов педагогического эксперимента мы использовали методы математической статистики. Для выявления различий использован непараметрический критерий Вилкоксона.

По окончанию педагогического эксперимента в контрольной группе мы получили следующие результаты. Таблица 1.

Таблица 1. Результаты тестирования участников педагогического эксперимента по физической подготовке дзюдоистов и дзюдоисток

Тест	Экспериментальная группа			Контрольная группа		
	3.12.2014	25.12.2014	Разница %	3.12.2014	25.12.2014	Разница %
лазанье по канату, *сек*	9,71	7,41	23,6	8,93	7,56	15,3
прыжок в длину, *см*	205	223	8,7	211	222	5
динамометрия правой кисти, *кг* динамометрия левой кисти, *кг*	48 44	51 45	6,82 2,2	45 45	48 44	6,6 -2,2
подтягивание на перекладине, *раз*	19	22	15,7	18	20	10
становая сила, *кг*	133	148	11,3	126	133	5,2
челночный бег 3 ×10 м, *сек*	6,98	6,73	3,7	6,25	6,79	-7,9
сгибание разгибание рук в упоре 10 раз, *сек*	6,49	6,09	6,16	6,14	5,87	4,1
подъем туловища 10 раз, *сек*	7,24	6,12	17,1	7,33	7,20	1,7
			10.5			5.2

Показатели лазанья по канату на скорость, в среднем,улучшились на 1,37 сек (8,93 сек и 7,56 сек), что составляет 15,3%.

Результат прыжков в длину с места улучшился на 11 см. (211 см и 222 см), что составляет 5 %.

Показатели динамометрии правой руки улучшились на 3 кг (45 кг и 48 кг), увеличение на 6,6%, а левой руки ухудшились на 1 кг (45 кг и 44 кг) 2,2 %.

Количество подтягиваний на перекладине увеличилось на 2 раза (18 и 20 раз), что составляет 10%.

Показатели становой силы за время эксперимента улучшились на 7 кг (126 кг и 133 кг), увеличение на 5,2%.

Результат челночного бега в контрольной группе ухудшился на 0,54 сек (6,25 сек и 6,79 сек) или 7,9%.

Время 10 сгибаний и разгибаний рук в упореулучшилось на 0,27 сек (6,14 сек и 5,17 сек) или 4,1%.

Скорость выполнения 10 подъемов туловища, из положения лежа на спине, улучшилась на 0,13 сек (7,33 и 7,20 сек) или 1,7%.

Практически по всем показателям улучшение результатов незначительное, за исключениемтестов лазанье по канату и подтягивание на перекладине повышение показателей на 15,3% и 10% соответственно. Учитывая высокую квалификацию участников эксперимента, мастера спорта и кандидаты в мастера спорта, следует выделить и показатели тестов: челночный бег улучшение результата на 7,9% и силу кисти правой руки увеличение показателя на 6,6%. Следует признать удовлетворительным повышение результатов становой силы на 7 кг (5,2%) и прыжка в длину с двух ног на 11 см (5%).

Спортсмены экспериментальной группы, тренировавшиеся по вновь разработанной программе, показалиболее существенное повышение результатов практически по всем тестам (таблица 1).

В тесте лазанье по канату улучшение составило 2,3 секунды (9,71 сек и 7,41 сек.,$Z_ф$=11 <Z_{st}=12; P<0,05) или23,6%. Значительное улучшение результата можно объяснить большим количеством заданий в новом комплексе на улучшение силовых показателей мышц верхнего плечевого пояса.

Результаты теста прыжок в длину с места с двух ног улучшились на 18 см (205 и 223 см) ($Z_ф$=11 <Z_{st}=12; P<0,05), что составляет 8,7 %. Выполнение прыжков с места с двух ног(2х10м) оказалось одним из самых трудных заданий для исполнения участниками обоих групп, но исполнение заданной программы в полном объеме позволило добиться улучшения результата на 8%.

Показатели силы кисти правой руки увеличились на 3кг (48 кг и 51 кг)($Z_ф$=12<Z_{st}=9; P>0,05), а левой руки на 1 кг (44 кг и 45 кг)($Z_ф$=24,5<Z_{st}=9; P<0,05), что составило 6,2 % и 2,2 %. Незначительное улучшение результатов динамометрии можно объяснить отсутствием в новом комплексе упражнений заданий на укрепление мышц кисти.

Результат теста на количество подтягиваний увеличилось на 3 раза (19 и 22)($Z_ф$=8<Z_{st}=12; P<0,05) или на15,7%. Существенное улучшение результата достигнуто, на наш взгляд, за счет включения в комплекс упражнений серий скоростных подтягиваний (3-8 раз), что позволило спортсменам выполнять в тренировке большее количество подтягиваний, за счет восстановления между подходами.

Показатели становой силы увеличились в контрольном тестировании на 15 кг. ($Z_ф$=10<Z_{st}=12; P<0,05), что составляет 11,3%. На наш взгляд результат достигнут благодаря включению в комплекс упражнений серий скоростных подъемов туловища из положения лежа на животе (30-45 раз) в парах, что давало возможность при выполнении упражнений партнером своевременно восстанавливаться работающим мышцам спины и туловища.

Результат челночного бега улучшился незначительно на 0,25 сек (6,98 сек и 6,09) ($Z_ф$=25<Z_{st}=12; P>0,05)или 6,16% . показатели следует считать удовлетворительными, что можно объяснить тем, что в возрасте более 18 лет сложного значительно улучшились скоростные способности.

Тест подъем туловища из положения лежа на спине характеризует работу мышц живота. В контрольном тестировании результат улучшился на 1,24 сек (7,24 сек и 6,12 сек) ($Z_ф$=3<Z_{st}=9; P<0,01)или 17,1%. Улучшение результата достигнуто за счет выполнения в комплексе заданий скоростных подъемов туловища (20-30 раз) в парах, что позволило восстанавливаться работающим мышцам и выполнять большее количество повторений при выполнении задания с партнером.

Время выполнения теста сгибание и разгибание рук в упоре 10 раз на скорость улучшилось на 0,4 сек ($Z_ф$=8<Z_{st}=12; P<0,05) или 6,16%. Повышение результата стало возможным благодаря выполнению в комплексе скоростных отжиманий 10-20 раз.

Обобщая результаты педагогического эксперимента, мы можем сделать заключение, что разработанная нами тренировочная программа более эффективная, чем ранее применявшаяся в тренировочном процессе.

Учитывая тот факт, что в экспериментальную и контрольную группы входили юноши и девушки нами было решено проанализировать результаты экспериментальной группы для обоих полов и определить эффективность влияния разработанных комплексов на результаты тестов (Таблица 2).

Результат теста лазанье по канату улучшился у мужчин на 27,3%, что на 3,7% выше общего показателя по экспериментальной группе.

Величина прыжка в длину с двух ног мужчин увеличилась на 6,3%, что меньше общего показателя (8,7%) по группе на 2,4%.

Показатели силы кисти правой руки улучшились на 8,06% (+1,24% - к общегрупповому показателю, а левой руки 3,84% (+1,64% к общегрупповому показателю)).

Результат подтягивания на перекладине увеличился на 25%, чтопревышает среднегрупповой (15,7%) на +9,3%.

Показатели силы мышц спины у мужчин увеличились на 15 кг, что составляет 8,7%, тогда как общегрупповые показатели, улучшились на 11,3% (-2,6%).

Время сгибаний и разгибаний рук в упоре 10 раз на скорость улучшилось на 0,30 сек (4,9%), что ниже среднегруппового на 1,26%.

Результат подъема туловища 10 раз на время улучшился на 0,6 сек или 5,5%, что уступает среднегрупповому показателю на 11,6%.

Таблица 2. Различия показателей тестирования физической подготовленности мужчин и женщин экспериментальной группы по результатам педагогического эксперимента (n=11).

Тесты	различия показателей					
	мужчины n=5		женщины n=6		экспериментальная группа n=11	
лазанье по канату, *сек*	+2,2	27,3%	+ 2,5	21,8%	+2,3	23,6%
прыжок в длину, *см*	+15	6,3%	+ 19,9	9,9%	+18	8,7%
динамометрия правой кисти, *кг*	+5	8%	+ 2,3	5,8%	+3	6,8%
динамометрия левой кисти, *кг*	+2	3,8%	-0,4	-3,7%	+1	2,2%

подтягивание на перекладине, *раз*	+5	25%	+2,1	11%	+3	15,7%
становая сила, *кг*	+15	8,7%	+14,3	14%	+15	11,3%
челночный бег 3 ×10 м, *сек*	+0,27	4,2	+0,24	3,2%	+0,25	3,7%
сгибание разгибание рук в упоре 10 раз, *сек*	+0,30	4,9	+0,3	4,5%	+0,4	6,16%
подъем туловища 10 раз, *сек*	+0,36	5,5	+0,9	11%	+1,24	17,1%
						10,5

У мужчин прирост результатов контрольного тестирования выше среднегрупповых по следующим показателям: лазанье по канату (+3,7%), динамометрия правой руки (+1,24%) левой (+1,64%), подтягивание на перекладине (9,3%), челночный бег (+0,5%). По другим тестам результаты мужчин уступают среднегрупповым: прыжок в длину с места (-2,4%), становая сила (-2,6%), сгибание и разгибание рук в упоре (-1,26%), подъем туловища из положения лежа на спине (-11,6%).

Разработанный нами комплекс упражнений позволил девушкамувеличить результаты скоростно-силовых возможностей мышц ног, мышц спины, мышц разгибателей верхнего плечевого пояса, мышц живота, а мужчинам мышц сгибателей верхнего плечевого пояса, мышц кисти рук (правой, левой) и скоростных возможностей.

У девушек экспериментальной группы прирост результатов в тесте лазанье по канату составил 21,8%, что несколько уступает среднегрупповому (23,6%) приросту на 1,8%.

В прыжке в длину результат улучшился на 19,9 см (9,9%), что выше среднегруппового (8,7%) на 1,2%.

Показатели динамометрии левой руки ухудшились незначительно на (-0,4 кг.), а правой руки улучшились на 2,3 кг (5,8%), что меньше общегрупповых: правой прирост 3 кг (6,8%), левой на 1 кг (2,2%).

Результаты подтягивания на перекладине улучшились на 2,1 раза или 11%, что ниже среднегрупповых (15,7%) на 4,7%.

Показатели становой силы у девушек экспериментальной группы увеличились на 14,3 кг или 14%, что лучше общего показателя по экспериментальной группе 11,3%, прирост, в среднем на 2,7%.

Результат челночного бега (3х10м) улучшился на 0,24 секили 3,2%, что ниже среднегруппового показателя (3,7%) на 0,5%.

Скоростно-силовые возможности мышц разгибателей верхнего плечевого пояса (10 сгибаний и разгибаний рук в упоре на скорость)улучшились на 0,3 сек(4,5%), что уступает среднегрупповому (6,16%) показателю 1,6%.

Скоростно-силовые возможности мышц живота у девушек улучшились на 0,9 сек или 11%, что уступает среднегрупповому (17,1%) показателю на 6,1%.

Обобщая сравнительный анализ результатов экспериментальной группы и отдельно группы девушек мы пришли к выводу, что применение предложенного нами комплекса позволило показать результаты выше среднегрупповых по следующим тестам: прыжок в длину с места (+1,8%), становая сила (+3%). Уступают среднегрупповым показателям результаты в тестах: лазанье по канату (-1,8%), подтягивание на перекладине (-4,7%), челночный бег 3х10 м (-0,5%), сгибание и разгибание рук в упоре (10 раз) на скорость (-1,6%).

Выводы:

1. Наиболее существенный прирост результатов в экспериментальной группе достигнут в следующих тестах: лазанье по канату на скорость 23,6%, подтягивание на перекладине (количество раз) 15,7%, подъем туловища 10 раз на 17,1%, становая сила 11,3%, прыжок в длину с места 8,7%.
2. Применение в тренировочных занятиях на этапе специальной физической подготовки комплекса упражнений, в который включены, в основном, упражнения с собственным весом, позволяет получить более существенный прирост результатов по сравнению с общепринятой методикой. Прирост результатов по всем тестам в экспериментальной группе составил 10,5%, в контрольной 5,9%.
3. Разработанная методика применения в тренировочном процессе предложенного комплекса упражнений позволила существенно повысить результаты практически по всем контрольным тестам, как у мужчин, так и девушек, что позволяет нам рекомендовать ее как средство физической подготовки, особенно в смешанных группах.

1. Елисеев С.В., Кулик Н.Г., Селуянов В.Н. Физическая подготовка борца - самбиста с учетом биологических закономерностей организма: учебно-методическое пособие. - М.: Изд-во «Анта-пресс», 2014. - 128 с.

2. ВеславБлах. Инновационные технологии в подготовке единоборцев (самбо и дзюдо): монографияю – М.: Лика, 2007. – 114 с.

3. Шепетюк М.Н., Житкев А.Р., Шепетюк Н.М, Кудашова Н.В., Организация тренировочного процесса дзюдоисток по физической подготовке //Теория и методика физической культуры.- 2013.- № 1.- С. 70-79.

4.Шепетюк М.Н. Теория и методика спортивной борьбы: учебное пособие. – Алматы: Федерация дзюдо Республики Казахстан, Казахская академия спорта и туризма, 2012. – 335 с.

5. ЗебзеевВ.В. Методика контроля и оценка функционального состояния дзюдоистов-юниоров / В.В.Зебзеев // Теория и практика физической культуры. – 2012. - №11. – С. 80-82.

Түйіндеме:мақалада авторлар, дзюдо балуандарының жылдық дайындық кезеңіндегі жарыс-дайындық макроциклында және әртүрлі бұлшық ет топтарының тиімділік әсерін жоғарлатуға арналған кешенді жаттығуларды қолдануын дәлелдеп, дене күш қасиеттерін жетілдіруге бағытталған педагогикалық тәжірибелерінің қортындыларын саралайды.

Түйінді сөздер: дене күш дайындығы, жаттығулар жыйынтығы, аралас топтар, тәжірибелік және бақылау топтары, тестілеу.

Abstract: in the article authors analyses the results of pedagogical experiment sent todevelopment ofphysical qualities of judoist in the period of the preparatory stage of circannual tranaining-competitions macrocycle and groud application of experimental complex of exercises for the increase of affecting efficiency different groups of muscular.

Keywords: physical preparation, complex of exercises, mixed group, experimental and control groups, testing.

УДК

ХАЛЫҚТЫҚ ТӘРБИЕ ЖҮЙЕСІНДЕГІ АСЫЛ МҰРА

М.С. Елубаева – *п.ғ.к., доцент м.а.*
Тараз мемлекеттік педагогикалық институты

Аннотация

Қазақтың ескіден келе жатқан ауыз әдебиетін алсақ, үлкен бір саласы болып саналатын түрі – нақыл сөздер деуге болады.

Нақыл сөздер – үлкен ой, терең пікірге құрылған өмір туралы айтылған ел санасының қорытындысы. Ащы мен тұщы, алыс пен жақын, жақсы мен жаман – осылар сықылды өмірдің әртүрлі жақтарын ой елегінен өткізіп, олар жөніндегі халықтың шығарған үзілді-кесілді өкімі: өмірдегі әр алуан құбылыс, іс-әрекеттерді өзінше, әбден бақылап, сынай келе, «қатесіз», өмірде тап солай болатындығына көздері жетіп, өмір шындығына айтқандары дәл келетін етіп кейінгі ұрпаққа қалдырған халық даналығының сәулесі, ой түйіні.

«Парасаттың нәріндей нақылнама,
Көңіліне жағарын көрікті асыл,
Таңдап олар жалғампаз халқым дана» –

деп Мұзафар Әлімбаев айтқандай, қазақтың бүгіні мен ертеңін жалғаған, сөз өнерін айшықтаған ол нақыл сөздер [1, 4 б.]. Нақыл – түйінделе тұжырымдалған терең ойлы, жұмыр бітімді өнегелі сөз. Мағыналы идеяның, ойдың мәнерлі өрнекпен, ақындық айшықпен тоғысуы.

Олай болса, ежелгі заманғы грек ғұламасы Герадот: «...баяғыдан келе жатқан кемеңгерлік тамаша нақыл сөздер бар, біз солардан үйренуіміз керек» – десе [1, 3 б.], көркем сөз зергері Ғабит Мүсірепов оқуын оқып, тоқуын тоқып тауысқандай жасында: «Бірталай жерге барып қалған біз сияқтыларға ең тиімдісі – ой-толғамдық нақылдар мен афоризмдерді оқу сияқтанады», – деген.

Қазақ нақылдары – өзінің философиялық тілі, даналық өрісі мен қуаты жөнінен әлем ойшылдарының афоризмімен сарындас, үндес.

Тірек сөздер: *нақыл сөздер; афоризмдер; өнегелі сөз; даналық.*

Қазіргі қазақ халқының рухани жағынан қайта даму кезеңінде баланы ұлттық әдет-ғұрыптары, салт-сананы, философиялық мәні жоғары, баға жетпес дәстүрді терең тани білуге; ұлттық қадір-қасиетті құрметтеуге, ұлт намысын биік ұстап, ұлттық қалпымызды сақтауға; ел келешегін өрге жүздірер от жүректі өршіл болуға әрі ұлт құндылықтарын ұлықтайтын білімді де білікті етіп тәрбиелеу міндеті тұр.

Ұлы ағартушы А.С.Макаренко: «Біздің қоғамда міндеттерді дәл орындау – адамгершілік категориясы» дегендей, көкейкесті міндеттерді іске асыру мақсатында ағартушы-ғалымдар халқымыздың жинақталған ғибратты тәрбие тағылымына терең үңіліп, бүкіладамзаттық құндылық тұрғысынан саралап, этнопси-

хология, этнопедагогикаға байланысты асыл қазыналарын зерделеп, қазіргі күн кәдесіне жаратып, ұрпақ тәрбиесінің игілігіне айналдыруда.

Ұлттық қоғамдық тәрбиені күшейту арқылы өскелең ұрпақтың бойына ұлттық рухани-адами құндылықтар қалыптастырылуда. Бабалардан қалған данышпандық қағидалар, халық түйген тұжырымдар, ғасырлар бойы зергерлік ұқыптылықпен сұрыпталған үрдістер, дамыған даналық дәстүрлер секілді ұлттық тәрбие көздерімен сусындата білім беру – жас ұландардың жеке тұлғалық болмысын қалыптастыруына; елін, жерін, тарихын, әдебиетін, ата-анасын, тілін сүюіне; адамгершілік қабілеті мен азаматтық қалпының дұрыс дамуына; жан дүниесі таза, көңіл көкжиегі кең, патриоттық сезімі жоғары; келешегі зор, елге берері мол; нағыз елге тірек ұлттық тұлға болуына ықпалды нәтижесін беруде.

Жалпы халықтық тәрбие – сан-салалы жолмен ұрпақ бойына өзі өмір сүріп отырған қоғамның алдында тұрған мақсат-мүддеге сай адами қасиеттерді жетілдіре отырып қалыптастыратын, яғни, ұлттық адами құндылықтарды ұялататын рухани күш. Ол – нәрестенің шыр етіп дүниеге келу сәтінен басталып, ақырғы деміне дейін созылатын толассыз үрдіс.

Халқымыздың адамгершілік қасиеттерге баулитын небір сүбелі ой маржандарын кеңінен зерделеп, халықтық тәрбие жүйесінде өрісті өнегені қалыптастыра, ғибрат қазынасын дамытқан тәлімгер-қаламгер Мұзафар Әлімбаев мұрасында ұл-қыздарға ізгілік сезімін еге білетін, намысын оятып, қиялын қанаттандырып, патриоттық сезімін ұштайтын, саналылыққа, өршілдікке, біліктілікке үндейтін, бауырмалдық, адалдық, әділеттілік, парасаттылыққа тәрбиелейтін құндылықтар жетерлік.

Көрнекті ақын «Халық – қапысыз тәрбиеші» деген еңбегінде: «Бала – жүректің миуасы» деп қарайтын балажан халықтың бірі – қазақ халқы балаға ежелден болашағым деп қарап, зор үміт артқан. Үсті-үстіне үстемей төккен: «Лашын құсқа ауа қадірлі, жүйрік атқа дала қадірлі, ата-анаға бала қадірлі» деген зерделі інжу сөздері көңіл сандығына сақтайтын қазына» – дей келіп, халық қазынасы – ең парасатты да таптырмайтын қайнарбұлақ, таусылмас кен екендігін саралап, ойын «Алып та халықтан үйренеді» деп түйіндеген.

Тәрбиелік маңызы ерекше «айтқыш ақынның асыл нақылдарының біразы қазақтың мақал-мәтелдері жинағы да кірген. 2500 нақылы баспасөз бетінде жарияланған. «Халқың қандай десең, салтымнан сынап біл», «Жеміс ағашынан биік тұрмас, халқыңа тағзым етіп иіп тұр бас!», «Баба салт, хұсни ғұрып, ата дәстүр! Достастыр, бауырластыр, аталастыр» деп халықтық тәрбиеге, ұлттық салт-санаға терең ден қойған автордың «Батырлықтың бастауы балалық шақта», «Білік – бесіктен басталады» тәрізді нақылдарындағы ой түйіндері «баланы бастан» деген халық даналығымен үндесіп келген. Ұрпақ тәрбиесіне осылай көңіл бөлген ақын «Анасы өз бөбегін ернін тигізерден бұрын өбеді», «Баланы баулитын аналық мейірім мен аталық айбар» деп ата-ана мен баланың арасындағы қарым-қатынасын, бала тәрбиесіндегі жанұяның орнын жақсы көрсеткен. «Қара басқаның егінін қара сұлы басады», «Ертеңшіл егіншіден без» деп еңбектен қашар еріншектің, жатып ішер жалқаудың адамзатқа тигізер зиянын суреттеген автор «Елді егінші асырайды», «Еңбекпен алсаң бедел, беделіңмен кенел» деген ой түйіндерімен адамды мақсатына жеткізетін де, абырой әперетін де еңбек екендігін дәлелдеп берген. Сондай-ақ,қоғамның кеселді тұсы – маскүнемдікті «Өлшеусіз арақ ішкен өзін-өзі шалады іштен» десе, «Отанына ұнамаған оңбайды», «Ел намысын қуғанның еңсесі биік», «Еліңді сүю еңсеңді биіктетеді», «Әр ізденістің өз олжасы бар» – тәрізді ғибратты нақылдары арқылы Отанын, елін, жерін адал сүюді, ана тілінің құдіретін тани білуді, ұлы сезім махаббат пен шынайы достықты халық мақалдарының ізімен мақалдаған. «Дүниенің қорлығы дүмшелердің зорлығы», «Жасында берекесі болмағанның, қартайғанда мерекесі болмас» немесе «Ерліктің бір нышаны – естілік», «Ерлік – ердің өмірі», «Әр заман өз жақсысын пір тұтады» деген сияқты небір ғибратты нақылдарымен халықтық тәрбие жүйесіндегі асыл қазыналарды жаңғыртып дамытқан.

Ақын нақылдарының туу тарихынан сыр шертетін «Нақылдың төркіннамасы» атты еңбегінде әр тұста әрқилы жағдайға орай ауызша айтылған әрі қызықты, әрі ғибратты нақылдары түзілген.

Мәселен, 1940 жылы Павлодар педучилищесінде Мұзафар Әлімбаевпен бірге оқитын досы Әйтіш Мәліков оқыс ауырып қалады, ауруханаға түсіп ұзақ жатады. Кәдімгі суық тиген жігітке сүзектен ауырған деп диагноз қойып, дұрыс емдемей, өлтіріп қоя жаздапты. Баянауылдан Керекуге жалғыз ұлы үшін жанұшырып жаяу жеткен Мәлік ақсақал:

– Дәрігерлердің мұнысы қалай, – деп кейіпті. Сонда он алты жасар студент Мұзафар Әлімбаев:

– **Ебі жоқ дәрігердің емі де жоқ,** – деген екен [2, 59 б.].

Бұл болашақ ақынның ашынғаннан айтқан алғашқы тырнақалды нақылы еді.

Бірде, Қарақыстақта өткерілген қабырғалы жазушы Сейдахмет Бердіқұловтың алпыс жасқа толған тойында жазушы Балғабек Қыдырбекұлы ақын Мұзафар Әлімбаевтан:

– Дін – апиын дегенге қалай қарайсың? Құдайға сенесің бе? – деп сұрапты.

Сонда Мұзағаң:

– **Арманнан айырсаң да,**

– **Алламнан айырма! –** депті [2, 8 б.].

Ақын Мұзафар Әлімбаев: «Ата-бабасының ата мекенін буын-буын ұрпақтар өз кіндік қаны тамбаса да ыстық көруі заңды, әділ. Мысалы, менің балам Алматыда туса да Маралдыны өзі туған жердей сүйе білуі – парыз. Шіркін, буын-буын ұрпақтар ата-бабасының ауылына алуан-алуан көмегін аянбай көрсетсе ғой.

– Сәулетші балаң ауылыңның құрылыс саласында көркеюіне, мүсінші балаң ауылдың әйгілі адамдары тұлғасын сомдауға, композитор балаң сол топыраққа сазды әндерін арнаса, ақын балаң айтулы жерлестерді өлеңге қосып мақтаса, мұны ешкімнің ескеруінсіз-ақ өз жүрек қалауымен қол ұшын ұсынса, құба-құп! Әттең, өмірде бұлай бола бермейді ғой. Ақын ретінде де аз жырлаппын – бүгін жеті асудан асқан шақта өкініп те отырмын.

– Ата-баба мекенін естен шығарма, ұрпағым! Сендер міне, қара шаңырақта жиналып отырсыңдар» – дей келіп, естеріңізде болсын:

Адамның ауылын ұмытқаны –
Бауырын ұмытқаны.
Балалық шағын ұмытқаны –
Ана сүтінің дәмін ұмытқаны – [2, 18 б.]

деген ақыл-кеңесі толассыз татымды тәрбиеге құрылғандығын, тәрбиелік мәні мол, мазмұнға бай, көркемдігі жоғары екендігін көреміз.

Тәлімдік мәні ерекше, әртүрлі тақырыпты қозғаған Мұзафар Әлімбаевтың нақыл сөздері жайында кезінде халқымыздың сүйікті ұлдарының бірі, қоғам қайраткері, белгілі тұлға Дінмұхаммед Ахметұлы Қонаев«Сөз маржанын ой түбінен тере білген ақын» деп баға берген екен.

Мұзафар Әлімбаев өнерниетінің негізгі бағыты жас ұрпақты жалпы адами құндылықтарды түсіне білуге үйретуді көздейді.

Ақынның халықтық шығармашылық дәстүрдегі еңбектері – жеке тұлғаны парасаттылыққа тәрбиелеу құралы.

1. Әлімбаев М. Нақылнама. – Алматы: Өнер, 2007. - 296 б.

2. Әлімбаев М. Нақылдың төркіннамасы. – Алматы: Қазақ соқырлар қоғамы Орталық басқармасының баспаханасы, 1996. - 223 б.

Аннотация

Слова назидания являются одной из областей устной литературы казахского народа.

Слова назидания – итоги великой мысли, сознания народа о бытии, жизни. Пропуская через фильтр мышления различные стороны жизни, как сладость и горечь, добро и зло, близость и дальность, категорическое решение народа о них: по-своему наблюдая за различными явлениями жизни, действиями, критикуя их, «безошибочно» убеждаясь, что и в жизни случается такое, свет народной мудрости, логические выводы, оставленные своим потомкам.

Как говорил Музафар Алимбаев:

«Разумное назидание
Драгоценность души
Умел выбирать мой мудрый народ» –

слова назидания являются связующей нитью между прошлым и будущим, доказательством словесного искусства [1, с.4].

Назидание – слова о нравственности, выводы глубокой мысли. Стык содержательной идеи, манеры выразительности, поэтичности.

Если древнегреческий мыслитель Геродот говорил: «...существуют прекрасные слова назидания древности, мы должны учиться у них» [1, с.3], то мастер художественного слова Габит Мусрепов в зрелом возрасте сказал: «Самое эффективное для нашего возраста – чтение слова назиданий и афоризмов».

Казахские слова назидания гармонируют, сочетаются с афоризмами мировых мыслителей своим философским языком, широтой мудрости, мощностью.

Ключевые слова: *слова назидания, афоризмы, слова наставления, мудрость.*

Abstract

Words of edification are one of the areas of oral literature of Kazakh people.

Words of edification are the results of the great thoughts, consciousness of people of being, of life. Passing through the filter of thinking the various aspects of life, as sweetness and bitterness, good and evil, closeness and distance, the categorical decision of the people of it is that in their own way by observing the various phenomena of life, actions, criticizing them,

«unmistakably» convinced that it can happen in life which is the example of the light of folk wisdom, logical conclusions, left to the descendants.

As Muzaffar Alimbaev said:
«Reasonable edification
Which is the soul's precious
Could choose my wise nation» –

these are the words of edification which is a link between the past and the future as the proof of verbal art [1, p.4].

Edification is the words of morality, the findings of deep thought. It is the joint of meaningful ideas, manners of expression, poetry.

If the ancient Greek philosopher Herodotus said: «...there are wonderful words of edification of antiquity, we must learn from them» [1, p.3], a master of artistic expression Gabit Musrepov in adulthood said: «The most effective for our age is reading the word of edification and aphorisms».

Kazakh words of edification are in harmony and combined with aphorisms of the world thinkers with its philosophical language, the breadth of wisdom, power.

Keywords: *words of edification, aphorisms, words of instruction, wisdom.*

УДК37.378

СТУДЕНТТЕРДІҢ ЛИДЕРЛІГІН ДАМЫТУДЫҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ-МАЗМҰНДЫҚ ҮЛГІСІ

М.Абсатова – п.ғ.д., профессор, Абай ат.ҚазҰПУ
М.Ушатов – докторант, Абай ат.ҚазҰПУ

Аннотация

Мақалада авторлар лидерлік мәселесін жан-жақты қарастырады. Көптеген зерттеулерді саралай келе, авторларлидерлікті - қойылған ортақ мақсатқа жетуге ынталы және ортақ мақсатқа бағытталған адамдарға ықпал етуші үдерісі деп, ал лидерлік қабілет-белгілі мәдени ақпараттар құндылықтарын меңгерген, қойылған мақсатқа жету жолында айналасындағы адамдарына тиімді жол ұсынуда ықпал ету қабілетіне ие, белгілі бір әрекетті нәтижелі орындайтын тұлғаның жеке дара ерекшелігі болып табылады деп түсінеді.

Ғылыми-педагогикалық әдебиеттерге сүйенсек, осы мәселені қарастырған көптеген тұжырымдамалардан адамның лидер болып туылмайтынын, лидер болып қалыптасады және лидерлік сапаларын дамытуға болады деген тұжырымға келуге болады. Атап айтқанда, тұлғаның мақсатты түрде өзімен жұмыс жасауы, өзін-өзі жетілдіруі лидерлікті дамытуға бірден бір себеп екені анық.

Лидерлікті зерттеген ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып, студенттердің лидерлігін дамытудың құрылымдық-мазмұндық үлгісіндайындаған.

Түйін сөздер: лидер, лидерлік, ұйым, көпқырлы ұғым, қызмет.

2014 жылғы Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан жолы - 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауында:«Біздің болашаққа барар жолымыз қазақстандықтардың әлеуетін ашатын жаңа мүмкіндіктер жасауға байланысты. XXI ғасырдағы дамыған ел дегеніміз – белсенді, білімді және денсаулығы мықты азаматтар. Бұл үшін біз не істеуіміз керек? Біріншіден, ...Ұлттық білім берудің барлық буынының сапасын жақсартуда бізді ауқымды жұмыс күтіп тұр. Сондықтан оларға заманауи бағдарламалар мен оқыту әдістемелерін, білікті мамандар ұсыну маңызды»- депәр жыл сайын сауаттылығы жоғары бәсекеге қабілетті, белсенді, яғнилидерлер қалыптастыру міндетін қойып отырғандығын байқаймыз [1].

Со себепті қарастырып отырған мәселе қазіргі таңдағы мемлекеттің, қоғамның сұранысына сай жан-жақты дамыған, өміргеөзіндік көзқарасы қалыптасқан, бойындағы әлеуетін толық пайдалана алатын, кез келген жағдаяттан оңтайлы шешім тауып шыға алатын, әлеуметтік табысқа жете алатын көшбасшы тұлғаны дамыту көкейкесті болып тұр.

Ғылыми-педагогикалық әдебиеттерге сүйенсек, осы мәселені қарастырған көптеген тұжырымдамалардан адамның лидер болып туылмайтынын, лидер болып қалыптасады және лидерлік сапаларын дамытуға болады деген тұжырымға келуге болады. Атап айтқанда, тұлғаның мақсатты түрде өзімен жұмыс жасауы, өзін-өзі жетілдіруі лидерлікті дамытуға бірден бір себеп екені анық.

Зерттеуші Н.С. Жеребова, А.П. Понкрухинаның лидерлік қабілетті қалыптастыру мүмкіндігі туралыөз еңбектеріндетөмендегі пікірлерді келтіреді :

- жалпы қабілет - бұл қызметінде табысты болуын қамтамасыз ететін тұлғаның жеке –психологиялық ерекшелігі болып табылады. Қызметінде табысты болуы бір ғана емес, әртүрлі қабілеттердіңжүйесінде анықталады.

- қабілеттер туыла берілетін қасиет емес немесе – олбелсенді танымдық процестер мен еңбек қызметінде қалыптасады. Қабілеттерді дамыту тұлғаның танымдық әрекетін арнайы ұйымдастыруды және қызмет әрекетіне сай әр жақты қызығушылығын қалыптастыруды талап етеді. Адамның қандай да бір істі орындауға маңызды азды-көпті қабілеті болмағанымен, басым және тұрақты қызығушылық танытатын болса, үлкен нәтижеге жетуі мүмкін. Іске дегентерең ықылас адамның ісін тұрақты, қарқынды қабілет танытып, дамытуға жол ашады.

- лидерлік ұлы істермен немесе адамның ұлылығымен анықталмайды. Жаңа әдеттерге ие болу жолы жаңаны байқап көруге, нақты әрекетінен орын алғанша іс – тәжірбиесінде үнемі қолдануға мотивация тудыру болып табылады. Шынайы лидерлік - бұл жұмыс, жұмыс және тағы да жұмыс. Ғалымдар лидерлікті ең алдымен өзіңмен жұмыс жасау деп көрсетеді.

- өмір сүру барысында тұлғаны психикалық даму шарттары өздігінен емес, ортамен қарым-қатынасы барысында қалыптасады. Тұлғаның ортадағы ролін дұрыс түсіну үшін тікелей түрде емес, жанама өлшеммен қарау керек [2].

Лидерлік мәселесімен айналысқан ғалымдар Кандыбович М.И. жәнеДьяченко Л.А. өз зерттеулерінде: «Работая над собой включаясь во все многообразие видов деятельности, вызывая и стимулируя в них собственную активность, потенциал в томилиином виде деятельности и исключительно через механизмы собственной (совместно с другими) деятельности, собственных творческих усилий иотношений будущие специалисты могут овладевать общественным опытом и его различными структурными компонентами, формировать, характерные длялидерства качества, вырабатывать сильный и твердый характер. Воспитание и обучение не могут дать желаемых результатов, если они не активизируют стремление студента к самовоспитанию» деп өзімен жұмыс, оған қоса әртүрлі әрекет түрлерінде тұлғаны белсенділікке ынталандыра отырып күтілетін нәтижеге жетуге болатындығын алға тартады [3].

Көптеген зерттеулерді саралай келе, біз лидерлікті - қойылған ортақ мақсатқа жетуге ынталы және ортақ мақсатқа бағытталған адамдарға ықпал етуші үдерісі деп, ал лидерлік қабілет-белгілі мәдени ақпараттар құндылықтарын меңгерген, қойылған мақсатқа жетужолындаайналасындағы адамдарына тиімді жол ұсынуда ықпал ету қабілетіне ие, белгілі бір әрекетті нәтижелі орындайтынтұлғаның жеке дара ерекшелігі болып табылады деп түсінеміз.

Сондықтан жоғарыда аталмыш мәселе бойынша ізденістерге сүйене отырып, біз студенттердің лидерлігін дамытудың құрылымдық-мазмұндық үлгісін дайындадық (1 кесте).

Зерттеу барысында анықталғандай студенттердің лидерлігін дамытуда мотивациялық компонентаса маңызды рольге ие. Мотив ұғымыәрекетке іштей итермелейтін себеп, қандай да бір қажеттілікті қанағаттандыратын тілек болып табылады. Оқу мотивациясы жалпы мотивацияның білім саласындағы жеке түрі болып табылады. Ол басқа да кез келген мотивация сияқты өзіне, яғни білім саласына тән белгілермен: біріншіден, ол білім беру мекемесінің ерекшелігіне, типіне, мамандығына байланысты анықталады; екіншіден, білім беру үдерісін ұйымдастырумен, оның артықшылығымен; үшіншіден, педагогтің субъективті ерекшеліктерімен, ең алдымен, оның оқушыларға, іске қатынасымен, сондай-ақ, оқу процесінің ерекшелігімен, оның орнымен және оқу жоспарымен ерекшеленеді. Біздің зерттеу жұмысымызда *мотивациялық компонент*әңгіме, сауалнама әдісі негізінде жүзеге асырылады. Бүгінгі таңда студенттердің басым көпшілігі оқытушының мақсатты ықпалымен іс –әрекетке қатысуға ынталы болып табылады.

1-кесте. Студенттердің лидерлігін дамытудың құрылымдық-мазмұндық үлгісі

№	Компоненттер	Өлшемдері	Көрсеткіштері	әдістер
1	Мотивациялық компонент	Студентерді топ ішінде лидер болуға бағыттау	- ұйымдастыру ісіне қызығушылық - жеке және кәсібибілімін шыңдауға ұмтылу - өзіне лидер ретінде міндеттер ала білугеұмтылу - лидерлік қабілетті дамытуға бағытталған оқу-тәрбие ісіндегі шараларға қызығу	Б,Ә,С Б,С,Т С,Т С,Б, ЭБ
2	Мазмұндық компонент	Студенттердің лидерлік қабілеттің мәнін және оның	- лидерліктің мәнін өзін-өзі жетілдіру құралы ретінде түсіну және білу	С,Т Т,С

		қоғамдық өмірдегі алатын орнын білуі және түсінуі	- «лидер», «лидерлік», «лидерлік қабілет» ұғымдарының мәнін және оның теорияларын білу және түсіну. - топтың лидерлік қабілетін дамытудың тиімді жолдарын қарастыру - студенттік ұжымда руханипсихологиялық жағымды орта құруға ұмтылу	С,Ә С,Ә
3	Іс- әрекеттік Компонент	Лидерлік қабілетті дамытудың тиімді жолдарыншынайы әрекетте қолдана білу.	- лидерлік қабілетті шынайы әрекетте дамыту мүмкіндігін қолдану - өздігінен мақсат қойып, әрекет ету - қарым- қатынас жасауға икемді болу - топ ұжымын ұйымдастыру ісінекүш салуғақабілетті болу	ИӘ С,Т РО ТЖ
4	Бағалау – реттеу компоненті	Лидерлік қабілетінің мүмкіндігін басқару және өзінөзі бағалауы	- ұжым мүшелерінің психологиялық ерекшелігін білуге тырысу - студенттер арасындағы құнды эмоционалдық қарым-қатынасты ұйымдастыру және талдау - студенттердің өзіндік ерекшелігі сай әлеуметтік-психологиялық үрдісін шынайы бағалай білу және кемшіліктерді жою -студенттердің дамуын бақылап, талдау жасай білу	Б,Т ЭБ СМТ С,Т
Ескерту: Б – бақылау әдісі, ә -топтық немесе жеке әңгімелесу, с- сауалнама, т –тестілеу, РО-рольдік ойын, ИС- интербелсенді әдістер, ЭБ- эксперттік бағалау, СМТ- сабақтың мазмұнын талдау, ТЖ- топтық жұмыс.				

Сондықтан студенттердің лидерлік қабілеттерін арттыру және студенттерде лидер, лидерлік қабілеттің маңыздылығын түсіндіру, олардың қажеттілігіне көз жеткізу мақсатындаалдағы уақытта студенттердің белсенді әрекетіне негізделгенарнайы курсы ұйымдастыруды қолға алу қажет деп есептедік. Бұл үлгіниң*мазмұндық компонентіне* жол ашты. Мазмұндық компонентке сәйкес студенттердің бойында «лидер», «лидерлік қабілет» ұғымының қалыптастыру, алған білімдерін, кеңестерін іс –жүзіндеіске асыруға баулу және лидерлікке тәнқабілеттердідамытудықолға алу маңызды болып табылады.Осы аталған компонентпен *іс-әрекеттік компонент* тығыз байланысты болып табылады. Оқу-тәрбие үрдісінде жеке тұлға қабілеттерін және кәсіби қабілеттерін дамыту үшін оқытушы білім алушылардың лидерлік қабілет деңгейінің бастапқы көрсеткішін білуі тиіс және талапкер мен ЖОО білім алушының лидерлік қабілетінің даму қарқынын анықтап, үнемі диагностика жасап отыруы тиіс екендігі білім беру тәжірибесінде дәлелденген.

Мұнда психологиялық тренинг пен педагогикалық тұрғыдан білім алушылардың белсенділігін арттыруға арналған интербелсенді әдістерді қолдану аса маңызды деп есептейміз. Себебі, бүгінгі таңда білімді игеру үдерісі жоспарлаудан нәтижені айқындауға қарай ығыстырылады, негізгі әрекет тұлғасы оқытушы деп есептелетін «оқытудың» басты қозғаушы күші студент болатын «оқуға» ауыстырады, салмақты білімді «игертуден» білім «игеруге» түсіреді. Болашақ мамандардың лидерлік қабілеттерін дамытудабілімдарлық идеясы бойынша студент білімді өздігімен игеруі керек.

Жоғары оқу орындарында интербелсенді әдістемені қолдану көптеген жұмыс түрлері мен әрекеттері арқылы, мәселен бірлескен жұмыстар (жұптық, топтық, бүкіл аудиторияның), жеке және бірлескен ізденіс пен зерттеу жұмыстары, ситуативтікжәне рөлдік ойындар, ақпараттыңәр түрлі көздерімен жұмыс жасау (кітап, лекция, интернет, құжаттар, мұражай, басқа адамдар: студенттер, оқытушылар, мамандар т.б.)

шығармашылық жұмыстармен жүзеге асырылады. Бұл аталған әрекет түрлері студенттің әрекетін белсендіреді. Белсенділік пен белсендіру үдерісістуденттің лидерлік қабілетін қалыптастыру мен дамытуда маңызды болып табылады.

Сонымен қатар, осы үлгініңбасты компонетінің бірі - *бағалау- реттеу компоненті* болып табылады. Студенттердің өзін-өзі бағалауын және өзара қарым-қатынаста жағымды қатынас орнату аса маңызды саналады. Өзіндік бағалау - өзіндік сана сезімдердің бірлігі, тұлғаның қасиеттеріне, сапасына деген қатынасы. Студенттер де жасөспірімдер секілді өзінің қандай екенін, қаншалықты құнды, қабілетті екенін барынша білгісі келеді. Өзіндік бағалаудың екі тәсілі бар:

1. Олар өзі туралы алдын-ала көзделген мақсатын қаншалықты жүзеге асырғанымен салыстырып, теңестіреді. Егер өзінің бұл туралы ойлағаны мен өзгелердің соған қойған бағасы дәл келсе, осы жетістікке жеткеннің белгісі деп санайды.

2. Өзгелердің өзі жөніндегі пікірін жинап, соларды өзара салыстыру арқылы жетіспейтінжақтарын білу. Мұндай жағдайда өзі мен үлкендер берген баға сәйкес келмеуі мүмкін.

Әрбір адамда «Мен» деген біреу болғанымен, осылардың тиісті жағдайларға байланысты неше түрлері кездеседі: 1. «Мен шынында кіммін?» (шындықты көздейтін мен); 2. «Мен»-өзімді өзгелер қалай бағаласын деп ойлар едім? (эмпатикалық мен); 3. «Мен»-тілегім бойынша қандай болғым келеді? (тілек, яғни фантастикалық мен); 4. «Мен» келешекте кім болғым келеді? (болашақ мен). Сондықтан осы ерекшеліктерді ескере отырып,студенттердің өзін-өзі және өзгені позитивті тұрғыдан саналы бағалауына мүмкіндік туғызу аса маңызды болып саналады.Сонымен, өзіндік бағалауда студенттерөзіне сыни көзқараспен қарап, өз мүмкіндігін өмір талабына сәйкес бағдарлай білуі, өз мақсатын нақтылау, ойын түйіндеу қабілеттілігіне ие болады. Өзіндік бағалау адамның өзіне деген сенімін арттырып, рухани үйлесімдігін дамытады деген ойдамыз.

Жоғарыда айтылғандарды қорыта айтар болсақ, бұл ұсынылған үлгі өзінің түп негізінде тұжырымдама мен түсініктеме құралы ретінде іс-әрекеттерді жеңілірек ұғындыруға тырысады. Педагогикалық үрдіс екі жақты іс-әрекет, яғни оқытушы мен білім алушы арасында жүзеге асатын үдеріс болып табылады. Сондықтан ЖОО студенттерінің лидерлік қабілетін дамытуды жобалауды екіжақты қарастырдық. Сонымен қатар, біз ұсынып отырған үлгіге назар салатын болсақ, кестеден әдістер деген бөлікті байқауға болады. Бұл алдағы зерттеу жұмысымызда қолданылатын зерттеу әдістері мен оқыту әдістері болып табылады. Ал, үлгіде аталған компоненттердің жиынтығы студенттердің лидерлігін дамыту жолдарының өлшемі мен көрсеткіштерін анықтауға және алдағы уақытта зерттеу жұмысымыздың мақсат, міндеттерінің нәтижелішешімін табуда тиімді болады деп есептейміз.

1. Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан жолы - 2050: Бір мақсат, бір мүдде,бір болашақ»атты Жолдауы – интернет ресурс, www. akorda. Kz

2.Жеребова Н.С. К вопросу о выдвижении лидеров в студенческих группах / личностьи группа.ученые записи том,-468.:1971- 139-с.157

3.Дьяченко М.И.,Кандыбович Л.А. Психологический словарь –справочник. Минск, 2004-с.57

4. Абсатова М.А. Бағыбаева А.А. Ушатов М. Студенттердің лидерлік қабілетін қалыптастырудыңкейбір мүмкіндіктері.Алматы: Педагогика және психология журналы, №3, 2014

Аннотация

В статье авторами рассматривается проблема лидерства. Анализ психолого-педагогической литературы показывает, что данная категория раскрывается исследователями разносторонне. На основе изучения трудов ученых авторы попытались изложить свое видение данной проблемы. Предлагается структурно-содержательная модель развития лидеров.

Annotation

In this article the authors discuss the issue of leadership comprehensively. After analysing many studies, the authors state that leadership is focused on achieving the common goal of people known as the process of influencing and leadership skills and cultural knowledge of the value of information to achieve this goal, also having the ability to offer an effective way to influence the people around, the person who has individual features to perform a certain action effectively.

According to the scientific and educational literature, many of the concepts discussed on this issue state that person is not born a leader, he becomes a leader and the leadership skills can be developed. In particular, the person's target to workon himself, self improvement is clearly one of the major factors in the development of leadership.

Based on the works of scientists about leadership, the content of a model of the development of student leadership has been prepared.

Key words: Leader, leadership. organization, multi-aspect notion, function.

УДК 370:78

ОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ САМОСТОЯТЕЛЬНОСТЬ СТУДЕНТОВ В УЧЕБНОМ ПРОЦЕССЕ ИНСТРУМЕНТАЛЬНОГО КЛАССА

Кулжанова Ж.Ж. – *магистр педагогики,СКГУ им. М.Козыбаева, г. Петропавловск (zhanna_zhambulovna@mail.ru)*

Аннотация: Статья посвящена проблеме овладения будущими педагогами-музыкантами навыками самостоятельности в учебном процессе инструментального класса, так как она является одной из актуальных в музыкальной педагогике. Образовательная самостоятельность является образовательным результатом, включающим совокупность личностных характеристик человека, необходимых для получения определенных образовательных достижений и компетенций, развившихся в процессе его образовательной деятельности в инструментальном классе.

Ключевые слова: самостоятельность, образовательная инициатива, самостоятельная образованность, творческая самостоятельность, инструментальный класс.

На социально-педагогическом уровне признание определяющей роли творческой и образованной личности сопровождается сегодня неудовлетворенностью современной системой образования, необходимостью самообразования будущего учителя в связи с быстро меняющимися условиями жизнедеятельности, оказывающими влияние на профессиональную самореализацию. Основная задача высшего образования заключается в формировании творческой личности специалиста, способного к саморазвитию, самообразованию, инновационной деятельности. Решение этой задачи вряд ли возможно только путем передачи знаний в готовом виде от преподавателя к студенту. Необходимо перевести студента из пассивного потребителя знаний в активного их творца, умеющего сформулировать проблему, проанализировать пути ее решения, найти оптимальный результат и доказать его правильность. Происходящая в настоящее время реформа высшего образования связана по своей сути с переходом от парадигмы обучения к парадигме образования. В этом плане следует признать, что образовательная самостоятельность студентов должна стать основой образовательного процесса.

Стремление к саморазвитию – это не идея-фикс, это нечто иное. Актуальная потребность в саморазвитии, стремление к самосовершенствованию и самореализации – это показатели личностной зрелости и одновременно условие ее достижения, это источник долголетия человека, причем как физического, так и социального, личностного, профессионального.

Самостоятельность проявляется в поступках человека, который ориентируется не на посторонние случайные влияния, а на свои знания и убеждения. В системе развивающего обучения А.В. Петров рассматривает самостоятельность как способность личности сознательно без какой-либо помощи ставить перед собой те или иные задачи, цели, планировать свою деятельность и осуществлять ее [1,с.18].

Понятие образовательной самостоятельности является недостаточно разработанным в педагогической науке. За последние десять лет исследователями было предпринято несколько попыток раскрыть сущность данного понятия и определить его суть.

Впервые термин «образовательная самостоятельность» встречается в работах С.М. Абрамова [2]. Источником образовательной самостоятельности, по его мнению, выступают эмоции (любопытство, удивление, т.п.) и чувства (любознательность, т.п.), потребности и интересы личности, стремящейся углубить свои знания путем индивидуального изучения интересующего ее материала или совместно с другими лицами, которые ставят перед собой аналогичные цели по самосовершенствованию и самообразованию. Под образовательной самостоятельностью автор понимает наличие цели, активизирующей познавательную деятельность человека, нравственный долг и моральную ответственность, жизненный и духовный опыт, определенный комплекс знаний, умений, навыков, а также совокупность действий, программирующих его образовательную деятельность.

Следует заметить, что такое понимание автора образовательной самостоятельности тесно связано с зарубежной теорией саморегуляции личности и, следовательно, с концепцией «саморегулируемого обучения» («self-regulated learning» - Эдвард Дичи, Ричард Риан, Альберт Бандура, М. Боекаертс, Дж. Биггз, Филип Кэнди, Бэрри Зиммерман, Дейл Шунк, И. Янг, П. Эртмер, Л. Корно, Михаэль Пресли, М. Мартинез-Понс, Дж. Борковски, Филип Винне, Г. Гиббс, Д. Тинклер и другие). Саморегулируемое обучение предполагает самостоятельную постановку цели, регуляцию и контроль обучения самим обучающимся, развитие мотивации к обучению и проявление усилий на пути к академическим достижениям. Успешность обучения в данном случае зависит от контекстуальных, средовых и социальных факторов, которые направляют и стимулируют его процесс.

Е.А. Таранчук в своем диссертационном исследовании «Организационно-педагогические условия формирования образовательной самостоятельности студентов педагогического вуза» продолжает развивать идеи образовательной самостоятельности, выделяет ее компоненты и поясняет, чтопроцесс формирования образовательной самостоятельности состоит в изме-нении характера самообразовательной деятельности – от осознанного усвоения знаний к пониманию значимости способов их освоения для осуществления непрерывного процесса самообразования и затем, к управлению самообразовательной деятельностью [3].

Условиямиформирования образовательной самостоятельности, считает Е.А. Таранчук, являются:

- актуализация образовательного потенциала студентов в процессе работы над предметным содержанием учебной дисциплины;
- организация ситуационного обучения;
- включение студентов в автономную образовательную деятельность.

Все авторы сходятся во мнении, что образовательная самостоятельность является интегральным качеством личности, не дается человеку от рождения, а формируется по мере взросления и развития и предполагает наличие определенной степени интеллектуальной и поведенческой автономии.

Рассматривая образовательную самостоятельность как образовательный результат, следует отметить, что структура образовательного результата иерархична и представляет собой своеобразную рамку, помогающую ориентироваться на предельные достижения в своей образовательной деятельности, а также на появление новых качественных личностных и когнитивных изменений. Образовательные результаты формулируются на двух уровнях: на уровне способностей и на уровне соответствующих им компетенций. Таким образом, структура образовательной самостоятельности студентов вуза представляет собой совокупность личностных характеристик, необходимых для получения определенных образовательных достижений и компетенций, развившихся в процессе их образовательной деятельности.

Представляя комплексные личностные новообразования в виде образовательных результатов, мы получаем иное видение всей структуры личности человека, что дает основание для появления новых способов оценки его образовательных достижений. Меняется представление о возможностях и способностях человека. Никто не оспаривает факт многогранности, многоструктурности и сложности личности человека, но еще не найдены ответы на многие вопросы и продолжается поиск путей, которые позволили бы человеку заглянуть в себя, научиться познавать и управлять прежде всего собой, своей жизнью и лучше понимать других.

Проблема воспитания самостоятельности будущих педагогов-музыкантов является одной из актуальных в музыкальной педагогике. Ее значимость, прежде всего, определяется специфичностью подходов к овладению музыкальным мастерством как разновидностью художественного творчества. Основной предпосылкой сформированности структуры самостоятельности в исполнительском классе выступает развитие самостоятельности мышления личности и, соответственно, воспитание умения инициативно и творчески созидательно заниматься на музыкальном инструменте.

В период обучения в инструментальном классе должна выдвигаться цель развития у студента способности самостоятельного и творческого решения той или иной проблемы в условиях самостоятельной профессиональной деятельности. Б.Л. Кременштейн подчеркивала: «Выходя на самостоятельную дорогу, молодой музыкант должен уметь ставить перед собой определенные творческие задачи и разрешать их с большей или меньшей степенью мастерства, в зависимости от таланта и уровня культурно-художественного развития» [4, с.3].

Развитие самостоятельности студентов в ходе их обучения игре на музыкальном инструменте рассматривается как одно из ключевых направлений педагогической работы и формулируется в виде важнейшего методического принципа данного процесса. В современной музыкально-педагогической науке самостоятельность исследуется в нескольких аспектах: в качестве характеристики личности («самостоятельность личности»); в качестве интеллектуальной деятельности обучаемого («интеллектуальная самостоятельность», «самостоятельность мышления») и в качестве наиболее общего показателя – «творческая самостоятельность».

В целом ряде работ музыкантов-исследователей России и Казахстана (Э.Б. Абдуллин, Ю.Б. Алиев, Л.Г. Арчажникова, Р.Р. Джердималиева, А.А. Калыбекова, Т.А. Кишкашбаев, Г.А. Колесникова, И.Н. Немыкина, Л.А. Рахимбаева, Г.М. Цыпин и др.) самостоятельность обучающихся связывается с творческим характером процесса овладения музыкальным мастерством, его сущностью и направленностью. Поскольку становление самостоятельности будущего музыканта происходит в условиях творческой деятельности и своею целью имеет творческие достижения, в музыкальной педагогике утвердилась точка зрения, определяющая самостоятельность как «творческую самостоятельность».

Автор Байтас Н.О. отмечает, что самостоятельная деятельность способствует самоактуализации студентов, развитию у них самостоятельности, инициативы, активности, творческих проявлений [5, с.281].

Применительно к процессу инструментального исполнительства, творческая самостоятельность, трактуется как способность самостоятельно осуществлять весь цикл работы над произведением, создавать свой образ музыкального текста, а также характер исполнения музыкального произведения. Л.А. Рахимбаева указывала, что творческая самостоятельность «включает, прежде всего, умение поставить и решать исполнительскую задачу, выбрать для ее воплощения необходимые средства выразительности, анализ и оценку собственного исполнительского опыта и исполнения товарищей, умение словесно-логически охарактеризовать исполняемое произведение» [6,с.29].

Самостоятельная деятельность студентов предполагает введение в нее формирующихся операций и перенос ранее сформированных операций, навыков и умений в новые условия (например, при освоении нового музыкального стиля, произведения и т.д.). Основой развития самостоятельности в учебно-исполнительской деятельности является воспитание творческого мышления, важными условиями формирования которого являются активизация восприятия и музыкально-теоретических обобщений, основанных на взаимодействии в музыке логического и эмоционального начал. Мы думаем, что указанные параметры и являются основой для воспитания самостоятельности обучаемого.

Основой учебного процесса в инструментальном классе является непосредственный контакт с музыкой, изучение и постижение эмоционально-художественного образа сочинения, заключающееся для исполнителя в последовательном приближении к возможно более высокому качеству воплощения творческого замысла. Принципиально можно говорить о двух важнейших направлениях работы инструменталиста: одно ведет к накоплению исполнительских навыков и умению заниматься, другое – к пониманию музыки, а оба они – к развитию самостоятельности личности.

Итак, работа студента над произведениями заданными для самостоятельного изучения, является высшим и наиболее трудным этапом овладения навыками самостоятельности в учебно-исполнительской деятельности. Самостоятельная работапредставляет собой микромодель его будущей профессиональной деятельности, так как все стадии работы (выбор – разбор - исполнение) студент проходит самостоятельно, без помощи педагога. Поэтому умение самостоятельно выучивать музыкальное произведение – один из показателей владения и определенными педагогическими навыками. В условиях подобной «независимой» деятельности от студента потребуется не только применение всего арсенала соответствующих знаний, умений и навыков, но и значительная творческая отдача.

1. Дроботенко Ю.Б. Непрерывное образование как фактор развития автономности и самостоятельности личности // Сборник научных статей V международной научно-практической конференции «Управление качеством образования: проблемы непрерывного образования».Екатеринбург,2006. Ч. I. – с. 17-19.

2. Абрамов С. М. Генезис образовательной самостоятельности студентов в процессе дистанционного обучения: Автореф. дис. … канд. пед. наук. Екатеринбург, 2003.

3. Таранчук Е.А. Организационно-педагогические условия формирования образовательной самостоятельности студентов педагогического вуза: Автореф. дис. … канд. пед. наук. Красноярск, 2008.

4. Кременштейн Б.Л. Воспитание самостоятельности учащегося в классе специального фортепиано. 2-е изд. М., 2003. – 148 с.

5. Байтас Н.О. Самостоятельная художественная деятельность как средство развития творчества детей дошкольного возраста. // Вестник. Серия «Педагогические науки» №2 (42), 2014.С. 280-282.

6. Гайдай С.Н. Методика самостоятельной работы над фортепианным произведением: учебное пособие / Забайкал. Гос. Гумм.-пед. Ун-т. – Чита, 2009. – 108 с.

Түйіндеме

Мақала болашақ педагог-музыканттардың аспаптық сыныптың оқу барысында өз бетінше білім алу дағдыларын игеру мәселесіне арналған, себебі ол музыкалық педагогикада өзекті болып келеді. Дербестік білім алу аспаптық сыныпта білім алу қызметінің барысында дамыған, адамның жеке мінездемесінің бірлескен жиынтығын, сонымен қатар белгілі жетістіктермен құзырлықтарын алуға қажет. жетістіктері мен адамның тұлғалық мінездемесінің бірлестігін қосады

Тірек сөздер: дербестік, білім алу ынтасы, өз бетінше білім алу, шығармашылық дербестік, аспатық сынып.

Summary

The given article is devoted to the development of students independence of specialty «musical education». Desire to develop, and therefore to learn throughout life, is greatly facilitated by the manifestation of the educational initiative and responsibility, indicating that developed educational autonomy of the person. Educational autonomy is an educational

outcome, including the collection of personal characteristics of the person required to obtain certain educational achievements and competencies developed in the course of its educational activities in an instrumental class.

Keywords: independence, educational initiative, independent form, creative independence, instrumental class.

УДК

ХАЛҚЫМЫЗДЫҢЕҢБЕК ДӘСТҮРЛЕРІ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН МЕКТЕПТІК «ЕҢБЕККЕ БАУЛУ» ЖӘНЕ «ТЕХНОЛОГИЯ» ПӘНДЕРІН ОҚЫТУ ҮРДІСІНДЕ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТӘРБИЕЛІК МАҢЫЗЫ

Ә.Қамақ – *п.ғ.к., профессор*
А.Этиева – *кәсіптік білім мамандығы магистранты*
Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті

«Қазақстан Республикасының білім туралы мемлекеттік саясаты тұжырымдамасында» білім беруді реформалаудың басты стратегиялық нысанасы – инновациялық-шығармашылық ойлау қабілеті, дүниетаным мәдениеті, қоғамдық әлеуметтік өмірге этикалық жауапкершілік қатынасыжоғары деңгейдегіжаңа адам генерациясын қалыптастыру деп нақты көрсетілген.

Бұл мемлекеттік міндеттер, бүгінгі мектептік білім беру жүйесін жаңа оқыту технологияларымен байыту, тәрбие мазмұнын қоғамдық талаптарға сәйкес гуманизациялау талаптарымен жүзеге асырылатыны белгілі. Өйткені, бүгінгі мектеп оқушылары – болашақ кәсіби маман, ертеңгі «Мәңгілік Ел» Ордасының басты тұлғасы. Сондықтан, жас ұрпаққа білім берудің бүгінгі таңдағы негізгі мақсаты – түрлі ғылым саласындағы білім мазмұнын білік пен дағды тұрғысында ғана игертіп қоймай, әлемдік білім стандарты талаптарына сәйкес ізденімпаз, шығармашылықпен ойлай алатын, жинақтаған білімін болашақта кез-келген ортада жоғары шеберлікпен қолдануда өз шешімін таба білетін, кәсіби маманданған жеке тұлға ретінде даярлау.Бірақта, жоғары сапалы кәсіби білімпаздық жемісін туған ел қажетіне жарату, тұлғаның ұлттық санасы, отансүйгіштік қасиеті сапасымен бірлікте дамуымен тікелей байланысты екені белгілі. Бұл мәселенің маңыздылығын «...адамға ең алдымен тәрбие керек....» деп басталатын әл-Фараби бабамыздың өсиетті сөзі дәлелдеп береді.

Ұлттық саналы тәрбие тағылымдарының мұралары - халық даналығының сарқылмас қайнары ретінде, жеке адамды қалыптастыру ісінде пайдаланудың қажеттілігін қазақ даласының ойшылдары (Қорқыт-ата, әл-Фараби, Жүсіп Баласағұн, Махмұт Қашқари, Ахмет Ясауи), педагогтар мен ағартушылары (Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев, А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, М.Дулатов, Ж.Аймауытов т.б.) өз еңбектерінде дәлелді сипаттама бергені мәлім [1].Өз ұлтын қадірлеп-қастерлеген, халқының болашағы үшін қызмет еткен Ж.Аймауытов: «Мен халыққа кіндігіммен байланып қалғанмын. Оны үзе алмаймын. Үзу қолымнан келмейді» — дейді.

Халқымыздың ұрпақ тәрбиелеудегі тәсілдері мен тәжірибелері мол.Ғасырлар бойы қалыптасып, бүгінгі күнге дейін жеткен тәлімдік салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрып үлгілері, өнегелері соның айғағы. Ұрпағын «Сегіз қырлы, бір сырлы» азамат етіп тәрбиелеу қағидасының мазмұнында, қоғамның мәдениетін дамытушы тұлғаны қалыптастыруға қажетті тәлім-тәрбиенің барлық түрлері қамтылған. Солардың ішінде еңбектәрбиесін - барлық тәрбиенің қайнар көзі санаған халқымыз: «Еңбек етсең, емерсің»,«Ата көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер», «Өнерліге өріс кең», «Еңбек ер атандырады» т.с.с. толып жатқан мақал–мәтелдеріндегі еңбектің адам өміріндегі маңызын дәріптейтін халық даналығы сөзімізге дәлел. Жас ұрпақты еңбексүйгіштікке, іскерлікке баулу қазіргі кезеңде ауадай қажет. Өйткені ендігі уақытта қолынан іс келмейтін адам өмірден өз орнын таба қоюы екіталай.

Ата-бабаларымыз тәлім-тәрбиенің басы – көшпенді өмірге тән шаруашылыққа байланысты еңбекке баулу, сол арқылы ұрпақ бойында туған еліне, жеріне деген азаматтық қадір-қасиеттерді сіңіруді көздеген. Ата-ана өзінің еңбек тәжірибелерін, ауыз әдебиетінің үлгілерінің мазмұнын, өз ортасына әсемдік енгізуде сәндік-қолданбалы қолөнер шығармашылығын жас ұрпақты еңбексүйгіштікке баулудың басты құралы етіп пайдаланғаны мәлім. Сондықтан, «халқымыздыңосы саладағы рухани-мәдениетінің құндылықтарын, мектептік оқу-тәрбие үрдісінде тиімді пайдалану, ел болашағы – бүгінгі жас ұрпақтыңұлттық тәлім-тәрбиесін дамытудың басты міндеттері саналады» [2].

Тәуелсіз Қазақстанның, экономикасы мен өнеркәсібі, мәдениеті мен өркениетідамыған әлемдік елу елдің қатарынан орын алуда, ғылым мен техниканың заманауй инновациялық технологияларымен қаруландырумен бірге, стратегиялық міндеттердің маңызды бағыттарының бір саласы - халқымыздың руханиматериалдық мәдени құндылықтарын бүгінгі жас ұрпаққа игерте отырып, сақтап қалу, болашаққа

жеткізу.XXI ғасыр – ақпараттық, технологиялық, кәсіби-өндірістік шығармашылыққа, ұлттық рухани мәдениеттілікке аса мұқтаж дәуір.Ал сол мұқтаждықты іске асыруда саналы тәбие, қоғамдық тәртіп керек. Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептері оқушыларын еңбекке тәрбиелеу мен оқыту тұжырымдамасында: "... еңбекке дайындау ісіндегі тағы бір өзекті кемшілік қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан қосалқы көркем өнерін, халық зергерлерінің мұрасын, малшаруашылығын үйрету кеңінен өріс алған жоқ" – деп біздің мектеп өміріндегі білім берудегі кемшіл тұстарымызды көрсеткен болатын[3]

Жоғарыда айтылған жас ұрпақты еңбекке баулудың оқу-тәрбие үрдісін білім берудің заманауй талаптарына сәйкес жандандыру, тәрбиелеу проблемаларының қазіргі педагогикалық зерттеулердегі мазмұны, негізінен, балалардың практикалық еңбек іс-әрекеттерін, жасау, орындау технологияларын меңгеру, атқару дағдылары, іскерліктерін дамытуға баса көңіл бөліп, оқыту мен білім беруде, жас ұрпақтың рухани мәдениетін қалыптастыру мәселелері сырт қалғанын, жеткілікті шешімін таппай жатқанынкөреуге болады, осы бағытта ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуді қажет етеді.

Еліміздегі жаңа бетбұрыстар, саяси-экономикалық көзқарастар аясында өткен тарихи кезеңдердің рухани-материалдық мұраларынзерттеу нысанасы - халықтың дәстүрлі қолөнері. «Өнерден қуат алмаса тіршіліктің шырағы өшеді»-деп М.Әуезов айтқандай, өсіп келе жатқан ұрпағымызға өз халқының төл өнері байлығынтанып білуге баулу, олардың болашақ өмірінің эстетикасын, туған ел мәдениетіне деген сүйіспеншілік көзқарасын тәрбиелеуге зор мүмкіндік жасайды.Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев,ел мәдениеті туралы жобаларында, бағдарламаларында, жыл сайынғы Жолдауында - ұлт тарихын, ата-бабалар салт-дәстүрін, рухани мәдениетін игерту арқылы, жас ұрпақты отансүйгіштікке, еңбексүйгіштікке баулу, сол құндылықтар арқылы тәлім-тәрбие мазмұнын ізгілендіру мәселелеріне үлкен мән беріп отырып: «Болашақта еңбек етіп, өмір сүретіндер – бүгінгі мектеп оқушылары. Мұғалім оларды қалай тәрбиелесе, Қазақстан сол деңгейде болады, сондықтан ұстазға жүктелетін міндет ауыр» - деп, педагог-ұстаздар алдына үлкен талаптар қояды[3].«Қазақстан-2050» стратегиялық бағыты бойынша жолдауында, Президент, қазақ халқының ғасырлар бойы аңсап өткен: тұрмысы бақуатты, түтіні түзу ұшқан, ұрпағы ертеңіне сеніммен қарайтын бақытты Ел болу арманын жүзеге асыратын «Мәңгілік Ел» іргетасы қаланғанын жариалады. Жолдаудағы жалпыұлттық 7 құндылық аясындағы рухани-мәдениет құндылықтары негізінде жас ұрпаққа ұлттық тәрбие беретін болашақ маман ұстаздар даярлау міндеті: «Жоғары оқу орындарында, болашақ мұғалімдерді даярлаудың білім мазмұнын жандандырудың басты бағыты, еліміздің және адамзат тарихымен, мәдениетімен, Қазақстанның ұлттық ерекшеліктерімен тығыз байланыста ұлттық рухани мәдениетімізді өрлету негізінде мұғалім тұлғасының шығармашылық потенциялын дамыту», - депкөрсетілген[4].

Әр ұлт ұрпағының ой-өрісі, тұлғалық қалыптасуы мен тәрбиесі,туған халқының өмір дәстүрлерінің, рухани-материалдық мәдениеті мұраларының, сол мұраларды жасайтын еңбек дәстүрлері болмысының, туған жер табиғаты сұлулығының, т.б. факторлардың ықпалымен қалыптасады [5].

Бұл мәселелерді, еңбек пәндері мазмұнындағы білім мен тәрбие үрдісінде басшылыққа алмасақ, онда жас ұрпақтың еңбек мәдениетін қалыптастыруда үлкен қателіктерге тап боларымыз сөзсіз. Ол – оқушылардың туған халқының мәдени мұраларына деген кереғар қатынасқа бой ұруына әкеп соғуы мүмкін.Бұл талап, жас ұрпақты өз еліне, халқына деген патриоттық қатынасын қалыптастыратын тәлім-тәрбие көздері неде? Ұлттық рухани-мәдениет құндылықтарының табиғаты мен мазмұнын оқушы жастарды иландылыққа, ұлтжандылыққа, еңбексүйгіштікке, т.б. қадыр-қасиеттерге тәрбиелеуде пайдаланудың құралдары, әдістері қандай болу керек, қайдан алу керек? – деген сұрақтарға жауап іздей отырып, ол құндылықтарды, мектептік түрлі пәндердегі білім мазмұнымен өзара ұштастыра меңгертудің сындарлы жолдарын іздестіру, тәрбие ісіне енгізу әрбір мұғалімнің басты міндетіне айналуы тиіс екенін көреміз.

Қазақстан Республикасының «Еңбекке оқыту және тәрбиелеу» тұжырымдамасында «Еңбек негізін мектеп жасынан қалыптастырмай олардан іскерлер шықпайды» деп атап көрсетілгендей, еңбек сабақтарында және еңбек іс-әрекеттерімен тікелей байланысты қолөнер үйірмелерінде, ұл балаларға - ағаштан, металдан, т.б. табиғи немесе өндірістік материалдар қалдықтарынан тұрмыстық бұйымдар, зергерлік заттар үлгілерін жасату және сәндеу жолдарын, қыз балаларға - өю-өрнектермен кестелеу, шілтер тоқу, сырмақ сырудың, кестеленген тұскиіз, аяққап, құрақ құрау т.б. түрлі қазақ тұрмысында қолданылған тұрмыстық бұйымдар үлгілерін жасату, ою-өрнектермен әшекейлеу жұмыстарын орындауға баулу, оларды, ата-бабалар еңбек дәстүрлері негізіндегі құнды рухани мәдениет мұраларымен қауыштыруға жетелейді.

Оқушының еңбексүйгіштік тұлғасын қалыптаструда халықтың рухани және материалдық мәдени құндылықтарын мектептегі еңбек пәндері «Көркемдік еңбек», «Технология» сабақтары мазмұнында

Б.К.Мустафина – *Х.Досмухамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің магистранты*

Түйіндеме. *Мақалада бастауыш мектеп оқушыларының өзіндік танымының қалыптасуын құндылық тұрғысында қарастыру көзделеді.*

Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақ елі- мәңгілік ел» идеясы қоғам алдына рухы биік азаматтарды, өз- өзіне сенімі мықты патриот - азаматтардықалыптастыруды көздейді[1].

Үздіксіз білім беру жүйесіне«Өзін - өзі тану» пәнін енгізу арқылы тұлғаның“өзін-өзі тану”,“өзін-өзі бағалау”,“өзін-өзі жетілдіру”,“өзіне-өзі сену”, “өзін-өзі дамыту” сынды қасиеттердіменгерту, бойына сіңіру баса назар аударылуда.Қазіргі таңда үздіксіз білім беру жүйесінде оқытылып жатқан«Өзін-өзі тану» пәнінің тұлғаның рухани - адамгершілік құндылықтарын қалыптастыруда маңызы ерекше. «Өзін - өзі тану» пәні Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2010 жылы15 қаңтарда № 6 бұйрығымен1-11сыныптарға енгізілді. Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысымен 2012 жылы 29 маусымында № 873 бұйрығымен «Өзін - өзі тану» пәнінің кешенді типтік бағдарламасы оқу-әдістемелік құралдар білім беру жүйесіне енгізілді. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2013 жылы15 қаңтарда №11 бұйрығымен «Өзін - өзі тану» бойынша рухани – адамгершілік білім берудің республикалық кеңесі құрылды.

«Өзін - өзі тану»пәнітұлғаның бойындағы рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыруға бағытталады. Тұлға – бұл әлеуметтік байланыстардағы және әлеуметтік қатынасқа түсетін адам, қоғам мүшесі, оған қоршаған орта әсер етеді, ол саналы түрде адамдармен және әлеуметтік құбылыстармен қарым – қатынас орнатады.Қабылдау қабілеті әр адамда әр түрлі, бірақ жеке тұлға әлеуметтік ортада өзін дара ұстайды және өз қарым – қатынастары үшін есеп бере алады.

Мықты және Қуатты Қазақстанмемлекетін қалыптастырып дамытудаұрпақтың бойында ұлттық сананы, тарихи сананы қалыптастыруда үздіксіз білім беру жүйесіңбасты орын алатыны белгілі.

Н.Ә. Назарбаев «Біз өзіміздің тілімізді, дінімізді, жеке бас ерекшелігімізбен сақтай аламыз, және біз осы рухпен біздің жастарды тәрбиелеуіміз тиіс",-деген тұжырымыбілім беру жүйесінің негізгі идеясы болып табылады.

Тұжырымдамада «Өзін-өзі тану мен өзін-өзі дамыту қажеттілігін қалыптастыру- өзін-өзі тану жастарға қоршаған ортаны түсінуге, оған өзінің қатыстылығын саналы сезінуге, қоршаған ортаға өзінің көзқарасын жалпы адамзаттық құндылық ұстанымында жүйелеу,өзінің өмірлік ұстанымын анықтауға көмек беру үшін қажет. Өз өзін-өзі тануөзін дамытудың, жеке тұлғаның дербес белсенділік көрсетуінің, өзінің қабілеті мен әлеуеттік мүмкіндігін ашудың қажетті шарты болып табылады. Адам – адам, адам - қоғам, адам - техника, адам - табиғат жүйесіне терең білім қалыптастыру; Өзін-өзі танунәтижесінде адам өзінің дербес өсу және өзін-өзі жетілу қабілетіне ие болады. Сөйтіп, адам толысуын, өмір рахаты меноның мәнін жете түсінеді», - деген бағыт өзіндік танымы құндылық тұрғысында негізгі ұстаным болып табылады[2].

Бастауыш мектеп оқушыларының рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастырудың теориялық негіздері қазақ халқы рухани құндылықтарға аса мән бергені, ұлттық мәдениетімізді дамытуға, рухы биік ел болуға ұмтылғаны туралы ғылыми деректері аса құнды құжат болып табылады. Бүгінгі таңдағы “Қазақ елі – Мәңгілік ел”, “Нұрлы жол”идеяларынанда кезіндегі бабаларымыз негізін салған “Қасым ханның қасқа жолы”, “Есім ханның ескі жолы”, “Тәуке ханның Жеті жарғысы” идеяларының сабақтастығын

көреміз. Бүгінгі бізге жеткен ауызша және жазба мұралардан қазақ елінің рухы биік халық болғанын аңғаруға болады. Рух дегеніміз адамның ішкі жан дүниесі арқылы көрініс бере отырып, бүкіл ұлттың бойына сіңісті болатын асыл қасиет (туған жерге, елге, Отанға деген сүйіспеншілік, ұлы бабаң аманат-таған жерді көзіңнің қарашығындай сақтау, тілге деген құрмет, ұлттық мәдениет пен дәстүрлерді білу, оның аманатретінде ұрпақтан - ұрпаққа жалғастыру, т.б.) тұрғысынан бағалауға болады.

Белгілі тарихшы М.Қозыбаев "Рух – туған жер, туған ел, ана тілі, ата тарихы, ұлт менталитеті ұғымдарымен, түйіндеп айтқанда, Отанмен тағдырлас. Рухты жан қара басын күйттемейді, олар, Отан, халық, ұлт деп толғанады. …Рух адам баласының жан дүниесінің арқауы"[3,254]. Ғалым рухты Отан-анамен, туған жер, туған ел, ана тілі, ата тарихы, ұлттық ділмен, тұлғаныңжандүниесімен байланыстырып беріп отыр.

Психолог О.С.Сангилбаевтың «Адамның өзінің құндылығы неден тұрады?» -деген сұрақ қоятын болсақ, онда жауаптар осыншама біржақты бола қоймайды дейді. Біреу талантқа, өзге біреулер басқа адамдармен қатынас орната білетініне үміт артатын болады, ал енді біреу өмірдегі және еңбектегі табыстарды қолайлы қалыптаса қалған жағдайлармен түсіндірер.

Отбасының, білім беру мекемелерінің міндеті ниет етілген нәтижелерге қол жеткізу мақсатында өсіп келе жатқан адамның тұлғасына тікелей әсер етуден емес, өзін-өзі құру, өзін қалыптастыру және өзін-өзі тәрбиелеуі үшін жағдай жасаудан, механизмдерін өзектендіруден тұрады», - деп атап көрсетулері тұлға-ның өзінің мүмкіндіктерін күн өткен сайын тереңірек танып-білуі, өз өмірі мен қызметінде максималды пайдалануа білуінен тұратының көреміз[4].

П.И. Пидкасистый құнды қатынастардытәрбие үрдісінің мазмұны ретінде ұсынады. Қарым - қатынас-кез келген ұстаздыңоқу - тәрбие үдерісінің негізгі ұстанымы болуы қажет екені белгілі.

П.И. Пидкасистый құндылықтарды жетіге бөліп қарастырады: құнды қатынастар- тәрбие үрдісінің мазмұны; адам құндылық ретінде; өмір құндылық ретінде;қоғам құндылық ретінде; еңбек құндылық ретінде; табиғат құндылық ретінде қарастырады (Кесте 1)

Кесте 1- Құнды қатынастар- тәрбие үрдісінің мазмұны (П.И. Пидкасистый бойынша)

№	Тақырыбы	Мазмұны
1	Құнды қатынастар-тәрбие үрдісінің маз-мұны	Қоршаған ортаның субъектілері мен объектілерінің санасында таңдалып жасалады.Объективтік шыңайылықтағы өзінің менін сезіну, түсіну. Қарым қатынасты құру, бағалау, өміріне «мен» қаншалықты қажет екеніе түсіну. Адамөміріне бағалы қарым қатынас.
2	Адам - құндылық ре-тінде	Адамең жоғары құндылық. Балалардыңадамдарға деген құнды қарым – қатынастарының қалыптасуын тәрбиелеу бағдарламасының негізін құрайды.
3	Өмір -құндылық ре-тінде	Өміргедеген бағалы қарым- қатынастар: әр адамның өмір сүруге құқығы бар; өмір көріністерінедеген қамқорлық қатынастарды сақтауға ұмтылу; өмірді оның әртүрлігімен қабылдау; өмірге қабілетіне қарай әсеретуі; адамның мәртебесіне сайкелетінөмір сүру салты; ойластырылған өмірлік көзқарас; өз өмірінің субъектісі ретінде оны саналы құру.
4	Қоғам -құндылық ре-тінде	Қоғам бала үшін құнды қатынастардың қалыптасуы. Отанға деген құнды қатынас. Адамға, табиғатқа, тілге, әдебиетке, өнерге, өз елінің тарихына, рәміздерге, қайраткер адамдарға, ғылыми жетістіктерге, барлық оқиғаларға, отандағы қайғылы, қуанышты, ұмтылыс тудыра-тын құбылыстарға қатынас.
5	Еңбек -құндылық ре-тінде	Еңбекке құндылық қатынас жоғарыда айтылған құнды қатынастарды жандандырады. Еңбекті бағалай білуі баланы жастайынан денелік және рухани істерге үйрете білуі кіреді.
6	Табиғат -құндылық ретінде	Білімнің маңызды бөлігі табиғатқа қатынас жүйесі болып табылады. Тұлғатабиғаттың бір бөлігі ретінде табиғатқа құнды қатынас ретінде, табиғат үйіндегі мәдениет жасампазы, саналы және шығармашыл, табиғатты сақтау және көбейту жауапкершілігін өзіне алады.

Жоғарыда П.И.Пидкасистыйдың айқындаған құндылық қатынастарынан тұлға бойындағы Отанға деген сүйіспеншіліктен бастап, адамға, табиғатқа, еңбекке, қуаныш пен қайғығадеген қатынастар арқылы олардың бойындағы рухты қалыптастыруға жағдай жасаудыңкепілі екенін көреміз[5].

Белгілі ғалым Н.Е.Щуркова адам мен адамзат үшін жасалатын құндылықтар жүйесіне; Адам, өмір, табиғат, қоғам, жақсылық, ақиқат, сұлулық, еңбек, таным, қарым-қатынас, ойын, еркіндік, бақыт, ар- ұят, теңдік, әділеттілік, бауырластықты, кеңпейілділікті жатқызады [6].

Ш.А. Амонашвили мұғалім нұр таратушы және сыйлаушы жан,оқушы нұр іздеуші жан,әрбір бала ақкөңілділік, кеңпейілділік, тәрбиелі, рухани -адамгершелігі дамыған, санасы жоғары, шығармашыл, игілікті іс- әрекет, білімдерді менгеруге, өз ойын еркін жеткізе алатын, ерік-жігері мықты, елін сүйетін, адамзат тарихының сан ғасырлық мәдениетін қастерлейтін тұлға ретінде қалыптасуы керек», -дейді. Баланы өзін-өзі жасап шығаруға қатыстыратын педагогика - нағыз гуманистік педагогика деп атап көрсетеді [7].

Ал, «Ұлттық тәрбие» атты оқу құралында тұлғаның қалыптасуында қоғамдағы рухани қарым - қатынастың көріну формасының бірі ретінде басым құндылықтарды төмендегідей бөліп көрсетеді:

Жалпыадамзаттық құндылықтар- адам өмірі, бостандық, отбасы, қарым - қатынас, адам бақыты, ұрпақ жалғастыру, еңбек ету, табыс, ынтымақтастық, белсенділік, тәуелсіздік, махаббат, заңдылық, еркіндік, мәдениет, бейбітшілік, денсаулық және т.б.

Жоғары сапа деңгейіндегіXXI ғасырдағынемесеәлемдік жүйедегі құндылықтар - адам құқықтары, демократия, азаматтық қоғам, өркениет, әлемдік мәдениет және т.б.

Әлеуметтік құндылықтар -әлеуметтік орта, статус, бедел, намыс, абырой, парыз, қарыз, тұрмыс, теңдік, еркіндік және т.б.

Рухани адамгершілік мәдени құндылықтар – өнер, мәдениет, әдебиет, тарих, тіл, діл, ар, ұят, дәстүр, әдет- ғұрып, салт, ұлттық дүниетаным, туыстық қатынастар, Отан, Ана, Жер және т.б.[8].

Рухы күшті халық тұрғандажер де, ел де бар, халық бар, сенің тілің мен мәдениетін дамиды, рухын биіктеп, әлемдік өркениет көшіне ілесе алатынмәңгілік елге айналады.

Рухани-адамгершілік құндылық адамның күнделікті өзінің табиғи жаратылысы мен өзін-өзі тану, қабылдауы, түсінуі, сезінуі арқылыішкі жан дүниемен, ішкі әлемменсыртқы ортаның ықпалы нәтижесінде дамып, қалыптасқантұлғаның тәрбиелік деңгейін, жеке -даралық қасиеттерінің сипатын айқындайды.

Бастауыш сынып оқушыларының рухани - адамгершілік құндылықтарын қалыптастыруда алдына қойылған негізгі ұстанымдар: бірінші, оқушы өзінің іс – әрекетін бақылау, яғни өзін-өзі бақылау, әр жасаған іс-қимылын, яғни, өзін-өзі талдау, тұлғасын үлгілеу, өз басындағы қасиетте, жүріс-тұрысында динамикалық өсуін анықтап, өз тарапынан және мұғалім тарапынан бағалау негізгі орын алды.

Қазіргі педагогика ғылымында оқушынысубъект тұрғысынан қарастыру мәселесі алға қойылғаны белгілі. Өзін -өзі тану–кез келген тұлға өзің субъекті тұрғысынан қарастыра отырып, ішкі кедергілерді жеңу, өмірде өзінің нақты орнын табуы, қабілеттілігін дамыту негізгі құндылық тұрғысынан қарастырамыз. Оқушы бойындағы сүйіспеншілік, мейірімділік, қайырымдылық, қамқорлық, сыйластық секілді рухани құндылықтарды қалыптастыруға бағыттай отырып, көзделген нәтиже- оқушының шығармашылық дамуы, өз бойындағы жағымды қасиеттерді аша білуі, мінез- құлық мәдениетініңқалыптасуы және қоғамдық әлеуметтік ортада өзін –өзі ұстауында рухани құнды қасиеттердің нақты көрініс беруі.

Бастауыш сынып оқушыларының рухани - адамгершілік құндылықтарын өзін-өзі тану арқылы қалыптастыру дегеніміз – рухы биік, қайырымдылықты, ізгілікті, тазалық пен арлылықты өз бойына сіңірген, елі мен жерін сүйетін, білімді менгерген тұлға деп қарастырамыз.

1. *Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан жолы-2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» жолдауы. – Астана, 2013.*
2. *Қазақстан Республикасы үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбиетұжырымдамасы.Білім және ғылым Министрінің 2009 жылғы 16 қарашадағы № 521 бұйрық.Астана. -2009. – 29 б.*
3. *Қозыбаев М.Қ. Жауды шаптым ту байлап. – Алматы: Қазақстан, 1994. – 192 б.*
4. *Пірәлиев С.Ж., Саңғылбаев О.С., т.б.Өзін тану және дамыту (оқу құралы) – Алматы: Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, 2011. -250 бет.*
5. *Пидкасистый П.И. Педагогика. Аударғандар: Г.К.Ахметова, Ш.Т.Таубаева. Алматы: Қазақ университеті, 2006. – 336 бет.*
6. *Шуркова Н.Е. Практикум по педагогической технологии. –М.: 1998.*
7. *Амонашвили Ш.А.Основыгуманной педагогики.Школа жизни. Книга 3. Грузия. 2011.*
8. *Пірәлиев С., Иманбаева С.Т., Төлеубекова Р.К., Шолпанқұлова Г., Нұрғалиева Д. Ұлттық тәрбие. Оқу құралы. Алматы: Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті. 2014. – 229 б.*

Резюме.В статье рассматриваетсяформирование самопознанииучащихся начальных школкакосновы личностнойценности.

УДК:373.016:81

ОҚУШЫЛАРДЫҢКОММУНИКАТИВТІКТАНЫМДЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ТЫҢДАЛЫМЖӘНЕСӨЙЛЕСІМАРҚЫЛЫ ДАМЫТУ

Ж.М Ргаева – *2- курс магистр, екі шет тілі.,*
С.А Аскарова – *ф.г.к доцент, ғылыми жетекші Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы*

Аңдатпа: Қазіргі таңда шетел тілін оқытуда оқушылардың танымдық, коммуникативтік дағдыларын сөйлесім арқылы дамыту мәселесі өзекті мәселелердің бірі болып саналады. Сөйлеу әрекеті оқу әрекетімен тікелей байланысты, коммуникативті оқыту үдерісінде білім беру ауызша (тыңдалым, сөйлесім) жасауға тарту, қарым−қатынас жасай білу дағдысын қалыптастыру және дамытумен тығыз байланыста болады.Сондай−ақ,шетел тілін оқытудың жаңарту мәселесіне ерекше мән беріліп, инновациялық тәсілдерімен жаңаша оқыту технологиясын енгізіп оқушылардың қазіргі қоғамға сай білімді, кез-келген жағдаятта жоғарғы деңгейдегі мәдени қарым-қатынасты меңгерген,өзін-өзі басқара алатын, шығармашылық ізденістегі құзіретті тұлғаны қалыптастыру.

Шет тілін оқыту барысында сөйлесім, тыңдалым арқылы коммуникативті танымдық құзыреттілігін қалыптастыруда оқушылардың тілі оқытылатын елдің мәдени құндылықтарымен, оның тарихымен, географиясымен, әдебиетімен, ғылымымен, өнерімен танысуына мүмкіндік береді және сөйлеу этикасын орынды пайдалануды талап етеді. Мақалада шетел тілі сабақтарында коммуникативті танымдық, құзіреттілікті дамыту мәселесі коммуникативті сабақ түрлері берілді және оны сабақ барысында қолдану жолдары саралап қарастырылады.Қазіргі таңдағы үздіксіз жаңарып жатқан қоғамда өзге басқа дамыған елдермен қатар тұрып,өзге шетел мамандарына тең сөйлесе алатын іргелі ел болуымыз –білікті мамандарды даярлау қажеттілігінің дәлелдемесі.

Тірек сөздер: коммуникативті құзіреттілік, танымдық құзіреттілік, мәдени құндылықтар,когнитивті лингвистика, сөйлеу этикасы, грамматикалық құрылым, тілдік бірліктер, фразалық тұтастық, сөйлеу әрекеті, оқыту технологиясы.

Қазіргі таңда шетел тілін оқытуда оқушылардың танымдық, коммуникативтік дағдыларын сөйлесім арқылы дамыту мәселесі өзекті мәселелердің бірі болып саналады. Сөйлеу әрекеті оқу әрекетімен тікелей байланысты, коммуникативті оқыту үдерісінде білім беру ауызша (тыңдалым, сөйлесім) жасауға тарту, қарым-қатынас жасай білу дағдысын қалыптастыру және дамытумен тығыз байланыста болады. Сонымен бірге шетел тілін оқытудың жаңарту мәселесіне ерекше мән беріліп, инновациялық тәсілдерімен жаңаша оқыту технологиясын енгізіп оқуышылардың қазіргі қоғамға сай білімді, кез-келген жағдаятта жоғарғы деңгейден мәдени қарым- қатынасты меңгерген өзін-өзі басқара алатын шығармашылық ізденістегі құзіретті тұлғаны қалыптастыру. Қазіргі таңдағы үздіксіз жаңарып жатқан қоғамда өзге басқа дамыған елдермен қатар тұрып, батыспен байыпты сұхбат құрып, шығыспен шынайы қатынас орнатып, түстіктегі жұрттармен тең сөйлесе алатын іргелі ел болуымыз – білікті мамандарға тәуелді екендігін тағы да да көрсетті. Осыған орай,«Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстанды» құру біздің алдымызға үлкен мақсат қойып отыр.Ол – жеке тұлғаның және қоғамның, «парасатты экономиканың» қажеттіліктерінің қанағаттандыру үшін бәсекелестікке қабілетті білім беру жүйесін қалыптастыру. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкүндіктері» атты Қазақстан халқына 29 қаңтар 2010 жылғы жарияланған жаңа Жолдауында білім беру туралы «Жоғары білім сапасы ең жоғары халықаралық талаптарға жауап беруі тиіс. Елдегі ЖОО – лар әлемнің жетекші университеттерінің рейтингіне енуге ұмтылулары керек.2015 жылға қарай Ұлттық инновациялық жүйе толыққанды жұмыс істеп, 2020 жылға қарай елде енгізетін талдаулар,патенттер мен дайын технологиялар түрінде нәтижелерін беруге тиіс» - деп арнайы атап көрсетілген.**[1]**

Қазіргі кезеңде шетел тілін оқытуда студентттердің коммуникативті- когнитивті әрекетін және сөйлеу дағдысын дамыту ең маңызды. Ол - жоғарыда атап өткендей,сөйлеу әрекетін туғызу мен қалыптастыру үрдісін жоғары деңгейде ұйымдастыра білу. Шетел тілінде сөз әрекетінің жоғары деңгейде болуы коммуникативті – когнитивті әрекет элементтерінің оқушылардың бойында толық қалыптасуынан көрініс табады. Олар: коммуникативті – когнитивті әрекет,когнитивті коммуникативтік дағды. Аталған элементтерді шетел тілдерін оқып үйренудіңсөйлесім әрекетінде қалыптастыружәне оны студенттердіңбойында толық көрініс табуына мүмкіндік жасап,басқара білу де оқытушының шеберлігіне байланысты екендігін көруге болады. Яғни, оқытушының коммуникативтік тәртіп аймағында білім (қажетті тілдерді білу, педагогика және психология, логика, риторика, мәдениет және сөйлеу аймағындағы білімі) және коммуни-кативтілік және ұйымдастырушылық қабілеті (іскерлік қатынастарды нақты және жедел орнату, белсенділік таныту, тұлғаны дұрыс қабылдау және түсінунегізінде психологиялық әсер ету, қоршаған ортамен және оқшауланған адамдармен біріккен іс-әрекет кезінде белсенді әрекет жасау) болуы қажет. Сонымен қатар, оқытушы вербальды және вервальды емес қарым-қатынас мәдениетін (сөйлеу техникасы,

риторикалық амалдар, аргументация техникасын және шарттасуды жүргізу, кәсіби педагогикалық әдеп ережелерін сақтау, ұғымдық категориялық ақпаратты мақсатты түрде қолдану, сөйлеу мәдениетін меңгеру, вербальды емес құралдарды қолдану) меңгеруі тиіс.

Коммуникативті әрекет-шетел тілінің грамматикалық құрлымы мен тілдік бірліктердің қызметін толық білетін, лингвистикалық білімі сөз әрекетінен сөйлеу түрі жоғары деңгейде көрінетін, шетел тілінде еркін қарым -қатынас жасай алатын адамның тілге деген қабілеттілігі болса, коммуникативті – когнитивті дағды белгілі- бір тілдік ортада немесе арнайы ұйымдастырылған оқу үрдісінде қалыптасады. Студенттердің коммуникативтік- когнитивті дағдысын дамытуда мәтінмен жұмыс жасау аса маңызды орын алады. Мәтін лингвистикасы–өзінің теориясы мен практикасы бар салыстырмалы түрде алғанда жас (ХХғасырдың ортасы) дербес ғылым және оқу пәні. Мәтін лингвистикасында мәтіннің негізгі екі объектісі айқындалады:

- тұтас сөйлеу шығармасы– сөйлеудің кең мағнасындағы мәтін,макромәтін;
- күрделі фразалық тұтастық немесе күрделі синтаксистік тұтастық сөйлеудің тар мағнасындағы мәтін, микромәтін.

Қазіргі педагогика ғылымында негізгі базалық ілімдердің бірі «құзіреттілік» болып отыр.Құзіреттілік ұғымыбілімбілік және дағды ББД сияқты ұғымдарды қамтиды.Құзіреттілік оқыту нәтижесін білім және білік ғана емес сонымен бірге ол оқушылардың шығармашылық ізденіс нәтижесі тәжірибесі мен құндылық бағдарларының жүйесін де көрсетеді. .Құзіреттілік дегеніміз – тұлғаның бойында білім, дағды, іскерлік, ерік күш – жігердің болуы.Ол,ең әуелі мектептегі оқыту үрдісінде қалыптасады**[2].**Құзіреттілік – оқушының алған білімі мен дағдыларын тәжірибеде, күнделікті өмірде қандай да бір практикалық және теориялық мәселелерді шешу үшін қолдана алу қабілеттілігі. Сонымен, оқытудағы құзіреттілік білім беру нәтижесі ретінде оқыту сапасын қаматамасыз етеді және кешенді әдіс-тәсілдерді жүзеге асыруды, мектептегі оқыту сапасын бағалаудың біртұтас жүйесін құруды талап етеді. Құзіреттілік,нақты құбылыстарды танып білу мен түсіндіруде қазіргі заманғы техника мен технологияны игеруде практикаға ұштастырунда өзінің кәсіби білім алуға дайындығын бағалауда өмірден өз орнын таба білуге,өмірдегі кездесетін жағдайаттарды шешуге байланысты мәселелерді шешу біліктілігінің болуы.

Шетел тілі сабақтарында оқушылардың танымдық коммуникативтік құзіреттіліктерін қалыптастыру мен дамытудың маңызы зор.Ол үшін оқушылар қарым –қатынас моделдерін мәдениеттік стереотиптерді,мәдениет образдары мен символдарын білулері тиіс. Оқушылардың шетел тілінде емін еркін сөйлесуін қамтамасыз ете алады.«Коммуникативтік құзіреттілік» (латынның «***COMPETERE***»- қол жеткізу, сәйкес келу, сөзінен шыққан)- қажетті тілдерді,қоршаған адамдармен және оқиғалармен әрекеттестікте болу тәсілдерін білуді,топта жұмыс жасау дағдыларын,ұжымдағы әр түрлі әлеуметтік рөлдерді меңгеруді қамтиды.

Коммуникативтік құзіреттілік- екінші тілді үйренуші оқушыларға тілдің заңдылықтарын жаттанды үйретпей,сол тілді тілдік және қатысымдық тәсілдерді орынды қолданумен байланыстыру. Коммуникативтік құзіреттілік жеке тұлғаның рухани өсуін қалыптастырады, адамдарды түсіне білуіне көмектеседі **[3].** Білім берудің негізгі нәтижесі ретінде мектеп түлегі оқушыда, яғни жеке тұлғада төмендегі құзіреттіліктер болуы міндетті. Құндылықтарды бағалау қасиеті – жаңа қоғам өмірінде өз ролін таба білу, біліктілігі, азаматтық белсенділігі, саяси жүйені тусіну, ең алдымен–Отанының шынайы патриоты болу. Өз халқының және әлем елдерінің мәдениетін тусіну, білу, бағалау, жалпы адамзаттық мәдениеттің жетістіктері мен этномәдени құбылыстарды тану. Адамдар мен өзара іс – әрекет және қарым – қатынас жасау тәсілдерін білу, түрлі әлеумметтік топтармен жұмыс істеу. Өз бетінше іздей білу, талдау, таңдап алып өзгерте білу, ақпараттық технологияны игеру. Жанұяда, еңбек, экономикада, саяси, қоғамдық азаматтық тәжірибе мен білімге ие болу. Әлеуметтік – қоғамдық жағдайларға нақты талдау жасап,шешім қабылдай білу. өзіндік қадір-қасиет сезімін ұйымдастыра білу,өз мүмкіндігін нақты даму жоспарларымен салыстыра білу. Оқыту үдерісін оқушының өз еркімен білім алуына, материалды ойлау қабілетіне бағыттауға,оқытуды жаттанды түрде емес шығармашылықпен меңгертуге көңіл бөлу қажет. Оқушы қиял жүйрік,жан дүниесі нәзік, өзін қызықтырған істе белсенді, ақыл – қабілеті дамыған, сондықтан шығармашылық оған шын ләззат, қуаныш сезімін әкелуі тиіс. Оқушылардың шығармашылығын дамыту жолдарын ақпараттық және коммуникативтік құзіреттіліктер арқылы іске асыруға болады.Осыған орай заманауи шетел тілі сабағы оқушылардың бойында коммуникативті құзіреттілікті қалыптастыруға және дамытуға бағытталған болуы қажет.Ең алдымен оқушылардың тілдік құзіреттілігін дамытуға көңіл бөліну керек,атап айтқанда берілген тақырып көлемінде оқу,сөйлеу,жазу және тыңдап түсінуде мәдениетаралық қарым – қатынас құруға жаттықтыру.Осы мақсатқа жету үшін коммуникативтік үлгіде сабақтарды ұйымдастыруға үлкен мән берілуі тиіс.Олар төмендегідей сабақ түрлерін өткізу:

- ✓ Жарыс сабақ
- ✓ Ойын сабақ
- ✓ Экскурсия сабағы
- ✓ Музыкалық калейдоскоп сабағы
- ✓ Хайуанаттар әлеміне саяхат сабағы
- ✓ Театрланған қысқа көріністер сабағы

Жоғардааталған танымдық коммуникативтік үлгідегі сабақтар оқушылардың бойындағы адамгершілік қасиеттерге баулыйды,оларды әдептілік пен игілікке,достыққа,саналылыққа қалыптасуына,халықтар арасындағы ынтымақтастық пен бірлікке, сыйлаымды қарым – қатынасқа, жауапкершілікке ықпал жасайды. Мұндай сабақтарда оқушылардың ұжымдық ой – пікірлері қалыптасып,сыныптағылардың пікірі бойынша өзіндік ойларын бекітуді көпшілікпен қарым-қатынаста болуды жолдастарының жауаптарына пікір айтуды,дұрыс ұсыныс жасай алуды үйренеді. Сабақта ағылшын тілінде сөйлейтін мемлекеттердің мәдениеті менөз елінің мәдениетін қатар қарастыру оқушылардың әлеуметті мәдениеттілік құзіреттілігін дамытуға ықпал етеді.**[4]**

Жалпы коммуникативті құзіреттілікті дамытуда рөлдік ойындардың орны ерекше. Себебі ойын оқушылардың бір бірімен,мұғаліммен әрекеттесуге деген талпынысын жандандырады және әңгімелесу барысында мұғалім мен оқушы арасындағы дәстүрлі кедергіні жойып,еркін әрекеткеталпындырады.Ойын өз өзіне сенімсіз,ұялшақ балаларға сөйлеу арқылы сенімсіздіккедергісін жоюға көмектеседі.Ойын арқылы оқушылар әңгімені бастау, оған ілесу, қолдау, әңгімелесушінің сөзін бөлу,оның ойымен келісу немесе келіспеу,сұрақтар қою сияқты қарым – қатынас элементтерін меңгереді.Рөлдік ойын сезімтал болуды үйретеді.**[5]**

Шет тілін практикалық тұрғыда меңгеруге үйретккенде оқушыларды өз бетімен жұмыс істеуге баулып, алған білімін, икемділік дағдыларын жаңа жағдайларға тап болған кездерде шығармашылықпен қолдана білуге машықтандыру көзделеді.**[6]** Шет тілін оқыту барысында сөйлесім,тыңдалым арқылы коммуникативтіктанымдық құзіреттілік қалыптастыру мақсатында мәтін мазмұны мен шет тілін үйрету құралдарын ұштастыра отырып, оқушыларды тілі оқытылған елдің мәдени құндылықтарымен, оның тарихы, географиясы, әдебиеті, ғылымы, өнерімен танысуына мүмкіндік береді. Ең бастысы сөйлеу этикасын орынды пайдалануды талап етеді. Шет тілі арқылы басқа пәндерден өтілген, бір мезгілде игерілетін материалдар негізінде және алдағы уақытта өтілетін материалды қабылдауға дайындық барысында әр түрлі пәнаралық байланысты жүзге асыруға мүмкіндік жасайды.

Жоба технологиясының ерекшеліктерінің бірі – жеке тұлғаға бағытталған міндеттің болуы.Егер теориялық мәселе берілсе, онда жоба технологиясының процесі оның шешімін табу, ал, практикалық мәселе берілген жағдайда оқушылардың міндеті осы мәселенің нақты шешімін тауып, нәтижелерін тәжірибеге енгізу болып табылады.Мәселені шешу оқушының зерттеу, ізденісәдістері мен құралдарын камтиды. Шетел тілін оқытудың қазіргі амалы ретінде жоба технологиясы шетел тілінің коммуникативтік біліктіліктің барлық компоненттерінің нәтижелі дамуын, екінші тілдік тұлғаның қалыптасуын қамтамасыз етеді. Шетел тілін оқытуда аталған амалдардың негізі идеясы нақты күш пен назарды түрлі жаттығуларды орындаудан оқушының белгілі бір тілдік құралдарды меңгеруін талапететін белсенді ойлау әрекетіне ауыстыру болып табылады.

Жоба технологиясы әр түрлікоммуникативтік дағдылар мен іскерліктерді қолданудың көзі болып табылады. Бұл өз кезеңінде оқушылардың түрлі саладан алған білімдерін кеңейтіп тереңдетуге , өздері және өз өмірлері үшін маңызды болып табылатын жағдайлар туралы өз ойларымен бөлісуге мүмкіндік береді.Тіл және оқушының қажеттіліктерін байланыстыру, яғни оқушылардың мұғаліммен өз ойымен бөлісуге қажеттілігі, іс-әрекеттің мақсаты мен оқушының қызығушылығы сәйкес келген жағдайда шет тілін оқытудың коммуникативтік амалының негізі болып табылады.

Демек, жоба технологиясы арқылы интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани сияқты жеке қасиеттердің қалыптасуына өзін-өзі дамытуға, оқу-тәрбие процесін тиімді пайдалануына ықпалын тигізеді. Жоба технологиясы оқушының коммуникативтік біліктіктің барлық бөліктерін тиімді қалыптастыратын жаңа әдіс.

Қорыта келгенде, студенттердің коммуникативті-когнитивті дағдысын дамытудағы оқылым және сөйлесім дағдыларын дамытуда мәтіндерді қолданумен қатар, біз оларды жай ғана бір тілден екінші тілге аударып қана қоймаймыз,мәтінді тереңінен түсініп оқу арқылы студенттердің когнитивті танымын да кеңейтуге ерекше көңіл бөлеміз. Шын мәнінде, шетел тілін үйретуде танымдық коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру-ең өзекті мәселе;Сондықтан оқушылар заманауи талапқа сай білімді, жан-жақты, шетел тілінде өзі ойын еркін жеткізе алатын,кез келген жағдайда тілдік қарым-қатынасқа баратын,

мәдениетті, бәсекелестік құзіретті үлгідегі сабақтар оқушылардың коммуникативті құзіреттілігін дамытуға ой-өрісін кеңейтуге,өзіндік көз қарастарын қалыптастыруға, білімін сапалы да терең меңгеруге, ең басты мәдени қарым –қатынаста шетел тілін еркін сөйлеуге дағдыландырады.

1. «Жаңа онжылдық –жаңа экономиялық өрлеу-Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері»аттыҚазақстан халқына жолдауы.29 қаңтар,2010 жыл.

2. Шет тілін оқыту әдістемесі.4(24) Жаңа типті мектеп бағдарламасы.

3. Шет тілін оқыту әдістемесі. 2 (34) . Бас редактор:Ш.Б. Бәйшен. Жоба технологиясы-оқушылардың коммуникативтік біліктілін дамытудың жолы.

4. Гальскова Н.Д. Современная методика обучения.-М ,2000.

5. Шадриков В.Д. Новая модель специалиастов инновационная подготовке и компетентный поход. Высшее образование сегодня. 2004.№8

6. Мильруд Р.П. Компетентность в изучении языка//Иностранные языки в школе. -2004-№7.-С.

7. htth://www.izden.kz|referattar|kazak-tili-men-debieti-pedagogika

Аннотация:В настоящее время развитие познавательных, коммуникативных навыков учащегося в преподавании иностранному языку через разговорную речь являетсяоднимизактуальных проблем. Разговорная деятельность тесно связаносговорением, устная (слушание, говорение) речь в коммуникативном процессетесно связано с образованием и развитиемкоммуникативного навыка.

Также, сформироватьконкурентоспособную творческую личность,приобретавшуювысокоекультурноеотношение в любой ситуации, уделивший особое внимание к инновационным проблемампреподавания иностранному языку применяяновые педагогическиетехнологии с помощьюинновационныхподходов, являетсяодним из актуальных проблем.

В формировании коммуникативной когнитивнойкомпетенции через говорение и слушаниев процессе преподавания иностранному языку требуетэффективно применять этику говорения и дает возможность ознакомиться с культурными ценностямистраны,истории, географии, литературы, науки и искусства. В статье рассматриваются проблема развития коммуникативной когнитивной компетенции на уроках иностранного языка, виды коммуникативного урокаи пути использования их на уроках.

В настоящее время, будучи конкурентоспособнойстраной с другими развитыми странами и говоря с ними на том языке, которыеони говорят, - является доказательствомпотребностиподготовки конкурентоспособных специалистов.

Ключевые слова: коммуникативная компетенция, когнитивная компетенция, культурные ценности,когнитивная лингвистика, этика говорения, грамматическая структура, лингвистические единицы, фразовая единица, говорение, педагогическаятехнология

Annotation: At presentthe developmentofcognitive, communicativeskillsofpupils in teachingforeign language through speakingisone ofthe actual problems. Speaking activityis closelyconnectedwithreading activity, oral (listening, speaking) speech in communicative process is closely connected with the formation and developmentofcommunicative skill.

Also, toformcompetitive creative educatedpersonalitythat have acquired high culturalrelation in any situationhaving paid special attention to the innovative problems ofteaching foreign language, havingincludednew teaching technologies with the help ofinnovative approaches.

In forming communicative cognitive competencies ofpupils through speaking and listening in the process ofteaching foreign language requires to use effectively speaking ethics and gives possibility to acquaint with the cultural values ofthe country, its history, geography, literature, science and art. The problem of development ofcommunicative cognitive competence at the lessons offoreign language, types of communicative lesson have been given andthe ways ofusage at the lesson are thoroughly considered in the article. At present having been the competitivecountry with other developed countries and speaking with them at that languagethat they speak is the proof ofnecessity ofpreparing competitive specialists.

Key words: communicative competence, cognitive competence, cultural values, cognitive linguistics, speaking ethics, grammatical structure, linguistic units, phrasal unit, speaking activities, teaching technology.

УДК:ОӘЖ 372.851

ЖЕТКІНШЕК КЕЗЕҢДЕӨЗІН-ӨЗІ ЖЕТІЛДІРУ САТЫЛАРЫ МЕН ДАМУ КЕЗЕҢДЕРІ

З.Б. Қабылбекова, Ә.Ә. Жолдасбеков, Ш.Е. Рсмаханбетова, Г.Накыпбек –
Қазақ инженерлі-педагогикалық Халықтар достығы университеті,
М.Әуезов ат. Оңтүстік Қазақстанмемлекеттік университет,
Шымкент қ., Қазақстан

Аннотация

Өзін-өзі тәрбиелеу - жеке тұлғаныңөз кемістіктерін жою мақсатында жасайтын саналы, жүйелі іс-әрекеті және даралығынн қарастыратын, әлеуметтік талаптарға жауапкершілігін дамытатын жағымды қасиеттерін қалыптастыру үрдісі.Өзін-өзі тәрбиелеу жеке феномен ретінде философия, педагогика, психология және физиология салаларының ғалымдарымен зерттеліп келеді.

Өзін-өзі тәрбиелеу, тәрбие сияқты жеке тұлғаны қалыптастырудағы қоғамдық міндетті атқарады. Өзін-өзі тәрбиелеу - жеке тұлғаның өнегеліқасиеттерінің қалыптасуының мақсаттылығы, ерікті, сапалы үдерісі. Сондықтан өзін-өзі тәрбиелеуді жеке тұлғаның қоғамдық талаптағы және жеке даму бағдарламасына жауап беретін, қасиеттерінің қалыптасуына бағытталған саналы, өзімен жасалатын жоспарланған жұмыс ретінде сипаттауға болады.Өзін-өзі тәрбиелеудегі қажеттілік сыртқы жағдайлармен және тәрбиелеумен ұштасқан. Ол дамып келе жатқан жеке тұлғаның табиғи қажеттілігі ретінде пайда болады және өздігінен прогрессивті дамуға әсерін тигізеді.Өзін-өзі тәрбиелеу динамикалық үрдіс. Ғалымдардың зерттеулерібойынша жасөспірімнің дамуымен өзін-өзі тәрбиелеудің мақсаты мен тәсілдері өзгереді. Мақсаттары шындыққа сәйкес және жеке басының негізгі өмірлік бағытымен байланысты болады. Сондай-ақ өзін-өзі тәрбиелеудің тәсілдері де қалыптасады.

Бұл мақалада өзін-өзі тану және өзін-өзі білім үдерісінің психологиялық-педагогикалық аспектілері қарастырылған. Атап айтқанда, өзін-өзі тәрбиелеудіңбазалық деңгейлері, түрлері мен құрылымдық элементтері көрсетілген.

Түйін сөздер: өзін-өзі тәрбиелеу, тұлға, индивид, тұлғаның өзіндік белсену мақсаты, тұлғаны қалыптастыру, жеткіншек кезеңі, тәрбие үдерісі.

Өзін-өзі тәрбиелеу тұлға дамуының заңды құбылысы. Өзін-өзі қоғамды құрылымға байланысты түрлі бағыт, индивидтік қалыптасуында үлес салмағы және пайдалы әрекеттік коэффициенті бар. Адам қоғам мүшесі болғандықтан, оның тәрбиесіне және өзін-өзі тәрбиелеуіне көп факторлармен қоса, өмір жағдайлары да әсер етеді.

Зерттеушілердің айтуы бойынша өзін-өзі тәрбиелеу күрделі үрдіс. Бірақ реалды үрдіс және бұл құбылысты зерттеу кезінде, оның өтуінің объективті заңдылықтарын біліп, оларды қолдану қажет.

Бірқатар зерттеулер бойынша (А.Я.Арет, А.А.Бодалев, А.Г.Ковалев, И.А.Кочетов, Ю.А.Самарин, Ж.И.Намазбаева) өзін-өзі белсенді түрде тәрбиелеу қажеттілігі тұлғаның жеткіншек жас кезеңінде көрініс береді. Аталған ғалымдардың зерттеулері бойынша көп жағдайларда оқушылардың «өзін-өзі тәрбиелеу қажеттілігі» ұғымы 5-6 сыныптарда пайда болады. Бұл пубертатты немесе өтпелі кезең болып табылады.

Жеткіншектік кезеңде белсенді өзіндік тәрбие үдерісі басталып, адамның кейінгі бүкіл өмірінде түрлі формада жалғасатынын айтып өту керек. 12-13 жасқа жеткен кезде балалар алғаш рет интеллектуалды және дербес өзін-өзі жетілдіру мүмкіндіктері жайында ойланып, осы мақсатқа қол жеткізу үшін саналы, мақсатты түрде әрекеттер жасай бастайды.

Өзіндік тәрбие нақтылы даму жолынан өтеді. Егер оның негізгі жастық сатыларын қамту мүмкіндігі болса, онда оның жас ерекшеліктерін ескере отырып қалыптасуының тұтастай жолын төмендегідей сатылап зерделеуге болатыны анық.

Бірінші саты – физиологиялық және ерікті өзіндік тәрбиелеу, жасөспірімдік шақ. Бұл жастағы негізгі мақсат – жеткіншекті ерікті және физикалық жетілдіру, ал міндет – арнайы құралдар мен жаттығуларды қолдану арқылы ерлік, шыдамдылық, төзімділік, батылдық және т.б. тұлғаның ерікті қасиеттерін жақсарту болып табылады. Бұл физикалық дамуға да қатысты, себебі осы шақта көптеген балалар дене тәрбиесі мен спортпен шұғылдана бастайды.

Екінші саты – өзін-өзін рухани жетілдіру. Бұл кезеңдегі өзіндік тәрбиенің мақсаты – рухани, моральды даму, адамгершілік, мейірімділік, қамқорлық, достыққа адалдық, сүйікті адамына адалдық, қиын кезде қол ұшын беру және басқа да тұлғалық қасиеттер мен құндылықтардың қалыптасуы.

Үшінші саты – кәсіби өзіндік тәрбие.Өмірдің бұл кезеңін іскерлік өзін-өзі жетілдіру уақыты ретінде қарастыруға болады. Бұл кезеңде таңдап алынған мамандық бойынша табысты жұмыс істеу үшін маңызды қабілеттер, білім-біліктерді қосқанда адамға қажетті кәсіби қасиеттердің бүтіндей кешені дамиды.

Төртінші саты - әлеуметтік-дүниетанымдық өзіндік тәрбие. Бұл кезеңде өзін-өзі жетілдіру міндеті әлеуметтік ұстанымды, дүниетанымды, өмірге нақтылы көзқарасты қалыптастыру болады.

Кейде адамның өзіндік белсендіру мақсатын жүзеге асыруға сәйкес келетін бесінші саты да кездеседі. Гуманистік психологияда бұл саты дербес дамудың жоғарғы сатысы деп белгіленеді.

Адамның өзіндік тәрбиесін дамытуда жоғарыда айтылып өткен бес сатының екеуі жасөспірімдік және ерте бозбалалық шақтарға тура келеді. Бұл жылдары дербес өзін-өзі жетілдірумен айналысудың нәтижелілігі адамның тұлға ретіндегі мінезін анықтайды.

Ересек адамның жасөспірімді өзіндік тәрбиелеуге қызығушылықпен, белсенді атсалысуы оған әдетте өз күштеріне сенуге, аталмыш жасқа тән дағдарысты құбылыстар мен кемшіліктерді жеңуге жәрдемдеседі.

Жеткіншектер мен бозбалалардың өзіндік тәрбиесінде ересек адам үлгісі үлкен рөл атқарады. Бұл жастағы балалар көбіне ересектерге еліктеп, өздерінен жасы үлкен адамдардан байқайтын дербес қасиеттерді бойларына сіңіруге тырысады.

Жеткіншектердің өзіндік тәрбиеге қабілетін анықтау үшін келесі деректерді ескеру қажет:

1. Өзіне деген көзқарасын төменгі көрсеткіштер арқылы анықтау:

а) оң көрсеткіштер: талап, өзінің күштері мен мүмкіндіктерін объективті бағалау, өзін-өзі сынау, кемшіліктеріне сын көзбен қарау т.б.;

б) кері көрсеткіштер: өзін-өзі асыра мақтау, өзін сынамау, өзін тыныш-тандыру, кемшіліктері мен қателіктерін ақтап алу, мақтансүйгіштік, өзгелерге жоғары талаптар қою.

2. Өзін жоғары санауға бағытталу: көшбасшысы болуға, ұжымда жоғары орынға ие болуға, ересектер алдында ұтымды көрінуге, басқаларды ұрыстыруға ұмтылу, принципсіздік, мансапкершілік, қате ұстанымдарға ұмтылу.

3. Тұрақты түрде көрінетін және өзін-өзі тәрбиелеуде қолданылатын жеке тұлғалық қасиеттер.

4. Қоғам талаптарына сай оң қасиеттер, дағдылар мен мұқтаждықтар.

5. Өзіндік тәрбиеге кедергі келтіретін және қажетті бағытта түзетілуге тиістеріс қасиеттер.

Жеткіншек өзімен жұмыс істеу тәсілдері арқылы:

- біріншіден, өзінің мінез-құлқындағы кемшіліктерді, әлсіз жақтарын жоюға ұмтылады;

- екіншіден, оған күшті епті, дербес саналуға құқық беретін жеке адамның жағымды қасиеттерін қалыптастыруға ұмтылады [1].

Зерттеулер нәтижелері жас өспірімдер ең басты ерік кемшіліктерін жоюға және ерігі күшті адам сапаларын: батылдық, ерлік, төзімділік, табандылықты өзінің тұлғалық қасиеттері ретінде тәрбиелеуге ұмтылатындығын көрсетеді.

Өзін-өзі тәрбиелеу нәтижесінде жеткіншектержинақырақ жүйелі оқуға және еңбекке қабілетті болады. Бірақ бұл жаста өзін-өзі тәрбиелеу дұрыс емес жолмен кетуі мүмкін. Сондықтан бұл жаста өзін-өзі тәрбиелеуде және ата-ана тарапынан басшылық ерекше маңызды.

Өзін-өзі бағалау жеткіншектерде әсіресе қарқынды дамиды, себебі бұл уақытта олардың басқа адамдармен қарым-қатынасы күрделенеді, жаңа идеалдары мен жаңа қажеттіліктер деңгейі пайда болады.

Бұл уақытта өзін-өзі бағалау, өзіндік реттеу функциясы елеулі орына алады (Е.И.Савонько, Н.В.Кузьмина, ЕА.Шумилин және т.б.).

К.А.Абульханова-Славская өзін-өзі жетілдіру негізінде қалыптасқан тұлғалардың бірнеше типін көрсеткен:

1. Өзін-өзі әлеуметтік процестеріндегі түрткі және себеп тұрғысынан бағалайтын тип. Мұндай тұлға өзінің өмір интегралды өмірлік процестеріне негізделіпқұралған, тартылу спекторын белгілейтін қоғамдық процестерге қатысу формаларын анықтай алады. Мұндай тұлға белсенділігі ұлғаю сипатында болады.

2. Субъективизмге бет бұрып тұратын тұлға типі, даңғайлық тенденцияға ие. Ол сәтсіздіктерден абстракциялану шеберлігімен емес, өзін-өзі адекватты бағалай алмайтынымен көзге түседі. Бұндай тұлға белсенділігі тұғырықтану тенденцияда.

3. Субъективизмге өзін-өзі бірдей бағалай алмауға бет бұрып тұратын тұлға. Олар сәтсіздіктерге басым назарын аудару тенденциясына ие.

4. Инфантильді, психологиялық даярсыз тұлға типі.

К.А.Абульханова-Славская тұлға белсенділігін оның қашықтығынан көрінуінен, қоғамдық қажетті іс-әрекеттерімен қатынасынан тыс түсінугеболмайды деген тұжырымға келеді [1]. А.В.Захарова ойынша өзін-өзі бағалау өзіндік реттеу жүйесінің қалыптастырғыш факторы болып табылады.

В.С. Мерлинмынадай 4 кезеңді бөліп көрсетті:

1. «Ұқсастықты саналы сезіну» (өмірдің бірінші жылы) нәрестеніңөз денесінен пайда болатын сезімдер мен басқа заттардан пайда болатын сезімдерді айыра бастаған кезі.

2. «Мен сезімі» (2-3- жаста пайда болады). Өзін-өзі іс-әрекет субъектісі ретінде сезіну. Баланың жіктеу есімдіктерін игере бастаған кезі.

3. Өзінің психикалық қасиеттерін өзін-өзі бақылау нәтижесінде абстрактылы ойлау арқасында сезінуі.

4. Әлеуметтікөзін-өзібағалау. Бозбалықжастақарым-қатынас, іс-әрекет ену нәтижесінде жиналған тәжірибе негізінде пайда болады.

Л.И.Божович, Г.А. Собиевалар адамның өзін-өзі бағалауықоршаған ортаның пікірін анықтап, көбінесе өзгелер бағалап отыратын тұлға қасиеттерін сезінуінен басталады деп көрсеткен. Өзінің психикалық қасиеттерін сезіну қарым-қатынас жасаудың белгілі дәрежесін қажет етеді. Сондықтан мектептан кіші сынып оқушыларының өзін-өзі бейнелеуі тек өздерінің іс-әрекеттерін бейнелеуімен шектеледі. Тұлғаның өзіндік қасиеттерін сезінуде оның жалпы бағдары мен дүниеге көзқарасы үлкен роль атқарады. Л.И.Божович бұл ықпалды мектептіңжоғарғы буын оқушыларына байланысты мұқият қарастырған [2]. Адамның өзінің психикалық қасиеттерін сезінуі өзгетұлғаларды қабылдауына үлкен әсер етеді.

Жеткіншек жасының соңына қарай өзін-өзі бағалау дербестігі мен адекваттығы арта түседі. Балалардың өзін-өзі бағалауға талпынысының деңгейі күшейеді, осы жасқа тән қасиет, және «өзін-өзі бағалаудың тиімді даму» кезеңі деп атаса болады (Л.И.Божович). Өзін-өзі бағалау жеткіншекжас кезеңінің соңында тұрақты болып дамудың маңызды факторы болады. Ол идеалдарды «бала мен қоршаған ортаның жаңа қарым-қатынасында жасөспірім дербес дамуға қол жеткізуімен» анықталады.

Өзін-өзі бағалаудың боз балалық мезгілдегі қалыптасуын, олардың өз тұлғасының ерекшеліктерін ұғынуын В.К.Горбачевский, И.С.Кон, В.Ф.Сафин, А.Л. Ширман еңбектерінде зерттелген.Бұл мерзімде өзі жайлы жалпылама ұғым қалыптасады. Өзінің «Мені» және жеке тұлғасы жайлы түсінік қалыптасады. Бұдан кейінгі студенттік мерзімдегі өзін-өзі бағалауды зерттеулер анағұрлым аз (А.А.Бодалев, Мейлин және т.б.). Тек Ананьев және И.С.Конмектебі ғана бұдан тыс жатыр. Бірақ, олар осы мерзімдегі психофизиологиялық ерекшеліктерді зерттеумен шектелген. И.С.Кон бұл мерзімді ерекше сипаттайды.Адам өміріндегі 18-23-25 жастарды ол бозбалалықтың соңы - жетілудің басы дейді. Бұл уақытта ағза толық дамып-жетіледі деп санап, осы кезеңді биологиялық әлеуметтік және психологиялық аспектілерде зерттеу қажет ететіндігіне ерекше көңіл аударған [3].

Аталған зерттеулердің нәтижесінде жеке тұлғаның құрылымын зерттеуде мынадай бағыттарды айқындауға болады:

- интеллект деңгейін, эмоционалды қалыпты, тұлға қасиеттерін өзіндік бағалау, анықтау;
- сыртқы пішін бейнесі (А.А.Бодалев, Р.А.Мейлин);
- өзіндік реттеу (Чеснокова И.И. және т.б.);
- өзі-өзін тәрбиелеу (Осипов П.Н. т.б.;
-өзіндік сана-сезім формасы ретіндегі өзін-өзі бағалау (Божович Л.И. Кон И.С., Рубинштейн С.А., Смеркин С.Л., Столин В.В. және т.б.);
-онтогенездегі өзін-өзі бағалау динамикасы (Божович И.Л., Савонько Е.И. т.б.);
- оқубарысындағыөзін-өзібағалаудыңфункциялары (ЛипкинаИ.А.,Захарова А.В., БеруфонЛ.Ф., Кузьмина П.В., Рыбин А.Р.)

Адам саналы жан ретінде, үнемі өзінің іс-әрекетін мотивтендіріп отырады, яғни өзіне және басқаларға белгілі себептерге байланысты қандайда бір әрекеттеріне есеп беріп отырады.

Мотив - бұл сапалы талап. Адамды іс-әрекетке әсер ету күштері сияқты, ішкі де күштерді талаптандыруы мүмкін. Сыртқы талаптарға экономикалық, саяси, өмір жағдайлары, әлеуметтік идеологиялық және моралдық талаптары, жеке адамға қойылатын ұжымның талаптары жатады. В.С.Мерлиннің айтуынша, егер, сыртқы талаптан жеке адамның қызығушылықтарымен сәйкес келсе, онда олар қажетті және қалаулы болады, адамның белсенділігіне түрткі болады. Егер де бұл талаптарды жеке адам қабылдамаса, олардың қылықтарына ықпал етпейді [4].

Ішкі талаптарға материалдық және рухани қажеттіліктерді қызығушылықтарды, адам сенімдерін көрсететін түрлі әлеуметтік мақсаттар тағы басқалар жатады. Сонымен өзін-өзі тәрбиелеу тек жеке адамның ғана емес, қоғамдық мәнді іс-әрекет. Сондықтан бұл іс-әрекеттің мотивтері қоғамдық әрі жеке талаптарға сәйкес болуы мүмкін. А.Я.Арет, А.Г.Ковалев, Л.С.Сапожникова және өзге ғалымдардың зерттеулері бойынша оқушы баланың өзін-өзі тәрбиелеуінің негізгі мотивтері келесілер болады:

1. Әлеуметтік моральдық талаптар.
2. Ұжымның сыйлауы мен әлеуметтік орынға ие болуға талаптану.

3. Жарыс (бәсекелесу).
4. Сын және өзін-өзі сынау.
5. Үлгі.
6. Материалдық кызығушылық [5].

Адамның өнегелі - психологиялық касиеттерінің дұрыс деңгейде қалыптсуы-тәрбиелеуге және өзін-өзі тәрбиелеуге байланысты болып келеді. Өнегелі қасиеттер біртіндеп қалыптасып жетіледі, яғни өнегелік өзін-өзі жетілдіру бойынша жұмыс, өнегелік талаптарды түсіну тереңдігіне байланысты өмір бойы созылуы да мүмкін [6].

Қорыта келгенде, жеткіншектердің өзін-өзі тәрбиелеу мәселесі бойынша зерттеулерді талдау нәтижелері оның келесі нақты логикалық құрылымын анықтауға мүмкіндік беріп отыр:

1. Өзін-өзі тәрбиелеу мақсаты: олар қоғамдық мақсаттармен реттеле отырып, саяси, өнегелік, кәсіби-еңбектік, эстетикалық және т.б. бағыттарды қамтиды.
2. Өзін-өзі тәрбиелеудің мазмұны мен мәселелері. Олар өзін-өзі тәрбиелеу мақсатына жеткізетін мінез-құлықты және іс-әрекетті түсінеді. Ол көбінесе жеке адамның психикалық қасиеттеріне, оның интеллектуалдық, эмоционалдық және тәжірибелік, еріктік сферасына байланысты.
3. Өзін-өзі тәрбиелеу құралдары. Өзін-өзі тәрбиелеу құралдары дегеніміз, адам өзіне әсер етудің түрлі тәсілдерімен қарулануы. Өзін-өзі тәрбиелеудің ең негізгі құралы, адамның тәжірибелік іс-әрекетінің мазмұны болып табылады. Өзін-өзі тәрбиелеу құралдары ретінде көптеген заттар мен құбылыстар болуы мүмкін. Сондықтан барлық құралдарды негізгі және қосымшаға бөліп алған абзал.
4. Өзін-өзі тәрбиелеу нәтижесі. Жеке тұлға бойында өзін-өзі тәрбиелеу ықпалдарының нәтижесінен болатын өзгерістер.

1. Абульханова-Славская К.А. Іс-әрекетте тұлғаның дамуы. Психология. Адамзат ақыл-ойының қазынасы. -10 томдық. –Т.2. – Алматы, 2005.
2. Божович Л.И. Проблемы формирования личности.- М., Воронеж, 1995.
3. Кон И.С. Психология юношеского возраста. М., Просвещение, 1979г.
4. Мерлин В.С. Лекции по психологии мотивов человека.-Пермь, 1971.
5. Сапожникова Л.С. Самооценка и притязания подростка./ Психологические особенности самопознания подростка. Под ред. М.И. Боришевского. - Киев, 1990.
6. Липкина А.И. Психология самооценки школьника. - М., 2004.

Резюме

В данной статье рассматриваются психолого-педагогические аспекты процесса самопознания и самовоспитанияв подростковом возрасте. В частности, определены основные ступени, типы и структурные элементы самовоспитания школьников.

Ключевые слова: самовоспитание, личность,индивид, цель самоактивизации личности, формирование личности, подростковый возраст, процесс воспитания.

Summary

This article explores the psychological and pedagogical aspects of the process of self-knowledge and self-education. In particular, the basic level, types and structural elements of self schoolchildren.

Keywords: itself to bring up,individual, formed, teenager, a process is education

УДК 373.1013.54

XXI ҒАСЫРДА МЕКТЕПТЕРДЕ ҰЛТТЫҚ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БІЛІМ МЕН ТӘРБИЕ БЕРУ МОДЕЛІ

Б.К. Капанова – *аға оқытушы, Абай атындағы ҚазҰПУ*

Андатпа

Мақалада экологиялық білімді жетілдіру, қайтадандаярлықтан өтуқарастырылған. Магистратура, докторантура арқылы жас жеткіншектерге экологиялық XXI ғасырдың білім мен тәрбие берудің моделі айтылған. Сонымен қатар жас жеткіншектерге экологиялық тәрбие мен білім беруде ұлттық кадр саясатының дұрыс жүргізілетіндігі сөз болады. Экологиялық таза өнім шығаруда табиғи, әлеуметтік, ақпараттық орталарға әсері талданылады.

Ғылыми зерттеулер, бағдарламалар, компьютерлік технологиялар, дәстүрлі емес ойындар арқылы экологиялық білім мен тәрбие саласында парасатты меншік қорына біріктіру моделін жасауға мүмкіншілігі айтылған.

Осы моделдер арқылы халықтың тұрақты дамуына биосфера мен әлемнің бірлестілігінің берік болуына негізделген.

***Тірек сөздер*:** модель, XXI ғасырдың экологиялық білім мен тәрбие моделі, биосфера, компьютерлік оқулықтар.

Бұл модельде мектепке дейінгі, мектептен тыс орта және жоғары мектеп,жоғары оқу орындарын бітіргеннен кейін білімдерінжетілдіру(магистратура,аспирантура,докторантура)үрдісі жан-жақты модель ретінде берілген.Бұл оқу моделінде экологиялық білімді жетілдіру және қайтадан даярлықтан өту үрдісі қарастырылған.Бұл оқу моделі бірін-бірі үнемі толықтырып отырады.Магистратура,аспирантура мен докторантура арқылы жас жеткіншектерге арнаулы түрде экологиялық білім мен тәрбие беріледі.Бұл XXI ғасырдың экологиялық білім мен тәрбие берудің моделі.Осыған орай жаңа экологиялық білім мен тәрбие беру ісі іске асырылады.Экология саласына кәсіби білім –жоғары білімі бар мамандар әзірлеуге де көңіл бөлінеді. [1]

XXIғасырдың типтік оқу модельдерін жасағанда,тақырыптар оқитындар контигентінің мүмкіндігіне қарай талданып алынады.Барлық типтік оқу үрдісінің моделі мұғалімдердің талдауынан өтіп,ақпараттық баспа беттерінде жарияланады.Экологиялық білім берудің әдістемелік бірлестігінде бекітіледі. Бұл модельдің мақсаты -әрбір адамзат баласына экологиялық әрекет туралы түсінік беру көзделеді.Бұл моделді жасау және оны қалыптастыру арқылы әр түрлі мекемелер мен ұйымдарда экологиялық қызметпен шұғылданатын адамдарға қойылатын талаптар айқындалады.Бұл моделді кәсіби-эколог кадрлардың іс-әрекеттерімен байланыстыра отырып жүргізу үрдістері көзделінеді. Кәсіби эколог-мамандар кәсібиэкологтардың даярлау модельдері қадагаланып отырады. Кадр туралы деректерді іздеу, жинау және жүйелеу, кадрларды іріктеу, даярлау, бітімдерін жетілдіру, қайта даярлау, резервтерге ұстау, жоғарылатылған. Сонымен қатар ардагерлердің экологиялық қызметінің тәжірибесін пайдалану модельдері.

Бұл модельдерді жүзеге асыру экология саласындағы ұлттық кадр саясатын дұрыс жүргізуге көмектесетіні сөзсіз.Бұл моделде оқылатын қызметкерлердің экологиялық саясатты жүзеге асыруға қабілеттілігіне назар аударылады. Жоғары оқу орындарын бітіргеннен кейінгі экологиялық білімін жетілдіруге көмектесе түседі. Бұл модель бойынша елдің қауіпсіздігін сақтау және тұрақты дамуды жүзеге асыру мақсатында,ең алдымен, бүгінгі және болашақ ұрпақтың экологиялық, экономикалық және әлеуметтік мүддесін сақтау және үйлестіру мақсатында заң шығару және нормалау істерінің экологиялық аспектісіне көп көңіл аударылады. Бұл модель Мемлекеттік емес ұйымдар іс-әрекетін және экологиялық моделдерін жетілдіруге,экологиялық қауіпсіздік,мемлекеттік емес ұйымдардың көзқарасы мен іс-әрекетінің бірлігін тудыруға,тәуелсіз қазақ мемлекетінің ұлттық саясатын қалыптастыруға және жүзеге асыруға бағытталады. Бұл жасалынған моделде стратегиялық жоспарлау;адамзат баласының денсаулықтарын сақтау; білім, ғылым, индустрия, атом электр станцияларын салу,энергетика, сауда, мәдениет, ауыл шаруашылығы саласы.Олар толығымен экологияландырылады.[2]

Экологиялық білім мен тәрбие беру моделі толығымен іс жүзіне асырылып отырады.Бұлмоделде әр түрлі экологиялық аймақтарда тұратын құрылымы ескеалынады.Қазақ жерін мекендейтін бөтен ұлт өкілдерінің физиологиялық ерекшеліктері ескеріледі. Олардың биологиялық-физиологиялық ерекшеліктеріне сәйкес экологиялық білім беріледі.Бұл модел әр түрлі ұлт өкілдерінің экологиялық бағыттағы салтдәстүрлері еске алынды.Бұл оқу және тәрбие беру моделін жүзеге асыру үшін әр түрлі ұлт адамдарында саясаттан тыс экологиялық мінез-құлық қалыптасуына “Биосфера-біздің ортақ үйіміз-мекеніміз” деген пікірге келіп бастарын қосуға, жалпы халықтық экологиялық стереотиптер орнатуына көмектеседі. Бұқаралық ақпарат құралдары (баспа, полиграфия, радио, телевидение, түрлі-түсті бейнелер көрсету аппараттары және т.б) құралдарына кәсіби жағынан шебер орындалған киносюжетттер,жарнама,қызықты көрсетілімдер, т.б тудыруға әкелуі тиіс.[3]

XXI ғасырда жарнамалардыңбір бөлігі экологиялылық материалдарғақаратылатыны сөзсіз.Онсыз адамзат баласының қоғамында ешқандай прогресс болмайды.Экологиялық таза өнімдер шығарылады . Олардыңғылыми моделдері жасалынады. Бұл моделдер шағын және орта бизнесті дамытуға арналады.Олардың арнайы бөлімдеріне мекеме қызметінің табиғи,әлеуметтік, ақпараттық және басқа орталарға тигізетін экологиялық әсері талданылады. Бұл модел экология ғылымдары саласында экологиялық білім мен тәрбие беру қызметін нормалық-құқықтық жағынан қамтамасыз ету үшін қажетті бірыңғай концепциядан (тұжырымдардан) тұратын қағидалар басшылыққа алынады. Олардың әлеуметтік-экономикалық тиімділігі, экологиялық білім мен тәрбие беру және экология ғылымдарының саласындағы басқа нормалық-құқықтық комплекстермен өзара байланысы көрсетіледі. Диссертацияның контексте келтірілген моделдерде,экологиялық білім мен тәрбие беретін оқу орындары мен бөлімшелерінің торабын құру және дамыту толығымен талдау жасалынуы керек .Экологиялық біліммен моделдерінкешенді жүзеге асыру бағытында болуы тиіс.Қазақстан Республикасының экологиялық қауіпсіздік проблемасын шешу өте маңызды проблемалардың бірі. Бұл проблеманы шешу үшін Қазақстан Республикасының Білім жәнеғылым министрлігінің қолынан келмейді. Сондай-ақ ,табиғи ресурстар және экология министрлігі

қатынасқан жағдайда ғана шеше алады.Экологиялық білім мен тәрбие беру жөніндегі проблемаларды үйлестіру үшін мемлекеттік емес ,халықаралық ,мемлекеттік,жеке ұйымдардың ,банктердің, құрылымдардың және т.б қатынасы мен экологиялық білім мен тәрбие берудің қамқорлық кеңесінің моделі дайындалуы қажет.Қамқорлық кеңесенің негізгі міндеті – экологиялықбілім мен тәрбие беру моделінің жүйесін қалыптастыру, қаржыландыру және ұйымдастыру проблемаларын, білім беретін экологиялық мекемелерді тіркеу, ұстаздардың, әдіскерлердің, ұйымдастырушылардың,сонымен қатар экологиялық білім беретін басқа да мамандардың және т.б біліктілігін дайындау, қайта дайындау, арттыруды қоса есептеп ,экологиялық білім беру моделін басқару. Модел экологиялық білім берудің ұлттық стандарттарын жасау жәнеқамтамасыз ету, сонымен қатар экологиялық білім беру саласындағы парасатты өнім берушілердің авторлық құқын тіркеу және қорғау мақсатында экологиялық білім беру саласында мамандықдың ұлттық бірлігін құруды ескере алады.Экологиялық білім мен тәрбие беру саласындағы қолда бар орасан мол әдістемелік ғылыми зерттеулер мен болашақ әдістемелік зерттеулер,бағдарламалар, оқулықтар, оқу құрал-дары, оқу және әдістемелік құралдар, әдістемелік нұсқаулар, компьютерлік технологиялар мен оқыту бағдарламалары, дәстүрлі емес ойындар, экологиялық білім мен тәрбие саласындағы парасатты меншікқорына біріктірумоделі жасалынуда.[4]

Экологиялық білім мен тәрбие беру саласындағы парасатты меншік қорына енген материалдар саладағы парасатты меншік қорының құндылық баға стандартыбойынша бағаланып, елеулі бөлігін авторлар алатын төлеммен тұтынушыларға ұсынылуы тиіс .Моделде бұдан басқа экологиялық білім мен тәрбие берудің экология жөніндегі “компьютерлік“ оқулықтар жасауға арналған алыстан экологиялық білім мен тәрбиеберуге пайдаланылатын Қазақстан Республикасының экологиялық білім мен тәрбие берудің ақпараттық банкін құру ескерілетін болады. Бұл моделде жалпы дүниежүзілік тәжірибелер мен зерттеулерді жүйелеу арқылы педагогикалық, дидектикалық және басқа экологиялық білім мен тәрбие беру проблемалары бойынша экологиялық саласында арнайы технологиялық әдістерді ,тәсілдер мен оқыту жолдарын, тәрбие беру және халық ағарту жұмыстарын енгізу,сонымен бірге , экологиялық білім мен тәрбие беру саласында қолданбалы әдістердің зерттеулерін жасап , моделдерді жүзеге асыру көзделуі тиіс .Экологиялық білім мен тәрбие беруі идеологиялық тұрғыда қамтамасыз ету ісі білім мен тәрбие беру жәнеөзге қызметте экологиялық ұстанымымызға , өзінің және өзге халақтардың “экологиялық іс-әрекетін жүзеге асырып, Қазақстан Республикасының халықтарының тұрақты дамуына биосфера және әлемдік бірлестіктің берік , серіктестік ” сезімде болуына негізделуі тиіс.[5]

1. Смаилова Қ. Экологиялық білім мен тәрбие және мектеп. Қазақстан мектебі. 2011. №12. 15-19 б.

2. Бақайов. Экологиялық тәрбие туралы// Қазақстан мектеб. 1993.№5. 25-27б.

3. Сарбеков М.Н. Методическая система экологического образования в средней школе. Жамбыл обл. ИУУ,1991.

4. Оспанова г., Исаева Е. Экологиялық ойды қалыптастырудың кейбір әдәстері туралы// Қазақстан жоғарғы мектебі. 1996. 90-92 б.

5. Сарыбеков Н., Сарыбеков М., Қ-Д. Сарыбеков. Қазақ халқының табиғат қорғау дәстүрлері. Алматы. Рауан.

Аннотация

Экологическое образование и переподготовка осуществляется. Магистра и доктора молодых людей в экологической модели двадцать первому образованию века. В то же время, национальная молодежная Экологическое образование и воспитание кадровой политики осуществляется должным образом. Экологически чистое производство природных, социальных, проанализировано влияние информационных сред.

Исследования, программы, компьютерные технологии, нетрадиционные фонд Экологическое образование и воспитание в области интеллектуальной собственности через игру как шанс, чтобы сделать модель интеграции.

Устойчивое развитие народа через этой модели на основе биосферы и birlestiliginiñ благополучие мира.

***Ключивые слова*:** двадцать первая модель век экологического образования, биосферы, компьютерные книги.

Abstract

Ecological education, training ötwqarastırılğan again. Master's and doctorate by young people in the ecological model of the twenty-first century education. At the same time, the national youth environmental education and training of the personnel policy is carried out properly. Environmentally friendly production of natural, social, analyzed the impact of information environments.

Research, programs, computer technology, non-traditional fund environmental education and training in the field of intellectual property through the game as a chance to make a model of integration.

The sustainable development of the people through this model based on the biosphere and birlestiliginiñ well-being of the world.

Keywords: model, in the twenty-first century model of environmental education, biosphere, computer books.

ӘОЖ 37.025

СОЛ ҚОЛМЕН ЖАЗАТЫН БАЛАЛАРДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Ж.Б. Кдыралиева – *ҚазҰПУ, филология кафедрасының магистранты*
Интеллектуалды ұлт қалыптастыру ҒЗИ эксперті

Абстракт: Мақалада солақай балалардың қызығушылығы мен бейімділігі, мінез-құлқы мен іс-әрекеті, психофизиологиялық көзқарасы, сана-сезімі жан-жақты топшаланған. Сондай-ақ,солақай балаларды анықтау, тәрбиелеу, оқыту барысы, өмірде ұшырасатын қиындықтары мен жетістіктері қарастырылған. Бала бойындағы ерекше қасиет қалай, қандай жолмен пайда болғандығы, оны жеңілдету немес оңшылдыққа үйрету керек пе деген сұрақтар төңірегі қарастырылып, мектеп жасындағы балалардың кездесетін қиыншылықтарына тікелей ата-ана жауапты екені айтылған. Бүгінде әлем таныған тұлғалардың басым бөлігі солақайлар екені де дәлелденген.

Тірек сөздер: тұлға, ерекше қасиет, солақай,психология, қабілет.

Адам баласы дүние есігін ашқаннан, қартайған шағына дейін арпалысатын өмірі, бар ғұмырын білім-ғылымға, сүйікті ісіне арнап, алдына қойған мақсатқа жету жолында ұзақ уақытталаптанатын, күш-жігерін, ақыл-ойын жұмсап, көптеген кедергілерден өтіп, бойын керген сезімдітежеп отыратынын жәйттардың барлығы дерлік, адамның миының функциялары арқылы жүзеге асып отыратыны баршаға мәлім.

Жалпы мидың қыртысы оң және сол бөліктерден құралып, барша адамды оңақай, солақай деп бөлінуіне әкеліп соқтырады. Яғни, адам денесінің оң жақ жартысын (оң аяқ, қол, құлақ, көз т.б.) мидың сол жақ жарты бөлігі басқарса, сол жақ бөлігіндегі басқа мүшелерді мидың оң жақ жарты бөлігі басқарады. Адамдардың басым көпшілігінде миының сол жақ жарты бөлігі басымдау, икемділеу билесе, бірсыпыра адамдардың оң жақ бөлігіндегі миы жетекшілік тізгінін алып кетеді. Ми қыртысының оң немсе сол жақ бөлігі басымдылық танытып, белсенді жұмыс атқаруы арқылы оңақай немесе солақай деп бөлінетіні де содан.

Жер шарының басым көпшілігі оңақай болып жаратылатыны да баршаға мәлім, ал солақай болып туылуының себебі неде? Бұл жөнінде зерттеуші О.А. Никифордың пікірінше, солақай болып туылының нақты себебі белгісіз, бір болжамы тұқым қуалаушылық, дегенмен де бұл патологиялық ауруға жатпайды, көбіне әйелдерге қарағанда, ер адамдарда кездесетіндігінде [1] айтып кеткен. Мұндай балалардың психифизиологиялық ерекшелігі де, басқаша өте сезімтал, есте сақтау, сараптау сияқты қабілеттері жақсы дамыған болып келеді, өйткені, солақай тұлғалардың ми қыртысын, оң жақ жарты ми бөлігі активті түрде жұмыс атқарады. Талантты, дарынды, ерекше қасиетпен дарып, спортқа, ғылымға, шығармашылыққа жақын келіп, сүретшілер, ақындар мен музыканттар шығып жатуыда осының дәлелі.

Бұл жөнінде ағылшын ғалымы Крис Макманус «Оң және сол қол» атты кітабында адамзат тарихында солақайлар «оңшылдарға» қарағанда, ғаламат дарынға ие болып, теңдессіз табысқа қол жеткізгенін жазады. Мысалы, бокс пен теннисшілер қарсыласын қанша тұстан мықтымын дегенмен де, оның сол қолымен ұра алмауы солақайға үлкен мүмкіндік береді. Белгілі теннисші Сампрастың үнемі жеңімпаз болу сыры, сөз жоқ, солақайлығында жатыр. Әйгілі теннисшілер: Джон Маккинрой, Моника Селеш, Мартина Навратиловаларды да айтуға болады. Сондай-ақ әлемді мойындатқан, тарихта аты қалған дарынды, талантты тұлғалар– Аристотель, Юлий Цезарь, Наполеон, Уинстон Черчилль, Пушкин, Толстой, Шопен, Чаплин, Леонардо да Винчи, Микеланджело, Исаак Ньютон, Марк Твен, Роберт Шума, Елизавета патшайым, оның ұлы Чарльз, немересі Уильям, Американың президенттері – Рональд Рейган, Джордж Буш – ағасы, Билл Клинтон, Барак Обама, компьютер миллиардері Билл Гейтс, Мэрилин Монро, Джулия Робертс, Пол Маккартни, Сильвестр Сталлоне, Том Круз, Николь Кидман, Селин Дион, Эминем… сынды көптеген тұлғалар бар болса, Нұрғиса Тілендиевтің домбыраны сол қолымен тартатынын дүйім қазақ біледі. [2] Есімі белгілі қазақтардың ішінде де солақайлар баршылық.

Психологтардың пайымдауынша, солшылдардың шығармашылық потенциалы мықты болғанымен, денсаулық жағына келгенде 80 пайызы аллергиялық ауруларға тез шалдығыш, өзіне-өзі қол жұмсайтындар, зиянды нәрселерге әуестенгіш, басқаларға қарағанда бес жылға аз өмір сүретіндігі бар екендігін де айтқан. Алайда, солақайлар ешқандай потологиялық ауру қатарына жатпайтын табиғи сау адамдар.

Кезінде ХХ ғасырға дейін мұндай адамдарды қоғамға жолатпай аластатқанын да білеміз. Мысалы айтар болсақ, Ежелгі Русьте солақай жандардың бірде-бір сөзіне сенбей, оларды шайтан ұрпағына теңеген. Тіпті, сот залына куәгер ретінде шақыртпайтын болған. Ал Қытай елінде «нашар адамдар» қатарына жатқызып, түсінде солақайларды көрсе, алдағы күнде жамандық болады деп те, болжаған. Римде «Жаратқанның оларға көзі теріс түскен, солақайлық жауыздықтың белгісі» деп қарап, осылай туылғандарды

баскесерлік әрекетке итермелеген, оларды тапсырыспен кісі өлтіруге жұмсаған. Германиялықтар солақайларды «дүниеге ыңғайсыз келгендер» деп оларды мазаққа айналдырған. Жапондар болса, болашақ жары сол қолмен жазатынын біліп қалса, бірден ажырасқан. Орта ғасырларда осындай теріс көзқарас қалыптасты және де ХХ ғасырдың басына дейін жағымсыз күйінде келді. [3]Зерттеуші ғалымдардың өзі теріс көзқараста болып,Британ психологы Кирил Берт «Солақайлар өмірге астамшылықпен қарайды, олар өзін қоярға жер таппайды, тағдыры қиындау болып өтеді» десе, неміс психологы Рудольф Херц «жақсы тәрбиеленген баланың солақайлығы кез келген қимыл-әрекетте бәрібір қолайсыздық тудырады» деп қорытынды жасаған болатын. Бұл, әрине, ерте ғасырдан қалған ескі көзқарас.Бүгінде бұл ойдың, пікірдің бәрі артта, ондай жандарға қатысты көзқарас оңды шешімін тауып, медицина ғылымы дасолақайлық ешқандай кемістік емес, ол табиғи қалыпты жаратылыс екенін дәлелдеп, әлем мойындап, өз мерекелерін де атап өтететін жағдайға жетті. Олар өз мейрамдарын «Бүкіләлемдік солақайлар» күнін 13 тамызда тойланады, негізінде мейрамның алғашқы баспалдағы 1990 жылдары тамыз айынан бастап тойлануда, осы күнге дейін жалғасын тауып келеді. Мейрам ретінде тойлануы да заңды, өйткені әлемде әр бір жүз адамның біреу ғана солақай болып туылады десек, жер шарында 6 млрд-тан астам адамның 60 млн.-ы солақай екеніне көз жеткізуге болады.[2]

Мұндай аталмыш қасиеттің құпиясы тереңде, әлі де зерттеуді қажет етеді, себебі солақай болып туа да, жүре де пайда болып жатады. Генетикалық жағынан солақай болып туылғандардың табиғатын өзгертуге тырыспау қажет, өйткені ми қабатының жарты шарының арасындағы бөлініске байланысты ол өз қалауына орай солақай түрде әрекет жасамаса, мұның соңы түрлі ауруларға, атап айтсақ, кекеш, тұтықпа секілді науқастарға әкеп соқтыруы әбден мүмкін. Сол үшінде солақай балаларда мәжбүрлеп оң қолмен жұмыс жасатуға, сабақ оқытуға, жазып, сыздыру қауіпті. Баланың денсаулығына зиян келтірмес алдын, солақай, оңақай екенін нақты анықтап алған дұрыс. Солақайлықты анықтауда француз ғалымы Озьянс мынадай әдістер арқылы оп оңай бақылауға болады деген:

- *Бөтелкенің қақпағын бұрап ашу*
- *Сіріңке жағу*
- *Қағазды қайшымен кесу*
- *Түйме қадау*
- *Аяқ киім тазалау*
- *Сылдырмақпен қоңырау шалу[2]*
- *Жіп орау*
- *Бір ыдыстан екінші ыдысқа су құю*
- *Суретті өшіргішпен өшіру*
- *Жіңішке бутылкаға су тамызу*
- *Стаканның ішінен түймені қасықпен алу. т.б.*

Қарапайым тапсырмалар арқылы баланың оң немесе сол қолымен жұмыс атқаратынын біліп алғаннан кейін, еркін білімге, атап айтқанда жазу-сызуға үйретуге болатындығын көрсеткен. Бірақ, техниканың шарықтаған заманында баланың жатырда жатқанында ақ, дәрігерлер баланың оңақай немесе солқай екенін қиындықсыз –ақ, біле алады. Яғни,10-11 аптада ана құрсағындағы бала оң қолының бас бармағын сорса оңақай, керісінше болса, солақай болып дүниеге келетіндігі анықталған. Жасы кіші кезінде солақайлық көп кедергіге ұшырамай, мектепке бара бастағанда, жазу, сызуды үйрене бастағанда, есейгенде солақайлар көптеген қиындықтарды бастан кешіреді. Өйткені, дамыған заманда көп қолданыс заттары оңқай адамдарға арналып жасалғаны тағы бар. Оңтайлық дүниелерге бейімделуі тағыда қиындық тудыратын бір жәйт. Дегенмен, солақайлар күш жігерінің арқасында, мұндай қиындықтарға дес бермей, мойымай кез келген дүниені алып кетіп жатады, бұл жөнінде Австралия нейрофизиология мемлекеттік университеті мамандарының пікіріне қарағанда, сол қолмен жұмыс істейтіндердің кез келген нәрсеге жауап қату әрекеті, іс-әрекетіоңқайларға қарағанда жылдам екен және олар тапсырманы тез түсініп, тиянақты орындайтын көрінеді. Сонымен қатар олар компьютер ойындарын жақсы меңгеріп, дыбыстан жылдам ұшатын ұшақтарды сапалы басқарады деген де болжам келтірген.

Солақай балаларға теріс ілтипат көрсетпей, оң көзқараспен қарағанымыз осының дәлелі десек, артық айтқандық емес. Кейде ата-аналар сол қолымен тамақ ішкен балаларына дауыс көтеріп, ұрсып жатады, әрине бұл дұрыс емес. Баланың табиғаты қалай жаралса, сол қалпында дұрыс тәрбилеп өсіру ата-ана мен қоғамның борышы.

Қорытындылай келгенде, баланың болмысы солақай немесе оңақай болсын оларды бір-бірінен кемсітіп ажырату дұрыс емес. Баланың барлығы бір, олардың білім алуына ыңғайын жасап, демеп жіберер ата-анамен мұғалімнің қолында. Ең қарапайым мысал, партада отыру ережесін қадағалау, солақай мен солақайды отырғызу, терзеден оңақайларға сол жағынан, ал солақайларға оң жағынан жарықтың түсуін қамтамасыз ету сияқты. Зерттеулерге қарағанда, мұндай балалар көп уақыт бір объектімен жұмыс жасап, бағдарлануы және де бірнеше тапсырманы қатар алып жүруі қиынға соғатындықтан, оқытудың басқа да жеңіл жолдарын қарастырып, қол ұшын берім демеп отырған дұрыс.

1. *Солақайлық кемістік емес.Тамыз 15, 2011http://kiziltil.kazjur.kz/*
2. *Есембекова К.Ж., Сол қолмен жазатын жеке тұлғаның педагогико-психологиялық ерекшеліктері www. kundyz.kz1@mail.ru,*
3. *Е.Ушакова. Проблемы леворуких детей. http://zdd.1september.ru/*

Абстракт: в статье написано об интересах и способностях леворуких детей. А так же, психофизиологические особенности, невроз, эмоциональные состояние, капризы, трудности и.т.д.Обучая и воспитывая леворукого ребенка нужно помнит, что ни в какой ситуации он не должен чувствовать неготивное отношениек леворукости. Леворуки ребенок как правило, возбудим, быстро утомляется, а значит, день ребенка должен быть построен так, чтобы не было перезагрузки и переутомления.Знание личностных и психологических особенности леворуких необходимо родителям, чтобя найболее эффективно организовать позновательную деятельность ребенка-левши и подготовить его к овладению школьной программой.
Ключевые слова: человек, особенные качества, левша, психология, способности.

Abstract: In the article written about the interests and abilities of left-handed children. And also, physiological characteristics, neurosis, emotional states, moods, and raising difficulties. training left-handed child should be remembered that in any situation he should not feel negotivno related to left-handedness. Left-handed child usually excitable, gets tired quickly, which means that the day of the child should be constructed so that there was no reboot and pereutomleniya.Znanie personal and psychological peculiarities of left-handed parents need to show pleasing naybolee effectively organize the activities of the child-left-hander and prepare it for mastering school program.
Keywords:human being,special qualities,lefty, psychology, ability.

УДК37.015.3

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

А.Мақсұтқызы – *I курс магистранты*
А.С. Амирова – *п.ғ.д., профессор*
Абай атындағы ҚазҰПУ(Алматы), Қазақстан

Аңдатпа

Елбасының тапсырмасы бойынша оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс –қимыл жоспар қабылданды. Осы жоспарды жүзеге асыруда көптеген жұмыстар жүргізілуде. Сауаттылық тұлғаның тұрақты қасиеті, ал функционалдық сауаттылық сол тұлға меңгерген белгілі бір білім біліктерден көрініс табады. Функционалдық сауаттылық оқушылардың сыртқы ортамен қарым-қатынас жасау қабілеті, оқушылардың өзгермелі өмірге бейімделуінің шарты, оқушылардың жеке бас қабілеттерін дамытудың тетігі, әлеуметтік дағдыларын дамытудың негізі.

Бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың психологиялық негіздерін айқындау жоғарыда аталған жоспарды жүзеге асырудың бір баспалдағы. Мақала жазу барысындафункционалдық сауаттылықты қалыптастырудың әдістемесіне қатысты еңбектер талданып, жүйеге келтірілді. Анықтамалық энциклопедиялар мен сөздіктерге, психологиялық еңбектерге шолу жасалды. Бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығын қалыптастыруда оқушылардың психологиялық негіздерін айқындау маңызды мәселе болмақ. Ең бірінші баланың жас және жеке ерекшеліктері, соған сәйкес таным процестерінің мүмкіндіктері ескеріледі. Ойын баласының мектеп өміріне, қоғамға бейімделіп, әлеуметтенуі де психологиялық процесстер арқылы жүзеге асырылады.

Оқу іс-әрекетін баланың жеке-дара ерекшеліктерін ескере отырып ұйымдастырып, мұғалім бағыт-бағдар беріп, әрекетті баланың өзіне істету, жұмысының нәтижесін көрсетіп, ынталандырып, мадақтап, оқушының қызығушылығын одан әрі арттырып, қажеттілігін қанағаттандыру қажет. Бастауыш сынып оқушыларының өзіндік ерекшеліктерін ескере отырып, дұрыс ұйымдастырылып оқушымен бірлікте жүргізілген жұмыс оң нәтижесін беріп, баланың функционалдық сауаттылығын қалыптасуына негіз болады.

Түйін сөздер: сауаттылық, функционалдық сауаттылық, бастауыш сынып оқушылары, психологиялық негіз, таным процесі, жас ерекшелік.

Елбасы Н.Назарбаев 2012 жылғы 27 қаңтардағы «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына жолдауында мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту бойынша бес жылдық ұлттық жоспарды қабылдау жөнінде нақты міндет қойды [1]. Аталған міндет Қазақстанның әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына кіруі процесінде де маңызды болып табылады. Еліміз үшін маңызды болып табылатын аталған стратегиялық міндетті шешу

жағдайында тұлғаның ең басты функциялық сапалары белсенділік, шығармашыл тұрғыда ойлауға және шешім қабылдай алуға, кәсіби жолын таңдай алуға дайын тұруы болып табылады. Бұл функционалдық дағдылар мектеп қабырғасында қалыптасады.

Қазіргі әлемдік білім кеңістігіндегі халықаралық стандарт талаптарына сай оқыту үдерісінің орталық тұлғасы білім алушы субъект, ал ол субьектінің алған білімінің түпкі нәтижесі құзыреттіліктер болып белгіленуі білім беру жүйесінде «функционалдық сауаттылықты»қалыптастыру мәселесін негізгеалудың өзектілігін арттырып отыр. Функционалдық сауаттылықты дамытудың жалпы бағдары Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында жалпы білім беретін мектептерде зияткерлік, дене және рухани тұрғысынан дамыған ел азаматын қалыптастыру, оның өзгермелі әлемде әлеуметтік бейімделуін қамтамасыз ететін білім алудағы қажеттіліктерін қанағаттандыру деп айқын көрсетілген.

Кең ұғымда жеке тұлғаның грамматикалық нормаға сай оқу, жазу, санау біліктіліктері қалыптасқан, таза, қатесіз жаза, сөйлей, оқи алатын, сондай-ақ дұрыс есептей білетін адам сауатты ретінде танылады. Бұл ұғымның мазмұны тарихи тұрғыда қоғамдық талаптар мен индивидке қойылатын талаптардың ең төменгі шектік деңгейінің өзгеруіне байланысты өзгеріске ұшырауы.

Қазақ тілінің түсіндерме сөздігінде: «фукционалдық ұғымы бір нәрсенің құрылысы, құрамынан емес, қызметінен болатын, соның әрекетіне байланысты болады» [2,17] – деп сипаттама беріледі. Ал, С.И.Ожеговтың сөздігінде «функция» сөзініңмәні «Вызванный функционированием чего-нибудь, зависящий от деятельности, а не от структуры, строения чего-нибудь (книжн)» – [3,46] десе, бұдан «функция» ұғымы белгілі бір заттың атқаратын қызметіне немесе іс-әрекетіне қатысты айтылатынын білеміз.

1969 жылы қыркүйек айында Тегеран қаласында өткен сауатсыздықты жою бойынша ағарту саласы министрлерінің Дүниежүзілік конгресінде «функционалдық сауаттылық» термині енгізілген болатын, ал 1978 жылы БҰҰ ұсынысы бойынша конгресс шешімі қайта қаралып, «Білім беру саласы статистикасын халықаралық стандартизациялау» туралы құжатқа өзгерістер енгізілді [4,6]. Термин мазмұнының қайта редакциялануына орай функционалды топтардың тиімді әрекет етуіне қажетті барлық іс-әрекет саласына еркін енуі функционалдық сауаттылықтың жаңа көрсеткіші болып табылады.

Қазіргі кезеңде «функционалдық сауаттылық» ұғымымағынасы жан-жақты зерттеліп, қоғам дамуын тежеуші сауатсыздықты жою мағынасында ғана емес, ұғымдық мағынасы іс-әрекеттің нәтижесі тұрғысында сауатсыздықты жою әдістері мен тәсілдерін іздеу мәселесі ретінде де қарастырылады. Қазіргі ақпараттанған жаңа қоғамда функционалдық сауаттылық барлық қоғамдық деңгейлердің әрекет нәтижесінің жетістік түйіні болмақ. Жаңа сипатта «функционалдық сауаттылық» мағыналық тұрғыда кеңейіп, мәдениеттілік атрибуты дәрежесіне дейін көтерілді.

ХХ ғасырдың басында құрылған сауатсыздық жойылсын ұйымын құрғандағы негізгі мақсат – адамдардың әріп танып оқи білуі, жаза білуі, арифметикалық төрт амалды білуі қызметтік әрекетті игеріп кетудің негізгі көрсеткіші болды. Қазіргі кезеңде сауаттылық ұғымының ауқымы кеңейіп, оның көрсеткіштері түрліше сипатталады. Ал «функционалдық сауаттылық» белгілі бір кезеңге сай субьектінің алған білімі мен білігі негізінде сауатты іс-әрекет ете алуы деген мағынаны білдіреді. Қоғамның дамуына байланысты сауаттылық ұғымының мәні тарихи тұрғыдан өзгергенін, тұлғаға қойылатын талаптарда оқу, жазу, санай білу қабілеттерінен гөрі белгілі бір қоғамда өмір сүруге қажетті білім мен біліктердің жиынтығын игеру, яғни функционалдық сауаттылыққа жету деген сипатта ұғынылады. Қазіргі әлемдегі, еліміздегі өріс алып отырған түрлі бағыттағы дамулардың әсерінен қоғамның адамға қоятын талаптарының өзгеруі нәтижесінде функционалдық сауаттылық ұғымы кең тарала бастады.

И.А.Мещеряков функционалдық сауаттылық - (ағылшын тілінде functionalliteracy) - дағды мен білімді қамтамасыз ететін жеке тұлғаны дамытуға, жаңа білім алу мен мәдениет жетістіктерін игеруге бағытталған білім нәтижесі, жаңа техниканы қолдануды игеру, кәсіби міндеттерді жетік меңгеру, жанұялық өмірдегі сәтті үйлесімділік құра білу, өмірлік түрлі жағдаяттарды шеше алу деп анықтама берді [4,6].

Мектеп оқушысында пайда болған субъективтілік қасиеттерінің көрсеткіштері оның функционалдық сауаттылығын қалыптасуының көрсеткіші болып табылады. Бастауыш мектеп оқушысында оқу - әрекеті арқылы қалыптасатын сауаттылық оқу әрекетінен тыс жағдайда қалыптасуы мүмкін емес. Сондықтан бастауыш мектепте кез - келген пәнге оқытудың мақсатты функциясы оқушыда өздігінен әрекет ету білігін қалыптастыру болып табылады. Бастауышсынып оқушысы мектепке келгенде ең бірінші мұғалім олардың жас және жеке ерекшеліктеріне мән беріп, соған сәйкес жұмыс жасауы қажет. Мектеп табалдырығын алғаш аттаған баланың оқуға, мұғаліммен ынтымақтасуға талпынысы мол болады. Ал келесі деңгейде мұғалімнің басшылығымен шағын топтарда оқу ынтымақтастығын ұйымдастыруымен өздігінен әрекет етуі күшейеді. Одан кейінгі деңгейде ең жоғарғы шектік мөлшерде өздігінен оқу әрекетін орын-

дауға, құрдастарымен және білімін толықтыру бағытында мұғалімдермен әрекет құруға, жеке оқу белсенділігінің арту қабілеті байқалады. Соңғы деңгейде оқушы мұғалім көзқарасын игереді.

Бастауыш білім беру сатысы қарапайым функционалдық сауаттылықты қалыптастыруға бағытталған. Бастауыш саты кіші мектеп жасындағы оқушының функционалдық сауаттылық пен әлеуметтік құзіреттіліктің қарапайым дағдылары мен қабілеттерін қалыптастырудың негізін салады. Осыған орай қарапайым сауаттылық оқу мен санаудың ауызша және жазбаша тілін, әлеуметтік әрекеттерді (адамдармен қарым-қатынасқа түсу дағдысы, біріккен әрекетті жүзеге асыру, қоғамның талаптарына сай өзін-өзі ұстау) дағдылары қалыптасады. Қоғам бастауыш сынып мұғалімі алдына кіші мектеп оқушысы тұлғасын дамытуды қамтамасыз ету шартын қояды. Ондай міндеттерді шешудің құралы болып оқу әрекеті жатады. Оқушының функционалдық сауаттылық пен әлеуметтік құзіреттіліктің қарапайым дағдылары мен қабілеттерін қалыптастыруда бастауыш білім беру сатысының мақсат пен міндеттерінің басымдығын анықтау шарты – осыжастық кезеңнің психологиялық даму заңдылығын есепке алынуы, қойылған мақсаттың қол жетімді болуын қамтамасыз етеді. Білімнің саналы түрде игерілуі баланың танымдық қабілеті мен таным күштерінің бірігуі арқылы іске асып отырады. Баланың дамуға бейім таным күштерін байқаған мұғалім арнайы жұмыс арқылы оны ұштай түсуі тиіс. Мұғалім оқушының ана тілінде төселе сөйлеуін, сауатты жазуын қамтамасыз ету барысында міндетті түрде оның танымдық қабілеттерінің де дамуын да ескеріп отырғаны жөн. Әрине, даму барысы оның физиологиялық даму мүмкіндіктерімен үйлесе келуін де қажет етеді.

Мұғалім оқу-танымдық процестің жетекшісі мен ұйымдастырушысы ретінде оқушының биологиялық және әлеуметтік дамуын үйлестіріп отыруды баса назарда ұстайды. Жасөспірім кезінде баланың танымдық қызметі ерекше белсенділікпен өтеді. Осы ретте оқушының коммуникативтік құзіреттілігінің оны белгілі бір шынайы жағдаяттарға түсіре отырып, төселдірілуіндегі даму процесі туралы айтып өту керек.

Оқушы тиісті оқу нысандарынан білімдік ақпарат алғанда, көп мағлұматтардың ішінен өзіне керек хабарды іріктеп алады. Көп мағлұматтардың ішінен өзіне керегін ғана іріктеп таңдап алу оқу тапсырмасын орындаудың негізгі шарттарының бірі.

М.Мұқанов таным процесінің элементтеріне: қабылдау; зейін; ес пен жадыны жатқызады. Автордың ойынша, жеткіншектердің таным үдерістерін былайша сипаттайды. Күнделікті оқу материалын ұғыну қабылдаудан басталады. Қабылдау тек бір нәрсе қарау, не соны тыңдау ғана емес, баста бар бейнелермен объектілерді салыстырып түсіну болып табылады [6,111].Сондықтан қабылдау оқу үдерісінде ойлануды талап етеді. Қабылдау дегеніміз - мағлұматтарды тұтастығымен бейнелеу. Қамтылатын материал қызықты болса, онда оқушылар осыған ғана көңіл бөліп, қиын материалдарды оқығысы келмейтіндігі кездеседі. Нәтижесінде, жеткіншек материалды тұтас қабылдай алмай, ақпараттың қандай да бір кесіндісі сияқты етіп, есінде сақтай алмауы мүмкін. Осыған орай бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығын қалыптастыруда арнайы жаттығу жұмыстарынжүргізу арқылы олардың таным процестерін жоғары деңгейде жетілдіру қажет.

Мектеп қабырғасындағы бала күнделікті қалыптасқан дағды бойынша ойыннан алыстап, өзіне артылған жүктің салмағын сезініп оқуға мән бере бастайды. Осы кездегі баланың қызығушылығын, ынтасын, оқуға, білім алуға деген талпынысын, құштарлығын, психология тілімен айтқанда ішкі түрткісін мотивацияға айналдыру қажет. Функционалдық сауаттылықты қалыптастырудың нәтижелілігі бастауыш сынып оқушыларының физиологиялық, психологиялық негіздерін терең білу мен барлық оқу әрекетін соған негіздеуге байланысты болады. М.Жұмабаев: «Сыртқы дүниемен, адамзат тұрмысымен жаңа таныс болып келе жатқан адам бар нәрсені білуге,бар білгенін есте ұстауға ұмтылады», - деп бұл кезеңдегі балалардың білуге, тануға ерекше талпынасы пайда болатынына тоқталды [7,52].

Функционалдық сауаттылықтың мәні тұлғаның оқу әрекетін өздігінен іске асыру қабілетінен, сонымен қатар күнделікті өмірде білім, білік және дағдылардын өмірдің әртүрлі ортасында өмірлік тапсырмаларды шешуге қолданумен сипатталады.

Оқушылардың функционалдық дағдыларды қалыптастыруда бастауыш мектептің рөлі ерекше. Себебі, білімнің негізі бастауышта қаланады. Егер оқу нәтижесі құзіреттілік деп анықталса, онда тілді меңгертуден күтілетін нәтижелер оқушының өмірлік дағдыларымен сабақтастырылуы қажет болып саналады.

Оқу іс-әрекетін баланың жеке-дара ерекшеліктерін ескере отырып ұйымдастырып, мұғалім бағыт-бағдар беріп, әрекетті баланың өзіне істету, жұмысының нәтижесін көрсетіп, ынталандырып, мадақтап, оқушының қызығушылығын одан әрі арттырып, қажеттілігін қанағаттандыру қажет. Бастауыш сынып оқушыларының өзіндік ерекшеліктерін ескере отырып, дұрыс ұйымдастырылып оқушымен бірлікте жүргізілген жұмыс оң нәтижесін беріп, баланың функционалдық сауаттылығын қалыптасуына негіз болады.

1. *Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары. ҚРҮкіиметінің № 832 қаулысы. 2012 жылғы 25 маусым, Астана, ҮкіметҮйі.*
2. *Қазақ тілінің сөздігі. –Алматы: Ғылым, 1986.10том-17 б.*
3. *Словарь русского языка. –М.:Русский язык. 1998г. - 46 с.*
4. *Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру (бастауыш сыныптар) әдістемелік құрал. Астана, 2013 - 6 б.*
5. *Мұқанов М. Жас және педагогикалық пси хология.Алматы,1981.–111 б.*
6. *М. ЖұмабаевПедагогика, - Алматы, 1992. -52 б.*

Аннотация

Указом президента принят план национального действия на 2012-2016 года о развитии функциональной грамотности учеников. При выполнении данного плана проводятся многочисленные работы. Грамотность, устойчивое свойство личности, а функциональная грамотность – находится в знаниях и навыках усвоенных этой личностью. Функциональная грамотность – способность учеников контактировать с внешней средой, условие адаптации учеников к изменчивому миру, рычаг развития личных способностей учеников и основа развития социальных навыков.

Выделение психологических основ формирования функциональной грамотности учеников начальных классов, является начальной ступенью выполнения плана отмеченного выше. В ходе написания статьи, были анализированы труды относящиеся к методике формирования функциональной грамотности и приведены в систему. Был проведен обзор энциклопедий и словарей, психологических трудов. Выделение психологических основ при формировании функциональной грамотности у учеников начальных классов будет важной проблемой. Во-первых, возрастные и индивидуальные особенности ребенка, в соответствии с этим учитываются возможности познавательных процессов. Адаптация к жизни в школе, обществу, социализация ребенка прежде игравшего, тоже происходит через психологические процессы.

Учитывая индивидуально-личностные особенности ребенка, организуя учебную деятельность, учитель дает направление, побуждая, восхваляя самостоятельное выполнение действия ребенком, необходимо в дальнейшем возрастить интерес ученика и удовлетворить его потребности. Учитывая индивидуальные особенности учеников начальных классов, правильно организованная работа проведенная совместно с учеником дает положительный результат и является основой формирования функциональной грамотности ученика.

Ключевые слова: грамотность, функциональная грамотность, ученики начальных классов, психологическая основа, познавательный процесс, возрастная особенность.

Abstract

Decree ofthe President ofthe National ActionPlanadoptedin 2012-2016, on the development offunctional literacy ofstudents.In carrying outthis plan,there are numerousworks.Literacy, sustainable property of the individual, and functional literacy-isthe knowledge and skillslearnedthisperson.Functional literacy- the ability ofstudentsto contactwith the external environment, the condition of adaptationto the changingworldof students, the lever ofpersonal abilitiesof students andbasis for the developmentof social skills.Isolation ofthe psychologicalbasis for the formationof functional literacyof primary school students, is the initialstageof the plannoted above.In the course ofwriting,were analyzedworksrelating to themethod of formation offunctional literacyand brought intothe system.Was reviewedencyclopedias and dictionaries, psychological works.Isolation of psychological principles in the formation of functional literacy among primary school students will be an important issue.Firstly,age and individualcharacteristics of the child, according to consider the possibilitythatcognitive processes.Adapting tolifein school, society, socialization of the childbeforea game,alsooccurs through thepsychological processes.Given the individual and personal characteristics of the child, organizing training activities, the teacher gives direction, encouraging, praising perform any action the child, it is necessary to increase further the interest of pupils and meet his needs.Taking into account the individual characteristics of primary school pupils, properly organize the work carried out jointly with the student tests positive and is the basis for the formation of functional literacy student.

Keywords:literacy,functional literacy, primary school pupils, psychological basis, cognitive process, the age feature.

УДК 372.6

БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

С.Қожагелдиева – *п.ғ.к.доцент*
Г.Қайбулдаева – *п.ғ.к., доцент*
Қ.А. Ясауи атындағы ХҚТУ

Қазіргі қоғам жеке адамнан прогрессивті ойлай алатын белсенді әрекетті, жан-жақты болуды талап етеді. Өйткені, адамның қоғамда алатын орны, қазіргісі, болашағы үнемі толғандыратын мәселелер қатарына жатады. Бұл қоғамның дамуымен тікелей байланысты. Қазақстан Республикасында орта білімді дамыту тұжырымдамасы білім беру мекемелерінің ең негізгі мақсаты: дүниетанымдық, құзырлық, шығармашылық деп атап көрсетеді. Қоғамда «орындаушы» адамнан гөрі «шығармашыл» адамға деген сұраныстың көп екендігін қазіргі өмір талабы дәлелдеп отыр. Көтеріліп отырған мәселе туралы жазылған ойлар, тұжырымдамалар көзқарастар, еңбектер баршылық. Ежелден-ақ ұлы ойшылдарымыз Жүсіп Баласағұн, Әл-Фараби, ұлы Абайды ерекше толғандырған. Сондықтан ұлы ойшылдар өз еңбектерінде адамның жеке басын қабілеттерін дамытуды үнемі көтеріп отырған [1].

Бастауыш сынып оқушыларының қабілеттері екі түрлі әрекетте дамиды. Біріншіден – кез келген бала адамзат баласының осы кезеңге дейінгі жинақтаған тәжірбиесін меңгеруге арналған оқу әрекеті,екіншіден – кез келген оқушы шығармашылық әрекеттер орындау арқылы өзінің ішкі мүмкіндіктерін дамытады.

Оқу – мектеп жасындағы балардың негізгі таным әрекеті. Баланың жалпы психикалық дамуы мектептегі оқу мен оның өздігінен оқуына тығыз байланысты.

Баланың оқу әрекеті – күрделі, жан-жақты үрдіс, ол баланың барлық әрекетін, рухани күштерін керек етеді. Баланың ақыл-ой еңбегі белсенді әрекет болуға тиісті. Ол оқушының жалпы психикалық даму ерекшеліктеріне байланысты болады. Баланың ақыл-ой әрекеті оның қажеттері мен қызығулары, сезім мен ерік сықты т.б. психикалық үрдістер мен байланысты іске асырылып отырады. Оқушының өздігінен оқуының жемісті болуы үшін ақыл-ой еңбегінің дағдыларын қалыптастыру керек.

Баланың ақыл-ой еңбегін белгілі жүйемен жасауға оның жалпы мәдениетін арттырып отыруға көңіл аудару керек. Ең алдымен, баланың өз жұмысының мақсат-міндеттерін анықтауға үйрету керек. Егер бала әрбір оқу жұмысын (тапсырмасын) не үшін, қандай мақсатпен жасау керектігін, ол қандай жаңа нәтиже (жаңа білім, дағды) беретінін білсе,онда оқушы әрекетінің саналылығы артады. Оқу жұмысының мақсат-міндеттеріне сай баланы өз бетімен жұмысын жоспарлай білуге, уақытты дұрыс пайдалана білуге, өз әрекетін қадағалауға (бақылауға), бағалауға қысқаша айтқанда, өзін-өзі басқаруға дағдыландырудың маңызы өте зор [2].

Баланың оқу әрекеті мазмұнына мыналар кіреді: ғылыми ұғымдар мен ғылыми заңдылықтарды түсіну және практикалық міндеттерді шешуге бағытталған ойлаудың жалпы амал-тәсілдерін меңгеру. Осыған орай, балалардың ғылыми білімді және дағдыларды меңгеруі олардың оқу әрекетінің негізгі мақсаты мен нәтижесі болып табылады. Оқу әрекетінің белгілі құрылымы мыналар:

1. Оқу міндеттері (немесе тапсырмалар);
2. Оқу әрекеттері (баланың қолданатын нақтылы практикалық және ой тәсіл амалдары);
3. Бақылау (оқушылардың өзін-өзі қадағалап, тексеріп отыруы);
4. Бағалау (мұғалімнің және оқушының өзіне-өзі берген бағасы).

Осындай күрделі әрекетіне байланысты оқушылардың ойлау қабілеті қалыптасады. Ойлау – баланың таным әрекетінің ең жоғары түрі. Ойлау арқылы оқушылар көзге көрінбейтін заттар мен құбылыстардың арасындағы күрделі себептік байланыстарды, заңдылықтарды ұғады. Ойлау сөйлеу әрекеті арқылы іске асады. Ойлау – нақты сұрақтар қоюдан, соларға жауап іздеуден басталады. Ойлау – белгілі міндетті теориялық немесе практикалық мәселелерді шешуге бағытталады. Ойлау әрекеті өзінен-өзі қалыптаспайды.

Олардың ойлау әрекетін ойдағыдай дамыту үшін, тиімді тәсілдер қолданып, арнайы жұмыстар жүргізу қажет. Ойлау үрдісі өзіне тән логикалық амалдардан (операциялардын) тұрады: анализ, синтез, салыстыру, топтастыру, жалпылау, тұжырымдар жасау т.б.

Мектепте оқытудың негізгі міндеттерінің бірі - оқушылардың танымдық қызығушылықтарын арттыру, таным қабілеттінің оянуына түрткі болу. Оқушылардытанымдық белсенділігі кезеңінде қабылдау, есте сақтау, ойлау, қиялдау процестері мен зейіннің тұрақты түрін қажет етеді. Оқу процесінде оқушылардың

танымдық қызығушылықтарын арттыру – олардың өз бетінше танымдық ынта-ықыласын, шығармашылық қызметін дамытатындай етіп ұйымдастырылады [3].

Шығармашылық әрекеттің оқу әрекетінен айырмашылығы – ол баланың өзін-өзі қалыптастыруына, өз идеясын жүзеге асыруға бағытталған жаңа әдіс-тәсілдерді іздеу, проблеманы өзінше, жаңа тәсілмен шешуге талпыныс жасауы. Осы әрекеттердің екі түрінде оқушылар екі түрлі мақсаттар көзделген, әртүрлі міндеттерді шешеді. Мысалы, оқу әрекетерінде белгілі бір ережені меңгеретін, дағдыны қалыптастыратын жаттығулар орындалса, шығармашылық әрекетке баланың іздену жұмысы басты нысанада болады. Сондықтан оқу әрекеті баланың жалпы қабілетін дамытса, ал шығармашылық әрекет нақты жағдайдағы мәселені шешу барысында нәтижеге жеткізетін қабілеттерін дамытады.

Зерттеушілер шығармашылық әрекеттерге әртүрлі анықтамалар береді. Мысалы, И.Я.Лернер білім, білік, дағдыны жаңа жағдайға тасымалдай білуді, жаңа шешім таба білуді, шығармашылық әрекет деп түсіндіреді.

А.Н.Лук шығармашылық әрекетті мәселені шешудегі көрегендікке, қырағылыққа балайды, идеяларды іске асыру (генерация жасай білу) болжай білу қабілеттерін атайды [4].

Сондықтан мұғалімге сабаққа дайындалу кезінде әр оқушының ерекшелігін ескере отырып, жеке берілетін тапсырмалар жүйесін әр оқушының оқу белсенділігін дамытатындай етіп мұқият таңдап алуына болады. Шығармашылық тұлға негізгі бастауыш сыныпта қаланатыны анық. Осы жастағы балалар бойында шығармашылық қабілеттің бастаулары жатыр. Тек өмір тәжірбиесінің, дара-дүниетаным, дара эстетикалық көзқарастың жетімсіздігінен олардың бойларындағы шығармашылық қабілетті ашып көрсете алмады. «Бұлақ көрсең көзін аш» - деген халқымыз. Жалпы шығармашылық туында өмірге келгенге дейін ұстаз шәкіртің өнеге тұтар ақылшысы, пікірлес досы, бапкері болуы тиіс. Оқушы шығармашылығы үнемі ұстаз, сынып ұжымы, ата-аналар тарапынан қолдау тауып отыруы керек.

Жан-жақты талант иесі М.Жұмабаев «Педагогика» еңбегінде бастауыш мектепте әдеби қабілеттілікті қалыптастырудың кейбір әдістерін көрсеткен [5].

Ұлы ағартушымыз ұсынып отырған оқушының шығармашылық қабілетін дамытудың барлық кезеңінде, яғни оқушыға оқиға, сюжет, образ, көркемдік шешім таба алмай қиналғанда, мұғалімнің меңзеу әдісі көмекке келуікерек. Бұл - мұғалімнің де шығармашылық қабілетінің сынға түсер шағы.

Көп жылғы тәжірбиемізде байқағанымыздай «Ана тілі» және «Қазақ тілі» сабағында ұтымды уақыт тауып, шығармашылық жұмыс түрлерін жүргізуге болады. Мұғалім мәтіннің өн-бойынан шығармашылық тапсырмаға лайықты жағдайлар іздеп табуы керек. Кейбір практикалық тапсырмаларды да шығармашылық арнаға бұрып, өзгертуге болады [6].

Бастауыш сынып оқушыларымен шығармашылық жұмыстың төмендегідей түрлерін жүргізуге болатынын тәжірибеміздебайқадық.

1. Балаларға белгілі тақырыпта (баспасөз бетінен) әңгіме оқып, оқушыларға басқаша аяқтауға кілт боларлық сюжет ұсыну.
2. Әңгіменің, ертегінің сюжетін бастап беру, аяқтауды оқушыға тапсыру.
3. Ертегіні ұжым болып тыңдау.
4. Ұйқас ұсыну арқылы өлең шығару.
5. Белгілі мақала негізінде әңгіме жазу.
6. Мәтін бойынша мақал құрастыру.
7. Табиғат құбылыстарына байланысты жұмбақтар шығару.
8. Берілген мәтіндегі бір бөлікті өзі жазып шығару.
9. Сөйлемдегікейбір сөздерді көркем сөздермен ауыстыру.
10. Белгілі ақын, жазушы шығармасына еліктен өлең, әңгіме жазу.
11. Берілген тірек сөздер арқылы қызықты мәтін құрастыру.

Шығармашылық тапсырма түрлерін сынып оқушыларының жас ерекшелігіне, психологиялық саралығы, шығармашылық қабілетінің даралығына қарап ары қарай жалғастыра беруге болады.

Бастауыш мектеп – оқушысы тұлғасы мен санасының дамуы қуатты жүретін, ерекше құнды, қайталанбас кезең. Сондықтан бастауыш білім үздіксіз білім берудің алғашқы басқышы, қиын да жауапты жұмыс. Бастауыш мектеп балаға белгілі білім беріп қана қоймай, оны жалпы дамыту, яғни сөйлеу, оқу, қоршаған орта жөнінде дұрыс көзқарас қалыптастыру, ойын дұрыс айтуға, салыстыра білуге, дәлелдеуге, сөйлеу мәдениетіне үйретеді. Дамыта оқытудың басты мақсаты – баланы оқыта отырып, оны шығармашылық бағытта жан-жақты дамыту.

Шығармашылық дегеніміз - адамның өмір шындығында өзін-өзі тануға ұмтылуы, ізденуі. Өмірде дұрыс жол табу үшін адам дұрыс ой түйіп, өздігінен сапалы, дәлелді шешімдер қабылдай білуге үйренуі

керек. Баланы жастайынан шығармашылық өнеріне қалай баулу керек? Оның жолдары, әдіс-тәсілдері, мазмұны қандай? Психологтердің зерттеуі бойынша, әрбір жаста шығармашылыққа баулу өзек болардай өзіндік ерекше қабілет, бейімділік бар екен [7].

Ойлаған ойын іске асыру кезінде де елестету байқалып, дами түседі; ұшу алдында ұшақты дайындау керек; дүкендегі тауарларды таңдап алу керек, егер жетіспесе өзің дайындауың керек. Осылайша ойын арқылы болашақ оқушының шығарашылық қабілеттері дамиды.

Қызықты ойындар балалардың қуанышты, жеңіл көңіл-күйін қалыптастырады, белсенді іс-әрекет қажеттілігін қанағаттандырып өмірлерін мағыналы етеді. Егер бала жақсы жағдайда жақсы тамақтанып өмір сүрсе, бірақ қызықты ойындар ойналмаса ақыл-ойы нашар дамиды. Ойында бала тұлғасының барлық жақтары бір-бірімен байланысып қалыптасады. Балаларды достық сезімге, тату ұжым құруға тәрбиелеу үшін, үлкендердің жақсы іс-әрекеттерін, еңбегін дәріптейтін ойындармен қызықтыру керек. Балалар ұжымын жақсы ұйымдастырғанда ғана әр баланың шығармашылық қабілеті дамиды.

1. Г.Оразова. Шығармашылықты қалыптастыру қажеттілігі. // Қазақстан мектебі. №10, 2006. 16-17 б.
2. Н.Жанатбекова. Шығармашылық қабілеттілік – даму негізі. // Қазақстан мектебі. №2, 2006. 15-17 б.
3. Г.Нұрахметова. Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту. // Бастауыш мектеп. №2, 2006. 49-50 б.
4. К.Жолдыбекова. Оқушылардың шығармашылық белсенділігін дамыту. // Бастауыш мектеп. №8, 2005. 75-77 б.
5. Д.Жолдыбаева. Оқушы шығармашылығын дамыту. // Бастауыш мектеп. № 8-9, 2007. 57 б.
6. Бастауыш мектеп оқушысының шығармашылық қабілетін дамыту. // Бастауыш мектеп. №10, 2003. 3-4 б.
7. Г.Н.Манапова. Қазақ тілі пәніне арналған дидактикалық материалдар. Алматы «Жазушы» 2000. 3-5 .б

Аннотация

Творческая деятельность учащихся не ограничивается лишь приобретением нового. Работа будет творческой, когда в ней проявляется собственный замысел учащихся, ставятся новые задачи и они самостоятельно решаются при помощи приобретенных знаний. Ведущие студентам думать о творческих работ, вызывает интерес и творческие способности, а также стимулировать активность.

Ключевые слова: Произведения искусства, начальная школа, творчество, знание, методы, ученики, учебный процесс.

Abstract

Primary education and continuing education for the first stepways. Difference between lead activity and educating process is child's behavior, searching methods self- developing idea, and to solve problems with new ways.Lead students to think of creative works, arouses interest and creative abilities, as well as to stimulate activity.

Keywords: Works of art, primaryschool, creativity skills, knowledge, methods, students, educating proccess.

УДК 17.022.1Ж.83

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ СӨЗДІК ҚОРЫН ДАМЫТУ ЖОЛДАРЫНЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Б.Т. Жубатырова – *аға оқытушы, педагогика және психология магистрі*
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

Аннотация

Мақалада мектеп жасына дейінгі балалардың сөздік қорын дамыту жолдары қарастырылған. Сонымен қатар мақала авторы аталған мәселе бойынша ғалымдар мен тәжірибелі педагог мамандардың көзқарастарының психологиялық-педагогикалық негіздеріне шолу жасаған. Балалардың сөздік қорларын дамытудағы кезеңдер қарастырылған. Семантикалық тұрғыдағы тілдік жұмыстар өте маңызды екенін атап өтеді.

Түйінді сөздер: Мектеп жасына дейінгі балалар, даму, балалардың сөздік қоры, лексикалық даму деңгейлері, тілдік жұмыстар, даму кезеңдері, семантикалық маңыздылығы, синонимиялық қатар, антоним-сөздер, балалардың тілін жетілдіру жұмыстары.

Сөздік қор мен тілдің дамуы баланың оқуда жетістіктерге жетуіне ықпалын тигізеді. Тәжірибе көрсеткендей, сөздік қоры бай және тілдік даму деңгейі жоғары балалар оқу үрдісінде қиындықтар көрмей, тез оқу және жазу дағдыларын меңгеріп кетеді. Лексикалық даму деңгейлері төмен балалар оқу барысында, адамдармен қатынасқа түсу барысында қиындықтарға тап болады. Лексикалық даму деңгейлері орташа балалар оқу барысында тұрақсыздықпен айрықшаланады.

Ю.С.Ляховская, Н.П.Савельева, А.П.Иваненко, Е.М. Струнина еңбектерінде көрсетілгендей балалардың оқу барысында қиындықтарға тап болуы сөздік қордың дұрыс дамуымен түсіндіріледі.

Психологиялық-педагогикалық зерттеулер бойынша оқу үрдісінде балалардың 90% қиындық көреді, олардың ішінде 60% сөздік қордың дұрыс дамымағанымен байланысты.

Д.Б. Эльконинниің пайымдауынша, балалардың тілдік дамуы олардың интеллектуалдық және тұлғалық дамуымен терең байланысты. Алты-жеті жаста балалардың сөздік қорының дамуы, оның одан әрі байи түсуі өте жедел түрде өтеді. Мектепке дейінгі ұйымдарда ересек топ балаларының тілдік дамуы сөздің лексикалық мағынасын жетілдірумен тығыз байланысты[1].

Сөзді тілдің бірлігі ретінде зерттеу тіл дамыту жүйесінде маңызды орын алады. Осы проблемаға Е.И.Тихеева, А.М. Бородич, Ю.С.Ляховская, Н.П.Савельева, А.П.Иваненко, В.В.Гербова, В.И.Яшина, Е.М.Струнина, А.А.Смаги, А.И.Лаврентьева және т.б. зерттеулері арналған.

Зерттеулерде дәлелденгендей мектеп жасына дейінгі балаларды сөздің семантикалық тұрғыдан дұрыс қолдану үшін, оның түрлі мағыналарымен таныстыру қажет.

Баланың сөзді және сөз тіркесін мағынасына, тілдік жағдаятқа қарай дұрыс қолдану дағдысын дамыту, еркін түрде өз ойларын айтуға және айналамен қарым қатынасқа түсуге мүмкіндік береді.

Қазіргі уақыттта мектеп жасына дейінгі балалардың сөздік қорын дамыту жолдарыныңзаңдылықтарын зерттеген, «сөз» ұғымына мінездеме келтірілген зерттеулер бар.

Н.А. Стародубова зерттеулерінде сөзді жұмыстардың маңыздылығын ерекше атай отырып, сөзді қарым қатынас, затты суреттеу барысында қолдану — бұл керекті сөзді көп сөздердің ішінентаңдау үрдісі. Әрбір сөз белгілі сөз табына жатады және өзіне тән грамматикалық көрсеткіштері бар.

Ана тілінің сөздік құрамын игеру, Ю.С.Ляховская, Е.М. Струнина, Н.П.Савельева, В.И.Яшина және т.б. зерттеушілердің пайымдауынша, - бұл тілдің грамматикалық құрылылымын игеруге, монологтық тсөйлеу түрін дамытуға, сөздің дыбыстық мәдениетін тәрбиелеудің бірден бір мағызды жағдайы. Тілді қарым қатынастың құралы ретінде қолдану сөзбен байланысты. Сөйлеуші сөз арқылы сөз тіркесін және сөйлемдерді құрастырып, өз ойын білдіреді, тыңдаушықабылдаған сөздерді жіктеп сөз арқылы ойды түсінеді.

Е.М. Струнинаның пайымдауынша, сөздің мағынасын балалар қоршаған ортамен танысу барысында – арнайы ұйымдастырылған және күнделікті өмірде танысады. Мектеп жасына дейінгі балалардың сөздік қорын сандық жағынан байытылғаны емес, сапалық жағынан да жетілдірілуі қажет[2].

Берілген мақалада бастауыш мектептегі өзін өзі тану сабақтарында ойын технологияларын тиімді пайдалану мәселелері қарастырылады. «Өзін өзі тану» пәні әр адамды рухани, адамгершілікке жетелеп, бақытты өмір сүруге, ақылдылыққа, мейірімділікке тәрбиелейтін мектеп бағдарламасындағы пән болып табылады. Мақалада бастауыш мектептегі өзін өзі тану пәнінде ойын технологиялары және оларды пайдаланудың тиімділігі, оның жіктемелері анықталған. Ойын технологияларынегізінде оқыту баланың оқу материалдарын оның сезімдері арқылы тану принципіне негізделеді. Өзін өзі тану пәнінде ойын технологияларын пайдалану қатысушылардың көру, сөйлеу, логикалық ойлау қабілеттерін, эмоционалды образды бейнеленуін, көркем шығармашылық туындыларын дұрыс анализдеуге үйретеді.

Түйін сөздер: ойын, ойын технологиялары, педагогикалық технологиялар, өзін өзі тану.

Abstract

This article discusses the use of gaming technology in the classroom in an elementary school of self-knowledge. The subject of “self-knowledge” is a school subject, has priceless spiritual treasures that make the introduction to each person’s spiritual and moral, happy and joyful, kind and wise. The article deals with gaming technology, presents the classification of games, and shows the efficiency of the use of gaming technology in the classroom in an elementary school of self-knowledge. At the heart of gaming technology training based on the principle of cognition child educational material through the feeling of emotion, from the association to the analysis, and then to work. The use of gaming technology in the classroom self promotes development of visual memory, speech, logical thinking, the ability to emotional and imaginative expression, the ability to analyze the works of art.

Key words: game, gaming technology, pedagogical technology, self-knowledge.

УДК

ОҚУШЫЛАРДЫҢ АЗАМАТТЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Г.Т. Токкулова – *п.ғ.к.,доцент*
Қ.А. Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Ғ.У. Қабекенов – *білім беру докторы*
Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, педагогика және психология кафедрасының доценті

Абстракт: Экономикадағы дағдарыстық жағдаяттар, туындаған әлеуметтік мәселелер әрбір мемлекеттегі адамдардың патриоттық және азаматтық сезімдерін тәрбиелеуге ерекше көңіл бөлуді талап етеді. Сондықтан оқушыларға азаматтық тәрбие беру, олардың азаматтығын қалыптастыру мәселесі өзекті болып табылады.

Азаматтық индивидтің әлеуметтік белсенділігін және оны өмірдің барлық саласына қатыстыру шамасын анықтаса, ал азаматтық тәрбие беру жалпы білім беретін мектептің бітіруші тұлғасының адамгершілік мәселелерін қалыптастырудың орталық буыны болып саналады.

Тірек сөздер: азамат, азаматтық, азаматтық тәрбие, патриотизм.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан-2050» - Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты Стратегиясында» рухани бірлік пен ұрпақтар арасындағы сабақтастық, ұлттық санасезім мен жаңа қазақстандық патриотизмді қалыптастыру мәселесін өзектендіреді, бұның бәрі жақын болашақта Мықты және Қуатты Қазақстанмемлекетін өркениетті жолмен құрудың қажетті шарты екеніне баса назар аудара отырып, «б**елсенді азаматтық ұстанымы қалыптасқан жастар – тәуелсіз Қазақстанның қуатты әлеуеті» - деп тұжырымдайды** [1].

Өскелең ұрпақтың азаматтығын қалыптастыру қазіргі білім берудің өзекті мәселесі, оның негізгі міндеттері: заңды құрметтеу; басқа адамның құқығын сыйлау; өзінің ісіне жауапкершілік; мораль мен құқық нормалары туралы білімі; Өз Отанының тарихын білу; өзін-өзі тануы, тұлғаның өзін іс жүзінде көрсетуі болып табылады.

Оқушы жастардың азаматтығын қалыптастыруда алдымен оқушылардың «азамат», «азаматтық», «азаматтық қоғам», «патриотизм» туралы түсініктерін кеңейту қажет.

Азаматтық қоғам – көп сатылы экономикаға, заң үстемдігіне, саяси жүйенің демократиялығына негізделген қоғамдық құрылым мемлекеттің қызметінен тыс топтардың, ұжымдардың экономикалық, т.б. белгілері бойынша біріккен құрылымдардың жиынтығы [2].

Демек азаматтық қоғам жеке тұлғаның негізгі құқықтары мен еркіндіктері заң жүзінде қамтамасыз етілген және саяси қорғалатын, мемлекеттен тыс қатынастар саласында үйлесімді дамыған қоғам. Ол саяси өкіметке тәуелсіз жұмыс істейтін және оған ықпал жасауға қабілетті қатынастар мен институттар жиынтығы, дербес жеке адамдар мен әлеуметтік субъектілер қоғамдастығы.

Сонымен бірге азаматтық қоғамды адамның жеке тұлғасының және бейресми, мемлекеттік емес қоғамдық ұйымдардың дамуына қолайлы жағдай туғызатын әлеуметтік тәртіп түрі деп те түсінуге болады. Ол аса дамыған экономикалық, мәдени, саяси, құқықтық қарым-қатынастардың болуын талап етеді.

Азаматтық қоғам институттарына саяси партиялар, жергілікті қоғамдастықтар, кәсіптік одақтар, діни бірлестіктер, шығармашылық, қоғамдық және ғылыми одақтар мен бірлестіктер, бұқаралық ақпарат құралдары, сондай-ақ қоғам үшін түрлі қызмет пен қызмет көрсетулердің кең ауқымын іске асыратын, қызметтің алуан түрін жүзеге асыратын мемлекеттік емес қорлар, коммерциялық емес мекемелер, заңды тұлғалар одақтары (қауымдастықтары), қоғамдық пайдалы міндеттерді шешетін басқа да ұйымдар мен бастамашыл топтар түрінде құрылған мемлекеттік емес ұйымдар жатады.

Азаматтық қоғам институттарына саяси партиялар, жергілікті қоғамдастықтар, кәсіптік одақтар, діни бірлестіктер, шығармашылық, қоғамдық және ғылыми одақтар мен бірлестіктер, бұқаралық ақпарат құралдары, сондай-ақ қоғам үшін түрлі қызмет пен қызмет көрсетулердің кең ауқымын іске асыратын, қызметтің алуан түрін жүзеге асыратын мемлекеттік емес қорлар, коммерциялық емес мекемелер, заңды тұлғалар одақтары (қауымдастықтары), қоғамдық пайдалы міндеттерді шешетін басқа да ұйымдар мен бастамашыл топтар түрінде құрылған мемлекеттік емес ұйымдар жатады. Азаматтық қоғамды дамытудың алғышарттары меншіктің алуан түрлі нысаны кезінде азаматтарда экономикалық дербестіктің пайда болуы мен адами жеке тұлға мәртебесінің артуы болып табылады.

Азаматтық тәрбиенің негізгі мақсаты адамда қоғамдық ізгі мұраттарды, отансүйгіштік сезімін бейбітшілікке ұмтылысын, қоғам игілігіне еңбек ету қажеттілігін тәрбиелеу. Азаматтық - адамның нақты бір

мемлекетке саяси және құқықтық қатысы. Қазіргі Мықты және Қуатты Қазақстанныңазаматтық қоғамын бес жүйеге бөліп көрсетуге болады:әлеуметтік, саяси, экономикалық, рухани-мәдени, ақпараттық. Соның ішінде, рухани-мәдени жүйе және оның негізгі бағыттары – білім, ғылым, мәдениет, рухани сана-сезім, дін, денсаулық оқушы жастардың азаматтығын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады.

Азаматтық мәселесін тарихилық қағидасы тұрғысынан қарастырғанғалымдар зерттеулерін талдай отрып, азаматтық тәрбиенің мазмұндық сипаттамасы нақты тарихи дәуірге сай қоғамның әлеуметтік сұранысын бейнелеген деп тұжырымдауға болады.

Азаматтық тәрбиенің әлеуметтік қызмет пен педагогикалық құбылыс ретінде пайда болуы қоғамдық-экономикалық формацияның нақты-тарихи жағдайымен тығыз байланысты. Оның мақсаты мемлекеттің белгілі бір типіне әлеуметтік сұранысын көрсете отырып, қоғамның әлеуметтік-таптық құрылымының заңды өзгерістеріне сәйкес мағына беріліп анықталады.

Бұл педагогикалық құбылысты нақты-тарихилық тұрғыдан талдау «азаматтық тәрбие» ұғымы мен азаматтықтың ежелгі дәуірден бүгінгі күнге дейінгі динамикасын қадағалауға мүмкіндік береді.

Азаматты тәрбиелеудің теориясы мен практикасының тарихи аспектісі О.И.Волжина, Н.К.Гончаров, Ф.Ф.Королев, А.М.Шаленов, Д.С.Яковлева, т.б зерттеулерінде қарастырылады. Бұл мәселенің мәнін түсіну үшін Ю.П.Азаров, А.А.Бейсенбаева, К.К.Жампеисова, т.б. зерттеулері де маңызды.

Жоғарыдағы ғалымдардың пікірінше, азаматтық тәрбие және оның нәтижесі азаматтық әлеуметтік-саяси құбылыс ретінде мемлекеттік институттарды және азамтық қоғамды қалыптастырумен бірмезгілде, яғни құл иеленушілік кезеңде пайда болды. Сол уақыттан бастап азаматтық тәрбие мемлекеттің атрибуты және қызметі болып қалыптасты. Бұл мәселенің мазмұны мен мәні қоғамның дамуына байланысты өзгеріп отырғаны заңдылық.

Сондықтан күрделі тұлғалық қасиет ретінде азаматтықтың мәнін анықтау үшін оның компоненттік құрамын, ішік құрылымдық өзгерістері мен даму тенденциясын айқындау қажет.

«Азамат» ұғымының мазмұны (әлеуметтік, заңды, саяси, адамгершілікәрбір тарихи дәуірде өзгеріп отырған. Азамат *(грекше «polities», латынша«civis», ағылшын тілінде «citizth»*азаматтық құқығы бар және міндеттерін атқаратын қабілетке ие тұлға деген мағынаны білдіреді. Сонымен азамат белгілі бір құқықтар мен міндеттерге ие болған іс-әрекет субъектісі.

Антропологиялық тұғыр адамның тұлғалық даму құрылымында азаматтық феноменін талдаудың жаңа құндылық парадигмасын анықтады. Философиялық тұрғыдан «азамат» ұғымы адамгершілік қасиеттер арқылы анықталады.

Сондықтан оқушы жастардың азаматтығын қалыптастыру мәселесі философия, педагогика, психология, әлеуметтану ғылымдарының зерттеу пәні болып табылады. Бірақ, әдебиеттерде азаматтықтың табиғаты, оның құрылымы мен қалыптасу және даму механизмдері туралы білімді құру үшін қажетті теориялық және эксперименталдық материалдар әлі де болса жеткіліксіз.

Г.Н. Филонов бұл феноменге енетін басымды құндылықтарды бөліп көрсетеді: қоғамдық игілік, адамның құқығы, әлеуметтік әділеттілік, заң алдындағы теңдік, адамгершілік, адалдық, патриотизм мен толеранттық [3].

Ғылыми әдебиеттерді талдау «азаматтық» ұғымы мазмұнының әлеуметтік-құқықтық, моралдық-этикалық, әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық аспектілер тұрғысынан қарастырылатынын көрсетеді.

Әлеуметтік-құқықтық аспектіде **азаматтық** мемлекетті басқаруға белсенді қатысуға дайындық, демократиялық қарым-қатынас тәжірибесін, демократиялық құндылықтарды қабылдау, демократиялық сананы дамыту деңгейі ретінде түсіндіріледі (А.Я.Азарова, А.К.Мухтарова, т.б..

Моралдық-этикалық аспектіде **азаматтық** қоғамның адамгершілік мәдениет деңгейі, адамгершілік императив, парыз, азаматтық бедел, ар-ұждан, патриотизм, гуманизм идеалына сәйкестік ретінде түсіндіріледі (Л,М,Архангельский, Л.А.Байсеркеев, т.б.

*Әлеуметтік-психологиялық аспектіде***азаматтық** мемлекетпен, қоғаммен бірлікте болу, отанға сүйіспеншілік, әлеуметтік оптимизм, өмірлік қиындықтарды жеңудегі шішім қабылдау және тұрақтылық сезімі ретінде қарастырылады (И.С.Кон, С.К.Нурмукашева, т.б.

Педагогикалық аспектіде **азаматтық** мемлекет, қоғам, халық алдындағыпарызы мен азаматтық міндеттерін саналы және белсенді орындауын, өзінің азаматтық құқығын ақылмен пайдалануын анықтайтын адамгершілік сапасы ретінде анықталады [4].

Ғылыми-педагогикалық әдебиеттерде әртүрлі анықтамалар кездеседі.

«Орыс тілі сөздігінде» азаматтық азаматтың мемлекетке қатынасы бойынша өзінің құқығы мен міндеттерін жете ұғынуы, азаматтық тәртіптілігі мен жинақтылығы ретінде анықталады [5].

«Азаматтық «өркениетпен» теңестіріледі, яғни«адамның әлеуметтік даму деңгейіне жетуі», азаматты азаматтық құқықтың субъектісі ретінде сипаттайды.

Саяси энциклопедиялық сөздікте «азаматтық» ұғымы көпмағыналы: 1) Саяси қауымдастық ісіне белсенді және саналы қатысу; 2) Саяси қауымдастықтың толыққанды мүшесі, азаматы екендігін психологиялық сезінуі; 3) Азамат рөліне қабілеттілігі мен дайындығы; 4) Саяси қауымдастықтың еркін адамгершілікті қатысушысы; 5) Саяси қауымдастықтың қызығуышылығына берілгендік [6].

Бұл ұғымның осындай және басқа да анықтамалары бірін-бірі өзара толықтырады. Демек «азаматтық» ұғымы көлемді, көпқырлы.

В.С.Ильин «нағыз азамат өзіндік бедел сезімін, дербес тәртіптілікке айналған ішкі еркіндікті, басқа азамат пен билікке сыйласымды және сенімді қатынасты меңгерген, өзінің құқығын міндеті, ал міндетін құқығы ретінде қабылдауы тиіс» - деп есептейді [7].

В.А.Мальцевтың пікірінше, «азамат» ұғымы белсенді әрекетінен, бағалауынан, сезімінен көрінетін тұлғаның мемлекетке, құқыққа, билік пен заңға қатынасын сипаттайды [8].

Е.В.Ростовцева «азаматтықты» тұлғаның қоғамдағы адамгершілік және моралдық нормалармен қабылданған, қоғамдағы, мемлекеттегі жағдайларға, тұлғаның қажеттіліктері мен мүмкіндіктеріне сәйкес әлеуметтік бағыттылығы, әлеуметтік-маңызды қызығушылығына, мақсатына қол жеткізуге дайындығын анықтайтын тұлғаның қасиет сапаларының интегративті бірлігі ретінде анықтайды [9].

Жалпы алғанда дәстүрлі тұрғыдан азаматтықтың үш негізгі құрылымдық элементтері бөліп көрсетілетіні белгілі азаматтық сана-сезім, азаматтық белсенділік, азаматтық жауапкершілік.

Заманауи зерттеу жұмыстарында азаматтықтың мазмұны мен құрылымы туралы бірдей тұжырымдар жоқ десе де болады. Авторлар азаматтықтың әр түрлі компоненттерін бөліп көрсетеді:дүниетанымдық, ұлттық-патриоттық, адамгершілік, еңбек, көркемөнер-шығармашылық, құқықтық, экономикалық, экологиялық, т.б.

Г.Я.Гревцованың пікірінше, азаматтықтың компоненттері болып табылады: дүниетаным (білім, ұғым, сенім, мінез-құлық (норма, бағыттылық, ұстаным, іс-әрекетті бағалау (адамгершілік, саяси, құқықтық сананың сапалы жағдайы, ойлау стилі, таным, мәдениет (сезім, қатынас, мінез-құлық мәдениеті, шығармашылық мазмұны мен сипаты [10].

Ж.А.Макатова «азаматтықты ұлттық сана-сезім, ұлттық қасиет, интернационализм деген компоненттерден тұрады» - деп есептейді [11].

Сонымен бірге мектептік білім теориясы мен практикасы азаматтықтың құрылымында құндылық бағдар негізгі компонент ретінде ашып көрсетіледі. Азаматтық қоғамды дамыту тұжырымдамасында азаматтық қоғам ұғымына негізгі әрекет ететін субъекті ретінде адам өзінің барлық сұраныстары мен құндылықтар жүйесімен қатысады.

Азаматтық тәрбие қоғам мен мемлекеттің мүшесі ретінде жеке тұлғаның әлеуметтік-саяси, құқықтық, экономикалық, экологиялық, моральдық этикалық білімдерін, тәжірибелік іс-әрекеттерін қалыптастыру жүйесі мен үдерісін ұйымдастырады.

Тұлғаның азаматтығы азаматтық ұстанымынан байқалады. Оның базалық қасиеттері іс-әрекеттегі тұлғалық белсенділік, интегртивті жүйетүзушілік, жауапкершілік, еліне, халқына қызмет ету, патриотизм, т.б.

«Азаматтық» ұғымы «патриотизм» ұғымымен өзара тығыз байланыста қарастырылады. Еліміздің алдыңғы қатарлы 30 мемлекеттердің қатарынан көрінуі, экономикалық еркін аймаққа мүше болуға ұмтылысы,білім беру жүйесінің әлемдік білім кеңістігіне кіруі бүгінгі жаһандану үрдісінде «**патриотизм»** ұғымын тек мемлекеттік тұрғыда ғана емес, әлемдік деңгейде бейбітшілік пен тыныштықты сақтау мәселесі тұрғысынан қарастыруды талап еиеді.

Философ А.Айталы "...Ұлтжандылық халықтың рухани және материалдық игіліктерін көбейтуге арналған жігері, қайраты. Ұлтжанды деп еңбекқор, іскер, талапты, ойшыл, ізденгіш, ұлттық мұраттар жолындағы абзал істіңиесін айтамыз. Ұлы ұлттарөздерінің осындайұлтжандылығымен мықты",- депатап көрсетеді [12].

«Қазақстандық патриотизм – Қазақстанды мекендейтін барлық ұлт пен ұлыстардың, халықтардың мемлекеттің әлемдік биіктен көріну жолында білім, мәдениет, экономика, әлеуметтік тұрғыда дамуына жағдай жасай отырып, еліміздегі бейбітшілікті, бірлік пен тәуелсіздікті сақтау үшін барлық күш - жігерін жұмсау» - деп тұжырымдауға мүмкіндік береді. ОсыданҚазақстандық патриотизмді әлемдік тыныштық пен бейбітшілікті сақтаудың негізгі бір тұғыры деп айтуға болады.

Қорыта келгенде, оқушы жастардың азаматтық тұлғасы ой дербестігімен, болашағымыз үшін жауапкершілікті мойнына ала алатын, маңызды рухани және адамгершілік қасиеттері бар, азаматтық парызды

сезінетін, Отанға, туған жерге, ағайын-туғандарына, тіліне, өз халқының салт-дәстүрлеріне сүйіспен-шілікпен қарайтын, өз Отаны, тарихы, халқының жетістігі үшін мақтаныш сезімімен сипатталады.

1. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан-2050» стратегиясы Қазақстан халқына Жолдауы. Қалыптасып болған мемлекеттің жаңа саяси бағыты. 2012 ж.

2. Орысша-қазақша түсіндірме сөздік. Әлеуметтану және саясаттану бойынша/ Жалпы редакцияны басқарған Е.Арын. – Павлодар: «ЭКО», 2006. -569б.

3. Филонов Г.Н. Феномен гражданственности в структуре личностного развития. Педагогика. №10. 2002. С.24-29.

4. Коджаспирова Г.М., Коджаспиров А.Ю.Педагогический словарь. – М. АСАДЕМА, 2000. -172с.

5. Толковый словарь русского языка / Под ред. Д.Н.Ушинского. –М.Советская энциклопедия, 1935.

6. Тадевосян Э.В. Словарь-справочник по социологии и политологии. –М. Знание, 1996. -272с.

7. Ильин В.С. Формирование личности школьников. Целостный подход. –М., 1984. 178с.

8. Мальцев В.А.Основы политологии. –М., 1998. -480с.

9. Ростовцева Е.В. Гражданское воспитание учащихся в контексте гуманизации образования. – Сочи, 1998. -136с.

10. Гревцова Г.Я. Воспитание гражданственности у старшеклассников средствами общественных дисциплин. Автореф. к.п.н. –М., 1998. -26с.

11. Макатова Ж.А. Развитие гражданского воспитания в школах Казахстана в 1917-1930гг. Автореф. к.п.н. – Алматы, 1994. -24с.

12. АйталыА.Жаһандану және ұлт мәселесі. Егемен Қазақстан. - 2008. - 27 ақпан (№51-54). - С. 5.

Абстракт: Кризисная ситуация, сложившаяся в экономике, огромные социальные проблемы размывают культивируемые в каждом государстве патриотические и гражданские чувства людей. Обращение к теме гражданственности, гражданского воспитания школьников всегда представлялось актуальным.

Поскольку гражданственность определяет меру социальной активности индивида и включения его в различные сферы жизнедеятельности, то гражданское воспитание должно стать тем центральным звеном, которое может вытянуть всю цепь нравственных проблем формирования личности выпусника общеобра-зовательной школы.

Ключевые слова: гражданин, гражданственность, гражданское воспитание,патриотизм.

Abstract: The crisis situation in the economy, the huge social problems erode cultivated in every state and civil patriotic feelings of the people. Appeal to the subject of citizenship, civic education students always seemed relevant.

Since citizenship defines the measure of social activity of the individual and its inclusion in the various spheres of life, the civic education should be the central element, which can pull the whole chain of moral issues of identity formation of secondary school graduates.

Key words:citizen, citizenship, civic education, patriotism.

УДК 785

МУЗЫКАЛЬНОЕ РАЗВИТИЕ И ОБРАЗОВАНИЕ ДОШКОЛЬНИКОВ В РАМКАХ ГУМАНИТАРНОГО ПОДХОДА

Афонина Н.А. – *к.п.н., доцент СКГУ им. М.Козыбаева, г. Петропавловск*

Аннотация: Статья опринятии идеи о том, что гуманитарный подход в условиях музыкального воспитания и обучения наиболее полно обеспечит развитие ребенка дошкольника как целостного феномена.

Ключевые слова: гуманитарный подход, музыкальное обучение, дошкольник, целостность развития.

Государственная программа развития Республики Казахстан на 2011-2020 выдвигает требование обеспечить индивидуальное и личностное развитие детей дошкольного возраста [1].Споритьо том, что ребенок развивается как цельный феномен не приходится. Невозможно представить себе, что в определенные часы или годы происходит развитие какого-либо конкретного психического процесса. Однако и психолого-педагогическая наука, и педагогическая практика по сей день не дают однозначного ответа на вопросы связанные с пониманием целостности человека.

Прежде всего следует обратить внимание на то, что возвращаться к этому материалу придется в процессе чтения авторских мировоззренческих идей, взглядов философской и педагогической мысли с позиций методологического подхода к проблеме музыкального развития и воспитания ребенка дошкольного возраста. Методология - система принципов и способов организации и построения теоретической и практической деятельности. Обратим ваше внимание на три позиции.

Во-первых, целостность-это внутреннее единство, непротиворечивость, гармония как внутри самого объекта (в нашем случае - человека), так и во взаимодействии его с окружающим миром. Многие ученые придерживаются точки зрения, что целостность - это синтез качеств, характеризующих высший уровень развития.

Во-вторых, в психологии существует несколько теорий, объясняющих феномен целостности человека. К наиболее значимым из них относятся: теория Б. Г.Ананьева человеке как индивиде, личности, субъекте деятельности, индивидуальности; теория С.Л. Рубинштейна о человеке как субъекте жизни, развиваемая его последователями К.А. Абульхановой-Славской, А.В. Брушлинским.

В педагогических исследованиях вы сможете встретить разное трактование целостности развития ребенка:

- целостность как гармоничное сочетание всех сторон развития - физического, умственного, нравственного, эстетического (В.И. Логинова, А.П. Усова, С.Г. Козлова);

- целостность как сочетание биологического, социального и культурного начала в человеке (Б.Г. Ананьев, М.С. Каган, Р.М. Чумичева);

- целостность как интеграция желаний (потребностей, мотивов), чувств, разума (познавательных процессов), характера, способностей человека (В.И. Слободчиков, Е.И. Исаев).

В-третьих, развитие мы рассматриваем в педагогическом смысле и понимаем его как целенаправленный процесс создания специальных педагогических условий, содействующий внутренним изменениям человека. Специально организованное развитие ребенка - это воспитание, обучение и образование. Принимая разные точки зрения на соотношения данных педагогических категорий, мы определяем образование как процесс, интегрирующий в себе и воспитание иобучение. Объясняя сущность целостности развития ребенка дошкольного возраста, мы выбираем гуманитарный подход.

Гуманитарный подход - совокупность культуроориентированных и человекоориентированных взглядов. Идеи гуманитаризации есть идеи культурной обусловленности развития человека. Гуманитарный подход с точки зрения педагогики это подход, понимающий и изучающий ребенка как субъекта, интегрирующегося в человеческую культуру и одновременно обогащающего ее.

С позиций гуманитарного подхода ребёнка можно рассматриватькак сложную открытую систему, для которой характерна нелинейность развития. Это означает многовариантные и альтернативные пути развития каждого конкретного дошкольника, его права на индивидуальный темп и качество становления. В этом подходе важную роль играют познание и помощь в развитии уникальности, единичности, целостности растущего человека - его психофизики, природы, опыта, интересов, отношений,культуры.

Такая позиция даёт возможность рассматривать педагогические проблемы в культурологическом контексте, где музыка важная составляющая человеческой культуры. Этот подход позволяет объединить и педагогический процесс музыкального развития ребенка, и само музыкальное искусство.

Гуманитарная методология определяет в качестве предмета изучения проявления единичного, уникального, личностного. Гуманитарный подход по своей природе контекстен, что допускает многообразие рассмотрения одной и той же проблемы и многообразие вариантов ее решения в зависимости от ценностей и смыслов общественной и индивидуальной культуры.

Контекст - наличие определенной ситуации, окружения, системы условий, определяющей смысл и значение того или иного явления. Это значит, что при определении стратегии музыкального развития ребенка важно учитывать многообразие факторов его жизни как целостности-этоимеющийся музыкальный опыт, детскую субкультуру, культуру окружающих взрослых,социальный временной период. Иными словами, педагогический процесс в отношении каждого ребенка может рассматриваться как индивидуальная помощь в его развитии.

С этих позиций педагогический процесс обретает особый, гуманитарный, культурный смысл и становится направленным на оказание ребенку содействия и поддержки в его открытиях мира, культурного пространства, самого себя. В этом случае целенаправленность феномена развития и образования ребенка приобретает новое качественное обозрение. Это уже не просто процесс трансляции, передачи ребенку культуры в форме знаний и умений, а погружение в культуру через виды деятельности, которые доступны ребёнку для его обогащения.

Гуманитарный подход позволяет рассматривать образование как часть культуры. Образование человека в этом случае становится частью его индивидуальной культуры. В общефилософском смысле речь может идти о рассмотрении процессов взаимодействия ребенка с окружающей социальной и предметной средой, либо о процессах социализации - включении дошкольника в мир людей, либо о процессах культурации - включении дошкольника в мир вещей, созданных людьми. Что с точки зрения философии

культуры образование это одновременно ценность культуры и индивида, и способпередачи культурных ценностей от человека к человеку. Это значит, что ребенок, включенный в педагогический процесс, становится частью общечеловеческой культуры, образуя с ней единое целое и сохраняя при этом свою индивидуальность.

На практике гуманитарный подход предполагает рассмотрение ребенка как субъекта культурного саморазвития, а педагога как посредника между ребенком и культурой, способного поддержать индивидуальное самоопределение личности в ценностях культуры. Это значит что, являясь равноправными субъектами, ребенок и педагог образуют целостность, совместно переживая педагогическую ситуацию.

Все проблемы, связанные с изучением человека, обязательно затрагивают сферу культуры. Культура образует мир только человеческого. Она выступает на первый план и при анализе человеческого мира, человеческой действительности, и при анализе социальной жизни людей в этом мире, и в конкретном бытии конкретного человека, в его самосознании. Это те условия и та сфера бытия, в которой человек может проявить себя в полной мере своих возможностей.

Культура - это «специфически человеческий способ бытия» (М. С. Каган), она определяет направленность и содержание активности людей, их отношения к самим себе и окружающему миру. Иными словами, сам человек, и что особенно ценно для нас, ребенок-дошкольник - это мир культуры, а культура – это мир людей, что и есть целостность. Таким образом, культура есть среда целостного развития ребенка. Ещё один тезис к нашему рассуждению. Процесс целостного становления и развития ребенка возможен в том случае, если ребенок становится субъектом музыкальной деятельности во всех её видах.

На что утвердительно ответили сотрудники Петербургскойнаучной школы, возглавляемой А.М.Леушиной и В.И.Логиновой, внесщих существенный вклад в решение данной проблемы. Доказано, что ребенок в дошкольном возрасте, при определенных педагогических условиях, становится субъектом детских видов деятельности (игровой, трудовой, художественной),где в конечном успешном результате и субъектом культуры.

Таким образом, гуманитарный подход в условиях музыкального воспитания и обучения – это принятие идеи о том, что ребенок развивается, накапливая музыкальный опыт, музыкальные впечатления и одновременно активно преобразует музыкальную культуру, внося в нее элементы своей субкультуры, становится субъектом разных видов музыкальной деятельности, что позволит обеспечить индивидуальное иличностное развитие ребенка дошкольного возраста.

1. *Зимина А.М. Основы музыкального воспитания и развития детей младшего возраста. - М.: Владос, 2000.*
2. *Абдуллин Э.Б., Николаева Е.В. Теория музыкального образования. - М, 2004.*
3. *Дубровская Е.А. Ступеньки музыкального развития. - М.: Просвещение, 2003.*
4. *Абульханова К.А. Психология и сознание личности. - М., 1999.*
5. *Ананьев Б. Г. Человек как предмет познания. - СПб., 2001.*
6. *Брушлинский А. В. Психология субъекта. - М., 2003.*
7. *Иванов СП. Психология художественного действия субъекта. - М.,2003.*
8. *Орлов А. Б. Психология личности и сущности человека: парадигмы, проекции, практики. - М., 2002.*
9. *Леонтьев А.Н. Деятельность. Сознание. Личность. 2 изд.,- М.;Политиздат, 1977г.*

Summary: article on the adoption of the idea, that humanitarian approach in terms of musical education and training of the most ensure full development of the child as a preschooler holistic phenomenon.

Keywords: humanitarian approach , musical training , preschooler , integrity development.

УДК

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЖАСТАҒЫ МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ БАЛАЛАРДЫҢ БАЙЛАНЫСТЫРЫП СӨЙЛЕУ ТІЛІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МЕН ДАМЫТУДЫҢ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ

Р.Д. Дуйсенбаева – *аға оқытушы Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, Қазақстан Республикасы, Ақтөбе;*

Аннотация

Мақалада мектепке дейінгі зияты бұзылған балалардың сөйлеу тілін дамытуды қамтамасыз етуде объективті түрдегі ақпараттармен толықтырылған коммуникативтік қабілеттілік пен сөйлеу әрекетін бейнелейтін коррекциялық-педагогикалық нұсқаулардың құрылуы қарастырылған. Шектелген сөздік қор мен тілдің грамматикалық құрылымын жеткіліксіз түрде игеру оқылған мәтінді ауызша түсінуге шектеу жасайды. Тілдің грамматикалық құрылымы мен сөз мағынасын толық игере алмаудан, бала айналадағы адамдарға өзінің барлық тілдік мүмкіндіктерін, өз қалауын, сұранысын, талабын, ұсынысын айтуда көптеген қиындықтарға ұшырайтыны,ол сөзді толығымен айта алмаса сөздің бөліктерін ғана айтатыны баяндалады. Сөздік қоры мен сөйлеу тілінің грамматикалық жағының жеткіліксіз дамуы, ауызша байланыстырып сөйлеу тілінің қалыптасуына кері әсерін тигізеді. Сонымен қатар мақала авторы аталған мәселе бойынша байланыстырып сөйлеу тілі дегеніміз - логикалық біріздiлік және грамматикалық дұрыс құрыл-ған белгілі бір мазмұнның нақты кең түрде баяндалуы өте маңызды екенін атап өтеді.

Түйін сөздер: Мүмкіндігі шектеулі бала, тұлға, ауызша және жазбаша сөйлеу тілі, коммуникативті, сөздік қоры, дактильді сөйлеу, фонетика, грамматика, саңыраулар, анализаторлар, тіл мүкістігі, зияты, ақпарат,логика, біріздiлік, жалпы сөйлеу тілі, құндылық, фонематикалық есту қабілеті, байланыстырып сөйлеу тілі.

Қазіргі өркениетті қоғамдағы алға қойылып отырған басты міндеттердің бірі арнайы білім беру жүйесіндегі жетістіктерді дамыта отырып, оны жаңаша бағытта ұйымдастыру нәтижесінде жан-жақты жетілген тұлғаны қалыптастыру мәселесі болып отыр.

Білім беру саласындағы қазіргі тенденциялар болашақ ұрпақтан әлеуметтік адамгершілік тұрғыдағы жан-жақты дамуды қажет етеді. Қоғам қажет ететін мұндай талаптарды орындауда балаларды сөйлеу мәдениетіне, мәдени санаға дағдыландыруымыз керек. Кез-келген білімді игеру білім берудегі нақты жүйені меңгеру ғана емес, тұлғаның ішкі дүниесінің дамуын қамтамасыз ететінін түсінетін кез келді. Өмір сүру барысындағы кез-келген әрекеттер тілсіз жүзеге аспайтындығы белгілі. Бүгінгі білімді, мәдениетті адамды жай «білімді» адам емес, өмір сүруге бейімделген, құзыретті адам ретінде тануымызға болады.

Б.П.Никитиннің айтуынша, ерте жастағы баланың сөйлеу тілінің дамуының негізгі қайнар көзі үлкен адамдар болып табылады. Егер бала туғаннан бастап үлкендердің сөзін естіп үнемі оған сөйлеп, үлкен адамның сөйлеген сөзіне жауап беруге деген қабілетін оятып, үнемі сөздерді қайталатып отырса, бала бір жастың ішінде сөздерді айта бастайды, ал бір жасқа толық толғанда қарапайым фразаларды айта бастайды.

Адамның ең күрделі жоғарғы психикалық қызметі сөйлеу тілі болып табылады, балалардың жалпы білім беру мектебінде сапалы білім алуға дайындығы көбінесе балалық шақтағы сөйлеу тілінің құрылу деңгейіне байланысты болып келеді. Сонымен қатар, қимыл қозғалысы белсенді, ерте жүріп бастаған балалардың, өз – «еріншек» қатарластарына қарағанда сөйлеу тілі ерте шығады.

Тілдің жалпы жетіспеушілігі – түрлі тіл бұзылулары, онда балалардың қалыпты естуімен зиятында дыбыстық және мағыналық жағына жататын тіл жетіспеушілігі жүйесінің барлық компоненттерінің қалыптасуының бұзылуы байқалады. Бұл әрекет балалардың тіл патологиясының күрделі формаларында кездеседі: алалия, афазияда, ринолалия, дизартрияда.

Көп жағдайда сөйлеу тілінің кемістігі балалардың қозғалыс дамуында кездеседі. Баланың қозғалыс дамуы жас шамасына сай келмесе оның сөйлеу тілінің кемістігі де болмақ емес, нақтырақ айтсақ үнемі қозғалыста болу сөйлеу тілі дамуына зор ықпалын тигізбек. Баланың қозғалысын дамыту логопедтің дұрыс жұмыстар жүргізілу кезінде оң нәтиже береді. Бұндай жұмыстар қатарына психомоторлық (ұсақ қол моторикасы, жалпы моторика) және сенсорлық (көру, есту, сөйлеу) функциясын дамытатын түрлі логоритмикалық жаттығулар, әдістемелер, тапсырмалар, ойындар, сюжетті рөлдік ойындар т.б кіреді.

Білім беру үрдісіндегі балабақша түлегіне білім мен оның жетістігін игерту қарым-қатынас құралы – сөйлеу тілінің көмегімен жүзеге асырылады. Сөйлеу оқыту мен тәрбиелеу үрдісінің негізгі бөлігі бола отырып, білім алушылардың дағды мен іскерлікті игеру түрткісі болып табылады. Қазіргі уақытта Қазақстанда ғылым мен білімнің дамуында нәтижелі бағыттар ретінде тұлғаны және оның танымдық әрекетін зерттеу негізге алынып отыр. Сөйлеу тілін дамыту жүйесіндегі негізгі элемент қойылған мақсат-міндет-

терді шешуге қажетті педагогикалық-психологиялық жағымды жағдайларды туғызу болып табылады. Сөйлеу қарым-қатынастар бірлігіндегі қалыптасатын қоғамдық мәселе ретінде қарастырылғанымен, әлі де болса зертттеулерді қажет етеді. Қазіргі қоғамдық дамудың барысы педагогикалық үрдістегі қарама-қайшылықтарды анықтауға мүмкіндік береді. Педагогика мен психологиядағы, арнаулы педагогикадағы теорияларда балалардың жалпы байланыстырып сөйлеу белсенділігі мен сөйлеу әрекетін арнайы жұмыстар арқылы ұйымдастырудың қажеттігі анық байқалады.

Тіл арқылы адамзат өз тілегін, өз ойын, өз мақсатын анық жеткізе алады және бұл әрекеттер сөйлеу арқылы жүзеге асады. Сөйлеу әруақытта екіге бөлінеді: ішкі және сыртқы сөйлеу. Ішкі сөйлеу - адамның ойлау арқылы сөйлеуі, ол тек өзіне ғана мәлім, өзге адамға беймәлім, айтылмайды және жазылмайды. Сыртқы сөйлеу болса, бұл – басқа адамға арналған назар аударылған сөйлеу тілі. Бұлайша сөйлеу дыбыстардан және графикалық белгілерден тұрады. Ішкі сөйлеу тілі диалогтық және монологтық, ауызша және жазбаша болуы мүмкін. Ауызша және жазбаша сөйлеу тілі бұл -адамдардың бір-бірімен тіл арқылы қарым-қатынас жасайтын өзара байланыс формасы. Ауызша сөйлеу есту арқылы, жазбаша сөйлеу көру арқылы қабылданады. Бұлардың әрбіреуінің өзіне тән ерекшеліктері бар. Арнаулы педагогикада ауызша сөйлеу мен жазбаша сөйлеуді ғана ажыратып қоймай, саңыраулардың спецификалық дактильді сөйлеу тілінің ерекшеліктерінтармақтау аса маңызды. Мұнда дені сау балаларға қарағанда аталмыш кемістікті балалардың әрбір ауызша сөйлеу тілінің өзінің қабылдануы мен таратылуының нақты тәсілдері бар. Олармен жұмыс барысында сөздік, сөйлемдік ұғымдар жазбаша және дактиль тілі арқылы қабылданады және сәйкестенген қол қимылдарының көмегімен игеріледі. Дактиль тілі арқылы қарым-қатынас жасау балаларға түсінікті. Дегенмен, саңырау балалардың кемшіліктерін толығымен жоюда балалар тек сөйлеудің жазбаша және дактиль түрін игеріп қана қоймай, қатынас құралының тиімді тәсілі – ауызша сөйлеуді игерулері керек. Ауызекі сөйлеу тілін игеру – саңырау баланың жан-жақты дамуына жасалатын ең керекті жағдай. Бұл мектептегі барлық оқу-тәрбие процесінің негізгі міндеті. Ауызекі сөйлеу тілі саңырау баланың танымдық мүмкіндігін кеңейтіп, көрнекі-образды ойлаудан ауызекі-логикалық ойлауға біртебірте көшуді қамтамасыз етеді және саңырау баланың жеке тұлға болып қалыптасуына терең әсер етіп, олардың еститін адамдардың ортасына қосылуына жағдай жасайды.

Тілдің фонетикалық, сөздік және грамматикалық құрылымының принциптері мен заңдылықтарын жан-жақты зерттеуші Р.М.Боскис еңбектерінде есту қабілеті нашар балалардың екі негізгі категориясы көрсетілген. Олар - саңыраулар және нашар еститіндер. Саңыраулар категориясына жататын балалар тобына туғаннан немесе ерте жастан бастап жүре пайда болған өз беттерінше ауызекі сөйлеу тілін игере алмайтын саңырау балалар жатады. Нашар еститін балалар категориясына жататындардың есту қабілеті белгілі себептерге сай нашарлаған, бірақ олардың осының негізінде өз бетінше тілдік даму қалыптасуы мүмкін. Осылайша жіктелген саңырау балалардың тілі мен нашар еститін балалардың тілі кейбір сақталған есту анализаторларының функцияларын қолдану жағдайларында дамиды. Бұл нашар еститін баланың естіген сөзін бұзылған түрде болса да толықтырып айтуына әкеледі. Сөздерді бұзылған түрде айту нашар еститін балаларға тән, бұл мүмкіндік саңырау балаларда болмайды. Оларда сөйлеу тілі есту қабілетінің көмегінсіз жадында сақталған, ойында қалыптасқан негіз арқылы дамиды.

Шектелген сөздік қор мен тілдің грамматикалық құрылымын жеткіліксіз түрде игеру оқылған мәтінді ауызша түсінуге шектеу жасайды. Тілдің грамматикалық құрылымы мен сөз мағынасын толық игере алмаудан, бала айналадағы адамдарға өзінің барлық тілдік мүмкіндіктерін, өз қалауын, сұранысын, талабын, ұсынысын айтуда көптеген қиындықтарға ұшырайды. Егер ол сөзді толығымен айта алмаса сөздің бөліктерін ғана айтады, яғни ол айналадағы адамдарға түсінікті болады.

Есту қабілеті нашар оқушы оқуда да қиындықтарға кезігеді. Сөздіңдыбыстық құрамын толығымен игермеу мәтін ішіндегі сөздердің мағынасын түсінуге кедергі жасайды.Мысалы, оқушы «аспаж» деп жазса, ол сөздің «аспаз» екенін мағынасына қарай түсінбейді де танымайды, себебі ол оның дұрыс айтылуын естіген жоқ. Нашар еститін оқушылардың тілдік дамуының деңгейі тек есту қабілетінің жеткіліксіздігінің деңгейіне ғана емес, басқа да патологиялық аурулардың себептеріне байланысты, яғни мәселе есту қабілетіндегі кемшілік қай жаста пайда болғандығына байланысты. Саңырау балалардың мәтінмен жұмыс, сұрақтарға жауап берудегі сөз мағынасын ажыратып түсіне білуі баланың жекедаралық ерекшеліктеріне де байланысты, яғни аңғарымпаз, белсенді, ынталы балалар ерін қимылының көмегімен сөздерді тез ажыратып, ертерек қалыпқа түсіп кетеді.

Тілдік қарым-қатынасқа түсуді қамтамасыз етудегі маңыздыжағдай баланың сөйлеу кезінде сөйлемнің әр түрін қолдана білуі, яғни үлгі бойынша белгілі ситуацияларға сай нақты сөз тіркестерін пайдалана білуі болып табылады. Сондықтан жан-жақты ұйымдастырылған оқу-тәрбие процесінде балалар тілін дамытуды жеделдету сөйлеуге ынталандыру үшін әр түрлі дидактикалық материалдар мен оқу құралдарын

пайдаланып, бала тілінің әр түрлі даму кезеңдеріне сай тиімділігін арттыру үшін ұйымдастырылған жұмыстар жүргізілуі керек.

Сөйлеу тіліндегі кемшіліктерді түзету жұмыстарының мазмұны психологиялық-педагогикалық тұрғыдағы анықталған әдіс-тәсілдердің көмегімен, арнаулы логопедиялық жұмыстардың мазмұнымен, қажет жағдайларда медициналық көмектің бірлігі арқылы шешіледі.

Сөйлеу тілін дамытуда қолдың ұсақ моторикасын жетілдіру қажетекені баршамызға мәлім. Ұсақ моториканы саусақ жаттығулары арқылы дамыту тиімді. Саусақ гимнастикасы музыкамен орындалады және қол ептілігін, ұсақ моториканы, қол қимыл-қозғалысының тепетеңдігін дамытуға бағытталады. Олар баланың ішкі жан дүниесіне әсер етіп қана қоймай, сонымен қатар есте сақтаудың жақсаруына әсер етеді және баланың сөйлеу тілін, фантазиясын дамытады.

Саусақ жаттығулары кешенімен танысудың бірінші кезеңінде жаттығулар қарапайым қимылдармен орындалады (мысалы: «айдағы Дымбілмес» кешені сияқты орнындажүріп орындау; «Ертегілер әлеміне қонаққа бару» сабағы сияқты аяқ-қолдың қарапайым қимылы). Тапсырмада осындай әдістемелік тәсілдерді қолдана отырып, біз ұсақ моторлық тепетеңдік қабілетін және дене қозғалыс қабілетінің дамуына белсенді түрде әсер етуге болады. Саусақ жаттығуларын негізгі және қосымша сабақтарда қолдану өте маңызды.

Жоғарыда аталған логопедтік жұмыстар жүйелі түрде және дер кезінде жүргізілуі маңызды орын алады.

Сөйлеу тіліндегі түрлі дәрежедегі кемшіліктердің баланың тұлғалық дамуына кедергі келтіретіндігін есепке алып, қажетті білім мен іскерлікті, дағдыны игертудің тиімді жолдарын қарастыруымыз тиіс. Сөйлеу қызметінің күрделі бұзылымы кезіндегі жалпы сөйлеу тілінің даму ерекшеліктерін есепке алып, сөйлеу тілін дамытудағы педагогикалық жағдайларды логопедиялық жұмыстармен байланыстырып орындауға болатыны анықталған. Сөйлеу тілі толық қалыптасқан тұлғаның жалпы дамуы негізге алынады. Жеке тұлғаның қалыптасу заңдылықтарына сүйенуде А.Ф.Лазурскийдің «тұлғаның қоршаған ортаға бейімделу концепциясы» басшылыққа алынады. Жеке тұлға мен оның сөйлеу тілінің әлеуметтік мазмұны Л.С.Выготский, С.Л.Рубинштейннің концепцияларында қарастырылады. [1;10]

Қазіргі педагогикалық тәжірибе логопед мамандардан мектепке дейінгі зияты бұзылған балалардың сөйлеу тілін дамытуды қамтамасыз етуде объективті түрдегі ақпараттармен толықтырылған коммуникативтік қабілеттілік пен сөйлеу әрекетін бейнелейтін коррекциялық-педагогикалық нұсқаулардың құрылуын талап етіп отыр.

Осыған орай, арнаулы балалар мекемесінің алдында тұрған ең маңызды мәселе жалпы тіл кемістігі бар балалардың ерекшелігін терең зерделей отырып, арнайы білім беруін тиімді ұйымдастыру негізінде қоршаған өмірмен қарым-қатынас жасауға бейім тұлғаны қалыптастыру. Бұл міндетті жүзеге асыруда жалпы сөйлеу тілі бұзылған ақыл ойы кем балалардың байланыстырып сөйлеу тілін дамытудың орны ерекше. Жалпы сөйлеу тілі бұзылған балалармен түзету-тәрбиелеу жұмысын жүргізу барысында уақытында сөйлеу тілінің қалыптасуын тексеріп анықтаудың маңызы өте зор және бұл мәселе қазіргі кездегі өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Ауыр тіл мүкістігі бар балалардың сөйлеуді бақылау кезінде олардың сөйлеуін ұйымдастырудағы қиындықтары өзге адамдармен қарым-қатынасына теріс әсер ететіні анықталған. Бұл категориядағы балалардың тілдік және коммуникативті дағдыларының өзара байланысы, яғни сөздік қордың жұпынылығы мен сараланбауы, етістік сөздігінің аздығы, байланыстырып сөйлеудің ерекшеліктері т.б. толықканды тілдік қарым-қатынасқа кедергі жасайды. Содан сөйлесу қажеттілігі төмендейді, коммуникация формалары қалыптаспайды (диалог және монолог), мінез-құлық ерекшеліктері пайда болады: тілдік байланысқа қызықпау, негативизм, сөйлесу ситуациясында бағдар жасай алмау байқалады.

Сөйлеу тілінде кемшілігі бар зияты бұзылғанбалалардың сөйлеу дағдысын зерттеу жұмыстары олардың тілдік қатынасында қалыпты дамудағы 2-4 жасқа тән ситуациялық-іскерлік форма басым болатынын көрсетеді. [2; 236]

Осылайша, сөйлеу тілінде кемшілігі бар балалардың тілдік және когнитивті бұзылуы олардың қоршаған ортамен толыққанды коммуникативті байланыстарының орнығуына кедергі жасайды. Осыған орай бұл балаларды социум талаптарына сәйкес қолайлы, тиімді бейімдеу мақсатында тілдік, танымдық және коммуникативті әрекеттері компоненттерін дамыту мен түзетуге бағытталған арнайы жұмыстар жүргізілуі қажет.

Қазақстан Республикасында білім беру саласында ізгілендіру мен демократияландыру идеясын іске асыру бағытындағы жұмыстар арнайы білім беру мекемелеріндегі оқу-тәрбие үрдісінің мазмұнын ұйымдастыруда жаңа сапалы деңгейге шығып отыр.

А.Н. Гвоздевтыңмәліметіне сүйенсек, бала өмірінің 3-жылында сөйлеу тілінің негізі қалыптасады, ол барлық грамматикалық категориялардың негізін меңгерген,барлық сөз таптарын меңгерген, ешбір қиындықсыз грамматикалық ережелерді сақтапұзақ сөйлемдер құрайды.

М.Ф. Гнездилов, В.Г. Петрова жұмыстарында көмекші мектеп оқушыларының байланыстырып сөйлеу тілі баяу қарқынмен дамып, сапалы ерекшеліктерімен сипатталатыны туралы жазылған.

Авторлар көрсеткендей, балалардың ситуациялық-әрекеттік формасының ситуациялық емес-танымдыққа, ситуациялық еместен- жекеге ауысуы сөйлеудің лексикалық құрамы мен грамматикалық қатарын толтырып отырады. Сондықтан, мектепке дейінгі балалардың жоғары коммуникациялық қарым-қатынас әрекетіне өтуі лексикалық және сөйлеудің грамматикалық қатарының дамуына әкеледі.Осылайша баланың байланыстырып сөйлеу тілі қалыптасады.

Байланыстырып сөйлеу тілі – өз алдына жалпы сөйлеу тілінің күрделі түрі болып табылады.

Байланыстырып сөйлеу тілі- өзіне тәнбелгілерімен, сонымен қатар жүйелілікпен, бірізділікпен баяндау ерекшеліктерімен сипатталады және сөйлеудің толық, кең түрде берілуі болып табылады.Сонымен байланыстырып сөйлеу тілі дегеніміз- логикалық бірізді және грамматикалық дұрыс құрылған белгілі бір мазмұнның нақты кең түрде баяндалуы.

Демек тіл дамыту оқыту үрдісінде тілдік құралдарды қарым-қатынас ретінде орынды жұмсай білуге жаттықтыру болып есептеледі. Ал А.Жаппаров:[«Біз тіл дамыту жұмыстары деп баланың тілді қарым қатынас құралы ретінде өз тәжірибесінде пайдалана білуге қажетті іскерлік пен дағдысын меңгеріп, белгілі бір тілдік заңдылықтар мен өнер үлгілерін қолдана білу икемділігі мен дағдысын қалыптастыра білу деп түсінеміз. Ал, қазақ тілі пәнін оқытудағы тіл дамыту бұл мұғалімдердің оқушыларды лексикалық, грамматикалық және орфоэпиялық пен орфографиялық нормалары мен заңдылықтарын үйретумен қатар, қарыс қатынас жасау мен сөйлеу мазмұнына орай тілдік құралдарды орынды пайдаланып, ойын ауызша және жазбаша түрде жеткізе білу дағдылары мен икемділіктерін қалыптастыру үшін жүргізілетін әрекет деп есептейміз», - деп көрсетті.

Ал, зиятында бұзылыстары бар балалардың фонематикалық есту қабілеті бұған қоса төмен болса, онда ол бір – біріне әсер етіп, сөйлеу тілі дамуын тежейді.

Байланыстырып сөйлеу – тек қана сөйлемдердің тізбегі емес, ол сөйлемдердің бір – бірімен тиянақты, белгілі бір ретпен, кезектілікпен, мазмұны жинақы құрастырылған сөйлемдердің жүйесі. Бірақ, өз ана тілін білген адам, тек сөйлеп қана қоймайды, ол өз ойын байланыстырып, сөйлеу тілі арқылы жеткізе біледі.

Балалардың сөйлеу тілін қалыптастыру үшін, ересек адамдармен эмоционалды қарым-қатынас жасауға, заттық және әр түрлі ойын әрекеттерінде, ойлау әрекетінің көрнекі – заттық түріне, естуіне, көруіне, иіс сезуіне, қоршаған ортаны бағдарлауына үлкен назар аудару қажет.

Осымен бірге ересек адамның сөйлеу тілі баланың фонематикалық есту қабілетінің, белсенді сөздік қорының, сөздің мағынасын түсінуінің дамуына өз үлесін қосады.

Қазіргі нарықтық экономика шарттарында мүмкіндігі шектеулі балалардың қабілеттілігін дамыту мақсатымен түзете-дамыту сабақтарын жүргізу барысында пікірсайыс технологиясын қолдану қажет. Жаңаша оқытудың коммуникативті пікір алмасу түрі мүмкіндігі шектеулі оқушының жетекшілік позициясын нығайтып, класта ашық өзара қатынастарды қамтамасыз етіп, бірлесіп алуда жауапты іс-әрекет жасауға мүмкіндік береді.

Қытай даналығына сүйенсек: «Ауызша айтылғанды ұмытамын. Көрсетсең, мүмкін есімде сақтармын. Қатысушы болсам, мен түсінемін» делінген. Осы сөздерден инновациялық оқытудың мәні өз көрінісін табады.

Бүгінгі таңда арнайы түзету мектептерінде оқу-тәрбие үрдісінде түрлі инновациялық педагогикалық технологиялардың қолданылып жүргені мәлім. Бұл технологиялардың бәрін бір пән сабақтарында қамту мүмкін емес. Сондықтан, арнайы мектептегі әрбір пәнді ұтымды меңгертуде оқыту технологиясын таңдап, іріктеу және оны іс-әрекеттік тұрғыда жетілдіру арқылы мүмкіндігі шектеулі оқушының әрекеті-технологияны қабылдауы, оған деген ынтасы, құштарлығына дефектолог тарапынан ерекше көңіл бөлінуі тиіс.

Сабақтың ерекшелігін және оның тиімділігін арттырудың негізгі тәсілдерінің бірі- мүмкіндігі шектеулі оқушыларғадеңгейлік тапсырмалар беру. Олардың ойлау қабілетін дамыту және өз бетімен жұмыс жүргізуге дағдыландыруда жаңа технологияларды қолдану қажеттілігі. Жаңа педагогикалық технологияны тиімді меңгеру – дефектологтың кәсіптік,адамгершілік, рухани азаматтық қабілетінің қалыптасуына ізгі әсерін тигізіп, өзін-өзі дамытуға көмектеседі. Оқыту үрдісінде жаңа технология түрлерін кеңінен ендіру немесе элементтерін пайдалану әрбір дефектологтың міндеті.

Сөздік қор мен грамматикалық қатардың дамуы қайталау арқылы меңгеріледі. Баланың грамматикалық қатардағы тілді меңгеру процесі күрделі және көпқырлы екенін сипаттай келе А.И. Гвоздевең алдымен баланың нақты және оңай категорияны тез меңгеретіндігін жазады.

Басты назарды баланың сөйлеу тілінің негізгі түріне – қарым-қатынастүріне аудару керек. Себебі, ол баланың байланыстырып сөйлеу тілінің қалыптасуының бірден – бір тәсілі. [3;29]

Балалар заттың атын атап айта білуімен қатар, оны сипаттай білулері қажет. Т.А.Фотекованың айтуынша, байланыстырып сөйлеу тілінің қалыптасуында, сөйлеу тілі мен ақыл ойдың дамуын анық көрсететін тығыз байланыс болады. Әрбір жеке адамның сөйлеу тілі, ойлау әрекетінің ерекшелігіне, темпераментіне, жан – жақтылығы мен басқа да психикалық даму жақтарына байланысты ерекшеленеді. Сөйлеу әрекетін әр түрлі танымдық әркеттерімен, әсіресе ойлауымен байланысты қарастыру жөн. Сондықтан да сөйлеу тілі ойлаудың негізгі құралы болып табылады.

Белгілі бір хабарды, мәліметті ауызша байланыстырып сөйлеу тілі арқылы жеткізу үшін, семантикалық ережелерді ескеру қажеттілігі туындайды. Олар сөздердің байланысын оның мағынасымен анықтайды. Нәтижесінде сөздер алынып, хабарлама немесе мәлімет қысқа да, нұсқа айтылады.

Жалпы сөйлеу тілі жетілмеген балалар мәтінді толық тыңдап, қысқаша түрде мазмұнын айтып бере алады.

Бұл шараларды жүзеге асыру мақсатында арнаулы (түзетім) мекемелерінің жұмысы туралы қабылданған типтік бағдарламаларда дамуында кемістігі бар тәрбиеленушілерге арналған арнаулы (түзетім) білім беру орталықтарын құру, мектепке дейінгі білім беру мекемелерін құру, арнаулы білім беру мекемелерін құру, алғашқы кәсіптік білім беру мекемелерін құру, арнаулы (түзетім) білім беру мекемелерінде тәрбиеленушілердің өміріне жауап беру, оларға ақысыз білім беру,баланың әлеуметтік ортаға бейімделуі мен сәйкестенуін, олардың білім алуы мен тәрбиесін, денсаулықтарын реттеуді қамтамасыз ету мәселелері туралы айтылады.

Annotation: ThisarticleIn the modern field of art school students through art and crafts is paramount importance. Questions of national education in the classroom technology through arts and crafts based on the knowledge of consciousness, thinking, human and spiritual values and individual characteristics, development in the right direction to support the social and economic conditions. Our people taught the girls the widespread types of applied arts widespread types of applied arts such as felting, exterior and interior decoration yurt, manufacturing ofproducts necessary household woven carpets, tapestries, alasha, chii, shilterembroidery, sewing clothes. Since these listed items are made, beautifully drawn from the master undoubtedly requires a special refined gentle adaptation, high aesthetic taste. This directs girls housebreaking special craft of applied art. Theoretical apprenticeship brings a special contribution professional education. This is primarily moral education of professional chosen craft, formation of professional qualities of labor. Due to the level of vocational training qualification in the contribution of different thinking of practical training. It is clear that improving the quality of training of student in the discipline technology without science and technological progress is not fully determined by the level of development of a powerful life. The professional level of the student related to the quality of logical thinking professional education directs students a well known profession based on the views of pupils, satisfaction of their needs and disputes in education, culture and life.

Keywords: lesson Technology, professional education, Arts and Crafts, national education, creation, rusticate national education, School, Technical progress, professional level.

УДК 378: 796.85.23

ЭФФЕКТИВНОСТЬ ТЕХНИКО-ТАКТИЧЕСКИХ ДЕЙСТВИЙ ДЗЮДОИСТОК ВЫСОКОЙ КВАЛИФИКАЦИИ

Тен А.В. – *магистр педагогических наук, докторант*
Казахская академия спорта и туризма

Аннотация. В данной статье рассматривается уровень эффективности технико-тактических действий дзюдоисток национальной женской сборной команды Республики Казахстан на соревнованиях республиканского и международного масштаба. Подводятся некоторые итоги исследования соревновательной технико-тактической деятельности дзюдоисток высокой квалификации. В частности, приведены ориентировочные модельные показатели активности соревновательной схватки, общей и эффективной вариативности выполняемых технико-тактических приемов, результативности и эффективности нападающих и защитных действий для дзюдоисток высокой квалификации. Представлены практические рекомендации по организации и проведению тренировочного процесса с учетом выявленных модельных характеристик и современных тенденций развития женского дзюдо.

Ключевые слова: техника, тактика, эффективность, дзюдоистки, вариативность, результативность, активность.

Введение. Характерная особенность современного дзюдо - стремительный рост спортивных результатов, повышение уровня физической подготовленности, предельное усложнение техники исполнения приёмов атакующего, контратакующего и оборонительного характера, грамотно сформированная тактика ведения соревновательной схватки, а также психологическая устойчивость к сбивающим факторам. Всё это, разумеется, предъявляет повышенные требования к повышению эффективности выполнения технико-тактических действий дзюдоистов в ходе участия на соревнованиях регионального и международного уровня.

На данный момент в отечественном дзюдо практически нет исследований, направленных на изучение эффективности соревновательной технико-тактической деятельности дзюдоисток. Есть лишь несколько работ, связанных с исследованием технико-тактических действий мужчин-дзюдоистов.

Нами былорешено изучить и проанализировать технико-тактические действия дзюдоисток национальной сборной команды Республики Казахстан.

Вышесказанное обуславливает актуальность данного исследования.

Цель. Исследованиеэффективности соревновательных технических и тактических действий дзюдоисток высокой квалификации.

Задачи исследования:

1. Провести анализ эффективности технико-тактических действий дзюдоисток национальной сборной команды РК, выполняемых в соревновательных схватках.
2. Обобщить полученные данные в виде таблиц и рисунков.

Методы исследования. Для решения поставленных задач были использованы следующие методы исследования:

1. Анализ научной и методической литературы;
2. Педагогическое наблюдение;
3. Регистрация технико-тактических действий по методике Е.М. Чумакова, адаптированной для дзюдо М.Н. Шепетюком[1].
4. Методы математической статистики.

Организация и проведение исследования.В ходе предварительного экспериментального изучения показателей технико-тактических действий дзюдоисток национальной сборной команды РК приняли участие основной и резервный состав национальной женской сборной команды РК по дзюдо. Общее количество испытуемых – 18 человек высокой квалификации. В соответствии с задачами исследования был проведен анализ технико-тактических действий дзюдоисток в период участия испытуемыхв республиканских и международных соревнованиях. Для исследования применялись видеоматериалы, также велась регистрация технико-тактических действий в ходе наблюдения соревновательных встреч дзюдоисток на Гран-при.

Результаты исследования и их обсуждение.

Регистрация технико-тактических действий дзюдоисток сборной команды РК велась в течение 6 месяцев. Показатели технико-тактических действий были зарегистрированы в 150 встречах с участием девушек в 7 весовых категориях (-48 кг, -52 кг, -63 кг, -70 кг, -78 кг, +78 кг). Полученные результаты представлены в таблице 1.

Таб. 1. Показатели эффективности технико-тактических действий дзюдоисток высокой квалификации (n=18)

Испытуемая	**Показатель технико-тактических действий**						
	А (сек.)	**$В_о$, у.е.**	**$В_э$, у.е.**	**$Р_н$, у.е.**	**$Р_з$, у.е.**	**$Э_н$ (%)**	**$Э_з$ (%)**
Аб-ва З.	39	7	5	7	6	20	94
Ад-ва Ф.	74	5	2	10	6,6	18	71
Ам-ва А.	34	5	5	8	100	30	100
Б-ва А.	44,5	8	3	7,5	100	14,8	100
Ж-ва А.	28	7	3	8,5	7,4	12	79
И-ва М.	30	5	2	8,2	5	12,8	96
К-ва Н.	33,8	6	4	6,8	5	2,5	96
К-ва Д.	48,5	4	1	8,3	7,5	13	86
К-ко О.	40,7	8	3	8,7	5	14,3	92
М-ва Л.	34,8	9	6	6,5	8,5	30	94
Н-ва С.	24,5	8	3	7,3	5,4	13,6	64
П-ва А.	29	5	2	6,8	10	15	91
Р-ва З.	39	5	2	6,7	8,5	12	94
С-ва А.	53	5	3	6,6	7,5	13,6	88
Т-н А.	30	5	2	8,2	5	12,8	96
У-ва Д.	33	7	5	7	7	26,7	96
У-ва М.	23,5	7	5	7,5	5	41,6	92

Продолжение Таб. 1.

Ф-ва З.	55	7	5	7	5	28,5	90
$\overline{X}$	**38,6**	**4,3**	**2,4**	**7,6**	**16,9**	**28,4**	**89,9**

Примечание: А - активность; $В_о$ - вариативность общая; $В_э$ - вариативность эффективная; $Р_н$- результативность нападения; $Р_з$- результативность защиты; $Э_н$ - эффективность нападения; $Э_з$- эффективность защиты.

Анализируя средние показатели эффективности технико-тактических действий дзюдоисток национальной сборной команды РК, видим, что активность (А) - количество реальных попыток проведения технических действий находится в пределах средних величин (38,6 секунд).

Вариативность общая (4,3) - отражает разнообразие проведенных технических действий в виде бросков и выведений из равновесия, в борьбе стоя, приёмов в партере, указала, что дзюдоистки применяют приёмы из различных групп на уровне ниже средних показателей. Показатели вариативности эффективной (2,4) также в зоне показателей ниже среднего уровня. Это подтверждает ранее выявленные недостатки в ограниченном количестве попыток проведения разнообразных технических действий оцененных судьями. Для стабильного выступления дзюдоистки должны пытаться проводить в каждой встрече приемы не менее, чем из 5-6 разнообразных классификационных групп и 2-3

из них должны оцениваться судьями, только в этом случае спортсменки смогут преодолевать сопротивление своих соперниц [2].

Показатели результативности (7,6) и результативности защиты (16,9) находятся в пределах средних величин, так же как и показатели эффективности защиты (89,9%).

Показатели эффективности нападения выше среднего (28,4). Это говорит о том, что участницы эксперимента имеют слабую подготовленность действий защитного характера.

Результаты технико-тактических действий дзюдоисток высокой квалификации, подтверждают наши предположения о вариативности общей и вариативности эффективной, а также эффективности нападения.

Изучив показатели эффективности технико-тактических действий дзюдоисток национальной женской сборной команды Республики Казахстан, в ходе участия испытуемых в соревнованиях республиканского и международного масштаба, нами были сделаны следующие **выводы**:

1. Некоторые показатели технико-тактической подготовленности участниц экспериментальной группы не соответствуют модельным показателям. В частности к ним относятся: вариативность общая (4,3 балла, при норме 5-6 баллов); вариативность эффективная (2,4 балла, при норме 3-4 балла), эффективность нападения (28,4 %. при норме 10-20%).

2. Для успешного выступления на соревнованиях международного масштаба тренерам следует более целенаправленно планировать учебно-тренировочный процесс. Особенно тщательно подбирать спарринг-партнеров для подготовки своих спортсменок к борьбе в условиях жёсткой конкуренции с более квалифицированными спортсменками на международных турнирах.

1 Шепетюк М.Н., Андрущишин И.Ф., Шепетюк Н.М. Анализ технико-тактической подготовки дзюдоистов // Теория и методика физической культуры. - 2006. - №1. - С.188-193.

2 Шепетюк Н.М. Совершенствование технико-тактических действий в тренировочном процессе квалифицированных дзюдоистов. Канд.дисс., Алматы, 2009. - 124 с.

Аннотация. Бұлмақаладахалықаралық және республикалық дәрежедегі жарыстарда дзюдодан Қазақстан Республикасының әйелдер құрама командасының техника-тактикалықіс-әрекеттерінің тиімділік деңгейі қаралады. Жоғарғы дәрежелі дзюдошы әйелдердің жарыс кезіндегі техника-тактикалық әрекеттерін зерттеп қорытынды шығарады. Атап айтқанда, жоғарғы дәрежелі дзюдошылардың жарыс әрекетіндегі белсенділігін, жалпы және тиімді тәсілдері қолдану, белдесу алды болжау модельін құру. Қазіргі заманғы әйелдер күресінің дамуын ескере отырып модельдік сипаттамалары мен даму процессін ұйымдастыру және өткізу жөніндегі тәжірбиелік ұсынымдарды ұсынады.

Түйіндісөздер: техника, тактика, тиімділігі, дзюдошы қыздар, өзгермелілігі, өнімділігі, қызметі.

Summary. In this article is considered the level of efficiency of technical and tactical actions of judoists of the national women's team of the Republic of Kazakhstan at competitions of republican and international scale. Some results of research of competitive technical and tactical activity of high qualificationjudoists are summed up. In particular, approximate model indicators of competitive fight activity, the general and effective variability of the carried-out technical policy strokes, productivity and efficiency of forwards and protective actions for high qualification judoists are given. Practical recommendations about the organization and carrying out training process taking into account the revealed model characteristics and current trends of development of female judo are submitted.

Keywords: technique, tactics, efficiency, judoists, variability, productivity, activity.

УДК 51.204.0:-057.874 қазақша аннотация жок, кайдан бұлар

МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ БОЙЫНДА САЛАУАТТЫ ӨМІР СҮРУ ДАҒДЫСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МҮМКІНДІКТЕРІ

Ж.А. Қасымбеков – *п.ғ.к., доцент*
Т.Ә. Данияров – *п.ғ.к., доцент*

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев: «Біз Жалпыұлттық идеямыз – Мәңгілік Елді басты бағдар етіп, тәуелсіздігіміздің даму даңғылын Нұрлы Жолға айналдырдық. Қажырлы еңбекті қажет ететін, келешегі кемел Нұрлы Жолда бірлігімізді бекемдеп, аянбай тер төгуіміз керек. Мәңгілік Ел – елдің біріктіруші күші, ешқашан таусылмас қуат көзі. Ол «Қазақстан-2050» Стратегиясының ғана емес, XXI ғасырдағы Қазақстан мемлекетінің мызғымас идеялық тұғыры! Жаңа Қазақстандық патриотизм дегеніміздің өзі – Мәңгілік Ел! Ол – барша Қазақстан қоғамының осындай ұлы құн-

дылығы» деп, өз жолдауында атап өткеніндей, қазіргі мектептің аса маңызды міндеттерінің бірі – оқушы тұлғасын жан-жақты дамыту, әсіресе олардың денсаулығын нығайту [1].

Мектеп барлық кезде де оқушылардың салауатты өмір сүру дағдысының негіздерін, оның мөлшері мен заңдылықтарын сақтау туралы сезімдерін дарытып және дамытып келеді. Себебі оқушылардың әр түрлі аурулармен ауырмауын қадағалауда және салауатты өмір салтын қалыптастыруда мектептің орны ерекше.

Елімізде адамдардың орташа өмір сүру жасы әлемдегі көптеген елдерден артта екенін, халық санының қырық пайыздайы ауылды жерлерде тұратынын ескерсек бұл мәселені дер кезінде шешу ауылдық мектептерден бастау алуы керек екендігін атап өтуге болады. Ауылды мектептерде оқушылардың салауатты өмір сүру дағдысын мақсатты түрде қалыптастыру, бұл оқушылардың денсаулығын қорғау мен нығайту, организмді шыңдау, оқушылардың өздерінің денсаулығын жақсарту мен нығайтуға деген жауапкершілігін арттыру сияқты міндеттерін ұғындыру мәселелерінің шешуін табуды қажет етеді [2].

Салауатты өмір салтын сипаттайтын оқушылардың дәстүрлі пікірлерімен қатар, «қажеттілікті қанағаттандыру», «психофизикалық жетілдіруге ұмтылыс» т.б. сияқты прогрессивті пікірлер де кездеседі. Осы жерден мынадай қорытынды жасауға болады, яғни, осы оқушылардың өз денсаулығын қалыптастырудағы тәжірибелік қызметі жүйелі сипатқа ие бола алмайды. Бұл мәліметтер оқушылардың өз денсаулығын сақтау мен нығайту мәселелеріне деген қызығушылықтарының төмендігі туралы айтуға мүмкіндік береді.

Салауатты өмір салты туралы оқушылардың кейбір айтуларынан мысалдар келтірейік:

«Мен соншалықты түсіне бермеймін, бірақ менің ойымша, бұл гигиеналық мәдениет: қолды жиі жуу, тісті тазарту, тырнақтарды алу, жуынып, қырынып жүру», «Өмір сүру үшін ауырмау керек, яғни темекі тартпау, ішімдік ішпеу керек т.с.с.», «Мен өз денсаулығым туралы аз білемін. Тамағым жиі ауырады, кейде тым жеңіл киінемін», «Спортпен шұғылдану керек, ішімдік ішпеу, темекі шекпеу керек, суық сумен шайыну, гигиена яғни, тазалық сақтау», «Менде орташа иммундық жүйе, мен кейде суықтап ауырамын, бүйректерім ауырады (бүйрек қысымы), тұзды және ащы тамақ жемеймін». «Зиянды әрекеттерден бойды аулақ ұстау», «Темекі шегу – денсаулыққа зиян», «Ішімдік денсаулыққа зиян». «Есірткі – денсаулыққа зиян». «Менің білетінім, темекі шегуден демікпе пайда болады, өкпеде смола жиналады, кейде өкпе демігеді, жүрек ауруы пайда болады. Ішімдіктен иммундық жүйе әлсірейді, жүрек, бауыр, бүйректер отырады, ал есірткіден жүйке жүйесі бұзылады, адам оларға тәулді болып қалады». «Мен ескі халықтық әдістерді қолданамын. Дәрілер бір органды емдесе, басқасын бұзады».

Адам денсаулығы – бұл барлық уақытта өмірдегі жекеше тәсіл, ол адамның психофизиологиялық жобасына және өмір салтына (мінез-құлқына), олардың тәрбиесіне сәйкес келеді. Яғни, денсаулық – бұл физикалық, рухани, әлеуметтік тұрғыда оптималды өмір сүру мәдениеті, ол балалық шақтан бастап ата-аналар мен мектеп әсерінен қалыптасады. Оқушылар үшін мектеп өмірінің талаптарын орындау, оқу бағдарламасы қарастырған білімді табысты игеру, педагогтармен және өз замандастарымен өзара қарым-қатынас жасауда мінез-құлық мөлшерлерін сақтау әлеуметтік қызмет болып табылады. Бұл талаптарға толық сәйкестік, маңызды дәрежеде денсаулық үшін қолайлы жағдай болып қызмет атқарады. Денсаулық пен оқу өзара тығыз байланысты және өзара шарттасқан. Оқушының денсаулығы неғұрлым мықты болса, оқу да соғұрлым табысты болмақ, олай болмаған жағдайда оқыту мақсаты өз мағынасын жоғалтады, өйткені мектеп бітірген кезде кейбір оқушылардың денсаулығы тек төмендеп қана қоймай, олар зиянды әрекеттерге – есірткіге, темекі мен алкогольге бой алдыруы мүмкін [3,4,5].

Осыдан шығатын қорытынды, мектепте бала денсаулығын жүйелі зерттеп, оның психофизиологиялық жағдайы мен әлеуметтену деңгейін есепке алу қажет. Жеке тұлғаның әлеуметтенуі қоғамдық болмыс факторларының дамушы адамға стихиялы әсері жағдайында және тәрбие процесінде бақылау әсерінен жүреді.

Мектеп сынып оқушыларының әлеуметтенуі жөніндегі мәселе қазіргі заманғы әлеуметтік-экономикалық жағдайда көкейтесті мәселе болып отыр. Әлеуметтену процесінде адам қоғамда дұрыс өмір сүру үшін өзіне қажетті көз жеткізулерді, мінез-құлықты қоғамдық қолдау түрлерін игереді. Әлеуметтену адамның өзінің адамзаттық қатынастардағы мәдениетті игеруге, белгілі бір әлеуметтік мөлшерлер мен рөлдерді, қызметтерді игеруге, оларды жүзеге асыруда ептілік пен машықтануға белсене атсалысатынын ұсынады. Көптеген психологтардың пікірінше, жоғарғы сынып жасындағы негізгі жаңаша құрылым болатын - өмірлік және кәсіби тұрғыда өзін-өзі анықтау, болашақтағы өз орнын

сезіну болып табылады. Өзін-өзі кәсіби тұрғыда анықтауға ұмтылу жоғары сынып оқушыларының психикалық әлемінің эмоционалдық-мағыналық аспектілеріне маңызды әсер етеді: бұл өз бетінше білім алу мен қызығушылықтың дамыған сарыны, және танымдық қызметтегі тиімді үлгіні жасау мен талдауға ұмтылыс. Мотивациялық компоненттік ерекшеліктері диагностикасының нәтижелері бойынша өмірдегі перспективалармен байланысты өз бетінше білім алудың дамыған сарыны айқын көрінеді.

Демек, мынадай қорытынды жасауға болады: жоғары сынып оқушылары жоғары білім алу үшін, пайдалы кәсіпті игеру үшін өмірде табыстарға қол жеткізудің құралы ретінде оқуға ерекше назар аударады. Жоғары білім алуға деген бағдар жоғары сыныптарда маңызды орын алады. Осылайша, қазіргі заманғы әлеуметтік-экономикалық жағдайларда оқушылардың кәсіптік тұрғыда өзін-өзі анықтаулары орта мектепті толық емес аяқтау шегінде өтеді. Сондықтан кәсіби бағдарлық жұмыстар жүргізуде мектеп басты рөл атқарады, ол оқушыларды кәсіп әлемімен таныстыру мақсатында жекелеген ерекшеліктерге, сондай-ақ, адамға қоғам ұсынатын мүмкіндіктерге сәйкес жұмыс жүргізеді. Оқушылардың білімдерінің деңгейі анкеталық сауалнама көмегімен анықталды (Кесте 1). Бұл мәселе бойынша қосымша сұрақтар талқыланды (Кесте 2).

Кесте 1-Салауатты өмір салты туралы оқушылар білімдерінің нәтижелері

р/с №	Компонентер	Көріністері	
		Эксп. топ	Бақылау тобы
1.	Салауатты өмір сүру дағдысы туралы ұлттық, заңнамалық, қағидаларды, ережелерді білу;	Жеткілікті	Төмен
2.	Денсаулыққа кері әсер тигізетін әлеуметтік жат әдеттерді, түрлі факторларды дер кезінде сезіну;	Жоғары	Төмен
3.	Ұйымдастырылатын тәрбие жұмыс-тарының, жалпы сыныптан тыс жұмыстардың мазмұнын бөлу; жергілікті жерге, күн режимінің Ауысып тұруына байланысты өзгермелі жағдайда да салауатты өмір сүру талаптарын орындай алу сауаттылығы.	Жеткілікті	Төмен
4.		Жоғары	Төмен

Кесте 2-Салауатты өмір салты туралы оқушыларда мазмұндық компоненттің қалыптасуын бақылау сұрақтары

Ұсынылған сұрақтар	Сауалнама алынған сыныптар
1. Сіздің ойыңызша, салауатты өмір салтын ұстану деген не?	Жоғарғы және төменгі сынып оқушылары
2. Сіз салауатты өмір салтының мөлшерлерін сақтауда өз құрдастарыңызға үлгі бола аласыз ба?	
3. жеке бас гигиенасын сақтайсыз ба?	
4. Өз денсаулығыңыз туралы не білесіз?	
5. Ауырған кезіңізде дәрігердің кеңестерін қатаң орындайсыз ба?	
6. Денсаулықты қорғау туралы ғылыми-танымал әдебиеттер оқисыз ба?	
2. Денсаулықты нығайту бойынша мектептен және сыныптан тыс іс-шаралар өткізуге белсенді қатысасыз ба?	
3. Сіз гигиеналық мәдениетті қалай түсінесіз?	
4. Сіз темекі тарту мен ішімдік ішудің, есірткіні пайдаланудың зиянды лығы туралы не білесіз?	

Сұрақтарға берілген жауаптардың сапалы талдамасы, оқушылардың төмендегі сұрақтар бойынша білімдерінің нашар (35%-дан төмен) екенін көрсетті:

Жеке бас гигиенасының ережелерін сақтайсыз ба? Денсаулықты қорғау туралы ғылыми-танымал әдебиеттер оқисыз ба? Денсаулықты нығайту бойынша мектептен және сыныптан тыс іс-шаралар өткізуге белсенді қатысасыз ба?

Ал, Сіз гигиеналық мәдениетті қалай түсінесіз? сұрағына оқушылардың ешқайсысы дерлік оңды жауап берген жоқ. Оқушылардың жауаптары негізінен тұрмыстық-тоғышар сипатта болды, бұл тағы да оқушылардың жеке бас гигиенасы мен мәдениетінің ережелері туралы білімдерінің онша емес екендігін көрсетті және олардың денсаулық жөніндегі ғылыми-танымал әдебиеттерді оқымайтынын білдірді, сондықтан салауатты өмір салтын ұстануды түсіне бермейді.

Оқушылармен салауатты өмір салты туралы жүргізілген әңгімелесулер мен бақылаулар анкеталық қорытындыны нақтылай түсті. Олардың көпшілігі сауықтыру жүйелері туралы, темекі тартудың, спиртті сусындардың, есірткілердің ағзаға зиянды екені туралы ештеңе біле бермейді.

Қарастырлып отырған мәселе күрделі болғандықтан, оның барлық салаларын түбегейлі талдап, қарастырып шықтық деп айтуға болмайды. Келешекте оқушылардың салауатты өмір сүру дағдысын жергілікті жер ерекшеліктерін ескере отырып, оқу-тәрбие жұмысына басқа да формалары негізінде, оқушылардың түрлі жас еркешеліктерін ескеру тұрғысында, жанұя, қоғамдық бірлестік, мектеп арақатынасы мәселесінде өз алдына қажет етіледі деп есептейміз.

1. ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев. «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты Қазақстан халқына арналған Жолдауы. 12 қараша 2014 жыл. Астана. Елорда.

2. Салауатты өмір салтын қалыптастыру жөніндегі жұмысты белсенді ету. //Валеология, 2006. №2. – Б.3-4.

3. Данияров Т.А. Мектептен тыс мекемелерде оқушылардың салауатты өмір салтын қалыптастыру үрдісі туралы. //Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция. - Шымкент, 2007. Б.159-161.

4. Данияров Т.А. Мектеп оқушыларын салауатты өмір салтына қалыптастыру туралы. //«Парасатты ғылым негіздерін қалыптастырудағы білім беру мекемелерінің ролі мен міндеттері» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция еңбектері. - Шымкент, 2007. Б. 60-62.

5.Данияров Т.А. Валеологическая обеспечения формирования здорового образа жизни учащихся. //Сборник трудов международной конференции. - Шымкент, 2007. С.95-98.

Аннотация

В этой статье рассматривается педагогические возможности формирования навыков здорового образа жизни у учеников средней школы. Школа всегда развивает чувства и навыки здорового образа жизни учеников также хранит норму и закономерности здорового образа жизни. Потому что школа занимает особое место в контролировании здоровье детей и формировании здорового образа жизни. Рассматриваемая проблема очень серьёзная. В будущем необходимо рассмотреть основы формирования навыков здорового образа жизни исходя из место проживания ученика, также надо принимать во внимание возраст, семью, социальное общество и взаимосвязь школы.

Ключевые слова: навыки здорового образа жизни, ученик,родители, школа, взаимоотношение, учебно-воспитательный, общество, семья, спорт, учитель.

Abstract

This paper explores the pedagogical possibilities of promoting a healthy lifestyle among high school students . The school has always develops feelings and skills of healthy lifestyle students also stores the rate and regularity of a healthy lifestyle. Because the school has a special place in monitoring the health of children and creating a healthy lifestyle . There it is considered a very serious problem. In the future, it is necessary to consider the basis for the formation of healthy lifestyles based on the student's place of residence , also have to take into account the age , family , social, society, and the relationship of the school.

Keywords: healthy living habits, students, parents, school, relationships, the educational, community, family, sports, teacher.

ӘОЖ 374.27:85.17 казақ т-де аннотация жок

ЕГІЗ БАЛАЛАРДЫ ҮЙ ЖАҒДАЙЫНДА ТӘРБИЕЛЕУ ЕРЕКШЕЛІГІНІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МӘНІ

М.Б. Жаздықбаева – *п.ғ.к. доцент*
Г.П. Мейрбекова – *PhD доктор*

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан халқына арнаған 2014 жылғы 12 қарашадағы Жолдауында: «Қазақстан халқы біртұтас, бірлігі мызғымас кемел елге айналды. Дегенмен, біз күрмеуі қиын, қайшылығы мол алмағайып заманда өмір сүрудеміз. Біздің міндетіміз – экономиканы осы сынаққа дайындау, оны диверсификациялауды жалғастыру», - деп атап көрсетті[1].

Қазіргі натуралистер мен анатомдар пайымдауынша ер адам жыныс жұмыртқасы әйел жыныс ұрығына түсіп сол жерде ұрықтанады және егер еркек жыныс жұмыртқасы бір немесе екі әйел жыныс жасушасын түсіп ұрықтанатын болса, олардың біреуі оң жатыр ал екінші жұмыртқа соң жатыр ұрықтанып аналық жатырға түсіп ары қарай дамитын болса, егіздер пайда болады. Осылайша екі немесе одан көп егіздер пайда болуы мүмкін.

Жыныстары бірдей егіздердің сырт бейнелері ұқсас келеді, кей жағдайда мінездерінде де ұқсастықтары болуы мүмкін. Сирек жағдайда бір-бірінен алыс қашықтықта болса да бақытсыз жағдай болса, кейбір егіздерде оны сезу қабілеті болады.

Бір жұмыртқадан дамыған егіздер осы уақытқа дейін көптеген ғалымдардың назарын аударып келеді[2].

Егіздердің туылғанға дейінгі жағдайы. Адам өмірде уақыттың тез өтетін кезеңі ол – ана құрсағындағы кезең. Бұл уақытта ұрықтанған жыныс жасушаларынан өмір сүруге қабілетті адам ағзасы қалыптасады. Бұл кезең оңай жүруі де және кейбір организм функциялары да бұзылуы мүмкін. Егіздер жылғыз балаға қарағанда қауіпте көбірек болады, себебі жалғыз бала тек ерекше бүкіл қоректің жеткілікті дәрежесінде болады. Орташа туылғанға дейінгі даму кезеңі 280 күнді құрайды. Медицинада бұл 10 айды құрайды. Екінші айдан бастап іштегі бала шамамен 10 есе жетіліп 3 см құрайды. Ары қарай баланың бойы мен салмағы өсе береді.

Құрсақтағы баланың негізгі мүшелері 12 аптадан бастап дамиды және бұл кезде бала сыртқы әсерге, ауру түрлері сезімтал болып келеді, алғашқы 3 айда аналық инфекциялы аурулармен ауруы нәрестеде күрделі функциональды өзгерістермен кемістіктерге алып келуі мүмкін.

5 айдан бастап анасы құрсағындағы баланың қимылын сезе бастайды. Осы уақытта дәрігер шараның жүрек соғысын ести алады.

6 айда ренгент түсірілімі және ЭКГ арқылы егіз және жалғыз шарана екенін анықтай алады.

6 айға дейін егіздердің бойы мен салмағы жалғыз шаранамен бірдей болады, бірақ сәл кейінірек артта қалушылық болуы мүмкін. Ол әйелдің ағзасына ауыртпашылықтың көп түсуімен түсіндіріледі. Алғашқы айларда егіздерді көтеріп жүрген ана жалғыз шаранада болатын сезімдер болуы мүмкін. Соңғы айларда егіздерді көтеріп жүрген әйелдерде қан қысымының көтеріліп кетуі, қан айналым жүйесінің бұзылуы, тез шаршау қан тамырларының кеңейіп кетуі, қан кетуі құбылыстары байқалуы мүмкін.

Егіздердің дүниеге келуі. Көп жағдайда егіздер дүниеге оңай келеді. Жалғыз балаға қарағанда егіздердің салмағы мен бойы ұзындығы аз болады. Қазіргі медицинада егіздердің бірінен соң бірінің дүниге келуінің арасындағы уақытты қысқарту ең маңызды мәселе болып отыр. 80% жағдайда егіздердің дүниеге келуінің арасындағы интервал 15 минутты құрайды. Білікті дәрігерлердің көмегімен бұл уақытты 7 минутқа қысқарту мүмкін болып отыр. Егер екінші шарананың дүниеге келуі бір сағаттан кешіксе үлкен қауіп болуы мүмкін. Ол шарананың кемістікпен туылуымен немесе ауа жетіспеушіліктен өлімге апаруы мүмкін[3].

Егіздер ортамен тез тіл табысатын болып келеді. Олар тәрбиешілермен өз қатарының сүйкімділері болып келеді. Уақыт өте келе егіздер үйдегі билікке емдене бастайды. Егіздер бір-бірін қолдап, бір-бірін туралап өзгелермен бірге ұрысып , бірге жүреді. Егіздердің әр қайсысы бәр – бәрінің көмегімен күшті болады, басқа балаларға қарағанда көптеген артықшылықтары болады. Егіздер өз артықшылықтарын билікке жету үшін қолданып ұрыстар туғызуы мүмкін. Егіздер де ақыл-ой жетілуі бірдей жүреді. Егіздер барлық жағдайда бір-бірімен ақылдасып қиыншылықты бірге шешеді. Тығыз

қарым – қатынас егіздерде 2 жастан кейін дами бастайды. Егіздердің арасында гормония бір – бірін түсінеді, бірақ егіздердің арсында кей жағдайда қатты ұрыс – керіс болып туруы мүмкін.

Мектеп жасына дейін бір жұмыртқадан дамыған егіздерде бір – біріне деген түсінік пен қамқорлық күштірек болып алдағы өмірлерінде жиі сақталып қалынады. Бұл құбылыс егіздер де жиі кездеседі.

Ата – аналар бұл жағдайда қаншалықты жиі жасауына байланысты. Егіздерде соған үйрене бастайды. Кей жағдайларда егіздердің бірінің басшы болуынан ата –аналар ешқандай түсінік таба алмай қалады.

Егіздердің оқу үлгерімінің төмен болу үйде қатты еркелетуден және дұрыс назар аудармау салдарынан болуы мүмкін. Бұл құбылыс егіздердің еңбекке қабілетсіз болуымен аяқталуы мүмкін. Бұндай жағдайда егіздер мектепте бір – біріне көмек беріп,мұғалімдерді алдауы да мүмкін. Бірақ соңында оқу мазмұнынан одан ары қалып кетуі мүмін. Бірақ көп жағдайда егіздерде баға мен дәрежесі бірдей болады. Білім дәрежелері 1-10 сынып аралығында бір бағытта болады. Білім дәрежелеріндегі бұндай ұқсастық кішкентай кезінен ата-аналар бір – біріне ұқсастықтарын айтатын егіздердің екеуіне бірдей тәрбие беруге тырысқан егіздерде байқалады.

Мектеп кезеңінде егіздер бір – бірінің орын алмастыруы оқиғасы жиі болады. Бұл көп жағдайда қалжың үшін жасалады. Бұндай жағдайға педагог алғашқы күннен бастап дайын болуы керек және бұндай жағдайда егіздерді жазалаумен емес түсіністікпен қарауға тырысуы керек[4].

Кішкентай кезде барлық бала өзі ұнататын мамандықты меңгеруді армандайды. Есейген кезеңде бұл армандар болашаққа деген жоспарлармен ауысады. Егіздерде мамандық таңдау саласында қиындықтар туындайды. Бір мамандықты таңдап және мүлде бөлек жұмыс істеуді қалауы мүмкін. Сирек кездесетін жағдай егіздер бір мамандықты игере алмаса мүлде адам қол үзуі мүмкін. Бірақ көптеген жағдайда жеке мамандық таңдау егіздер үшін жеке индивидуал болып қалыптасуына көптеген мүмкіндіктер береді. Бұл жағдай да егіздер көп уақыттарын бөлек өткізуге тура келеді. Бұл егіздердің жеке әрекет етуіне, тәуелсіз бола бастайды. Бұл жағдайда егіздердің жеке индивидуал екені қоғамда айқын біліне бастайды.

Егіздерде мамандық таңдағанда ең маңызды мәселелер.

- Жеке өз күштеріне сенуі.
- Бір – біріне бағынышты болмауы.
- Өз жеке құндылығымен өмір сүруі.

Жеке араласатын ортасы болуы керек.

Бала – ата-ананың қолындағы аманат. Олардың жүректері пәк, таза, гауhардай құнды. Бала жас шыбықтай иілгіш келеді. Кез-келген пішінге салуға болады. Құнарлы топыраққа ұқсайды. Құнарлы топыраққа не ексең, соның жемісін аласың. Сондықтан бала неге бейімделетін болса, сол бойынша бағыт алады, сол бойынша өседі. Ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі. Бала жалықпауы үшін күнде бір мезгіл ойнауына рұқсат беру керек. Жалығудан және ренжуден жаман мінездер пайда болады және адамның көңілі жүдейді. Баланың ешкімнен ақша сұрауына рұқсат бермеу керек. Көп сөйлемеуді, үлкендерге құрмет көрсетуді үйрету керек. Жақсы адамдардың жақсылықтарын айтып солардай болуға тырысуы керектігін және жаман адамдардың жамандықтарын айтып, ондай болмау керектігін үйрету керек.

Баланың әр қалаған нәрсесін алып беру және сәнді, салтанатты өмір сүруін қамтамасыз ету дұрыс емес. Өйткені бала өскенде де әр қалағанына қол жеткізе алатынын ойлап, оған ұмтыла беретін болады, ал бұл жүзеге аспай қалған кезде өмірге ренжіп, қиялдары қирап ешкімді тыңдамайтын құлақсыз қырсыққа айналады.

Басқа адамдардың қасында әдептілік сақтауды, аяғын айқастырып отырмауды, дөрекі болған іс-әрекеттерден аулақ болу керектігін айту керек. Баланы көп сөйлеуден қайтару керек. Көп сөздің ұятсыздыққа жол ашатынын, мылжыңдықтың жаман қасиет екендігін айту керек. Бала ертелі кеш сөйлеуді бәрібір үйренеді. Мақсат – оған қажет кезінде үндемеуді және үлкендердің сөзіне құлақ асуды үйрету. Дұрыс болса да көп ант ете беруіне рұқсат етпеу керек. Барға да, жоққа да ант ете беру жаман әдет. Үлкендерге құрмет көрсетудің, оларға орын берудің және барлық адамдармен жақсы қарым-қатынаста болудың маңыздылығын түсіндіру керек.

Ең жабайы жануар да тәрбиемен қолға үйретіледі. Еш уақытта алма дәнінен жүзім өсіп шықпайды. Бірақ алманың көшетін өсіріп, қажетті будандастыру және басқа да күтім жолдарын қамданып жоғары сапалы алма беретін ағаш етіп жетілдіруге болады. Сол секілді адам табиғатында да болатын кейбір қалаулары жойылмайды, бірақ оларды тәрбиелеуге болады.

1 - Баланы ұру мінез-құлқының бұзылуына, ашуланшақ болуына себеп болады.

2 - Таяқ жеп өскен бала жұмсақ мінезді болмайды.

3 - Таяқ жеу балада әке-шешесіне қарсы ашу-ызаға жол ашады. Бала өзінің істегенін жаман нәрсе деп ойламайды, өзін кінәлі деп сезінбейді, керісінше өзін ұрған адамды кінәлі деп көреді.

4 - Таяқ жеп өскен бала ашуланған кезінде ол да күш қолдануға кірісетін болады, басқаларды ұрады. Осылайша таяқ жеуі қызбалыққа себеп болады.

5 - Сөз түсінетін жастағы баланы ұруға болмайды. Сөз түсінбейтін баланы болар-болмас қана ұру жеткілікті. Бастан, беттен ұру, таяқпен сабау өте зиянды.

Тәрбиеде “былай істе, мұны істеме” деудің орнына жүріс-тұрысымызбен балаға үлгі болуымыз керек. Өйткені әл-әрекеттеріміз сөзге қарағанда көбірек әсер етеді.

Зеректік: Бала өзінің алғаш көрген нәрсесін білеуге, шұқылап көруге және сұрап үйренуге әуес болады. Сондықтан балаларға үнемі жақсы және әдемі нәрселерді көрсету керек және сұрақтарына дұрыстап жауап беру керек. Осылайша баланың зеректігі, сана-сезімі, түсіну қабілеті жетіледі. (3-6 жас аралығындағы балаларда осы нәрсеге қатты мән беру керек. Бұл кезең – баланың тілі, миы және зеректігінің қалыптасуы үшін ең маңызды кезең болып табылады.)

Рух: Өте сезімтал және өкпелегіш балаларға ащы да болса шындықты айтуды және оған төзе білуді үйрету керек. Ал тас жүрек балаларға көңілін жібітетіндей өнегелі, ғибратты мысалдар айтып, сезімтал болуына тырысу керек.

Қалау: Мықты қалауға, ерік күшіне ие болуына тырысу керек. Қалауы әлсіз балаларды біраз еркін жіберіп, өзіне деген сенімділігін арттыру керек. Қалауы күшті балалардың тәрбиесі де қаталдау болуы керек. Алайда балаға мейірімділікпен және түсіністікпен қарау шарт.

1. ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев. «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты Қазақстан халқына арналған Жолдауы. 12 қараша 2014 жыл. Астана. Елорда.

2. Жұмағожина Р. Баланы алты жаста тәрбиелеу -Алматы, 1996, -90 б.

3. Денсаулық. «Егізге жүктілік кезінде ескертетін жайттар». 11.2011ж. 15-б

4. Денсаулық. «Егіз жүктілік және В, С гепотиттері». 10.2011ж.37- б

Аннотация

Достоверная информация о близнецах начала появляться в научном обороте сравнительно недавно. Слово «близнецы» возникло 200 лет тому назад и в толковом словаре его значение дается как « дети рожденные от одной матери в одно и тоже время».

В настоящее время натуралисты и анатомы объясняют появление близнецов как следствие процесса скрещивания мужских половых клеток с женскими половыми клетками, оплодотворения яйцеклетки. Если сперматозоид скрещивается с двумя или более яйцеклетками, то происходит оплодотворение близнецами, и их дальнейшее развитие в утробии матери.

Однополые близнецы, как правило, внешне похожи друг на друга, в некотрых случаях наблюдается даже схожесть в характере. В редких случаях, близнецы обладают способностью чувствовать несчастные случаи происходящие с его парой (близнецом).

Ключевые слова: Близнецы, воспитание, дети, воспитывать, пол, яйцеклетка, семья, месяц, половых клеток, утробии матери .

Abstract

Trustworthy information about the twins began to appear in the scientific revolution recently. The word "twins" appeared 200 years ago and thesauruses its meaning is given as "children born to the same mother at the same time"

Currently, naturalists and anatomists explain the appearance of twins as a result of the process of crossing the male gametes with the female germ cells, fertilization. If sperm is crossed with two or more eggs, started the fertilization of twins, and then, their further development in the womb.

Same-sex twins tend to similar in appearance with each other, in some circumstances there is even a similarity in the nature. In rare cases, the twins have the ability to feel accidents occurring with its pair (twin).

Key words: Twins, parenting, children, educate, sex, egg, seed, family, month, germ cells, womb.

УДК 273.1 11.5.05 қазақ т-де аннотация жок

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Ж.А.Қасымбеков – *п.ғ.к. доцент*
М.Б.Жаздықбаева – *п.ғ.к., доцент*

Қазіргі заманданағы ұстаздар қауымының алдындағы үлкен мақсат: өмірдің барлық саласындағы белсенді, шығармашылық іс-әрекетіне қабілетті, еркін және жан-жақты жетілген тұлға тәрбиелеу. Өмірдегі сан алуан қиындықты шеше білу тек шығармашыл адамның қолынан келеді. Шығармашыл адамның бойында батылдық, еркіндік, ұшқырлық, сезімталдық сияқты қасиеттер мен қатар ерекше ой қызметі, қайшылықтарды түсіну, заңдылықтарды анықтау, шығармашылыққа деген құштарлық болу керек [1].

Психологтардың зерттеуі бойынша, әрбір жаста шығармашылыққа баулуға өзек болардай өзіндік ерекше қабілет, бейімділік бар екен. Сондықтан баланы балабақша жасындағы кезінен бастап мектеп бітіргенге дейін үзбей, жүйелі, сатылы түрде шығармашылыққа баулып, қиял-фантазиясын, ақыл-ойын, икемділігін дамытып отыру қажет.

Көптеген ғалымдар әр баланың туа біткен шығармашылық мүмкіндіктері бар, ол креативтілікті дамыту тек шығармашылық әрекетте жүзеге асады деген пікірде. Демек, шығармашылық даралықты қалыптастыру әлеуметтік орта шарттарына тәуелді. Мектеп білім беру әдістерін қолданып, танымдық процесті ұйымдастыру тәсілдері арқылы баланың креативтілігін дамытуды ынталандырады. Креативтілік туралы айтқанда шығармашылық ойлау ғана емес, тұлғаның қасиеті мен дамуы да ескерілуі керек [2].

В.С. Шубинский шығармашылық процесті 3 сатыға бөліп, ондағы көрінетін қабілет – қасиеттерді көрсеткен:

1. Жаңаны, өзгеше, тың дүниені сезе білу, қарама қайшылықтарды түсіне білуде сезімталдық, сындарлылық, шығармашылық ой-талғауға бейімділік, жан дүнисінде ішкі тартысты оята білу қабілеті, танымдық қызығушылық, яғни шығармашылық көңіл-күйдің туу кезеңі.
2. Интуиция, шығармашылық қиял, әдемілікті сезіне білу, сөз ұшқырлығы, қайшылықтарды түсіну, ой қызметінің ерекшелігі, батылдық, шығармашылыққа деген ішкі құштарлық, яғни оқиға образ жасаудың бағдар ұстанар кезеңі.
3. Өзіндік сын, бастаған ісін аяғына дейін жеткізу, дәлелдеме, дәйектемелер ұсына білу, оның формаларын табу, яғни, сын дәлелдеме сатысы.

Уақыт талабы оқушыларға сапалы білім берумен қатар, олардың шығармашылық қабілетін, ақыл-ой белсенділігін дамыту міндетін қойып отыр.

Бұл мектепте математика пәнін оқытудың әдістерін жетілдіруді, кемелдендіруді көздейді.

Бұл міндетті жүзеге асыру үшін алдымен 6-9 жастағы оқушылардың жас ерекшелігіне тоқталу қажет. Бұл жас ой қызметіне ерекше ынтамен ұмтылып тұратын, алғырлығы, шапшаңдығы, сезімталдығы басым кезең. Ештеңені жасырып іркіп қалмайды, ішіне сақтап тұра алмайды, нені болса да ашық, еркін айтады. Оқушының шығармашылық қабілетін дамыту үшін бірнеше шарт орындалу тиіс. Олар:

Шығармашылық қабілетін дамытуды ерте бастан қолға алу:

1. Жүйелі түрде шығармашылық әрекет жағдайында болуы;
2. Ойлау мүмкіндігінің ең жоғарғы деңгейіне жету;
3. Оқушының шығармашылық іс-әрекетіне жағдай туғызу;

Мектептегі оқу үрдісінің негізгі мақсаттары – баланың білім игеру кезінде ойлау қабілетін қалыптастыру, сол арқылы таным әрекетін белсендіріп, шығармашылық қабілеттерін тәрбиелеп дамыту болып табылады.

Шығармашылық қабілетті тәрбиелеудің алғы шарттарына мына нәрселерді жатқызуға болады:

Шығармашылық қабілет деңгейін анықтау. (топтау, бақылау, қалыптастыру)

Шығармашылық қабілетті тәрбиелеудің алғы шарттарына мына нәрселерді жатқызуға болады:

1. Шығармашылық қабілет деңгейін анықтау. (Топтау, бақылау, қалыптастыру)
2. Қызығушылық және шығармашылық пен таным белсенділігін арттыру.

3. Оқушы мүмкіншілігіне (потенциалына) сай шығармашылық тапсырмаларды әдістемелік тұрғыда жүйелі түрде орындату.

4. Шығармашылық қабілетті тәрбиелеу барысында кездесетін қиындықтар мен қарама-қайшылықтарды есепке алып зерттеу.

5. Оқушының шығармашылық қабілеттерін тәрбиелеуді кезең бойынша сатылап дамыту.

6. Шығармашылық қабілеттерді тәрбиелеу үрдісін тәжірибе негізінде жинақтау, зерттеліп отырған мәселенің өсу динамикасын бақылау.

7. Мұғалім өз ісіне ізденімпаздықпен қарап, сабақты шығармашылықпен өткізу.

Осы мәселелер өз шешімін тапса, жан-жақты дамыған, шығармашыл жеке тұлғаны тәрбиелеу ісі өз мақсатына жетеді. Оқушы мүмкіншілігіне (потенциалына) сай шығармашылық тапсырмаларды әдістемелік тұрғыда жүйелі түрде орындату [3].

Шығармашылық қабілетті тәрбиелеу барысында кездесетін қиындықтар мен қарама-қайшылықтарды есепке алып зерттеу. Оқушының шығармашылық қабілеттерін тәрбиелеуді кезең бойынша сатылап дамыту. Шығармашылық қабілеттерді тәрбиелеу үрдісін тәжірибе негізінде жинақтау, зерттеліп отырған мәселенің өсу динамикасын бақылау.

Мұғалім өзінің ісіне іздемпаздықпен қарап, сабақты шығармашылықпен өткізу.

Көрнекті француз математигі Адамар шығармашылық процесті 4 кезеңге бөледі:

1 Дайындық кезеңі.

2.Инкубация, жасырын идеялардың ұйыққа тірелу кезеңі.

3.Интуицияның жарқ етуі.Эврика.

4.Тексеру кезеңі.

Осы еңбектер мен зерттеулерді талдай отырып, бастауыш сынып оқушыларына тән шығармашылық үрдістердің кезеңдерін төмендегідей топтастыруға болады.

Сұлба -1 Шығармашылық үрдістердің кезеңдері

Осы мәселелер өз шешімін тапса, жан-жақты дамыған, шығармашыл жеке тұлғаны тәрбиелеу ісі өз мақсатына жетеді. Жоғарыда атлған мәселенің екінші тармағына тоқталатын болсақ, қызығушылық – оқыту, ақыл-ойды жетілдіру жеке адам тәрбиесіне байланысты буын болып есептелінеді. Жаңалыққа деген қызығушылық – басты ішкі талпыныс болып табылады. Бастауыш сынып оқушыларында жаңа, өзі білмейтін іске деген қызығушылық басым болады. Ондай істер баланың бар ақыл-ойын, ішкі күштерін жұмылдырады және ерекше қуат береді [4].

Бүгінгі бастауыш сынып оқушыларының кез келгені шығармашылық тапсырмалар шешуді табыспен меңгере алады. Ол үшін мына төмендегі шарттар орындалуы тиіс.

Бірінші – баланың шығармашылық қабілеттерін дамыту ісін ерте бастап қолға алу. Мысалы біз тіл үйрету үшін баланың туған сәтінен бастап сөйлесе бастаймыз ғой.

Екінші - баланың жүйелі, тұрақты ұйымдастырылған шығармашылық әрекеттер, жағдайына болуы. Ерекше ойды талап ететін әлеуметік қарым-қатынастар шығармашылық қабілеттер дамытуға тиімді әсер етеді деп ойлаймыз.

Үшінші - шығармашылық жұмыстар баланың ойлау мүмкіндігінің ең жоғарғы деңгейіне жетуі керек. Күн асқан сайын ол деңгей биіктей беретіндей болуы қажет. Осындай тынымсыз ой қызметі ғана бала дамуында үлкен нәтиже береді.

Төртінші - және ең негізгі шарт - бала әрекеттің әр түрімен айналусына, тыңдауына деген еркіндігінің болуы. Баланың жұмыспен айналусыға деген қызығушылығы, қанша уақыт айналысамын десе өз еркі болуы керек. Мұндай қызығушылығы, қажеттілік, табысқа жетудің бірден-бір кепілі болып табылады. Бірақ балаға берілетін еркіндік үлкеннің қамқорлығын, көмегін талап етеді. Міне, бұдан шығармашылық қабілеттер дамытудың бесінші шарты шығады. Еркіндік - ойға не келсе соны істеуге, ал қамқорлық көмек бала үшін жұмыс істеуге айналмауы керек [5].

Оқушылардың назарын шығармашылық арнаға бұру үшін, үнемі шығармашылық тапсырма – міндеттер, жаттығу, ойын түрлерін ұсынған жөн. Шығармашылық жаттығу, ойын тапсырмалардың мазмұнын балалардың жас ерекшелігіне, қызығушылығына үйлесуі керек. Мұғалімнің ең үлкен міндеті бала белгілі бір көркемдік шешім тауып, өз туындысын ұтымды аяқтап шыққанға дейін оны назарынан тыс қалдырмай, шығармашылық бағыт – бағдар беріп отыру.

1. Әмірова Ә.С. Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық іс-әрекетін қалыптастыру. – Алматы, 2009. – 52 б.

2. Жұманбаева Қ. «Баланың логикалық ойлауын дамытудың жолдары» Бастауыш мектеп №7 2001.

3. Кәкімова Ш.Л., Қашығынова Ә.Қ. «Оқушы шығармашылығын дамыту» Бастауыш мектеп №1,2 2000.

4. Ғалымов Е. Бейнелеу өнері сабағында оқушы шығармашылығының көркемдік бірлігін табуды үйрету әдістері. / Әдіскер мұғалім, №3, 2003, 19-б.

5. Есмағанбетова Ш. «Оқушыларды танымдық іс-әрекетін қалыптастыру» - Алматы. Ғылым 2002.

Аннотация

Творчество – является ядром всех видов деятельности человека. Все достижения человека, происходящие в течении его жизни, начиная с появления его речи являюся результатом творческой деятельности. Все что мы имеем на сегодняшний день в мире, есть плоды творческой деятельности личности и общества в целом. Каждое новое поколение делает свой вклад в совершенствование общества и мира, не останавливаясь лишь на исследовании и использовании достигнутых результатов предыдущего поколения.

В современных условиях внедрения социально-экономических новшеств, творческие способности личности являются ключевыми, а их отсутствие вовсе является большой проблемой над которой стоит задуматься. Для решения жизненных и профессионалтьных проблем личности требуется творческий склад ума, и решить эти проблемы способна лишь творческая личность. Творческие способности независимо в каком виде и степени они существуют у человека, способны сформировать его мировозрение, помочь понять смысл жизни, и просто дают возможность ощутить себя счастливым человеком.

Ключевые слова: Творчество, воспитание, поколение, воспитывать, наука, опыт, система, поколение, грамотность. проблемы, мировоззрение.

Abstract

Creativity - is the core of all human activities. All the achievements of human occurring during its lifetime, from the appearance of his speech is the result of creative activity. All that we have today in the world, of the creative activity of the individual and society. Each new generation makes its contribution to the improvement of society, not only hultin by the study and use of the achieved results of the previous generation.

In modern conditions of implementation of social and economic innovations, creativity of the personality is the crusial aspect, even it's absence does a big issue over which it is worth considering. To solve the problems of life, personality requires a creative mind, and only creative person is able to solve these problems. Creativity, no matter in what form and degree they exist in humans, are able to form his worldview, help to understand the meaning of life, and just allow him to feel happy.

Key words: Creativity, education, generation, up-brining, science, experience, system, generation, literacy, problems, world view.

УДК 371.307 қазақ т-де аннотация жоқ, кайдан?

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Л.Қ Рысбекова – *аға оқытушы*

12 қараша 2014 жыл, Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Қазақстанның «Нұрлы жол» атты жаңа экономикалық саясатын жария етті. Елордада өткен «Нұр Отан» партиясы саяси кеңесінің кеңейтілген отырысында Елбасымыз: «...«Мәңгілік Ел» идеясының бастауы тым тереңде жатыр. Осыдан 13 ғасыр бұрын Тоныкөк абыз «Түркі жұртының мұраты – Мәңгілік Ел» деп өсиет қалдырған. Бұл біздің жалпыұлттық идеямыз мемлекеттігіміздің тамыры сияқты көне тарихтан бастау алатынын көрсетеді. Жалпыұлттық идеяны өміршең ететін – Елдің бірлігі. Ауызбіршілік қашқан, алауыздық тасқан жерде ешқашан да жалпыұлттық идеялар жүзеге асқан емес. Қазақстанның шыққан шыңы мен бағындырған биіктерінің ең басты себебі – бірлік, берекесі»,- деп тұрақтылықты бағалай білгеніміздің арқасында бүгінгі табыстарға жеткенімізді зор парасат-пайымдылығымен халыққа жеткізді[1].

Қазір «гүлденіп» келе жатқан нашақорлық, дәрілік, бейберекетсіздік пен арсыздықтар т.б келеңсіздіктерді немен түсіндіруге болады? Оны, менің, мектептегі тәрбие мәселесіне түбегелі, жүйелі түрде шешілмей отырғандығынан, ең бастысы тәрбиенің халықтық сипатынан айрылғанынан деп түсінуіміз керек. Осы тұрғыдан кінәні жастардан, не қоғамнан іздеуге болмайды. Кінәні дұрыс жолға қоймай келе жатқан педагогикадан, оқытуды, тәрбиені дұрыс ұйымдыстыра алмай отырған ұстаздардан көру керек.

Өзінің «Педагогика» еңбегінде, оның «Ішкі сезім яки көңіл көріністері» бөлімінде Мағжан бала психологияның қалыптастыруда ата-ана тәрбиесінің үлгілі болуын қатты аңғартады. «Ата-ана қатал болса, бала да қатал болады, ата-ана жұмсақ болса, бала да жұмсақ». « Баланың маңындағы адамдар да дұрыс мінезді болу керек» - деп тұжырымдады [2].

Осы тұрғыдан келгенде мектеп - өскелең ұрпақты тәрбиелеу жүйесіндегі шешуші буын. Оның жас ұрпақты тәрбиелеудегі рөлі өте зор. Еліміздің жалпы білім бететін орта мектептер арқылы өмірге жолдама алады. Мектеп еш уақытта отбасынан, қоғамнан бөлініп, автономиялық мекеме болған емес. Сондықтан оның іс-әрекеті отбасымен, жұртшылықпен, еңбек ұжымдарымен тығыз байланысты. Міне, мектептің үлкен тәрбиелік қызметі осында. Мектеп тәрбиеге байланысты қоғамдық күштерді ұйымдастыру және біріктіру рөлін атқарады, Ол ішкі тәрбие процесін атқарып қана қоймайды, мөлтек аудандарда, кәсіпорындарда жүргізілетін тәрбие жұмысының мақсатқа бағыттылығын қамтамасыз етеді. Осы тұрғыдан мектеп — балалармен тәрбие жұмысын ұйымдастырып, жеке адамның дамуында және қалыптасуында әр түрлі факторлардың ықпалын үйлестіріп, біріктіретін негізгі орталық. Мектепте іс-әрекеттің ең бастысы - тәрбие түрлерінің (дүниетіным, еңбек, мінез-құлық, әстетикалық дене тәрбиесі) мақсаттары мен міндеттері жүзеге асырылады. Мектеп басшылығымен жүргізілетін тәрбие жұмыстарының формалары көптеп саналады. Олар: ата-аналармен жұмыс: сынып жетекшілерінің және мұғалімдердің отбасымен жұмысы; сыныптан және мектептен тыс тәрбие жұмыстары. Осы жұмыстарға мектеп басшылық жасайды, көмектеседі, тиісті адамдармен, ұйымдармен бірігіп іске асыруды қамтамасыз етеді. Тәрбие жүйесінде, әсіресе, жеке адамның жоғары моральдық қасиеттерін қалыптастыруда, адамгершілік сезімін, эстетикалық талғамын дамытуда қоғамдық тәрбие институттарының алатын орны ерекше.

Сонмен қоса, жалпы отбасы тәрбиесінде халқымызда белгілі дәстүрлердің, жағымды өнегелердің, мұралардың сақтаушысы. Онда бала алғаш рет өмір жолымен танысады, моральдық нормаларын игереді. Сондықтан отбасылық өмір - жеке адамның азамат болып өсуінің негізі. Отбасы ғасырлар бойы адам баласы тәрбиесінің құралы болып келеді. Сондықтан ол адам үшін ең жақын әлеуметтік орта. Отбасы - оқыту мен тәрбие жұмысындағы мектептің одақтасы. Ол бала тәрбиесі жөнінде мектеппен тығыз байланысты болуды өте жақсы түсінеді. Бала тәрбиесінің отбасында, мектепте нәтижелі болуы ынтымақтастыққа негізделеді. Отбасы тәрбиесі - бұл қоғамдық тәрбиенің бір бөлігі, мемлекет алдындағы ата-аналардың борышы. Үкімет отбасына үнемі қамқорлық жасауда. Қамқорлықтың түрлері: балалар мекемелері жөнінде халықтың қажеттілігін толық қанағаттандыру, балалардың еңбек, спорттық сауықтыру, жас өлкетанушылар станцияларының, ғылыми-техникалық және көркем шығармашылық үйірмелерінің жұмысын кеңейту; ананы, балалық шақты қорғауға ерекше көңіл бөлу, отбасы мүшелерінің демалуы үшін санаториялардың, демалыс үйлерінің жүйесін кеңейту; Отбасындағы басты мәселелердің бірі - баланың тіршілік әрекетін ұйымдастыру: баланың төртібі,

міндеттері, қойылатын талаптар, оның үй еңбегіне қатысуы, оқу-әрекеті, бос уақытын, ұйымдастыру. Бала өмірін және іс-әрекетін ұйымдастыруда негізгі жағдайлардың бірі - ұтымды ырғақ жасау. Күн тәртібі - өмір тәртібі, еңбек пен демалыстың парасаттылықпен, кезектесіп өтуі, талаптардыр орындау, жақсы әдеттерді қалыптастыру. Балалардың күн тәртібі жұмыс қабілетін толық сақтау үшін еңбек пен демалыстың кезектесіп өтуінің қажет екендігін көрінетін И.П.Павловтың іліміне негізделеді[3]. Күн төртібін баланы жинақылыққа, тілалғыштыққа, дәлдікке мұқияттылыққа үйретеді, денсаулығын нығайтады, еңбек қабілетін жақсартады. Дұрыс ұйымдастырылған күн ырғағы оқушыларды белгілі дағдыға үйретеді, дағды әдетке айналады. Әдет келешекке бала қажетін қанағаттандырады. Күн тәртібін жасауда ата-ана баланың жасын, үй жағдайын, денсаулығын мұғалімдер мен сынып жетекшілерінің кеңесін, отбасы мен мектеп ырғағының бірлігін еске алуы тиіс. Отбасында күн тәртібінің негізгі құрамды бөліктері - еңбек, демалыс, ойын, сабаққа дайындалу, тамақтану, ұйқы, т.б. дұрыс алмасып отыруы қажет.

М.Жұмабаев бала тәрбиесінде ұлттық психологияны қалыптыстыру, халық педагогикасының негізінде оқу – тәрбие жұмысын жүргізу қажеттілігін басты назарда ұстау керек екендігін айтады. «Әр тәрбиешінің қолданатын жолы – ұлт тәрбиесі», - деп үлкен тұжырым жасады [4].

Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін көтерудің жоғары түрі - халық университеті. Университет арқылы ата-ана психологиялық-педагогикалық білім алып, тәрбие мен оқыту теориясы және тәжірибе саласында білім жинақтайды. Бұл сабақтардың тиімділігін арттыру үшін конференциялар, семинарлар, тәжірибелік сабақтар, кеңестер, саяхаттар пайдаланылады. Бүгінгі таңда нарықтық экономикаға өтумен байланысты бұл салада ойланып істейтін шаралар көп. Егер қоғамға пайдалы адамдар тәрбиелеп шығару қажет деп тауып, педагогикалық білімнің маңызын көтеру қажет болса, мемлекет оны шешудің экономикалық кілтін табуы тиіс. Бала тәрбиесіне байланысты ұсынылатын әдебиеттер тізімі ата-аналарға әрбір сынып арқылы жүйеленіп берілуі тиіс. «Адамның адамшылығы ақыл, ғылым, жақсы ата, жақсы ана, жақсы ұстаздан болады. Адам баласын бауырым деу жүректің ісі» деп ұлы ақын Абай өзінің еңбектерінде кеңінен тәріптеп өткен. Баланың жақсысы – әке мен шешенің ары, ата-ананың абыройы, жаманы – қайғысы, «азап-соры» деген жастарды тәрбиелеу ісінде табысқа жету үшін әрбір ата-ананың өзі де тәрбиелі болу керектігін кейбір ата-аналар түсіне бермейді. Оның үстіне бүгінгі кезде нарықтық экономиканың құрсауынан құтыла алмай кейбір ата-аналар отбасын асыраудың қыйыншылықтарына келіп тірелуде. Дегенмен бала тәрбиесіне ешқандай сылтаудың қажеттігі жоқ екендігін әрбір ата-ана тереңінен түсіне білуі керек. Қоғамның болашағы мен беделіне айқын жол ашар ертеңгі өскелең ұрпақ. Тал бесіктен басталар тәрбиенің тереңді меңзейтіні осында. Ең алдымен ата-ананың ролі, онан кейін ұлағат сыйлаған ұстаз. Ата-ана өз баласын өз махаббатының нұрына бөлеп, қуанышына, бақытына балайды, бала үшін күш-жігерін жұмсайды. Әке мен ана баласының келешегін ойлап, отбасында сабырлы мінездің үлгісін, еңбекетің үлгілі табысын көрсете отырып адалдыққа, шыншылдыққа тәрбиелейді. Еңбекқор, ілтипатты ата-ананы, ұстазды бала жанындай жақсы көреді, сыйлайды. Олардың бойындағы адамгершілік қасиетті жоғары бағалайды. Сөз жоқ, бала үшін адамгершілік талғамдар мен әдет-дағдылар, яғни жеке бастың қалыптасуының барлық әлеуметтік-психологиялық негіздері отбасында қалыптасады. Демек, отбасылық тәрбиелеу шарттарын, мүмкіндіктерін зерттемей тәрбие үрдісінде оң нәтижелерге жету мүмкін емес. Жоғарыда айтылған ой-пікірлерді қорыта келе айтарымыз, мектеп пен жанұя арасында тығыз қарым-қатынасты орнатып, тәрбиеші ұстаз бен тәрбиеші ата-ана арасындағы ынтымақтастықты қолға алып жұмыс жасау бүгінгі күннің ең елеулі мәселесінің бірі.

Бала үшін адамгершілік талғамдар мен әдет-дағдылар, яғни жеке бастың қалыптасуының барлық әлеуметтік-психологиялық негіздері отбасында қалыптасады. Демек, отбасылық тәрбиелеу шарттарын, мүмкіндіктерін зерттемей тәрбие үрдісінде оң нәтижелерге жету мүмкін емес. Жоғарыда айтылған ой-пікірлерді қорыта келе айтарымыз, мектеп пен жанұя арасында тығыз қарым-қатынасты орнатып, тәрбиеші ұстаз бен тәрбиеші ата-ана арасындағы ынтымақтастықты қолға алып жұмыс жасап, оқушылардың шығармашылық қабілетін арттыру бүгінгі күннің ең елеулі мәселесінің бірі.

1. ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты Қазақстан халқына арналған Жолдауы. Егемен Қазақстан газеті. 12 қараша 2014 жыл. Астана. Елорда.

2. М. Жұмабаев «Педагогика» Алматы «Ана тілі» 1992 ж.

3. И.П. Павлов «Педагогика» Книга для учащихся – М.-Л., 1949. с. 241.

4. М. Жұмабаев Шығармалары Алматы «Жазушы» 1989ж

Аннотация

В данной статье описываются пути повышения творческих способностей учеников. Невозможно достичь положительных результатов в воспитательном процессе не исследовав условия и возможности воспитания в семье. Данные мнения показывают необходимость установить тесные отношения между школой и родителями. Установить сотрудничество между воспитателем учителем и воспитателем родителем, а также повысить творческие способности учеников являются основной проблемой сегодняшнего дня.

Ключевые слова: ученик, творчество, родители, школа, отношения, воспитатель, общество, семья, условия, проблема.

Abstract

This article describes the ways to enhance the creative abilities of pupils. It is impossible to achieve positive results in the educational process without investigating the conditions and possibilities of education in the family. These views show the necessity of establishing close relationships between the school and parents. To establish cooperation between the teacher educator and parent educator, and also to enhance the creativity of students are the main issue today.

Keywords: pupil, creativity, parents, school, relationships, educator, society, family, conditions, problem.

УДК 373.1 14.5.05

БАСТАПҚЫ ӘСКЕРИ ДАЙЫНДЫҚ САБАҒЫНДА ҰЛТТЫҚ ДӘСТҮР НЕГІЗІНДЕ ОҚУШЫЛАРДЫ ОТАНСҮЙГІШТІККЕ ТӘРБИЕЛЕУ

К.М.Метербаева – *п.ғ.к., доцент, Абай атындағы ҚазҰПУ*

Андатпа

Бұл мақалада мектеп оқушыларын отансүйішіштікке тәрбиелеу қарастырылады. Оқушыларды отансүйгіштікке тәрбиелеу туралы теориялық мазмұны негізделеді. Зерттеуші ғалымдарымыздың ғылыми еңбектерін басшылыққа ала отырып, әскери дайындық сабақтарында оқушыларды отансүйгіштікке тәрбиелеудің бағыттары анықталады. Анықталған бағыттар мектептің оқу –тәрбие үрдісінде тиімді пайдалану арқылы жүзеге асыру қарастырылады. Сондай-ақ, мектеп оқушыларын отансүйгіштікке тәрбиелеудің негізгі мақсатын анықтайтын, жеке тұлғаның, әлеуметтік топтың отаншылдық іс-әрекеттерін саналы түрде меңгеріп алудағы талпынысын айқындайтын саяси-моральдық, кәсіптік, психологиялық, дене шынықтыру сияқты сапаларды қалыптастыруға байланысты ұйымдастырылатын: Тезистер бойынша пікір ұйымдастыру. Аяқталмаған әңгіме. Шығарма жазу. Мерзімді басылымдардың материалдарын оқушыларды отаншылдыққа тәрбиелеуде пайдалану. Күнделікті өмірде болып жатқан оқушыларды отаншылдыққа тәрбиелеуде маңызы бар оқиғалар мен мектеп ішіндегі әр түрлі жағдайлар, жеке оқушылардың өнегелі іс-әрекеттерінен мысалдарды талдап, талқылауға арналған тәрбиелік іс-шаралар ұйымдастыру. Қазақтың өнер туындыларымен таныстыру арқылы оқушыларды отаншылдыққа тәрбиелеу. Қазақтың мақал-мәтелдері мен қанатты сөздері төңірегінде пікір-сайыстар ұйымдастыру. Отаншылдық тақырыпта жазылған әдеби шығармаларды, драмалар мен киноларды талқылау және т.б. іс-шаралар қарастырылады.

Тірек сөздер: отаншыл**,** отаншылдық, отансүйгіштікке тәрбиелеу, рухани-адамгершілік тәрбие, саясиморальдық тәрбие.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың «Қазақстан болашағы – қоғамның идеялық бірлігінде» атты еңбегінде: «Біздің тағы бір аса маңызды идеологиялық міндетіміз – қазақстандық отансүйгіштікке тәрбиелеу, әрбір азамат өзін-өзі айқын билеуін қалыптастырады» деп нақты көрсетті [1]. Бүгінгі күні жеке тұлғаны қазақстандық патриотизм мен отансүйгіштік рухта тәрбиелеу барысында Қазақстанның білім және ғылым қызметкерлерінің II съезінде де «Қазақстан азаматтарының отаншылдық сезімін тәрбиелеу білім берудің мектепке дейінгі жүйесінен жоғары оқу орындарына дейінгі орталықтарда, барлық ұйымдарда көкейкесті болып табылады

Жастарға отаншылдық тәрбие берудің бағдарлы идеяларын Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың “Қазақстан - 2030” Қазақстан халқына Жолдауының “Қазақстан мұраты” деп аталатын бөлімінен: “…біздің балаларымыз бен немерелеріміз … бабаларының игі дәстүрін сақтай отырып қазіргі заманғы нарықтық экономика жағдайында жұмыс істеуге даяр болады. Олар бейбіт, абат, жылдам өркендеу үстіндегі күллі әлемге әйгілі әрі сыйлы өз елінің патриоттары болады”- деп үміт артып отырғанын аңғарамыз[2].

Қазақстан Республикасының “Білім туралы” Заңында “Білім беру жүйесінің міндеттері: … азаматтық пен елжандылыққа, өз Отаны - Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, халық дәстүрлерін қастерлеуге тәрбиелеу” десе, ал орта білімді дамыту

тұжырымдамасында “тәрбиелік жұмыстарды қазақстандық патриотизм, азаматтық, ізгілікті интернационализм негізінде құру”- керек екендігі көрсетілген[3].

Оқушыларды Отанды, туған жерді, өзінің халқын сүюге тәрбиелеу – мұғалімнің аса маңызды, аса жауапты да қадірменді парызы» – деп анық айтқан болатын. Соған орай, әр халықтың ұлттық-тарихи дәстүрі, оның адамзаттық білім берудегі мәдениеті мен диалектикалы білімі осы оқу-тәрбие үрдісіне тікелей байланысты.

Ұлттық бірегейлікті сақтаудың басты жолдарының бірі болып жеткіншектерді отансүйгіштікке тәрбиелеуде халықтың мәдени мұрасын пайдалану болып табылады.

Қазақ халқы – елін, жерін, оның табиғи байлығын, өнері мен тілін, тарихын, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын сақтап, қорғап, рухани-адамгершілік тағылымдарын ұрпағына мұра етіп қалдырған. Ата-бабаларымыз ұлан байтақ елін, байлыққа толы жерін ғасырлар бойы қорғап, халқының бостандығы мен тәуелсіздігі үшін ел қамын ойлаған батырларын, халқының сөзін сөйлеп, ел қамын жеген білімпаз шешендері мен билерін мақтан еткен. Шежіреге толы Отанымызды қорғау, шешен де өткір тілімізді, дәстүрімізді сақтау, оны білу – азаматтық парыз.

Бүгінгі оқушы – ертеңгі азамат. Атына заты сай болуы үшін, ең бірінші білімді болуы шарт. Қазіргі заман болашақта білімді, саналы, жан-жақты қалыптасқан тәрбиелі азамат өсіруді талап етеді. Сондай азаматқа ең қажеттісі Отанына, еліне, жеріне, ана тіліне, атамекеніне деген сүйіспеншіліктерін қалыптастыратын отаншылдық тәрбиенің, халықтық салт-дәстүр арқылы берілуі.

Салт-дәстүр дегеніміз – халықтардың кәсібіне, сенім-нанымына, тіршілігіне байланысты қалыптасқан, ұрпақтан-ұрпаққа ауысып отыратын қоғамдық құбылыс.

Халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан тәлім-тәрбиесі, ұлт қаһармандарының өмірі мен ерлік істерінің тарихы, даналық сөздері – отаншылдыққа тәрбиелеуде үлкен орын алады. Батыр бабаларымыз қазақ елінің басын қосып, ұлттық жауынгерлік-ерлік мектебінің негізін салған. Сондықтан бабалардың ерлігі – адамгершілікке, отаншылдыққа толы, асқақ рухы күні бүгінге дейін ел аузында, оны халық тәрбие ісінде үлгі етеді. Бұның барлығы мектеп қабырғасындағы бастапқы әскери дайындық сабақтарында берілетін білімдерге көп байланысты. Себебі, оқушыларға отанына деген сүйіспеншілік, құрмет, мен қазақ елінің ұланымын деген мақтаныш сезімдері осы мектеп қабырғасынан қалыптасып, жоғары сыныптарда толықтырылады.

Көрнекті кеңес педагогы В.А.Сухомлинский: “Отан туралы білім бере отырып, өз тәрбиеленушілерінің бойында тек оның жетістігіне мақтаныш сезімін ғана емес, ондағы кемшіліктерге жүрек сыздатарлық күйініш сезімі мен қамқорлық туғыза білетін мұғалім ғана нағыз тәрбиеші”, - дейді [4]. Ұлы педагогтың бұл пікірімен біз толық қосыламыз, өйткені Отаным, туған елім, ана тілім деп жалындап тұрған мұғалім ғана, өз оқушыларын ұлттық-салт дәстүр негізінде отаншылдыққа тәрбиелей алады.

В.Г.Белинский тәрбиешілер мен балалар жазушыларына үн тастай отырып, оларды балаларға “жалпы адамзаттық, әлемдік құбылыстарды мүмкіндігінше көбірек беруге, тек оларды өзіндік және ұлттық құбылыстар арқылы таныстырып отыруға” шақырады.

Балалар кітаптарында халық өмірі, оның арман тілегі мен үміті, ұмтылысы, қайғы-қуанышы неғұрлым кең, терең және әсем бейнеленген сайын, олар өз тәрбиелік рөлін соғұрлым жақсы атқарады. В.Г.Белинский балаларды баурап алатын поэтикалық образдарын, көптеген жан жылуы мен патриоттық сезімдерге бай, балалар қиялы мен сезіміне жақын, соншалықты түсінікті мысалдарды, ертегілерді, поэмалардан үзінділерді, өлеңдерді оқып беруді ұсынды. Сөйтіп, сабақ барысында оқушылардың сезіміне неғұрлым күштірек әсер етуге тырысу керектігін, оларды әсемдікті сезіне білуге ерте жастан баулу қажеттігін атап өтеді.

Жоғарыда аталған ғалымдардың ой-тұжырымдарын басшылыққа ала отырып, біз бастапқы әскери дайындық сабақтарында оқушыларды отансүйгіштікке тәрбиелеудің бағыттарын белгіледік. Олар:

- мемлекеттік рәміздерді насихаттау ;
- рухани құндылықтарды оқыту;
- қоғамдық-саяси және құқықтық тәрбие;
- рухани-адамгершілік тәрбие беру;
- халықтық педагогика;

Мектептегі өскелең ұрпақтар – болашақ Қазақстан азаматы. Олар ескінің көзіндей, жаңаның өзіндей болып XXI ғасыр есігінен еркін еніп жүре алатын дүниежүзілік мәдениетті танитын, өзін сыйлата алатын, рухани дүниесі бай, интеллект деңгейі жоғары, білімді де білікті болуы шарт.

Оқушыларды отансүйгіштікке тәрбиелеу мақсатында жастар саясатын ұйымдастырып, жоспар бойынша жүзеге асыру, әр түрлі деңгейлер мен мазмұндағы тәрбиелік іс-шаралар, мемлекеттік мерекелерді атап өту, түрлі патриоттық акцияларды ұйымдастыру мен жүргізу. Олардың ішінде жыл сайын өткізіліп отыратын ҚР мемлекеттік рәміздерінің күнін тойлау ерекше орын алады.

Біз осыған орай мектептегі оқу-тәрбие процесінде көп қолданыла бермейтін, бірақ оқушыларды отаншылдыққа тәрбиелеудің бағыттарын ұстана отырып жүзеге асыратын, іс жүзінде қолданылатын іс-шараны ұсынамыз.

1. Тезистер бойынша пікір ұйымдастыру. Оқушыларға ұлттық салт-дәстүр, отаншылдық, туған ел, ана тілі туралы белгілі адамдардың қысқаша пікірлері жазбаша түрде таратылып беріледі. Пән мұғалімі осыған орай қарсы, не қуаттайтын өз ойын ортаға салады. Мысалы:

“Батыр соғыста,
Қорқақ - жанжалда”.
“Ерлік елдің қасиеті,
Жүректілік - жігіттің қасиеті”.
“Жерге тер төгіп,
Халыққа қан төгіп қызмет ет”. **Б.Момышұлы**
“Ел іші өнер кеніші”
“Өз елің - алтын бесігің”
“Отан оттан да ыстық”
“Туған жерге туың тік”
“Кісі елінде сұлтан болғанша, өз еліңде ұлтан бол”
“Жекен жерінде көгерер, ер елінде көгерер”

Осыларға қатысты оқушылардың айтқан пікірлеріне қарап олардың отаншылдық санасының даму деңгейін анықтауға болады. Оқушылардың берген жауаптарын сыныпта мұғалім талдап, кімнің пікірі дұрыс, кімдікі бұрыс, не себепті, оны қалай түсіну керек екенін оқушыларға жеткізеді. Сөйтіп, осы жолмен, бір жағынан, оқушының ой-пікір деңгейін танып білуге болады, екіншіден, олардың кейбір қате түсініктерін реттеп, санасына ықпал ету деп қарауға болады.

2. Аяқталмаған әңгіме. Оқушыларға отаншылдық маңыздағы әңгіменің бас жағы жазылған парақтар таратылады, әңгіме қысқа болу керек және оқиғаның маңызды тұсында үзіледі. Оқушылар мұны ары қарай жалғастырып жазуы тиіс. Әңгіменің аяқталу сипатына қарай отырып, мыналарды ұғынуға болады: оқушы нені қалайды; әңгіме кейіпкері қалай бағаланады; әңгіме кейіпкерінің іс-әрекеті қалай жалғастырылады, оқушының ой-өрісі, шығармашылығының даму бағытын көруге болады. Бұл әдісті белгілі бір батырдың еңбегімен таныстырып, әңгімелерін өту кезінде қолдануға болады.

3. Шығарма жазу. Оқушыларға ұсынылған отаншылдық маңыздағы тақырып өздерінің күнделікті өмір тәжірибесін пайдаланатындай болу керек. Олар тақырыпты ашу барысында әр түрлі құбылыстарға болған көзқарасын білдіреді. Мұндай тақырыптар сұрақ түрінде болады. Мысалы: “Ерлік дегеніміз не?”, “Туған жеріңізді сүйесіз бе?”, “Атамекен дегенді қалай түсінесіз?”, “Өзіңізді Отаныңның шын патриотымын деп ойлайсыз ба?”, “Нағыз патриот деп кімдерді айта аласыз?”, “Ата-баба дәстүрі неге қажет?”. Шығарма құпия (анонимді) түрде, яғни шығарманы кім жазғаны көрсетілмейді. Бұл жерде мұғалім үшін, алдымен, жекелеген оқушының пікірі емес, жалпы сынып ұжымының не ойлайтындығы маңызды. Өйткені, өз ой- пікірлерін ашу арқылы оқушылар, көзқарастарын білдіреді. Осындай қысқаша шығармалардың нәтижесін пайдалана отырып, бұдан былайғы жерде өткізетін тәрбиелік жұмыстардың бағыттарын анықтайды.

4. Мерзімді басылымдардың материалдарын оқушыларды отаншылдыққа тәрбиелеуде пайдалану. Мерзімді басылымдарда жарияланған кей мақалалар оқушылардың ой-пікіріне ықпал ететіндей көкейтесті мәселелерді қозғаса, соны сынып ұжымында оқу және талқылау, мәселенің анық-қанығына жетуге көмектеседі. Оқиғаның өмірлік мәнін, себеп-салдарын түсіну, оқушылардың патриоттық сана-сезімін қалыптастыруға ықпал етеді. Жарияланған оқиғаға байланысты оқушылардың өз пікірлерін білдіру аса маңызды. Газет және журналдардың материалдарын бір оқушы оқиды, қалғандары тыңдайды. Мұнда, көпшілік оқушылардың ұзақ уақыт зейін қойып тыңдап отыруы мүмкін емес. Олардың санасын жинақтап, үнемі оқылып жатқан мақала төңірегінде ұстап тұру үшін, ішінара түсіндірмелеу, айтып беру, сұрақ-жауап тәсілдерін қолданған дұрыс. Бұл тәсіл оқушылардың зейінін мақаланың аса маңызды тұстарына аударады. Кей жағдайларда талданып жатқан мақалалардан сілтемелер келтіру орынды. Мақала оқылып біткен соң оқушыларға осыған орай өз пікірлерін айтуға

мүмкіндік берумен бірге ұстаз өзі қорытындылай келіп оқушылардың ой жүргізуіне бағыт беруіне болады.

5. Күнделікті өмірде болып жатқан оқушыларды отаншылдыққа тәрбиелеуде маңызы бар оқиғалар мен мектеп ішіндегі әр түрлі жағдайлар, жеке оқушылардың өнегелі іс-әрекеттерінен мысалдарды талдап, талқылауға арналған тәрбиелік іс-шаралар ұйымдастыру. Мұндай іс-шаралардың маңызды тұсы, оларды талдау арқылы оқушының бір-біріне деген қарым-қатынасына ықпал ету, себебі, бұл оқиғалар оқушы өзі көріп жүрген дос-жолдастары не таныстарына тиесілі. Мұғалімнің міндеті - осы оқиғадан оқушылардың белгілі бір қорытынды шығаруына көмектесу. Мұғалім оқиғаны әңгімелеу барысында оның аса маңызды тұстарын мысалдармен белгілеп өтеді. Бұл оқушылардың осы оқиғаны дұрыс бағалауына ондағы жеке тұлғаға, халыққа, Отанға пайдалы тұстарын ұғынуға мүмкіндік береді.

6. Қазақтың өнер туындыларымен таныстыру арқылы оқушыларды отаншылдыққа тәрбиелеу. Мұнда көркемсурет, фотосурет, бейнетаспалар мен үнтаспалар, мүсіндер, ескерткіштер, әдеби шығармалар, ауыз әдебиеті туындылары, кино және театр қойылымдары, музыка туындылары, т.б. пайдаланудың мүмкіндігі мол. Мысалы: “Менің Қазақстаным” атты тәрбие сағатын ұйымдастыруда оқушыларға Қазақстанның көркем жерлерінен түсірілген фотосуреттер, суретшілер шығармаларын пайдаланып, оларды еліміздің қай жерінен түсірілгенін, оны кімдердің салғанын, түсіргенін әңгімелеу; немесе Қ.Жұмаділовтың “Дарабоз”, І.Есенберлиннің “Көшпенділер”, т.б. шығармалары төңірегінде оқырман конференцияларын ұйымдастыру немесе Құрманғазының “Қайран шешем”, “Көңілашар”, Тәттімбеттің “Саржайлау”, т.б. күйін тыңдап, талдау оқушының отаншылдық сана-сезімін қалыптастыруға ықпал етеді.

7. Қазақтың мақал-мәтелдері мен қанатты сөздері төңірегінде пікір-сайыстар ұйымдастыру. Мұнда өмір даналығы қысқа да, нұсқа айтылады. Кей оқушылар даналық және қанатты сөздерді қойын дәптеріне жазып жүреді. Кейбір қанатты сөздердің мән-мағынасы өте терең болғандықтан ол түсіндіруді қажет етеді, ал кей қанатты сөздер оқушылар санасында теріс пікір қалыптастыруы мүмкін. Сол себепті арнайы тәрбиелік сағаттарда олардың мән-мағынасын дұрыс түсінуге жағдай жасалады. Қазақтың “Батыр соғыста, қорқақ - жанжалда”, “Ерлік елдің қасиеті, Жүректілік - жігіттің қасиеті”, “Жерге тер төгіп, Халыққа қан төгіп қызмет ет”-деген Б.Момышұлының қанатты сөздері мен “Ел іші өнер кеніші”, “Өз елің - алтын бесігің”, “Отан оттан да ыстық”, “Туған жерге туың тік”, “Кісі елінде сұлтан болғанша, өз еліңде ұлтан бол”, “Жекен жерінде көгерер, ер елінде көгерер” т.б халықтың салт-дәстүріне, туған жеріне, ана тіліне, тарихына, батырлық, ерлік мазмұндағы мақал-мәтелдердің алатын орны ерекше.

Осындай тәрбиелік мазмұндағы іс-шараларда жекелеген белгілі адамдардың сөздерінен үзінділер келтіруге болады. Мысалы, Әйтеке бидің “Бай болсаң - халқыңа пайдаң тисін, батыр болсаң – дұшпанға найзаң тисін. Бай болып пайдаң тимесе, батыр болып найзаң тимесе - жұрттан ала бөтен үйің күйсін” деген даналық ойын алуға болады.

8. Мектеп оқушыларының шығармашылығы негізінде отаншылдыққа тәрбиелеу. Мұндай тәрбиелік іс-шаралардың мақсаты оқушылардың бойындағы қабілеттері мен мүмкіндіктерін пайдалануға, басқаларға көрсетуге жол аша отырып, отаншылдық сана-сезімнің оянуына қозғау салу. Сонымен бірге халықтың салт-дәстүріне сүйіспеншілік, отаншылдық көзқарастарының қалыптасуына шарт түзу, мұнда белгілі бір тақырып төңірегінде оқушылар сурет салады, өлең шығарады, шығармалар жазады. Осыған орай конкурстар мен жарыстар ұйымдастыруға болады. Мәселен, өлең оқу, ән айту, шығармалардан үзінділерді жатқа оқу, күйлер орындау, т.б.

“Ер жігіт - ел қорғаны” тақырыбына байланысты сурет конкурсы, өлең шығарма жазу конкурстарын ұйымдастыруға болады.

9. Отаншылдық тақырыпта жазылған әдеби шығармаларды, драмалар мен киноларды талқылау. Мұнда әдеби шығармаларды талқылаудан бұрын оқушыларға белгілі бір кітапты оқып шығу тапсырмасы беріледі, немесе олармен театр қойылымына бару шарт. Одан соң сол кітап бойынша алдын-ала талқылау сұрақтары түзіледі. Белгіленген іс-шара барысында оқушылар осы сұрақтар төңірегінде өз пікірлерін айтады. Сабақтың соңында анкеталық сұрақтар немесе тест өткізу арқылы оқушылардың көзқарасын анықтауға болады. Осындай талқылауларды белгілі бір кинофильм төңірегінде де ұйымдастыруға болады. Мұнда мұғалім, алдымен, кино көру барысында оқиғаларға, кейіпкерлердің іс-әрекетіне назар аудару керек екендігін ескерту қажет. Әйтпегенде оқушылар киноны көргенімен оның басты идеясын, түпкі мағынасын дұрыс түсінбей қалуы мүмкін. Мұндай талқылауларды белгілі

бір драмалық қойылымдардан кейін өткізудің де тәрбиелік маңызы зор. Бұл жерде мәселенің мынадай әдістемелік тұстарын ескертеміз:

1. Таңдап алған шығарма, кинофильм не болмаса қойылым отансүйгіштік тақырыбында болуы;
2. Талқылауды еркін әңгіме түрінде өткізген дұрыс;
3. Оқушыларды жалықтырып алмау үшін уақытты тиімді пайдалану;

Мектеп оқушыларын ұлттық дәстүр арқылы отаншылдыққа тәрбиелеу іс-шараларын өткізуде, сабақ барысында қолдануда, олардың психолгиялық ерекшеліктеріне сәйкес әдіс-тәсілдер мен формаларын таңдап алу қажет.

Сонымен қатар мектеп оқушыларын салт дәстүр негізінде отаншылдыққа тәрбиелеу ісін сабақ процесінде жүзеге асыруда мынадай сабақ түрлері қолданылады: Аралас сабақ, түсіндіріп оқыту сабағы, жаңа материалды енгізу сабағы, бақылау сабағы, семинар сабағы, білімді, дағдыны шеберлікті жетілдіру сабағы. Бұл сабақ түрлері күнделікті сабақ мазмұнына байланысты мұғалімнің өз қалауынша таңдалынып алынады.

Қорытып айтқанда, жоғарыда аталған ұлттық дәстүр негізнде оқушыларды отансүйгіштікке тәрбиелеудің бағыттары мен жолдарын оқу-тәрбие үрдісінде орынды пайдалана білсе, онда оқушылардың бойында отаншылдық сана-сезім қалыптасатыны сөзсіз.

Аннотация

В статье рассматриваются теоретические основы патриотического воспитания школьников. Автором проанализированы труды ученых - исследователей, занимающихся патриотическим воспитанием школьников на уроках военной подготовки. А также рассамтриваются основные направления воспитательной работы в школе, влияющие на патриотическое воспитание и влияющие на воспитание моральных, писхологических, социальных качеств развития личности с помощью определнных форм работы: незаконченный рассказ, написание сочинения, написание выводов по тезису. Особое значение имеет организация мероприятий, влияющих на патриотическое воспитание школьников, направленных на знакомство с казахским декоративно-прикладным искусством, жанрами устного народного творчества, как афоризмы, пословицы и поговорки, написание сочинений, анализ художественных произведений и фильмов, которые подлежат обсуждению на уроках.

Ключевая слова: патриотизм, патриот, духовно-нравственное воспитание, потриотическое воспитание, морально – политическое воспитание.

Annotation

Theoretical bases of patriotic education of school students are examined in the article. An author is analyzed researchers' works, engaging in patriotic education of school students on the lessons of military preparation. Also there are considered basic educator work assignments at school, influencing on patriotic education and influencing on education of moral, psychological, social internals of development of personality by means of certain types of work: unfinished story, writing of composition, writing of conclusions on a thesis. Main meaning is organization of events, influencing on patriotic education of the school students, oriented to the acquaintance with the Kazakh decoratively-applied art, genres of verbal folk work, as aphorisms, proverbs, writing of compositions, analysis of artistic works and films that is subject of discussion.

Key words: patriotism, patriot, spiritually-moral education, education of patriot, morally - political education

1. Н.Назарбаев «Қазақстан болашағы – қоғамның идеялық бірлігінде», 1993

2. Назарбаев Н. Қазақстан-2030 (Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы). – Алматы: Білім, 1998. – 94 б

3. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы (2007 жылғы 27 шілде)

4. М.Құрманбаева «М.Ғабдулин мұрасындағы этнопедагогикалық құндылықтар арқылы оқушыларды отансүйгіштікке тәрбиелеу» - Алматы, 2003

5. Ж.Қалиев «Халық педагогикасы құндылықтары негізінде оқушыларға патриоттық тәрбие беру» - Астана,2005

ӘОЖ 371,1 қазақ т-гі аннотация жок

ОҚУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУ МӘСЕЛЕСІНІҢ ЗЕРТТЕЛУ ДЕҢГЕЙІ ЖӨНІНДЕ

А.А. Куралбаева –
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университететінің аға оқытушысы

Әлемдік тәжірибені негізге алып, 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік білімді дамыту бағдарламасы қабылданды. Бағдарлама мақсаты білімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыру, экономиканың тұрақты өсуі үшін сапалы білімнің қол жетімділігін қамтамасыз ету арқылы адам капиталын дамыту болып табылады. 2008 жылдан бастап жаппай әлемдік білім кеңістігіне еркін енуді көздейтін бұл бағдарлама бойынша отандық 12 жылдық білім берудің мазмұны жаңартылуда, яғни қазақстандық бастауыш білім мазмұны шетел тілі мен информатика негіздері бойынша толықтырылуда. Бұл бастауыш сыныпта оқитын балалардың ақпараттық қоғам қажеттілігін қанағаттандыратындай пәндер екендігін көрсетеді, өйткені қазіргі таңда бастауыш сатының білім мазмұнында оқушының жеке қасиеттерінің дамуына әсер ететін, білімді, икемділікті, дағдыны меңгертіп қана қоймай, тұлғаның құзыреттілігін қалыптастыруды көздейтін бастауыш білім мазмұнын іске асырудың төрт стратегиясы қолданылады. Олар: үдету - мектепке ерте оқуға келген немесе сыныптан сыныпқа аттап көшетін балалармен жұмыс, шығармашылық шеберханалардағы, жазғы, қысқы лагерьлердегі жұмыстарды қамтиды; тереңдету - қандай да бір пәнді тереңдетіп оқытатын сыныптар, гимназиядағы, лицейдегі жұмыстар қарастырылады; жалпылау - пәнаралық сипатқа ие, өзіндік ізденіс жұмыстарын, арнайы тренингтер ұйымдастыру; проблеманы нақтылау - жалпылау бағдарламаларының құрамды бөлігі болып табылады, тұлғалық білім беруге негізделеді [1]. Сонымен білім, оны (білімді) меңгерумен, яғни оқыту үдерісін ұйымдастырумен байланысты қарастырылады. Оған қатысты төмендегідей анықтама түсініктерін келтіруге болады:

- меңгеру - жаңа тәжірибенің бұрынғы тәжірибемен, жаңа ақпараттың осыған дейін саналы түрде меңгерген ақпаратпен ұласуы [2, 139 б.];
- меңгеру дегеніміз, яғни дәлірек айтсақ өзіндік ету дегеніміз – түсіну, есте сақтау және қолдана білу [3, 31 б.];
- меңгеру дегеніміз – бұрынырақ түсінгенді және есте сақтағанды практикада пайдалану мүмкіндігі [4, 20 б.].

Білім мазмұнын түзетін ұғымдарды қолдану үшін:

а) ұғымдардың мазмұнын білу;

б) ұғымға қолдану керек объекті немесе өндірістік үдерістің сипатты белгілерін білу;

в) өндірістің сипатты белгілерінің, жақтарының ұғым мазмұнына сәйкестілігін немесе сәйкес еместігін анықтау керек.

С.Абдукадирова білімді меңгеруге қатысты: айнала қоршаған заттар мен құбылыстар, олардың өзара байланыстары мен тәуелділіктері, даму заңдылықтары жөніндегі объективті ақпараттарды (оқу материалын) ұғып, түсіну, есте сақтау және оларды сөзбе-сөз қайталап айтып беру, жаңғырықтыру ғана емес, сонымен бірге оларды жеке, субъективтік іс-әрекетке (танымдық және практикалық іс-әрекетте) белсенді түрде пайдалану. Демек, танымдық және практикалық іс-әрекеттерді жүзеге асыруда білімді қолдану оны меңгерудің жаңа әрі жоғары сатысы болып табылады деп біледі.

«Требования к знаниям и умениям школьников» атты авторлық бірлестікте жазылған монографиялық еңбекте, Т.Л.Коган оқыту нәтижесінің сапасы туралы тұтастай білім сапасын арттыру, білім беру тиімділігі туралы жазылып жүргендігін айтады [5, 64 б.]. Сондай-ақ, ғалым сапа деп, меңгеру нәтижесінің толықтылығы, дұрыстығы сияқты жекелеген едәуір мәнді қасиеттерін түсінеді, білім сапасын «меңгеру нәтижелерінің біртұтас және тұрақты ерекшеленіп білінуі» ретінде анықтайды. Ол білім сапасының «меңгерілетін оқыту мазмұнының және оны меңгеру үшін жүзеге асырылатын іс-әрекеттің мәнін анықтайтын белгілер жиынтығы ретінде және қалыптасу үстіндегі оқушының жеке басының қасиеті» ретінде көрінуі мүмкін екендігін атап көрсетеді [5, 65 б.]. Ал, білім сапасы дегеніміз – мектепте білім алып отырған шәкірттің немесе мектеп бітірушінің білім алу арқылы әзірлігінің сапасы мен білім беру қызметінің сапасын қамтитын түсінік.

Педагогикалық зерттеулерде: оқушылардың білімінің сапасы - білімнің балалардың өзінің іс-әрекеті объектісіне, объективті шындыққа деген қатынасын қалыптастыру базасы ретінде қызмет ету қабілетін құрайтын белгілері мен қасиеттерінің бірлігі ретінде де анықталады (С.Абдукадирова).

Т.Л.Коган оқушылардың білімін оқыту үдерісінің, ең алдымен оқыту мазмұнын меңгерудің нәтижесі деп санайды және де білім сапасын үш деңгейге бөледі [5, 69-79 б.].

1. Пәндік-мазмұндық деңгей. Бұл деңгейде білім сапасы *толықтығымен, талдап қорытындыланумен, жүйелілігімен* сипатталады.

2. Мазмұндық-іс-әрекеттік деңгей. Білім сапасының екінші деңгейі беріктіктігімен, жұмылдырылуымен (дайын тұрушылығымен), әрекеттілігімен сипатталады. Бұл деңгей оқушылардың білімінің кейінгі өңделуінің және түрлендірілуінің нәтижесін сипаттайды.

3. Мазмұндық-жеке тұлғалық деңгей. Бұл деңгейде оқушының жеке басының ақыл-ой іс-әрекетінің (ақылының) қандай да бір қасиеттерінің оқыту ықпалымен қалыптасуы қарастырылады, олар: *тұрақтылық, оралымдылық, тереңдік* сияқты қасиеттер.

Н.Н. Самылкина өзінің еңбегінде меңгерілген білімнің сапалық сипаттамасы жөнінде Т.Л. Коганның ойын қуаттай келе, деңгейлерді төмендегідей бөліп көрсетеді:

- пәндік-мазмұндық (қалыптастырылған білімнің толықтығы және жүйелілігі);
- мазмұндық-іс-әрекеттік (оқушылар білімінің *беріктігі мен әрекеттілігі*);
- мазмұндық-жеке тұлғалық (білімді қолдану кезіндегі өзбетінше әрекет етушілігі және жеделділігі).

Қарастырылып отырған оқушылардың білім сапасы және оны арттыру жолдары көптеген дидактикалық зерттеулерде біршама қарастырылған. Сондай-ақ аталған мәселе педагог классиктердің еңбектерінде де көрініс тапқан. Я.А.Коменский өзінің дидактикалық еңбектерінде алғаш рет білімнің саналылық, жүйелілік, беріктік және т.б. сияқты сапаларына (қасиеттеріне) сипаттама берсе [6], осы ойды дамыта отырып, А.Дистервег оқушылардың білімінің жүйелі, саналы, берік болатындай жағдайлар мен шарттарды сипаттап береді. Атап айтқанда:

- баланың сезім арқылы қабылданатын материалдарды терең ойластыруын және мағынасын жете түсінуді;
- оқытудың үздіксіздігі;
- көрнекілікті қолдануды;
- оқушылардың жеке басының ерекшелігін ескеруді;
- оқу материалын есте бекітуді;
- ақыл-ой күштерінің қозуына ықпал ететін оқыту әдістерін, оқушылардың оқыту үдерісіндегі ақыл-ой белсенділігін;
- оқу материалының түсініктілігін, баланың шамасына лайықтылығын және т.с.с. жатқызды [7, 150-162 б.].

Білім сапасы жөніндегі анықтамаларға тоқталар болсақ: В.М.Полонский: білім сапасы – мектеп түлектерінің оқу мен тәрбиенің жоспарланған мақсаты негізінде белгілі бір білім, біліктілік, ақыл және танымдық даму деңгейі, - деген анықтама береді [8], ал, Ю.В.Василькованың «Страницы отечественного образование» атты еңбегінде білім сапасы білім мекемелеріндегі оқыту іс-әрекеттерінің аспектілері: білімнің мазмұны, оқыту әдістемесі, әдісі, материалдық- техникалық базасы, мамандардың құрамы, т.б. оқушыны дамытуға қатысы бар көрсеткіштердің жиынтығы арқылы анықталып, білім сапасы білім беретін мекемелерде олардың барлық іс-әрекетінің бағыттарында қарастырылады, олардың жиынтығының нәтижесінде жүзеге асады және білім беру мекемесінің оқудағы әрекетінің аспектісін бейнелейтін білім сапасы көрсеткіштерінің жиынтығы:

- білімнің мазмұнымен;
- оқытудың түрлері және әдістерімен;
- мектептің материалдық-техникалық базасымен;
- мамандардың біліктілігімен, тәжірибесімен анықталады [9].

С.Е.Шишов, В.А.Кальней өздерінің «Мектепте сапалы білім берудің мониторингі» деген еңбегінде жалпы білім беретін мекемелердің іс-әрекетінің бағалау критерийі жайлы нақтылап жазып, білім беру сапасы - қоғамның тұтынымының дамуымен және сұранысына талап сай келіп және тұлғаның кәсібилігін, адамгершілігін, қоғамдық өмірге бейімдеу қабілетін қалыптастырып, қоғамдағы білім үдерісінің күйін және нәтижесін анықтайтын әлеуметтік категория деп қарастырған [10, 320 б.].

Ю.А.Конаржевскийдің пікірінше, білім беру сапасы - қойылған талаптарға тұлғаның азаматтық кәсіптік құзырлығының қалыптасуы мен даму дәрежесінің ішкі және сыртқы тұтынушылардың

сұранысы мен күткеніне сәйкес келу деңгейімен сипатталатын білім беру үдерісінің жайы мен нәтижелілігі; білім алушылардың белгілі бір кезеңде қол жеткізген білім мен біліктілік, ақыл-ой, адамгершілік және дене тәрбиесі дамуының жоспарланған мақсатқа сәйкестік дәрежесі; білім беру ұйымдары көрсететін білім беру қызметінен күтетін білім беру үдерісіне қатысушылардың қанағаттанушылық деңгейі [11, 224 б.].

О.Б.Епишева мен В.И.Крупич «Учить школьников учиться математике» атты еңбегінде білім сапасының оқыту әдістерімен, оқыту тәсілдерінің кезеңдерімен, оқу іс-әрекетінің қасиеттерімен сәйкес қалыптастырылатынын нақты көрсеткен [12]. Оның ішінде: жүйелілік, нақтылық, саналылық, толықтық, жеделділік, тереңдік, икемділік, кеңінен ашылғандық (жазылғандық), оралымдылық (жинақталушылық), талдап қорытушылық, беріктік.

Ғалымдар кең көлемде «білім сапасы» ұғымын, білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты негізінде оқытудың соңғы нәтижесі деп қарастырады. Білім сапасы қоғамның сұранысына және білімді тұтынушының талабына сай болуы керек. Әсіресе педагогикалық менеджмент және маркетинг теориясында білім сапасының мәселелеріне ерекше мән береді. Көптеген ғалымдар білім сапасының әдістемелік, теориялық, мониторингтеу аспектісін толық және білім беру мекемесіндегі білім беру әрекеттерін жекелей қарастырады. Дегенмен де білім сапасының теориясын жасауға өз үлесін қосқан белгілі ғалымдар М.М.Поташник, С.Е.Шишов, Ю.А.Конаржевский болып табылады.

Академик И.Я.Лернердің білімді сапалық қасиеттеріне қарай алтыға бөліп көрсеткені қызығушылық тудырады. Олар: білім сапасының дұрыстығы, толықтығы, әрекеттігі, түсініктілігі, беріктігі, жүйелігі. Жалпы алғанда, білімнің мазмұны (көп жағдайда) құрамы бойынша анықталса, *білім сапасы* көбіне деңгейі бойынша анықталады. Академик В.Беспалько білімді игерудің төрт деңгейін бөліп көрсетеді: оқушылық (қайта жаңғырту), алгоритмдік (жүйелеу, реттеу), эвристикалық (танымдық ізденіс) және шығармашылық (ойлап табу, құрастыру). Жоғарыда аталған білімді игеру деңгейлерінің ішінде алғашқы үшеуі мектепте қолданылатын үш бағаға салыстырмалы түрде сай келеді деп есептеледі және білім сапасының да үш деңгейін анықтайды: оқушылық-дұрыстығы мен толықтығы; алгоритмдік-түсініктілігі мен әрекеттілігі; эвристикалық-жүйелілігі мен беріктігі [13, 14].

Оқушының сапалы білімі оның танымдық және шығармашылық қабілеттеріне, сол арқылы белсенділігі мен дербестігіне тікелей тәуелді. Бұл – оқытудың жоғары деңгейдегі әдістерін пайдаланылып, сабақты неғұрлым жоғары дәрежеде өткізген сайын, оқушылар білімінің де сапасы жоғары болады.

Білім сапасын құраушы қасиет белгілері төмендегіше:

- толықтық – зерттеліп отырған объекті жөніндегі білімдердің бағдарламалық санымен;
- жүйелілік – білім жиынтығының белгілі бір құрамын олардың ретіне және бірізділігіне қарай ұғынумен;
- жүйелену – оқушының ғылыми теориялардың құрамындағы орнын ұғынуымен;
- жеделдік – бірыңғай жағдайларда білімді пайдалану білігімен;
- икемділік - өзгертілген жағдайларда білімдерді пайдаланудың вариативтік тәсілдерін өз бетімен тану білігімен;
- талдап қорытушылық (жалпыланғандық) – жалпыланған түріндегі нақты білімді көрсете білу білігі ретінде және жинақтылығымен, ашықтығымен, саналы ұғынылуымен – білімдердің арасындағы байланысты және қатынасты түсінумен, оларды ашу жолдарын, сондай-ақ дәлелдеу білігімен;
- беріктілігі – білімдерді есте ұстау тұрақтылығы және оларды қолдану тәсілі басқа білімдер негізінде қажеттісін шығаруға дайындығымен сипатталады.

Білім беру сапасы – білім беру үдерісінің күйі мен нәтижелілігін, оның тұлғаның азаматтық, тұрмыстық және кәсіби тұжырымдамаларын дамытуда және қалыптастыруда қоғамның қажеттіліктеріне сай болуын анықтайтын әлеуметтік категория.

Сапалы білім беру дегеніміз – ғылымға негізделген жүйелі бағдарлама бойынша теориялық, практикалық іске, еңбекке баулу дүниетанымын кеңейту. Баланың бойындағы бар қабілетін кемеліне келтіріп жетілдіру болып табылады. Сапалы білім беру – оқыту мен тәрбиелеудің үздіксіз үдерісі. Қазіргі кезде білім берудегі мақсат жан-жақты білімді, өмір сүруге бейім, өзіндік ой-өрісі бар, адамгершілігі жоғары, қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру. Балалардың білім сапасын арттыруда бала дамуының мынадай негізгі белгілерін: дербестігін, проблемалық ситуация, шығармашылық таным әрекетін, диалектикалық ойлауын, т.б. қадағалап, балалар мен жеке, дара жұмыстар жүргізеді.

Оқушының білім сапасын арттыру - өз пәнін жетік білетін, оқушының шығармашылығы мен дарындылығының дамуына жағдай жасай алатын, тұлғалық-гуманистік бағыттылығы жоғары, педагогикалық ақиқат пен ондағы өзінің іс-қимылын жүйелілікпен арттыруға қабілетті, оқытудың жаңа технологияларын меңгерген және білімдік мониторинг негізінде ақпараттарды таба, таңдай,

сараптай алатын, отандық және шетелдік тәжірибелерді шығармашылықпен қолдана білетін мұғалімге байланысты.

Оқушылардың білім сапасын нақты көрсететін жекелеген пәндердің сапа көрсеткіші мен үлгерімі екендігі бәрімізге аян. Ал, оқыту сапасы – оқыту мақсаты мен міндеттері негізінде қойылған белгілі бір талаптарды оқушылардың орындау қабілеттілігі.

Қазіргі таңда білімнің сапасы оқытудың сапасына және оқушының білім сапасына тікелей байланысты. Оқыту сапасы мұғалімнің сабақтағы әрекетінің мынадай өзіндік ерекшелігімен сипатталады:

- жаңа дидактикалық әдістерді қолдануы;
- сабақты оқытудың әдістемесі және түрлері;
- оқушының сапалы меңгерген білімі, іскерлігі, дағдысының жетістігі;
- оқушының оқуға көзқарасы, шәкіртінің әр түрлі олимпиада, сайыс, ғылыми конференцияға қатысуы;
- ғылыми-әдістемелік біліктілігін жетілдіруі;
- ғылыми экспериментке қатысуы, т.б.

Қорыта айтқанда жоғарыда аталғандардың барлығы мұғалімнің сабағындағы берген білімінің сапасының көрсеткіштері болып табылады. Ал, оқушының білім сапасы - орта, негізгі, бастауыш білім беру мазмұнының міндетті минимумын игерген жетістігін бағалаумен анықталады.

1. *Пірәлиев С.Ж. XXI ғасырда кәсіби маман мұғалім даярлаудың қазіргі заманғы мәселелері//Труды международной научно-практической конференции «Современные проблемы подготовки педагогических кадров и перспективы развития естестесвенных наук». - Шымкент: МКТУ им. Ясави, 2006. – С. 3-8.*
2. *Дидактика средней школы/под. ред. М.Н.Скаткина. – М.: Просв., 1982. - 319 с.*
3. *Яковлев Н.М., Сохор А.М. Методика и техника урока в школе. - М.: Просв., 1985. - 208 с.*
4. *Платонов К.К. О системе психологии. – М.: Мысл, 1972. - 216 с.*
5. *Требования к знаниям и умениям школьников: Дидактико-методический анализ/под.ред. А.А.Кузнецова. – М.: Педагогика, 1987. - 176 с.*
6. *Коменский Я.А. Избранные педагогические сочинения: 2 т. / под. ред. А.И.Пискунова. –М.: Педагогика, 1982. - 396 с.*
7. *Дистервег А. Избр. пед. соч. – М.: Учпедгиз., 1956. – С.150-162.*
8. *Полонский В.М. Критерии качества и эффективности научно-педагогических исследований//Советская педагогика. - 1982. -№9. – С. 65-70.*
9. *Шишов С.К., Кальней В.А. Мониторинг качества образования в школе. – М.: Педагогическое общести России, 1999. - 320 с.*
10. *Конаржевский Ю.А. Менеджмент и внутришкольное управление. – М.: Педагогический поиск, 2002. - 224 с.*
11. *Василькова Ю.В. Страницы отечественного образование. – М., 1996. - 376 с.*
12. *Епишева О.Б., Крупич В.И. Учить школьников учиться математике: Формирование приемов учеб. деятельности: кн. для учителя. – М.: Просвещение, 1990. - 128 с.*
13. *Лернер И.Я. Развивающее обучение с дидактических позиций. – М., 1996. - 187 с.*
14. *Беспалько В.П. Слагаемые педагогической технологией. - М., 1989. - 360 с.*

Резюме

В этой статье расматривается теоритические основы и уровень исследование проблемы повышение качество знание учащиихся. Также раскрываются своиственные признаки и уровни качество знание. Актуальность выбранной темы данной статьи связана с уделением особого внимания повышение качество знаний в начальных классах в последнее время.

В статье освещаются вопросы понятие качество знание, повышение качество знание, уровни качеств знание. Качество знание в настоящее время позволяет расширять и углублять содержание образования путем внедрения новых обучающих технологий. На теоритические основы и уровень исследование проблемы повышение качество знание учащиихся сделаны некоторые выводы.

Ключевые слова: качество знание, повышение качество знание, уровни качеств знание.

Summary

Thia article deals with increasing quality of students' knowledge is considered theoretical bases and level research of a problem. Also peculiar signs and levels quality knowledge reveal.

of the chosen subject of this article is connected with paying of special attention increase quality of knowledge in initial classes recently.

In article questions concept quality knowledge, increase quality knowledge, levels of qualities knowledge. Quality knowledge allows to expand and to deep the content of education by introduction of the new training technologies now. On theoretical bases and level research of a problem increase of students' quality knowledge.

Keywords: quality knowledge, increase quality knowledge, levels of qualities knowledge.